- 7 Программа по устойчивой энергетике для Центральной Азии: возобновляемые источники энергии – энергоэффективность (срок выполнения 01/02/2013 - 31/01/2016)  
// <http://www.inogate.org/projects/75?lang=ru>
- 8 John Mitchell, Valérie Marcel, and Beth Mitchell, What Next for the Oil and Gas Industry?  
// London: Royal Institute of International Affairs, 2012.
- 9 BP Statistical Review 2012.
- 10 An Unconventional Bonanza: Special Report on Natural Gas,” The Economist, July 14 2012.

## ТҮЙІН

Мақалада Орталық Азия елдерінің энергетикалық саясаты және Батыс Еуропа елдері, АҚШ, Ресей, Қытай мемлекеттерінің осы аймақтағы энергетикалық ресурстарға қызығушылықтары жайында мәліметтер қарастырылған. Еңбек жазба деректердің негізінде дайындалған.

## RESUME

In the article the energetic policy of the countries of Central Asia is considered, including the interests of Western Europe, the USA, Russia, China about energy resources of the countries of Central Asia. This article is prepared on the basis of written works.



### Аннотация

Мақалада патша үкіметінің қазақ даласында орыс-түзем мектептерін ашу арқылы жүргізген миссионерлік саясатына қарсы тұрған, өздерін «жәдидтер» деп атаған жаңа идеологиялық мәдени-ағартушылық бағыттағы қозғалыс пен Сыр бойындағы жәдидтік ілімнің таралу ерекшеліктері талдап көрсетіледі.

*Түйін сөздер:* Шоқындыру, оқу-ағарту, мұсылман діні, білім беру, жәдидшіл, молда, имам, православие діні, орыс-түземдік мектеп, уезд.

### Ж.Р. Абишева

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,  
тар. ғыл. канд., аға оқытушы

### Б.Б. Еңсепов

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,  
тар. ғыл. канд., аға оқытушы

## Сыр бойында жадидизмнің таралуы

Патшалық Ресей XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында Оңтүстік өңірді әскери отарлаумен қатар жергілікті қазақ халқын рухани бодандықта ұстап, ұлттық келбеті мен тілінен, дәстүрлі дінінен айыру арқылы орыстандыру мен шоқындыру ісінің стратегиялық жоспарын жүзеге асыра бастады. Ең алдымен патша әкімшілігінің ұстанған стратегиялық бағытын жүзеге асыру үшін білім ошақтарын қалыптастыру керектігі назарға алынды. Мәселен, Түркістан өлкесіндегі оқу-ағарту ісінің «белсенді ұйымдастырушысы» Н.Остроумов жаулап алынған жерлердегі білім беру ошақтарының негізгі міндеттері мен мақсаты «Түркістан өлкесінде орыс мектебі арқылы орыстандыру саясаты басшылыққа алынуға тиіс» [1, с.40], - деп атап көрсетті. Отарлаушылар мұсылман халықтардың ұлттық рухын қалайда жою ниетінде, олардың ұлттық санасын тұмшалап, дінінен, тілінен, дәстүр-салтынан айыру бағытындағы шараларды іске асыруға ұмтылды. Алдымен мұсылман халықтарын түгелдей шоқындырып, орыстармен сіңістіріп жіберу мәселесіне ерекше мән берді. Патша өкіметі отарлау үрдісі барысында ислам дінінің орыс-православиелік үстемдікке қарсы рухани-қарсылық ұйымдастырушы күш міндетін атқаратынын жақсы түсінді. Сондықтан да ислам дінінің мұсылман халықтарының өміріндегі ықпалын әлсіретіп, соңында оны жоюға үлкен ынта қойды. Осы мақсатта 1868 жылы қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігі қарауынан шығарылып тасталды [2, 15 б.].

Сырдария облысындағы алғашқы орыс мектептері Қазалы және Перовск форттарында ашылды. 1858 жылдың 28 тамызында Орынбор-Орск шіркеуінің жетекшісі Тимашев 1 Форт шіркеуінің қызметкері Александр Победоносцовқа мектеп ашу құқығын берді. Бұл оқу орны тікелей Орынбор және Уфа епископтығы арқылы басқарылды. Осылайша Қазалыда алғаш орыс оқу орны 1860 жылдың 21 қаңтарында ашылды. 50 орындық мектепке 31 ер және 2 қыз бала қабылданды. Ал Перовскіде алғаш мектеп 1860 жылдың 14 сәуірінде ашылып, оның алғашқы мұғалімі болып дін қызметкері Андрей Евграфович Малов бекітілді. Қазалы мен Перовскі мектептерінде білім берудің Ланкостр тәсілі қолданылды. Бұл тәсіл бойынша мұғалім тек белсенді оқушыларға сабақты түсіндіріп, оларды дәріс беруге дайындады. Дәрістерді толық меңгерген белсенді оқушылар кейіннен мұғалімнің бақылауымен басқа оқушыларға сабақты түсіндіруі тиіс болды. Бұл тәсіл оқушылардың жалпы білімдерін көтеруде үлкен келеңсіздіктер келтіріп, тиімсіз оқыту әдісі деп танылды. Патша әкімшілігінің орыс мектептерін ашу барысындағы мақсаты – бұратана балаларын сауаттылыққа үйретіп, оларға білім нәрін беру емес, керісінше, орыс әкімшілігіне қажетті қызметшілердің төменгі сатыдағы кадрларын дайындау арқылы отарлау ісіне пайдалану еді. Бұны 1881 жылы Н.И. Ильминскийдің бір әріптесіне жазған хатынан көруге болады. Онда: «Қырғыздардың (қазақтар-авт.) өз грамматикасын оқып білгендері астамшылық болар. Сондықтан оларды белгілі дәрежеге дейін оқыту қажет» [3, 25 б.], – делінген. Патша өкіметі орыстандыру құралы ретінде қараған орыс-түзем мектептеріне бұратана балаларын көптеп тартуға мүдделі еді. Алайда орталық үкіметтен берілген нұсқаулар өз дәрежесінде орындалмай жатты. Мәселен, 1908 жылы Сырдария облысы бойынша орыс-түзем мектептерінің жалпы саны 35, ал олардағы оқушылар саны 1171 [4, 176 п], яғни әр мектепте небәрі 33 оқушыдан болды.

1901 жылы Ақмешіт қаласында орыс-түземдік училище ашылып, 1911 жылы онда оқитын оқушылардың саны 82-ге жетті. Оның 63-і қазақ балалары еді. Облыс аумағында Қазан төңкерісі қарсаңында небәрі 28 мектеп, оның ішінде, 18 мектеп қалалар мен станциялар жанындағы қыстақтарда, 10 мектеп ауылдық жерлерде жұмыс істеді. Мұның көпшілігі үшжылдық бастауыш мектептер (приходская школа) болатын. Бұл мектептерде барлығы 400-дей бала оқыды. Онда көбінесе хатшылар мен тілмаштар даярланды. Сонымен бірге Сыр өңірінде «Аламесек» және «Хан» мектептері жұмыс істеді. Бұл мектептерде 38 бала оқыды [5, 178-179 бб.]. Мұсылман балаларын орыс-түзем мектептерінде орыстық «білім нәрімен сусындатуға» бағытталған жұмыстарының сәтсіздікке ұшырауы, билік орындарын осы мәселенің астарын іздестіруге жетеледі.

Өлкеде жергілікті қазақ балаларын орыстық білім беретін мектептерге оқуға тартудағы сәтсіздіктің бірден бір себебі, мұсылмандық оқу орындарының кеңінен таралуымен байланысты еді. Халықтың арасында имамдар мен молдалар жастардың ислам дінінің ұстанымдары негізінде тәрбиеленуін насихаттап, орыс-түзем мектептерін «шоқындырудың» ошағы деп есептеп, мұсылман балаларын мұндай оқу орындарына бермеуге үгіттеді. Жыл өткен сайын Сырдария облыстық халық ағарту басқармасына орыс-түзем мектептеріндегі мұсылман балаларының сабаққа қатысу пайызы күрт төмендеп бара жатқандығы туралы хаттар көптеп түсе бастады. Мұсылман балаларының орыс-түзем мектептерінде білім алғысы келмейтіндіктері саяси және діни мәселемен түсіндірілді. Оның біріншісі – жергілікті мұсылман көшбасшыларының орыстарға қарсы күреске шақырудағы үгіт-насихат жұмыстарының жемісі болса, екіншісі – орыс-түзем мектептерінің білім беру мазмұны мұсылмандардың діни ұстанымына мүлдем жат болуында жатыр.

Патшалық Ресейдің жаулап алушылығына дейін де қазақ даласында мұсылмандық білім беру жүйесі кеңінен таралған болатын. Қазақ балалары мектептер мен медреселерде білім алды. Мысалы, Сырдария облысында (Ташкент қаласын, Шымкент, Әулиеата, Түркістан, Перовск және Қазалы уездерін, Әмудария бөлімін қоса алғанда) 1892 жылы 27082 оқушысы бар 1497 мектеп пен 35 медресе, 1895 жылы 28298 оқушысы бар 88



мектеп пен 34 медресе қызмет етті. Мектептерде көбінесе 6 мен 15 жасқа дейінгі балалар оқыса, медреселерде мектептен алған білімін тереңдетуге тілек білдірген балалар оқыды. Орыстық білім беру жүйесіне дейін де жергілікті қазақ халқы өз балаларының мұсылманша білім алуына жағдай жасап, исламдық-мұсылмандық өркениет жолындағы даму үрдісін ұстанғанын мұрағат құжаттарынан байқауға болады. 1909 жылы Сырдария облысының әскери губернаторы орталық үкіметке берген есебінде облыста 2097 мектеп пен медресе, ондағы оқушылардың саны 38487, алдыңғы жылмен салыстырғанда өсім 1945 балаға артқандығын айта отырып, ер балалардың санын – 32563, ал қыз балалардың санын - 5924 етіп көрсетеді [6, 75 п].

Патшалық Ресейдің түпкі мақсатын сезінген халық, соның ішінде, қазақтар патша өкіметінің орыстандыру мен шоқындыру саясатына қарсы күреске шығады. Ресей империясы құрамындағы мұсылмандар ой-санасын еркіндік үшін күреске бағыттайды. Осындай жағдайда Ресей империясының отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық күресті бастайтын жаңа тұрпатты қоғамдық-саяси әрі әлеуметтік күш қажет болды. Мұндай күш – алғашында ана тілінде сауат ашып, өз ұлтының тарихы мен ұлттық ерекшеліктерін жете меңгерген, кейіннен орыс оқу орындарында білім алып, патшалық отарлау аппаратында қызмет жасаған түрік халықтарының зиялылары еді. Міне, осы кезеңнен бастап өздерін «жәдидтер» деп атаған жаңа идеологиялық мәдени-ағартушылық бағыттағы қозғалыс дүниеге келді. Жәдидшілердің ағартушылық реформалары қоғамдық өмірде өз орнын алған феодалдық тәртіп пен патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталды. Олар баспасөз беттерінде: «Біз мұсылман халықтарының өздерінің завод, фабрикаларымен қатар дамыған оқу орындары болып, олардың ерікті, әрі өркениетті болғанын қалаймыз», - деп ойларын ашық білдірді [7, 100 б.]. Ал патша өкіметі болса бұл идеяға қарсы шығып, «мұсылмандар еуропалық өркениетке тек орыстанып барып жете алады» деген пікірде болды. Жәдидшілер бұл пікірге қарсы шығып, ұлттық болмысын сақтай отырып, өркениетті елдер қатарына жете алатындығын дәлелдеуге тырысты [8, с.133]. Отарлық езгідегі түрік тілдес мұсылман халықтарының ерікті, өркениетті болуын, басқа азат халықтармен тең тұруын қалады. Осы себепті олардың қызметі үш бағытта жүргізілді: жаңа оқу әдісіндегі жәдидтік мектептер ашу арқылы ұлттық рух пен сана-сезімді көтеру; дарынды, жігерлі жастарды шетелдерде оқыту, қайырымдылық қорларын құру және ұлттық басылымдар шығару арқылы мықты саяси партия құруға әзірлену.

Жәдидтік ілімнің негізін Маржан қаласында дүниеге келген Шаһабуддин Бағауиддинұлы қалады [9, 20 б.]. Ол араб, парсы, түрік елдерінде болып, отанына қайтып келген соң жәдидтік бағыттағы «Ғалия» медресесін Қазан қаласынан ашады. Ш.Маржанидің жолын ұстанған баспагер Каюм Насыри мен Исмағұл Гаспралы оны одан әрі дамытып, орыс езгісінен құтылу жолында бүкіл ислам әлеміндегі рухани тұтастықты пайдалана отырып, тарихи тұтастыққа қол жеткізу үшін күрес жүргізді. Яғни бүкіл түрік халықтарын оятуға, өткен тарихы арқылы өзін танытуға, ортақ мүдде жолында тұтас түрік қозғалысын ұйымдастыру жолында аянбай еңбек етеді. Әсіресе Исмағұл бек Гаспралы түрікшілдіктің басында тұрған дара тұлға болды. Ол мектеп-медреселерде діни сабақтармен қатар, дүниетану ғылымдары – математика, жағрафия, тарих, биология секілді пәндерді оқыту заман талабы екенін насихаттады. Осы мақсатқа жету үшін ол ең алдымен араб әліпбиін түркі халықтарының тіліне лайықтап, дыбыстық естілу ерекшеліктеріне сәйкес бір ізге түсірілген жазуға, яғни ескі «Қадымшылықтан» «усул-жәдидке» көшу керектігін ұсынды. Оның жәдидтік ілімі қазақ даласында мешіттерде дәріс берген шәкірттері арқылы тарады. Әлбетте, ерте отарланған татар ұлтының зиялылары жаңаша күрес бағытын қалыптастыруда ерекше рөл атқарды. Демек, татарлар арасында патшалық Ресейдің саяси-экономикалық, әлеуметтік және мәдени-рухани отарлауына қарсы азаттық қозғалыстың қалыптасуы заңды құбылыс еді. Сондықтан да патша өкіметі татарлар мен қазақтарды араластырмауға барлық күшін салды.

Түркістан генерал-губернаторы А.В. Самсонов 1909 жылдың 14 наурызында Халық ағарту министріне жолдаған құпия мәліметінде, жаңа бағыттағы мұсылмандық оқу орындарында зайырлы білім негіздерімен қатар діни пәндер оқытылып жатқандығын айта келіп, былай деп хабарлайды: «Мұндай пәндердің оқытылуымен бірге жастардың бойын да сепаратистік, тар ұлттық сипаттағы идеялар сіңірілуде. Бұдан әрі осылай жалғаса берсе мұсылмандық оқу орындар тек панисламизмнің ғана емес, пантюркизмнің ошағына айналуы мүмкін» [10, 72 п]. Самсоновтың бұл үрей-қорқынышының негізі де жоқ емес еді. Өйткені заманауи талаптарға сай білім беретін мектептер, әлемдік құндылықтармен бірге жалпы түркілік бірлікті уағыздаған болатын. Осы жылдары Оңтүстік өңірде түрікшілдік идеясы кеңінен етек жая бастады. Түркістан өлкесіндегі түрікшілдік қозғалысының негізін қалауда Мүнәууар қари Абдурашидханов зор рөл атқарады. 1908 жылы Мүнәууар қари «Шухрат» атты газет шығарып, Ресей империясындағы басқару жүйесіне қарсылығын ашық білдіреді. Оқу-ағарту саласына қатысты, ол: «Біздерді, мұсылмандарды, тұтқын шынжырынан азат ету үшін бір-ақ нәрсе қажет. Ол біздерді және балаларымызды ағарту», - деп қадап айтады.

1909 жылдың тамыз айында Ташкент қаласында Сырдария облысының мұсылмандарына материалдық және рухани қолдау көрсету мақсатында «Көмек» мұсылмандар қоғамы құрылып, Жарғысы бекітілді. Жарғы негізінде Сырдария облысының әрбір уезінде қоғамның бөлімшелері ашылып, ағарту саласына қаржылық көмек беріп тұрады. Қоғамның құрылтайшылары Ташқожа Тұяқбаев, Низан-Қары Молда Хусайнов, Молда Абдулла Ауляни, Мүнәууар қары Абдурашидханов, Баширулла және Асадулла Ходжаевтар болды.

Жоғарыда аты аталған жәдидшілердің бастамасымен ХХ ғасырдың басында Сырдария облысында жаңа әдіс негізіндегі мектептер көптеп ашыла бастайды. Олардың қатарында Әулиеата қаласындағы «Шамсие» мектебі, Қазалы қаласындағы «Хусаинов» татар мектебі, Перовскі қаласындағы «Шаги Ахмет Валиуллинов» атты жаңа әдісті мектептер мұсылман балаларына білім берумен айналысты. Ал жалпы Сырдария облысында 1914 жылы 16 жаңа әдісті мектеп жұмыс істеп, онда 1650 шәкірт білім алды. Оның ішінде, Перовскіде 3, Қазалы қаласында 3 мектеп жұмыс жасаған [11, 7 п]. Жәдидтік оқу орындары халық тарапынан кең қолдауға ие болды. Тарихи деректердің бірінде: «Соңғы жылдары жаңа әдістік (усули-джедад) мектептері кеңінен таралуда, олар халық арасында үлкен беделге ие және мектептерді ерікті түрде өз ақшаларына қаржыландырады», - делінген. Жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып, «империялық» білім беру ісі жергілікті қазақ халқы тарапынан жоғары бағаланбағанын байқауға болады. Керісінше, мұсылмандық білім беру дәстүрі, уақыт талабына сай қайта құру кезеңін еңсеріп, халықтың дәстүрлі әрі заманауи білімге деген сұранысын өтей бастағандығын көреміз.

Отарлық әкімшілік орындары мұсылман мектептерін Түркістан халықтарын діни негізде біріктіретін рухани күш ретінде қарап, оның қызметін тежеу жолындағы айла-әрекеттерге көшеді. Мәселен, мұсылмандық мектептерде орыс тілін оқытуды қатаң талап етіп қойып, оны орындамаған жағдайда мектептерді жабуға дейін барды. Сонымен қатар, Ресей мемлекеті құдіреттілігінің символы ретінде мектеп-медреселерде император суретінің ілініп тұруын қатаң талап етті.

Патша өкіметінің жергілікті халықтарды «сауаттандыру ісінде» әкімшілік орындарға ең жақын, жанашыр көмекшілері православтық шіркеу мен оның миссионерлері болды. Түркістан өлкесінде белсенді миссионерлік әрекетімен көзге түскен «ағартушылардың бірі» Н.И. Ильминский 1860 жылы: «Қазақтар мұсылман емес, олар шамандар. Сол себептен оларды христиан дініне кіргізу оңай болады», – деп орталық үкіметке баяндаған болатын.

1886 жылы Н.П. Остроумов православ миссионерлері кеңесінің жиырма жылдығына арналған «Көшпелі халықтар христиан діні мен мәдениетін қабылдауды қалай ма?» атты



жиында: «Ресейге бағынатын азиялық көшпелілердің адамдық және мәдени тұрғыдан жетілуі мен православтық орыс халқымен бірігуі үшін, христиандықты қабылдаудан басқа жолы жоқ. Егер азиялық көшпелілер христиан дінін қабылдамайтын болса, мұсылмандықты қабылдап, еліміздің дамуын тежейді, саяси үстемдік пен тұтастыққа қатер төндіреді» [12, 15-17 бб.], – деген болатын.

Ресей патшалығының өлкедегі шоқындыру, орыстандыру саясаты туралы Қ.Кемеңгерұлы «Қазақ тарихы» атты еңбегінде: «Қазақты шоқындыру саясаты туды. Мұны орындау үшін ел арасына миссионерлер шыға бастады. Бұлардың ісі ұлттыққа зияндығы сезіле бастаған соң, қазақтар қарсы құрал қылып, исламға өте бейімделді. Дүниеге қызығып шоқынған орыс қалаларындағы қазақ жұмыскерлерден, ашаршылық жылдарда өлім халіне жеткендерден, рудан пана таба алмағандардан бірен-саран шоқынғандар болды» [13, 25-26 бб.], - деп жазды. Православ дініне өтіп жатқандардың негізі кедей қазақтар екендігін Ресей әкімшілігі де мойындайды. Мәселен, 1902 жылы «Землевладение» газетінде жарық көрген И.М. Головачевтың мақаласында: «...олар отырықшылыққа, егіншілікке және православияға өте аз көлемде өтуде. Православияны көбінесе кедей қазақтар қабылдауда», – деп атап өтеді.

Патша әкімшілігі жергілікті халыққа христиан дінін қабылдаттыру үшін түрлі артықшылықтар жасап, оларға қолдау көрсетіп отырды. Православие дініне өткендерге патша үкіметі ақшалай сыйақы да беріп отырды. Жергілікті халықты шоқындыру ісі барысында патша әкімшілігі әрбір уезд, облыс басшылығына өз қарамағындағы тұрғындардың діни наным-сенімдерін зерделеп отыруды тапсырған болатын. Мәселен, 1899 жылы Қазалы уезі тұрғындарының діни ұстанымын зерделеуге арнайы тапсырма берілді. Жоғары басшылықтың тапсырмасына орай, Қазалы уезінің әкімшілігі «Қазалы уезіндегі мұсылман халқының рухани жағдайы» атты мәлімдеме дайындады. Онда: «Қазалы уезінің көшпелі қазақтары арасында мұсылмандық діни ағымдар, Ферғана және Самарқан облыстарының отырықшыларына қарағанда айқын көрінбейді. Көшпелі қазақтардың өмір салты, отырықшы мұсылмандардан ерекшелеу болғандықтан, жергілікті қазақтар мұсылмандық діннің ұйымдастырылуы мен басшылары туралы біле бермейді, тек бірен-саран адамдардың ғана мұсылмандық діни ағымдардан хабары бар. Бірақ барлығы өздерін сунниттер екенін біледі. Мұсылмандардың түрік сұлтанын жақтауы, христиандардың саяси ұстанымына қайшы келеді. Осы себепті мұсылмандықты басқа саяси ағымдар секілді мейлінше шектеу керек, өйткені олардың барлық ой-арманы мен мақсаты біздің мемлекеттілікке қылмысты болып келеді» [14, 2-6 пп], – делінген. Осылайша отарлық әкімшілік шенеуніктері мұсылмандықты Ресей мемлекеттілігінің негіздеріне нұқсан келтіреді деп түсініп, онымен күресуге тырысты. Бұл жөнінде Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі М.Дулатов: «Енді патша шенеуніктері біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға тиісе бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды», - деп империялық саясатты айыптаған болатын.

Ресей жаулап алушылығымен бірге Түркістан өлкесінде түрлі діни ағымдар мен сектанттар да пайда болды. Бұл православ миссионерлеріне «жемісті жұмыс» жүргізулеріне үлкен кедергі келтірді. Сектанттар орыс шаруаларының қоныстарынан бөлек жерлерге орналасып, жергілікті халыққа өз діни ұстанымдарын уағыздаумен айналысты. Өлкедегі сектанттар мен раскольниктер негізінен Сырдария облысының Қазалы, Әулиеата және Шымкент уездеріне қоныс тепкен болатын. Қазалы уезінде түрлі дін өкілдерінің саны аз емес-тін. 1899 жылы болған Түркістан епархиясының оқытушылар кеңесінің қорытынды хаттамасында: «раскольниктік тұрғындарының 394-і ер, 361-і әйел, мектеп жасына жеткен ер балалар 117, қыз балалар саны 201. Рим-католиктердің 8-і ер, 8-і әйел, олардың мектеп жасындағы балаларының 6-ы ер, 3-і қыз. Еврейлердің 38-і ер, 36-і әйел, олардың мектеп жасына жеткен ер балаларының саны 18» [15, 14-18 пп], - деп көрсетілген. Осылайша Сыр өңірінде көпэтникалық қоғамның негіздері қалыптаса бастаған еді. Патша әкімшілігінің қысымына қарамастан, XIX ғасырдың екінші жартысы



мен XX ғасырдың басында қазақ балалары Қазан қаласындағы «Мухамедия», Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусайния» медреселерінде білім алды. Уфадағы аталмыш медреседе 1907-1917 жылдар аралығында білім алған 950 шәкірттің 154-і қазақ балалары болған. Олардың арасында 59-і мүфтилікке емтихан тапсырып қорғаса, 51-і мүдәріс, 8-і имам хатиб мұғалімі болып шыққан.

Сыр елінен шыққан діни-ағартушы ұстаздар философия, грамматика, лингвистика, шығыс тарихы мен әдебиеті, астрономия және т.б. жаратылыстану салалары бойынша кәсіби білім алды. Олар негізінен Мекке, Медине, Бағдат, Шам, Ыстанбұл, Каир, Самарқанд секілді ислам мәдениеті орталықтарында білім алып, ағартушылық қызметтер атқарды. Ағартушылық қызмет жүргізу арқылы ұлт мүддесін қорғаған қайраткерлер қатарында Марал ишан Құрманұлын, Құлболды ишанды, Мырзабай ахунды, Қалжан ахун Бөлекбайұлын, Алдашбай ахун Ерназарұлын, Ақмырза ишан Төсұлын және т.б. ерекше атап өтуге болады [16, 7-10 бб.]. XIX ғасырдың екінші жартысында олардың халыққа идеологиялық ықпалы басым болды. Діни қызметкерлердің халық арасындағы беделі туралы мұрағат деректерінде: «Ишандар, ахундар, молдалар халық арасында үлкен құрметке және беделге ие, олардың көптеген жақтастары бар. Олар қоғамдық пікірді білдіруші әрі тасымалдаушы, кейбір жағдайларда бұқара халықтың жетекшісі. Бұлармен қарапайым халықтың барлығы, сонымен қатар, анағұрылым сауатты жергілікті ақсүйек өкілдері де санасады», - делінген. Түркітанушы ғалым В.В. Радлов ислам дінінің қазақ қоғамына тигізген әсері туралы: «Сөзсіз, мұсылман дінінің әсері арқылы қазақтарға үйлерінің жинақтылығы мен киім-кешектерінің тазалығы, отбасылық қарым-қатынастарының дұрыс реттестірілуі және де уақыт талабына сай қалыптасқан этикалық болмысы тән», – деп көрсетеді. Осылайша, патшалық билік өкілдерінің миссионерлік саясаты алғашқы жоспарланғанындай жоғары нәтижелерге жетпеді. Бұның бірден-бір себебі, қазақ халқының жаулап алушыларға деген ішкі қарсылығының пайда болуы, ал ол өз кезегінде ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге негізделген түркі-мұсылмандық жүйеге сүйенген еді.

Жалпы алғанда, жаңадан ашылған жәдидшіл мектептер «ескі» оқу әдістерінен бас тартып, жаңа оқу жүйесіне бет бұрды. Онда мұсылмандық ілімдермен қатар, заманауи білімдер де оқытылды. Бұл мектептер орыстық оқу жүйесіне қарсы тұрып бәсекелесе алатын қуатты күшке айналды [3, 26 б.]. Жаңа әдістік мектептер беделінің артуы нәтижесінде қазақ халқы балаларын білім алуға осындай мектептерге берді, ал орыс әкімшілігінің қолдауымен ашылған орыс-түземдік мектептердің оқушылары жаңа әдістік мектептерге ауысып, білімдерін жалғастырды. Орыс ағарту ісі бәсекеге шыдай алмай көптеген мектептері қаңырап бос қалды. Оңтүстік өңірде жарты ғасырға жуық өмір сүрген патшалық билік жүйесі көп ұзамай-ақ өзінің осал жақтарын айқынырақ көрсетті.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Остроумов Н.П. Отчет Туркестанской учительской семинарии за 25 лет ее существования ( 1879-1904). – Ташкент, 1904. – 76 с.
- 2 Рүстемов С.К. XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыс. Тарих ғыл. канд. ...автореф. - Алматы, 1997. - 24 б.
- 3 Ибраев У.С. Патшалы Ресейдің оңтүстік Қазақстандағы отарлық жүйесі (граф сенатор Паленнің тексеру комиссиясының материалдары негізінде). Тарих ғыл. канд. ...автореф. - Алматы, 2008. - 29 б.
- 4 ӨР ОММ. 47-қ., 1-т., 933-іс.
- 5 Сыр өңірі тарихы. (Көне заманнан бүгінге дейін). - Алматы: Атамұра, 1998. - 285 б.
- 6 ӨР ОММ. 1-қ., 12-т., 1588-іс



- 7 Егембердиев М.Ш. Ресей имперясының Оңтүстік Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғ. II ж – XX ғ. басы). Тарих. ғыл. канд. дисс. - Алматы, 2007. -134 б.
- 8 Исхали И. Этническая мобилизация: Национальное движение в Тюркском мире. – Москва: Мысль, 1998. - 220 с.
- 9 Жұртбай Т. Маржани мен Абайдың тоғысар тұсы // Абай. -1996. - № 3. - 18-23 бб.
- 10 ӨР ОММ. 47-к., 1-т., 3055-іс.
- 11 ҚРОММ. 232-к., 1-т., 37-іс.
- 12 Остроумов Н.П. Способны ли кочевые народы Азии к усвоению христианской веры и христианской культуры. – М., 1896. – 17 с.
- 13 Кемеңгерұлы Қ. Қазақ тарихынан. – М: СССР халықтарының кіндік баспасы, 1924. – 66 б.
- 14 ҚРОММ. 267-к., 1-т., 285а-іс.
- 15 ҚР ОММ. 121-к., 1-т., 147-іс.
- 16 Омаров Қ. Сыр өңіріндегі ағартушылар хақында // Қазақ тарихы. - 2010. - №1. - 7-10 бб.

### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается роль и место идеи жадидизма в Сырдарьинской области. На основании архивных материалов анализируется деятельность мусульманских школ в Туркестанском крае.

### RESUME

In this article the authors consider the role and place of school of zhadidizm in the Syr-Darya region. On the basis of archival materials they analyze the activity of the Muslim schools in the Turkestani region.

УДК 94(574)

**Аннотация**

В данной статье дан анализ комплексу вооружения казахских батыров XVIII века, характеризуются тактико-технические возможности использованного ими оружия.

*Ключевые слова:* батыр, воин, вооружение, доспехи, оружие.

**С.К. Кабылтаева**

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
докторант PhD

**К проблеме  
вооружения  
казахских батыров  
XVIII века**

Изучение вооружения казахских батыров XVIII века является важной составляющей в воссоздании истории института батырства. Само понятие «батыр» имеет в это время два основных значения. Во-первых, «батырами» называли отдельных выдающихся ратников, проявивших себя в различных аспектах военного искусства. Титулом «батыра» казахи могли наградить как рядового общинника, так и знатного ханачингизида [1, с. 140].

С другой стороны, некоторые выделенные народом из общей массы ополченцев «батыры» постепенно делали войну своим призванием, становясь профессиональными воинами [1, с. 140].

Казахские батыры играли огромную роль в военно-политической и социальной жизни казахского общества. Социальной опорой казахских батыров являлись, в первую очередь, родоплеменные объединения. Так, М. Бижанов высказался по этому поводу: «На наш взгляд, сила того или иного тархана, бия или батыра определялась не званием, а больше количеством подчиненных ему родов, поколений» [2].

Главная задача батыров – защита родины от внешнего врага, установление порядка внутри страны. Отличительной чертой казахских батыров является преемственность воинских традиций, передача умений и навыков владения оружием от отца к сыну.

По вооружению казахских воинов имеются информативные источники: вещественные, письменные, фольклорные, этнографические, лингвистические и изобразительные, которые дают возможность составить достаточно полное представление о традиционном вооружении казахов. Автор статьи поставил задачу исследовать вооружение особой категории в казахском обществе – вооружение батыров.



Одна из первых специальных работ по нашей теме принадлежит Ч. Ч. Валиханову. Так, в статье «Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи» впервые классифицируются основные виды вооружения казахов XVIII века [4]. Военное дело и основные виды оружия казахских воинов анализируются в трудах казахстанских авторов Т.К. Алланиязова [3], А.К. Кушкумбаева [5], К.С. Ахметжанова [6] и др.

Известный исследователь военного дела номадов Алланиязов Т.К. отмечает обязательные виды вооружения, характерные для кочевых народов Евразии. Комплекс вооружения кочевников Евразии, по мнению автора, включает в себя средства ведения дистанционного, ближнего боя и защиты. К предметам вооружения дистанционного боя и сопутствующего ему снаряжения исследователь относит луки, стрелы, дротики, колчаны. Мечи, палаши, кинжалы, топоры, копья, секиры, чеканы, палицы, булавы и дубинки он причисляет к оружию ближнего боя, к средствам защиты – щит, кольчуги, панциря, шлемы [3, с. 23].

Казахстанский исследователь К.С. Ахметжанов в своём труде рассматривает вооружение и военное дело казахов, а также выделяет основную специфику ратного дела. Автор подробно охарактеризовал казахских батыров, сделал ценное замечание о том, что они «являлись профессиональными военными, наподобие японских самураев, французских рыцарей или индийских кшатриев» [6, с. 15].

Для реконструкции комплекса вооружения и военного дела кочевников важную роль играет сравнительно-исторический метод исследования, позволяющий выявлять общие тенденции и особенности в эволюции военного искусства казахов. Каждый предмет вооружения состоит из набора конструктивных элементов, различающихся по функциональному назначению: рабочих частей, предназначенных для нанесения поражающего удара и защиты от него, и несущих частей, предназначенных для приведения в действие рабочей части. Комплекс вооружения включает в себя две основные категории: средства защиты – доспех и средства нападения – оружие [5, с.45].

Для разработки проблем вооружения казахских батыров большое значение имеет анализ этнографического и фольклорного материала. Так, казахский народ богат на эпические произведения, повествующие о ратных подвигах батыров, передающие в мифологизированной форме информацию о героическом прошлом. Славные деяния казахских батыров XVIII века – Кабанбая, Богенбая, Малайсары, Тайласа, Джанибека и многих других, защищавших родину от джунгарского нашествия, подвиги казахских батыров XIX века – Исатая, Кенесары, сражавшихся против колониальной политики царской России, сохранились в многочисленных эпических произведениях. В эпосах, сказаниях и преданиях описываются подвиги батыров, их вооружение и доспехи.

По этнографическим и фольклорным материалам исследователи различают пять видов вооружения казахов:

1. Оружия дистанционного боя – лук и стрелы;
2. Режущие оружия – мечи и сабли;
3. Колющие оружия – копье;
4. Бьющие оружия – палицы, дубинки;
5. Рубящие оружия – топоры, секиры.

Российский исследователь Л.А. Бобров выделяет специфические виды вооружения казахов в изучаемый период. Он отмечает, что «отличительной чертой комплекса вооружения казахских воинов периода Позднего Средневековья и Нового времени было широкое использование ударного (дубины, палицы, булавы) и ударно-рубящего (топоры) оружия» [7].

Лук и стрелы занимают особое положение в вооружении номадов Казахстана. Ещё в средневековье арабы восхищались тюркскими лучниками: «Тюрк стреляет по диким животным, птицам, мишеням, людям... Он стреляет, гоня во весь опор взад и вперед,

вправо и влево, вверх и вниз. Он выпускает десять стрел, прежде чем [араб] – хариджит положит одну стрелу на тетиву» [8].

В казахских воинских формированиях лучники играли главную роль, так как исход того или иного сражения зависел от меткости и скорострельности данных воинов. Об этом пишет исследователь А.К. Кушкумбаев, выявивший в средневековых нарративных источниках материал о специальных отрядах лучников [5, с.45]. Практически каждый казахский воин являлся отменным лучником, но среди общей массы воинов имелись специальные формирования. Так, в фольклорных материалах сохранились свидетельства об отряде лучников, которые составляли свиту известного казахского батыра Богенбая [9, с. 119]. Ч.Ч. Валиханов добавляет: «Сайдак, джак киргизы делали сами, но предпочитали купленный из Бухары или от башкиров, впоследствии пошли и китайские» [4, с. 37].

Стрелы для лука имелись двух видов в различных опереньях. Ч.Ч. Валиханов так описывает стрелы для казахских луков: «Стрелы делали сами из березового дерева вроде башкирских, древки тонкие в ... захватах, оперённые в четыре ряда; наконечник делали двухгранный для охоты или четырехгранный саут бузар для пробития панциря или кузу джаурун вроде лопатки ягненка, чтобы сбивать с седла» [4, с.37].

Часто используемым оружием казахских батыров было копье (найза). По этнографическим материалам прослеживается, что некоторые батыры предпочитали пользоваться только копьем. Например, известный казахский батыр Агыбай, сподвижник Кенесары хана, являлся отменным копейным бойцом (найзагер). Любимое оружие Агыбай батыра имело своеобразные украшения и носилось на специальном ремне, сделанном из кожи кулана [10, с.190].

Сохранились основные характеристики казахского копья XVIII века. Копье из соснового дерева достигало длины 150-195 см и 3,5 см толщины. Железный наконечник был трехгранный. В том месте, где вставлялся наконечник, делали кисть из черного шелка или конского волоса. В конце копье имело петлю для ношения [3, с. 36]. В эпическом произведении «Богенбай батыр» имеются сведения о восьмигранных наконечниках копья [9, с.132]. Наконечники копья, как отмечают многие исследователи, различались и каждый батыр по своему усмотрению видоизменял боевую характеристику оружия.

Одним из любимых видов оружия казахских батыров являлся меч или сабля. В фольклорных и этнографических материалах имеются сведения о различных видах данного вооружения. В устном народном творчестве часто упоминается кылыш – меч, семсер – скорее всего сабля, а также редкие формы вооружения – алдаспан и наркескен [11, сс. 36, 48]. Использовались сабли кривые; персидской, турецкой, хивинской или бухарской работы. Персидские «исфагани» очень ценились казахами и известны под названием «наркескен». Ч.Ч. Валиханов, заметил, что «киргизы носят и прямые, так называемые сапы или шапы, похожие на шашки, употребляемые в Средней Азии, но в старину такое оружие мало употреблялось» [4, с.36].

Казахи сами делали длинные и прямые ножи, или полусабли и называли их селебе или джекеауз; джекеауз был несколько короче. Селебе и джекеауз имели только одну гайку или кольцо для ношения на поясе, которое прикреплялось к самому верху ножен. На рукоятке было тоже кольцо для темляка. Казахские воины использовали как кинжалы самодельной работы, так и хивинские ножи. Кинжалы носились, как селебе, а не криво, как на Кавказе, и не за поясом, как у других азиатов. Нож, буйдапечак был у каждого казаха с ручкой из сайгачьего или козлиного рога, или из арганового дерева, и был прикреплен на кольце [4, с.36].

Защитное вооружение в казахском языке обозначается словом «сауыт», которое обозначает доспехи. Словосочетание «сауыт-сайман» отражает понятие комплекса защитного вооружения. Исследователь А.К. Кушкумбаев на основе материалов казахского эпоса выделяет следующие виды защитного доспеха: кобе, торгауыт, жаланкат, шарайна [5, с.76].



Российские исследователи Л.А. Бобров, Ю.С. Худяков, занимающиеся вооружением номадов, считают, что для средневековых кочевников Евразийских степей в основном характерен кольчужный доспех. «Судя по сообщениям письменных источников и данным иконографии основным типом доспеха, прикрывавшим корпус воина XVI-XVII вв. была кольчуга, «савут». Несмотря на то, что в среднеазиатском и казахском эпосах встречаются разнообразные типы кольчатых панцирей: «ак сауыт» – «белая серебряная кольчуга», «бадана» или «байдана» – кольчуга из крупных плоских колец, «жаланкат» – кольчуга, одеваемая под пластинчатый панцирь и т. д. Среди дошедших до нас кольчатых панцирей встречаются только кольчуги [12, с. 122-123].

Кобе сауыт, по мнению казахстанских исследователей, относится к типу чешуйчатых панцирей, которые характерны для большинства тюрко-монгольских племен. Кобе сауыт имел приблизительно 16 кг веса и легко надевался воином [5, с.77]. Он относится к одному из прочных защитных доспехов кочевников.

Одним из видов защитного доспеха часто упоминаемого в фольклорных материалах является берен. Берен сауыт изготовлялся из толстой кожи. Большинство кочевых воинов использовали именно этот вид защиты. Вид защитного доспеха – «жаланкат» редко встречается в поздних казахских фольклорных и этнографических материалах. По нашему мнению, данный вид защитного вооружения был в обиходе в более ранние периоды средневековья. К.С. Ахметжанов сделал смелое предположение, что жаланкат был аналогом железных кирас средневековых испанских рыцарей [6, с.114].

А.К. Кушкумбаев считает, что наиболее массовыми защитными доспехами казахов были торгауыт, каттама, тон (оқ өтпес, шолақ тон), изготовлявшиеся из кожи и шкур [5, с.79].

Отличительной особенностью профессиональных казахских воинов — «батыров», командовавших в ходе военной кампании отдельными воинскими отрядами, были султаны из птичьих перьев («жыга»). Так, И.П. Фалька свидетельствовал: «Некоторые воины (batyr) выходят в строй в панцирных рубахах. В походе это — обыкновенно — предводители отрядов, их отличает наличие особого крылышка на шапке» [13, с. 189]. Ч.Ч. Валиханов уже в XIX в. написал: «Скоро хан снялся с поля, и каждый род сгруппировался под своим значком, выехали вперед батыры в кольчугах, в шлемах с перьями, с луками и стрелами, подошли к хану и образовали тоже кружок» [14, с. 218].

Согласно специальным исследованиям И.В. Ерофеевой в этих описаниях идёт речь о султанах из перьев филина (казахск «укі»), которые выделяли «батыров» — командиров отрядов из общей массы воинов [15].

В эпоху позднего средневековья и раннего нового времени перьевого султана из перьев филина получил дополнительную смысловую нагрузку, превратившись в своеобразный маркер профессиональных воинов - «батыров», составлявших костяк казахской военной элиты XVII- XVIII вв. Перьевые плюмажи носили и представители высшей степной аристократии (ханы, султаны), считавшие честью добавить к своему имени титул «батыр» [16]. Другим важным маркером казахской военной элиты были значки на копьях. К их числу относятся копейные бунчуки и флажки «жалау» [16].

Выдающиеся воины и батыры, не являющиеся командирами отдельных отрядов, украшали свои шлемы волосяными плюмажами («шашак») и подвешивали на боевых копьях кисти из конского волоса или матерчатых лент («байрак»). Данные маркеры казахской воинской элиты XVII-XIX вв. представляют собой результат развития древней степной традиции, берущей своё начало в эпохе раннего и развитого Средневековья [16].

Таким образом, анализ комплекса вооружения казахских батыров XVIII века, изучение характеристик вооружения, его тактико-технических возможностей позволяет существенным образом дополнить и охарактеризовать эволюцию военного дела кочевников Евразии в рассматриваемый период.

Проведенные исследования позволяют говорить о том, что казахские батыры XVIII века являлись носителями сложного неоднородного комплекса вооружения. Лук монгольского типа с минимальным количеством костяных накладок и стрелы с плоскими железными и различными в сечении костяными наконечниками являлись основой вооружения. Неотъемлемой частью вооружения являлась сабля или в меньшей степени палаш. Среди древкового вооружения, благодаря своей универсальности, преобладают копья, но использовались также и дубинки-сойылы, шокпары. Батыры в ряде регионов Казахстана использовали различные виды доспехов: кольчужные, пластинчатые и комбинированные. Боевое наголовье казахских воинов, а также защита рук и ног были известны, но широкого распространения в XVIII веке не получили. В это время отслеживается видоизменение вооружений казахов, происходит облегчение воинского снаряжения.

В заключение можно отметить, что комплекс вооружения казахских воинов в рассматриваемый период был достаточно развитым для традиций военного искусства кочевого мира Евразии.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Бобров Л.А., Борисенко А.Ю., Худяков Ю.С. Взаимодействие тюркских и монгольских народов с русскими в позднее Средневековье и Новое время: Учеб. пособие / Новосиб. гос. ун-т. - Новосибирск, 2010. – 288 с.
- 2 Бижанов М. Социальные категории казахского общества XVIII в. в трудах русских учёных // Казахстан в XV-XVIII вв.: Вопросы социально - политической истории / Академия наук Казахской ССР. – Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1969. – 208 с.
- 3 Алланиязов Т.К. Военное дело кочевников Казахстана. - Алматы: Фонд «XXI века», 1998. – 140 с.
- 4 Валиханов Ч.Ч. Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи // Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. – Алма-Ата: Главная редакция КСЭ, 1985. – С. 35-39.
- 5 Кушкумбаев А. К. Военное дело казахов в XVIII-XVIII веках. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 172 с.
- 6 Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер. - Алматы: РГЖИ «Дәуір», 1996. – 256 б.
- 7 Бобров Л.А. Сражение на реке Аягуз (1717 г.) // Военно-исторический журнал Parabellum / [http://parabellum.vzma.kh.ru/n31\\_s6.shtml](http://parabellum.vzma.kh.ru/n31_s6.shtml)
- 8 Мандельштам А.М. Характеристика тюрок IX в. в «Послании Фатху ибн Хакану» ал-Джахиза // Труды Ин-та ист., арх. И этнологии АН КазССР. - Алма-Ата, 1956. т.1. – С. 230.
- 9 Алмас қылыш: батырлар жыры / құраст. С. Дәуітұлы. – Алматы: Жалын, 1993. – 224 б.
- 10 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. - Алматы, 1994. – 400 б.
- 11 Бес ғасыр жырлайды. Т.1. - Алматы, 1989. – 342 б.
- 12 Бобров Л.А., Худяков Ю.С. Защитное вооружение среднеазиатского воина эпохи позднего средневековья // Военное дело номадов Северной и Центральной Азии. - Новосибирск: Новосибирский Государственный университет, 2002. - С. 106–168.
- 13 Прошлое Казахстана в источниках и материалах / под ред. проф. С.Д. Асфендиярова. – 1-е изд. - Алматы: Казахстан, 1936. – 352 с.
- 14 Валиханов Ч.Ч. Соб. соч. в пяти домах, т. 4. – Алматы: Наука, 1985. – 258 с.
- 15 Ерофеева И.В. Институт батыров в структуре военной организации казахов - кочевников / Роль номадов евразийских степей в развитии мирового военного



искусства. Научные чтения памяти Н. Э. Масанова: Сб. мат-лов межд.науч. конф. - Алматы: «Издательство LEM», 2010. – С. 322-353.

- 16 Бобров Л.А. Шлемовые плюмажи и значки на копьях, как маркер казахской военной элиты эпохи позднего средневековья и раннего Нового времени — <http://www.hist.vsu.ru/cdh/Articles/part10/10-03.htm>

### **ТҮЙІН**

Мақалада XVIII ғасырдағы қазақ батырларының қару-жарағына сипаттама беріліп, оның тактикалық-техникалық мүмкіндіктеріне толық талдау жасалынады.

### **RESUME**

In this article there was made a full analysis of the arms equipment of the Kazakh batyrs of the XVIII<sup>th</sup> century, its peculiar characteristics and its tactical and technical possibilities.



**Ж.Е. Нурбаев**

Казахский гуманитарно-юридический университет,  
канд. ист. наук, старший  
преподаватель

**Некоторые аспекты  
миссионерской  
деятельности русской  
православной церкви  
на территории  
Тургайской области  
(II половина XIX –  
начало XX вв.)****Аннотация**

Статья посвящена миссионерской деятельности русской православной церкви в Тургайской области. Освещаются вопросы институционализации данного процесса, т.е. создание органов управления и реализации идеологической миссии. Интересным аспектом является набор подходов и методов православных миссионеров в деле христианизации местного населения: от традиционного проповедования религиозных идей до миссионерских школ и материального стимулирования. Кроме того, рассматриваются тенденции ослабления миссионерской деятельности и выявляются их причины.

*Ключевые слова:* русская православная церковь, миссионерская деятельность, конфессии, прозелитизм, епархия, епископ, миссионерские станы, новокрещенные, миссионерские школы.

С давних времен миссионерство являлось одной из основных задач христианской церкви. Конфессиональное разнообразие Северного Казахстана определило миссионерство как одну из важнейших задач русской православной церкви (далее – РПЦ). В Российской империи миссионерская деятельность была исключительной прерогативой РПЦ. В то же время, миссию среди нехристианского населения России нельзя рассматривать как чисто церковную инициативу. В значительной степени она направлялась государством, которое ставило перед церковью определенные задачи в рамках своей внутренней политики.

Во второй половине XIX в. процесс присоединения завершается насильственным захватом, завоеванием и административным подчинением юга и юго-востока Казахстана Российской империей. В это время, кроме военных подходов, широко применяются методы реформирования управления краем, попытка ломки традиционных форм управления и навязывание сверху новых. Создание в 1868 г. «Переселенческого комитета» способствовало усилению миссионерской деятельности. «Поэтому наряду с административным переустройством казахских степей, - пишет



известный отечественный историк С.Д. Асфендияров, - была поставлена миссионерско-колонизаторская работа в целях ассимиляции и обрусения края. Кроме того, эта деятельность должна была прививать «устой» самодержавия и верноподданничества как в среде покоренных народов, так и казачьего и переселенческого крестьянства» [1, с. 201].

К 60-70-м гг. XIX в. происходит переориентация Российской империи в государственно-конфессиональных отношениях. Царизм берет курс на поощрение и поддержку РПЦ в деле обращения казахов в православие.

В 1869 г. в Москве была учреждена специальная организация – Миссионерское общество, созданы миссионерские станы и посты, которые выполняли задачу «христианского просвещения туземного населения». Главной целью миссионерского общества было «содействие православным миссиям в деле обращения в православную веру обитающих в пределах Русской империи нехристиан и утверждения обращенных как в истинах святой веры, так и правилах христианской жизни. Содействие общества первоначально обращается в миссиях в пределах восточной России» [2].

Систематическая миссионерская работа среди казахов начинается в 1875 г., когда 21 ноября того же года был основан Оренбургский епархиальный комитет православного миссионерского общества (ликвидирован в 1918 г.). Он действовал на территории Уральской и Тургайской областей.

В ведении Оренбургского епархиального миссионерского комитета по Тургайской области, состоящего под председательством Епископа Оренбургского и Уральского, к началу XX в. находились три миссионерских стана: Александровский, Макарьевский и Актюбинский.

Александровский миссионерский стан находился в многочисленном селе Александровском Кустанайского уезда. В селе Александровском имелись приходской храм, дома для духовенства и три школы, из которых одна миссионерская. Заведующим станом был священник О. Соколов, его помощником по стану – Н. Сейфулин, а учителем в ней – В. Анисимов. Учащихся в Александровской миссионерской школе к началу 1900 г. было 102 мальчика, из них 63 русских, 2 мордвина, 7 чуваш, 1 татарин и 29 казахов. В круг преподаваемых в школе предметов, помимо общего курса церковно-приходских школ, входило изучение казахского языка русскими мальчиками. В непосредственном ведении Александровского миссионерского стана находилось 20 заимковых школ, в которых обучались 313 мальчиков и 197 девочек.

Макарьевский миссионерский стан находился вблизи поселка Михайловского, основан в 1894 г. При стане была церковь-школа. С 1897 г. при стане имелась школа с интернатом для мальчиков. Заведующим и законоучителем школы был священник Г. Крашенинников, учителем миссионерской школы – Л. Ишкинов. Здесь также преподавался казахский язык. Обучался 71 мальчик. В Макарьевском миссионерском стане в 1899 г. находились еще две женские школы, в которых обучались 57 девочек.

Актюбинский стан находился в городе Актюбинск Тургайской области. Открыт во второй половине 1898 г. Актюбинский стан на тот момент помещений не имел, строились церковь-школа и дом миссионера. В 1899 г. миссионерская школа помещалась в наемном здании. Заведующим был настоятель Александровской церкви – священник А. Мозохин, миссионер – М. Подбельский, учитель – Е. Даулей. В миссионерской школе обучался 21 человек [3].

Приемы и методы воздействия на сознание казахов, с целью отказа их от мусульманской веры и перехода в православие, были различны. На начальном этапе прибегали к материальным поощрениям. Для казахов, которые принимали крещение, выделялись специальные земли, денежные пособия, для них определялись некоторые налоговые льготы и т.д.

Особую надежду в усилении процесса перевода степняков в лоно православной веры царизм стал возлагать на тех казахов, которые совершали противоправные проступки или

уголовные преступления. В этой связи исследователь истории казахов Оренбургского ведомства Л. Мейер отмечал: «...христианство между киргизами, можно сказать, весьма мало распространяется... Еще надо заметить, что люди эти были частью преступники, искавшие спасения в отступничестве, и вообще народ порочный, по каким-либо причинам отринутый своими соотечественниками. По убеждению крестился разве десятый человек» [4, с. 27-28].

Православный прозелитизм в Северном Казахстане основывался, прежде всего, на деятельности миссионеров. Их деятельность была направлена на «проведение русско-православных начал в степи, в целях слияния с русским населением и осуществлялась: а) путем миссионерских разъездов по киргизским степям, аулам, заимкам и хуторам со словом проповеди и б) посредством миссионерских церковно-приходских школ и через русское население, живущее в области» [5, л. 1 об.].

Эти меры применялись не только в местах нахождения миссионерских станов, но и в других наиболее крупных центрах русского населения края. «Но самым лучшим средством в деле воспитания русского населения в духе христианской веры и через него (русского населения) воздействия в миссионерском отношении на инородцев-киргиз были, несомненно, школы: миссионерские поселковые и заимковые, обучавшие в течение года около 1400 человек» [3, с. 32].

Учебные заведения, принадлежавшие Духовному ведомству, подразделялись на три вида: церковно-приходские школы, школы грамоты и миссионерские школы. При миссионерских школах имелись интернаты. Главнейшими задачами церковных школ составляли не только образование и воспитание православного населения края, но и обучение казахов русской грамоте, объединение их с русскими с помощью ознакомления с обычаями и мировоззрением русских людей. По мнению чиновников: «Постоянные школьные сношения детей, воспринимающих быстро общее направление русской государственной жизни к тому же способствует к уменьшению мусульманского фанатизма и противодействует сепаративному началу киргизского населения» [3, с. 26].

С 1902 г. в некоторых миссионерских станах были открыты вечерние школы для занятий со взрослыми новообращенными. В вечерних классах они «учились истинам православной веры», изучали молитвы и священную историю, пели священные песнопения и по окончании занятий совершали общую для всех вечернюю молитву [6, л. 7]. К примеру, в Макарьевском стане в 1902 г. слушателями были 33 новокрещенных казаха. Однако не все новокрещенные аккуратно посещали школу вечерних классов. Некоторые из них бывали только по праздничным дням. Чтобы улучшить посещаемость вечерних занятий миссионеры старались проводить учебный процесс более интересным. Для этой цели они приобретали «волшебный фонарь» для просмотра световых картин и недорогой граммофон с духовными пьесами. Пользуясь этим случаем, миссионер читал им статьи религиозно-нравственного содержания и давал наставления, «постепенно ведя новокрещенного к внутреннему пониманию истин Христовых» [7].

Усилиями миссионеров были подготовлены переводы на казахский язык Нового Завета, житий святых, утренних и вечерних молитв, различных богослужебных песнопений. Перенимался опыт Алтайской миссии по созданию мужских и женских монастырей, которые принимали новокрещенных послушников и послушниц и приучали их к христианской вере. В конце XIX в. были построены Иверский женский монастырь в г. Кустанае и Николаевский мужской монастырь на урочище Кара-Оба Кушмурунской волости Петропавловского уезда [8].

Немало послужил миссионерскому делу Кустанайский женский монастырь. В 1908г. в своих стенах монастырь пристроил выходцев из мусульманской среды 2-х русских девиц Бондаренко и Дементьеву и принявших усердное участие в их «научении». Протоиерей Соколов, бывая в монастыре, каждый раз приглашал сестер взять на себя труд к просвещению православной вере окрестных мусульманок-казашек, приводя им в пример



монахиню Манефу (крещеная казашка) по Уральской области, трудами которой было выкрещено до 200 казахов [7, л. 6-6 об.].

Тем не менее, тенденция перехода из православия в ислам и инославные конфессии, усилившаяся с 1905 г., с каждым годом набирала темпы. Причины этого явления можно охарактеризовать выдержкой из статьи, опубликованной в журнале «Сибирские вопросы» в 1912 г.: «Долгое запрещение всякого инакомыслия в вопросах веры, преследование уклонявшихся мерами полицейскими поставили представителей господствующей церкви в особое положение. Они образовали духовную администрацию, утратив функции учительства и оставив в себе лишь функции надзора. И когда надо было взяться за учительство, не оказалось действенной силы, и, намечая планы будущей работы, не пошли дальше резолюции о новых штатах и новых ассигнованиях» [9, с. 58].

Таким образом, число крещеных казахов и возвратившихся в лоно церкви не увеличилось по сравнению с тем периодом, когда миссионерская работа вообще не велась. К началу XX века, в связи с усилением революционного движения в России, деятельность царизма по христианизации казахов заметно ослабла. Более того, после Указа 17 апреля 1905 г. о веротерпимости наметилась тенденция к «отпадению» от православия. Это объясняется следующими обстоятельствами. С 1906 г. резко сократились ассигнования на миссионерскую деятельность, государство вообще прекратило оказывать материальную помощь новокрещенным.

Существовали и другие не менее насущные проблемы миссии. Были несколько ужесточены меры по контролю за жизнью новокрещенных. Помимо этого, новокрещенные к концу XIX в. в материальном отношении оставались в гораздо худшем положении, чем до принятия христианства. А это не могли не видеть остальные казахи.

Недостаточное финансирование миссионерской практики приводило к тому, что в материальном отношении новокрещенные казахи оставались за гранью бедности. Миссионерский стан приходил на помощь наиболее нуждающимся новокрещенным, выдавая им пособие из запасного хлеба, хранящегося в миссионерском амбаре. Выдавал стан пособие и деньгами. Но помощь эта была ничтожной. «Помощь должна быть более широка, - пишет в отчете миссионер Макарьевского стана, - и в том отношении миссия не должна уступать киргизам мусульманам, которые готовы отдать все, чтобы только совратить в свою веру кого-нибудь из русских или новокрещенных киргиз». Встретив бедного новокрещенного, казах мусульманин начинает смеяться над ним, говоря: «Крестился, чтобы бедствовать. Иди обратно к своим, ты у нас лишним не будешь, мы все поддержим тебя» [10].

Итак, на всем протяжении второй половины XIX - начала XX вв. мы наблюдаем общее сокращение числа новокрещенных казахов. Основные причины слабой работы царизма в этом направлении в регионе отмечается нежеланием казахов принимать новую веру, они принимали ее только вынуждено. Несоответствие религиозного просвещения, предложенного РПЦ, духовным потребностям большинства мусульманского населения привело к тому, что характер его распространения приобрел оттенок навязывания, внедрения в сознание против воли. Именно поэтому принудительная «духовная пища» не имела нужного воздействия, и как следствие этого - ничтожная результативность в деле привлечения мусульман в лоно православия. Поэтому, политика христианизации, в отличие от русификации, воплотившаяся в реальность в стране Советов, не была осуществлена в социальной практике.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). Том 1. - А-А., 1935. - М.: Казкрайиздат. - 262 с.

- 2 Государственный архив Оренбургской области Российской Федерации (далее - ГАОрО РФ) Ф.175. - Оп.2. - Д.44. - Л.1 об.
- 3 Обзор Тургайской области за 1899 г. - Оренбург, 1900. - С.32-36.
- 4 Мейер Л. Казахская степь Оренбургского ведомства. 2-е изд., доп. Том 17. - Астана: Алтын кітап, 2007. – 193 с.
- 5 ГАОрО РФ Ф.175. - Оп.1. - Д.31 а. - Л.1 об.
- 6 ГАОрО РФ Ф.175. - Оп.1. - Д.48 а. - Л.7 об.
- 7 ГАОрО РФ Ф.175. - Оп.1. - Д.183 а. - Л.195-195 об.
- 8 Государственный архив Омской области Российской Федерации Ф.16. - Оп.1. - Д.90. - Л.20-24; Ф.16. - Оп.1. - Д.121. - Л.49.
- 9 Коптева А. Миссионерская деятельность в Сибири // Сибирские вопросы. - 1912. – 28 февраля. - №7-8. - С.54-61.
- 10 Обзор Тургайской области за 1914 г. - Оренбург, 1915. – С.68.

### ТҮЙІН

Мақалада православиелік миссионерлердің ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезеңінде Солтүстік Қазақстанның қазақтарын христиан дініне енгізу бағытындағы іс-әрекеттері баяндалған; православиелік дін қызметкерлерінің миссионерлік жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдері және бұл үдерістің қарқынының бәсеңдеу себептері қарастырылған.

### RESUME

The activity of Orthodox missionaries in Christianization of Kazakhs in North Kazakhstan during the second part of the XIX<sup>th</sup> c. till the beginning of the XX<sup>th</sup> c. is considered in the article. The methods and ways of missionaries' activities of spiritual servants and the reasons of slackening of the temper of the process are considered.



### Аннотация

Мақалада автор XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының саяси идеяларын және сол саяси көзқарастары үшін өмірлерін қиғанын қарастырған.

*Түйін сөздер:* қазақ зиялылары, «Алаш» партиясы, мүдде, бостандық, теңдік, «Қазақ» газеті, ұлттық автономия, Түркістан, патшалық монархия, партия бағдарламасы.

## Ж.А. Шаукенов

А. Байтұрсынов атындағы  
Қостанай мемлекеттік  
университеті, тарих ғыл. канд.,  
аға оқытушы

## Ұлттық- демократиялық бағыттағы алаш қайраткерлерінің мүдде, бостандық, теңдік идеялары

Ұлт мүддесін ту етіп көтерген Алаш зиялылары қазақ қоғамын отарлық езгіден алып шығатын, дамып кеткен елдер қатарына қосатын жолдарды іздегенде пікір алуандығын жоққа шығармады. Мәселен, бірінші буржуазиялық-демократиялық революциядан кейінгі уақытта панисламдық, батысшылдық саяси ағымдар бейбіт қатар өмір сүрді. Түрлі пікірталастар «Айқап» пен «Қазақ» арасында, «Тіршілік» пен «Бірлік туы» беттерінде жүріп жатты. Бірақ бұдан ұлт зиялыларының алауыздығын, бір жағадан – бас, бір жеңнен – қол шығара алмағанын көргеннен гөрі, олардың интеллектуалдық ізденісте әрекет еткенін айтқанымыз жөн.

Алаш қозғалысы қайраткерлерінің 1917 жылғы ақпан төңкерісіне дейінгі ұсынған демократиялық идеялары «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасында көрініс тапты. Онда атап көрсетілгендей, партияның басты мақсаты Ресей федерациялық демократиялық республикасының құрамында қазақ автономиясын құру болды.

Бағдарламаның бірінші бөлімі «мемлекет қалпы» деп аталды. Бөлімнің мазмұнына қарай оның мемлекеттің басқару нысаны туралы екендігін байқауға болады. Партия бағдарламасында Ресей демократиялық, федеративті республика болуы тиіс деп атап көрсетіледі және демократия мен федерация ұғымдарына түсінік беріледі. «Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеуі», яғни халық билігі, ал «Федерация мағынасы құрдас мемлекеттерге бірлесу, әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгігін өзі алып жүреді». Мұндағы негізгі айтылмақ идея - өзін-өзі басқаратын тең құқылы мемлекеттер одағы.

Ә.Бөкейханов «Қазақ» газетіне жазған хабарында бұл Комитетке Түркістан өлкесінде «бостандық, құрдастық, туыскандық шырағында» кандай өзгерістер жасаймын десе де ерік деп көрсетіп, Түркістанның жағдайын Англияның отар елдеріне теңеп, «Учредительное собраниеден кейін Түркістан өз тізгіні өзінде колония болады» деген үмітін айтады.

Ә.Бөкейханов осы шағын мақаласында Комитет мүшелеріне қысқаша сипаттама беріп, оларды Түркістан өлкесін білетін адамдар ретінде таныстырады. М.Шоқаев 1917 жылға арналған естеліктерінде, керісінше, жалғыз социалист-революционер О.А.Шкапскийден басқа комитет мүшелерінің арасында Түркістан өлкесін білетін адам жоқ еді деген ойды айтады. Біздің пікірімізше, Ә.Бөкейхановтың комитет құрылған бетте жазған мақаласында жалпы Комитетке, оның мүшелеріне артқан үміті тым көтеріңкі болса, ал М.Шоқай С.Мақсұдов пен М.Тынышбаев сияқты оның мүшелері қызметін бағалауда бір жақтылыққа ұрынған еді, әрине, кездейсоқ емес еді.

«Алаш» партиясы ұсынған бұл идеяны Кеңес үкіметі де Ресейдің федерациялық құрылысында пайдаланды. Алаш қайраткерлерінің ұлттық автономия түріндегі мемлекеттілікке қол жеткізуге ұмтылуының өзіндік себептері де бар еді. Оның ең бастысы, сол кездегі саяси жағдай дербес тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құруға мүмкіндік берген жоқ. Сондықтан да партия бағдарламасына іргесі бөлек, ынтымағы бір дербес басқарылатын автономиялардан тұратын федеративтік, демократиялық Ресей туралы қағида енгізілді.

Мемлекеттік құрылыс мәселесінде үкімет басында - құрылтай жиналысы, оның аралығында құрылтай жиналысы мен мемлекеттік дума белгілі бір мерзімге сайлаған Президент тұрды. Құрылтай жиналысы тұрақты орган емес, ол мезгіл-мезгіл сессия түрінде ғана жұмыс істейді. Оның сессиялары арасында билік тұрақты орган Президенттің қолында болады. Ол халықты құрылтай жиналысы мен мемлекеттік дума алдында жауапты министрлер кеңесі арқылы басқарды.

Жоғары өкілді органның екі палаталы құрылымы – парламенттік республиканың ұсынылуы сол кездегі жағдай үшін бірден-бір дұрыс қағида болатын. Екі палатаның бірлескен отырысында Президент сайланады. Партия бағдарламасы бойынша заң шығару мемлекеттік дума құзырында болды және атқарушы орган қызметіне бақылау жасау мүмкіндігі берілетін сауал салу құқығы да берілді.

Партия бағдарламасының бірінші бөлімінде демократияның ең жарқын көрінісі – сайлау туралы да айтылады. «Депутаттар тегіс, тең, төте һәм құпия сайлаумен болады». Себебі, азаматтардың саяси құқығы, шыққан тегі, діні, сенімі, қызметі, мүлкі және жыныс айырмашылығына қарамай, барлығын сайлау құқығын жүзеге аыру арқылы бекітіледі.

Ғасырлар бойы халыққа ауыртпалық болып келген салықтың халықтың өздері сайлаған өкілді орган – мемлекеттік думаның келісімінсіз салынбауы да Алаш қайраткерлерінің заңсыздық пен озбырлыққа жол бермеуге ұмтылысынан туған. Өйткені мемлекеттік қазына мен халықтың тұрмыс деңгейі де көп жағдайда салық саясатына тікелей байланысты еді. Салық салудың мұндай тәртібі әділеттілік талаптарына және қазіргі заманға да толық сай келеді.

Бағдарлама жобасының «Жергілікті бостандық» деп аталатын бөлімінде қазақтар мекендейтін облыстарда тұратын барлық ұлттар үшін автономия құру туралы мәселе ең бірінші кезекке қойылады. Онда былай деп аталады: «Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Ресей республикасының федерациясының бір ағзасы болуы. Реті келсе, қазақ автономиясы достас халықтар мен әзірге бірлесе болуы, реті келмесе бірден-ақ өз алдына жеке болуы. Қайткенде де осы күнгі земстволықты қабыл алуы».

Бағдарлама жобасында «Алаш» партиясының қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарда қызмет ететін адамдарының халыққа пайдалы да, адал қызмет ететін механизмін жасау жөнінде ұсыныс жасайтыны және оны өмірге енгізу үшін күресетіндігі



туралы да сөз болады. Ал земство басқармалары мен милицияларында адал адамдардың қызмет етуі үшін оларды халық қалауына ұсыну туралы идея жергілікті басқарудың таза демократиялық түрін білдіреді.

Заңсыздық пен озбырлыққа жол бермеуді басты мақсаттың бірі ретінде көрсеткен бағдарлама жобасынан әділдік пен адамгершілік желінің қалай есетінін де байқау қиын емес. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзатындарға аяусыз күрес жүргізуді мақсат тұтқан «Алаш» партиясы әлеуметтік-әділеттілік саясатын жүргізуге ұмтылды. Бағдарлама жобасының үшінші бөлімі нағыз таза демократиялық және адамгершілік принциптерге негізделіп жасалған. «Дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей, барлық адам тең құқылы болады. Жиылыс жасауға, қауым жасауға, жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға - еркіншілік». Адамның аса маңызды құқықтары болып табылатын бұл принциптер тіпті алғашқы кеңестік заңдарда да кездеспейді. «Алаш» партиясы қайраткерлері көрсеткен, тарихи тұрғыдан алғанда өз уақытынан идеялық жағынан озып кеткен бұл принциптер 78 жылдан кейін ғана 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында өз орнын тапты.

Бағдарламаның «Билік һәм сот» деп аталатын бөлімінде сот билігі және оның ішінде билер соты туралы айтылады. Билік пен соттың әр халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрып ерекшеліктеріне қарай жүргізілуіне басты назар аударған бағдарлама авторлары халыққа таныс емес құқықтық нормаларды енгізуге қарсылық білдіреді. Олардың айтуынша, құқықтық нормалар мен билік халықтың тұрмыс-тіршілігі мен даму деңгейіне сәйкес болуы керек, яғни соттар істі әрбір халықтың тұрмыс жағдайларына қарай қарауға тиіс. Қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты ескерген Алаш қайраткерлері «қырдағы ауыл, болыс ішінде билігінен сот жұрт ұйғарған ереже жолымен атқарылғаны жөн» деп табады. Мұндағы «жұрт ұйғарған ережелер» деп қазақ билерінің түрлі жиындарда сот істерін шешу кезінде басшылыққа алған ережелері айтылып отыр.

«Алаш» партиясының бағдарламасын жасаушылар мемлекеттің зайырлық негізін бекітудің қажеттігін де атап көрсетті. «Дін ісінің мемлекет ісінен бөлінуі» бағдарлама жобасында прогресшіл маңызды көрсеткіштердің бірі ретінде саналады. Мұндағы ең басты нәрсе - діннің мемлекет ісіне, мемлекеттің дін ісіне араласпауы. «Дін біткенге тең құқық. Дін жаюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық». Яғни әркім діни сенімі бойынша тең және еркін. Діни сенімі бойынша артықшылық немесе кемсітушілікке жол берілмейді. Ислам дінінің Қазақстанға сырттан енгенін және оны таратуда Орта Азия мен татар діни орталықтарының белсенді рөл атқарғанын ескерген қазақ зиялылары қазақтардың өз алдына мүфтиі немесе діни орталығы болуы қажет деп есептеді. Неке қию мен ажырасу, балаға ат қою мәселелерінің молдаларға берілуі, мұсылмандық неке құқығының прогресшіл жақтарын ескергендіктен енгізілген болса керек. Күйеуге шығу құқығы әйелдердің өздеріне байланысты болды. Қалың мал жойылды, молдалар он алты жасқа толмаған қыздар мен он сегіз жасқа толмаған ер балалардың некесін қиюына тыйым салынды және неке қию кезінде молдалар екі жақтың қалыңдық жағының да, күйеу жағының да келісімін алуға тиісті болды. Жесір дауының сотта қаралуы да әйелдер құқығын қамтамасыз ету шараларының бірі еді.

Бағдарлама жобасында ел қорғау мәселесіне де басты көңіл бөлінген. Әскер жасына жеткендерді жергілікті жерлерде әскер ісіне үйрету және қызмет еткізу ұсынылды. Алаш көсемдерінің бірі - М. Дулатов мемлекет қауіпсіздігі мен ел қорғаны туралы былай деп жазады: «Кімнің білегі жуан болса, сол жұрт болады. Кім күшті болса, сол дегеніне жетеді». Ол өз алдына дербес мемлекет болу үшін алдымен әскер жасақтау қажеттігін, күшті әскердің болуы басқа елдерді санасуға мәжбүр ететінін айтады. «Бұл заманда әскері жоқ жұрт - жұрт емес, құл. Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз. Қайсысына түссек те, ерік өзімізде. Бір жол - құлдық жолы. Екінші жол - жұрттық жолы. Осы бастан автономия алудың қамына кіріссек, милициямызды жасап алып, қарамызды көрсетсек, Алашорданы



үкіметіміз деп тіресіп қорғасақ, бізді ешкім басынбайды. Үкіметі бар, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі».

Бағдарлама жобасындағы жер мәселесінде бұрынғы жылдары қазақтардан жердің жаппай тартып алынғаны ескеріліп, жерді ең алдымен тұрғылықты халыққа қайтарып беруде әділ шешу міндеті қойылған және жерді сатуға үзілді-кесілді тыйым салынған жердің бүкіл байлығы; кені, қазынасы, өзендер мен көлдері және ағаштары мемлекет меншігінде болуы тиіс екендігі айрықша атап көрсетілген.

Заңсыздық пен озбырлыққа жол бермеуді басты мақсаттың бірі ретінде көрсеткен бағдарлама жобасынан әділдік пен адамгершілік желінің қалай есетінін де байқау қиын емес. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзатындарға аяусыз күрес жүргізуді мақсат тұтқан «Алаш» партиясы әлеуметтік-әділеттілік саясатын жүргізуге ұмтылды. Бағдарлама жобасының үшінші бөлімі нағыз таза демократиялық және адамгершілік принциптеріне құрылып жасалған. «Дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей барлық адам тең құқылы болады. Жиылыс жасауға, қауым жасауға, жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға - еркіншілік».

Қазақтың ежелгі тарихын зерттеу туралы алғаш мәселе көтерген «Айқап» журналы деп айтуға негіз бар. 1911 жылы өзінің 1-нөмірінде «Айқап» К.Бәтешұлы дегенге сөз беріп, ол «Қазақ шежіресі» деген атпен мақала жариялады. Онда автор қазақтың тегін «түрік нәсілінен шыққан «Алаш» есімді бай һәм балалары көп, бақытты бір адамнан таратып, қазақтың үш жүзіндегі руларын талдаумен аяқтайды және өзінің ойын төмендегідей тұжырыммен бітіреді: «Бұл сөздер – біздің бұрынғы кәрілерден естіген сөздер. Қадірлі хал білгенімізді жаздық. Мұнан артық білушілер болса, білгенін ішіне сақтамас, халыққа жазып білдірер деп үміт етеміз» [1, 55 б.].

Қазақ шежіресін тәртіпке келтіруде Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911 жылы Орынборда басылым көрген «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген еңбегі маңызды рөл атқарды. «Айқап» журналы осы еңбекпен өзінің оқырмандарын таныстырды.

«Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып», - деп жазды Шәкәрім, - көп уақыттан бері сол туралы естіген, білгенімді жазып алып және әр түрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым [2, 6 б.]. Шәкәрім Құдайбердіұлының бұл еңбегі қазақ ұлттық интеллигенциясы арасында жаңа серпін туғызды.

Қазақ интеллигенциясының әлі сталиндік таптық көзқарас ықпалына беріле қоймаған негізгі бөлігінің қазақ халқының шығу тегін зерттеуге қажетті деректерді негізінен қазақ рулары шежіресінен іздестіргені назар аудартады. Қазіргі кезеңде де үлкен маңызға ие болып отырған қазақ шежіресінің деректік құндылықтары мұндай көзқарастың жалпы алғанда дұрыстығын дәлелдей түседі. Осының нақты көрінісі Санжар Асфендияровтың тарихи көзқарасы дер едік. Ол ежелгі көшпенділер туралы еңбек жазушыларды екі топқа бөліп тастады және оларды өткір сынға алды. Соңғылардың «ұлттық буржуазиялық идеология шындаған» көзқарастарын С.Асфендияров «жанарған панисламизм және пантюркизм» деуге дейін барды [3, 17 б.].

Қазақ зиялыларының Қазақстанның тәуелсіздігі жолындағы күресінің үлкен бір саяси қорытындылары және биік белестері болып табылатын «Алашорда» мемлекеттік құрылымы мен Түркістан автономиясына байланысты отандық тарихымыздағы көзқарас эволюциясы аса күрделі жолдардан өтті. Сондықтан да бұл мәселелерінің тарихнамасы да аса күрделі. Бүгінде бұл туралы толық мағлұматтар беретін еңбектер баршылық [4, 216 б.].

Өз заманының зиялылары Ә.Бөкейханов пен М.Шоқай ұлттық тәуелсіздіктің әлеуметтік-саяси ғана емес философиялық мәселелеріне де көп көңіл бөліп, ұлттың тәуелсіздігі қандай тарихи жағдайлар қалыптасқанда мүмкін болатындығына ерекше назар аударған. Ә.Бөкейханов пен М.Шоқайдың көзқарастары бойынша бұрынғы хандық, әмірлік биліктердің барлығы Түркістан халықтарының тәуелсіздігі үшін қызмет істей



алмайды. Себебі, олар бұл халықтардың тарихи әлеуметтік мешеулігіне негізделгендіктен әлеуметтік, экономикалық мешеулікке қайта оралу – басқаларға құлдыққа апаратын жол болудан басқа ештеңе де бермейді. Мұны М.Шоқайдың сөзімен айтқанда, орыстың озат демократтарының өзінде де, мысалы, Керенскийдің өзі де, түркістандардың тәуелсіздігіне келгенде демократиясы үнемі жетпей қалады. Оның және Парижде «Последние новости» газетін шығарып тұрған, бұрынғы Уақытша өкіметтің сыртқы істер министрі А.Милюковтың ойынша, орыс империясын бұлжымас тұтастығында сақтау ұстанымы оған кіретін ұлттардың тәуелсіздігінен әлдеқайда қымбат екендігі.

Патшалық, монархиялық әлеуметтік түзімде ұлттық тәуелсіздік туралы әңгіме болуы мүмкін емес еді. Үстемдік етуші ұлттық мемлекетінің сыртқы бір күштердің ықпалымен күйреуін күту сол кездегі Ресей империясының жағдайында тек бір бос қияли нәрсе екені анық еді. Бұл орайда, әлеуметтік-тарихи жағдайларға қанық осы мәселелерге байланысты еуропалық ойлармен жақсы таныс, халықаралық ахуалды жіті бақылап отырған қазақ ойшылдарының ойлау жүйесі толық демократиялық бағытта болды деп айта аламыз.

Ә.Бөкейханов пен М.Шоқай өз халқының осындай әлеуметтік-психологиялық ерекшелігін саяси жағынан да, әлеуметтік-философиялық деңгейіне дейін концепциялық тұрғыда айқындай білген ойшылдар. Ұлт болудың рухани негіздеріне жататын тағы бір нәрсе – ұлттық мүдде қалыптасқан болуы керек. Бұл туралы мәселеге – М.Шоқай көптеген мақалаларында қайта оралып отырады. Мысалы, «1936 жыл» деп аталатын журналдың 74 санында жарияланған проблемалық мақаласында ол осы туралы аса терең мағыналы ойлар түйген. Шет жұртта жүрген мұғажырлардың, күрескерлердің отанына деген сарқылмас сүйіспеншілігі туралы айта келіп ол былай дейді: «Атамекенді сүю дегеніміз – өзіңнің жеке басыңның талаптарын қанағаттандыру немесе белгілі бір топтың небір жеке адамның мүдделерін қорғау дегендік емес. Атамекенді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмет етуге, керек болса жан пида қылуға дайын тұру болып табылады» [5].

Демократиялық азаматтық қоғам құру идеясы Алаш көсемдерін, соның ішінде М.Шоқайды да «ескішіл, бұрынғы хандықты, әмірлікті аңсаушылар» деп көрсетіп келген большевиктер уағызының жалған екендігін көрсетеді. Оның барлық мысалдары жарық көрген шығармаларынан көрініп тұрады. Алаш көсемдері Ресейде демократиялық федеративтік республика құрылғанда ғана Ресей қарамағындағы орыс емес халықтар тең құқықты автономиялар ала алады деп қарады. Осыған байланысты «Қазақ» газетінде, ал шет елде шығып тұрған «Яш Түркістан» журналында бұл идеяның сан түрлі қырлары сөз болып отырған. Оның концепциялық мазмұны көбінесе Ә.Бөкейханов пен М.Шоқай шығармаларында көрініс тапты.

Алаш жолбасшылары сияқты М.Шоқай өз идеяларын Түркістанның, соның ішінде Қазақстанның әлеуметтік-тарихи жағдайларымен, ерекшеліктерімен ұштастыруға тырысты. Ол идеяларды тек теориялық, жалпы ой жүзінде уағыздаумен ғана емес, практикалық саяси тартыстарда айқындап, шыңдап отырды. Практикалық саяси, идеялық тартыстарда М.Шоқайға ұлттық тәуелсіздік үшін күрестің түпкі мақсаттарынан ауытқушылықтармен, ұлт мүддесінен көрі өз басының мүддесін жоғары қою немесе ұлттық күрестің бірлігін діни бірлікпен шатастырушылықтармен, т. б. екінші қатардағы мүдделерді жалпы ортақ мүдделерден айыра алмаушылықтармен үнемі идеялық күрес жүргізуге тура келді.

М.Шоқай бүкіл Түркістан өлкесіндегі кейін жеке халықтар деп қаралған қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, т. б. түрікқандастарды, тіпті түріктерден гөрі иран тектес тәжіктерді де қоса бір халық, бір ұлт деп есептегені мәлім. Бұл жөнінде, оның ойынша, аталған халықтар бір халыққа кіретін ұлыстар ғана. Бұл мәселеде оның көзқарастары және солардан туындайтын ұстанымдары, мұраттары Ә.Бөкейханов пен басқа да Алаш көсемдерінің мұраттарынан өзгешелеу болды. Ол жалпы Түркістан түріктерінің бірлігін, олардың тұтас бір ортақ дербестігін қолдаған еді. Десе де, ол Қазақ автономиясы

идеясына қарсы болған жоқ, тіпті оны жақтаушылардың да қатарында болды. Ол шет елде жүргендегі күресі мен шығармашылығында осы мұраттардан айныған жоқ. Түркістан ұлтының отарлық бұғаудан толық құтылып, өз тағдырын өзі шешу жолында дербес мемлекетін құруы – оның өмірлік мұраты болды. Сондықтан да Гегельдік «халықтық рух» идеясы мен М.Шоқайдың «ұлттық рух» туралы идеясының арасында белгілі бір сыртқы ортақ белгілері болуына қарамастан мағына жағынан олардың түбегейлі өзгешеліктері бар.

М.Шоқайдың мақсаты – Түркістан халқының саяси тәуелсіздігінің мәселелерін талқылау. Сонда да болса, ол нақты бір мәселелерді талқылай отырып, оларды көп жағдайда терең философиялық қағидалармен үнемі ұштастырып отырады. Мысалы, қандай да болмасын тәуелсіздіктің негізін құрайтын сала – ол әдебиет, көркем өнер, рухани мәдениет екенін үнемі алға тартып отырады.

Академик Жабайхан Әбділдин: «Демократия – әрбір адамның бойында қалыптасатын жеке бастың әдебі, бір адамның екіншісіне деген қарым-қатынас әдебі, өзгені түсіне де, сыйлай да білуі. Бұл – өзара қарым-қатынастағы төзімділік пен түсіністік, қоғамдағы ортақ заңдылықтарға бағыну, өзін де, өзгені де құрметтеу қасиеті» деп сұхбатында атап өткен [6]. М.Шоқай Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының теориялық та, тактикалық та мәселелерінің түпкі мәнін ашып отырды. М.Шоқайдың теориялық қызметінде большевиктердің ұлт мәселесі бойынша қағидаларын және практикалық істері мен жоспарларын демократиялық тұрғыдан сынауы үлкен орын алады.

Азаматтардың мемлекетке қатынасындағы еркіндігі, ой бостандығы, сөз бостандығы, өз шаруасын күйттеудегі құқықтары мемлекеттік дербестіктің негізін құрайды. Өйткені оларсыз азаматтар жоқ. Өз құқықтарын адам ретінде қорғамайтын, оларды тәрк ететін мемлекет олар үшін өз мемлекеті бола алмайды. Мұстафа Шоқай Қазақстан ерте ме, кеш пе тәуелсіздік алатынына кәміл сенген. Тәуелсіздік алған Қазақстанның Тұңғыш Президентінің жүргізіп отырған саясаты мен ұстанымдары Мұстафа Шоқайдың саясаты мен бағыт-бағдарына сәйкес келеді. Алаш көсемдері және Мұстафа Шоқай елінің келешегін ойлап, халқының басқалармен терезесі тең болып, дербес, тәуелсіз мемлекет құруын аңсаған. «XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғам алдындағы жауапкершілік, азаматтық рух пен биік талпыныстар үлгісі қазіргі ұрпақ үшін үлкен сабақ болу керек. Олар өз дәуірінің дүниетанымын қалыптастырған жоғары білімді біртуар азаматтар еді. Олар халық мүддесіне адал қызмет етті» [7].

«Алаш серілері өз халқының үлесін орнықтыруға, орталық жүйемен күрестің жаңа әдістерін қалыптастыруға аянбай қызмет етті. Қазақ халқының бетке ұстар азаматтары Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Жанша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай, Жақып Ақбаев және сол замандағы басқа да қайраткерлер өз саласында жол салған ерен тұлғалар еді. Өз халқының мұңын жоқтаған, сол жолда бар білімін, күш-қайратын жұмсап, халқы үшін заман тауқыметін тартқан біртуар азаматтарымыз тарихымызда мәңгілік орын алады» [8]. Осы қазақ зиялыларының, ұлы ойшылдарының ұшқыр саяси ойларының жемісі еліміздің тәуелсіздігінің одан әрі баянды, іргелі дамуына негіз болады.

Қорыта айтқанда, ұлттық автономия мәселелеріндегі қазақ интеллигенциясының көзқарастары олардың өздері өмір сүрген заман тәрізді аса күрделі. Олардың шынайы мазмұнын айқын түсіну үшін, жанама зерттеушілердің емес, ұлттық интеллигенция өкілдерінің өздерінің түпнұсқа еңбектерін терең және жан-жақты зерттеуіміз керек.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бәтiшұлы К. Қазақ шежіресі // Айқап. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1995.



- 2 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан, 1991.
- 3 Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993.
- 4 Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. – М., 1994. – 216 б.; Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 365 б.; Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995.
- 5 Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: «Қайнар», 1999. 2 том. - 6 б.
- 6 Айбын Бақытұлының ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Әбділдинмен сұхбаты // Ғылымға күш-қуаты тасыған ер-азаматтар керек. Алаш айнасы, 15 маусым 2011.
- 7 Қыдыралина Ж. «Тәуелсіздік құндылықтары: зиялы қауым және ел мұраты». [www.aikyn.kz/index.php?option=com\\_content&task...id...2.13.01.12](http://www.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task...id...2.13.01.12).
- 8 Айағанова Э. «Өткен тарих, бүгінгі сабақ». «АЛЖИР» мұражайы - [uCozalzhir.ucoz.kz/publ/85-1-0-151](http://uCozalzhir.ucoz.kz/publ/85-1-0-151).

### РЕЗЮМЕ

В данной статье автор попытался рассмотреть и проанализировать политические идеи казахской интеллигенции начала XX века, представители которой были репрессированы за свои политические взгляды.

### RESUME

In this article the author attempted to consider and analyse political ideas of the Kazakh intelligentsia of the beginning of the XX<sup>th</sup> century who were repressed for their political views.





### Аннотация

Мақалада қазіргі әлемдік қауымдастықтың негізгі мақсатты ұстанымдары, яғни жер шарында прогрессивті өркениетті құру мәселелері қарастырылады.

*Түйін сөздер:* мақсатты ұстанымдары, геоэкономика, жаһандану, «үш өлшемді әлем».

### Д.М. Мажиденова

ҚР Президенті жанындағы МБА,  
тар. ғыл. д-ры, профессор

### А. Далелхан

ҚР Президенті жанындағы МБА,  
PhD докторанты

## Әлем қауымдастығының негізгі мақсатты ұстанымдары

Мақсатты құрылымдар белгілі бағытта біртіндеп іс-әрекет ететін нақты стратегиялық бағдарламаларды жасау арқылы жүзеге асырылады. Әлем қауымдастығының кең ауқымды, ұзақмерзімді мақсатты құрылымдары жер бетінде тұрақты прогрессивті өркениеттің орнауы жағдайындағы қалыптасуы қажет.

Заманауи халықаралық қатынастар трансформациясы адамзат баласы дамудың жаңа бір кезеңіне аяқ басқандығынан хабар беріп отыр. Алайда бұл үдеріс өткен моделдерге қайтып оралу мүмкіндігінсіз жүруде.

Бұл жағдайда мынаны атап өткен жөн. Вестфаль жүйесі өзінің әлемді қатаң түрде бөлшектеу қағидасымен әлемдік дамуға тежеу болып отыр. Сондықтан да қазіргі уақытта орын алып жатқан заманауи халықаралық қатынастар трансформациясы жүйелілік сипатқа ие бола отырып, бұрынғы жүйелерге қайта оралмас даму жолына түскендігін байқатады. Халықаралық қатынастар сәулеті көп полюстікпен тығыз байланысты жаһандану кезеңінде өзгеріске ұшырауы заңдылық. Көп полюстік – жаһандық үдерістердің кең ауқымды түрде жүзеге асуына ықпал ететін құбылыс. Әлемдік дипломатияның стратегиялық, геоэкономикалық моделдерін жүзеге асыруда басымдықтарды нақты анықтаған абзал. Геосаяси моделден алшақтау әрине жаңа тәсілдер мен жаңаша ұстанымдардың пайда болуына ықпал ететіні анық.

Әлемнің көп полюсті сәулеті жаһанданумен тікелей байланысты. Жаһандану жаһандық үдерістердің іске асуына оң ықпалын тигізеді. Десе де жаһандану үдерісі объективті сипаттарға ие қарама-қайшылықтарға толы болып табылады. Жаһандану үдерісінің мақсаттары оның іс-жүзінде жүзеге асыру тәсілдерімен сәйкес келуі міндетті емес. Жаһандану әлемдік өндірістің дәстүрлі орталықтарынан тыс бүкіләлемдік экономикалық өсумен қатар жүреді.

Әлемнің қазіргі таңдағы жағдайы әлемдік экономикадағы кеңі қылымды интеграция мен ынтымақтастықты кеңейтуге негізделген халықаралық қатынастар жүйесінің белсенді трансформациясымен сипатталады. Заманауи әлемдік қауымдастық өзара қарама-қайшы, соған қарамастан бірін-бірі толықтыра түсетін элементтер мен компоненттерден түзілген «әр түрлілердің» интеграциялық жиынтығы ретінде қалыптасып отыр.

Адамзат баласы өз тарихында әлем кеңістігін игерудің бірқатар моделдерін дүниеге әкелді. Солардың бірі – мемлекеттердің идеология мен күш қолдану арқылы ықпал ету аясын кеңейтуге бағытталған геосаяси модель.

Бұл модель жаһандық мақсаттарға қол жеткізу барысында өзінің тәсілдері мен құралдарын толықтай жүзеге асыра білді. Енді геосаяси модель орнына жаңа геэкономикалық модель келіп отыр. Батыстық жетекші мемлекеттер бұл моделді тиімді түрде қолдануда. Геэкономикалық парадигма дәстүрлі ұлттық мемлекеттердің өз мүдделерін жүзеге асырудағы әдеттенген тәсілдерін жоққа шығарған өзара тәуелділік пен өзара әрекеттестік басымдық алған сәттен бастап күшейе түсті.

Геэкономика ХХ ғасырдың соңында геосаясат шеңберінде жаңа ағым ретінде басымдыққа ие бола бастады. Геээкономика «нарық-экономика» моделінен «көп мемлекеттер – бір аймақ» моделіне өтуін жүзеге асыра отырып геээкономикалық шынайылықты айқындады.

Геээкономика субъектілері ретінде мемлекеттермен қатар трансұлттық капитал топтары да қарастырылады. Бүгінде трансұлттық капитал топтары жеке актор ретінде басымдық алуда. Бұлардың қатарынан Халықаралық валюта қорын (ХВҚ), Бүкіләлемдік сауда ұйымын (БСҰ), МАГАТЭ және т.б. ерекше атауға болады. Сондай-ақ ұлттық мемлекеттермен қатар аймақтық институттар да жетекші рольдерді орындауда. Атап айтар болсақ, Еуропалық Одақ, Азия Тынық мұхит экономикалық қауымдастығы (АТЭС), Солтүстік Америка еркін сауда кешені (НАФТА), МЕРКОСУР, Ислам ынтымақтастық ұйымы (ИБҰ), ЕурАзЭО, ШЫҰ және т.б.

Ұлттық мемлекеттер мен геосаясат дәуірі аяқталды десек те болады. Қазір геээкономика дәуірі туды. Алып капиталдар ұлттық экономикадан оқшауланып, жаңа әлемдік экономикалық құрылымды құруға тырысуда. Бұл тек әлемнің экономикалық сипатын ғана өзгертіп қоймай, саяси сипатының да өзге арнаға түсуіне ықпал етуде. Ірі капиталдар соңғы жылдары біртіндеп трансұлттық сипаттан геээкономикалық сипатқа ауысуда. Аталған модель әлдеқашан дамыған мемлекеттердің құралдарына айналған. Геээкономиканың басты мақсаты – әлемдік табысқа дендеп ену, әлемдік табыстың қалыптасуы мен оның үлестірілуіне ықпал ету.

Ұлттық мүдделер жаһандық мүдде ретінде қалыптасып, әлемдік геээкономикалық кеңістікті игеру аясына тоғысуда. Бүгінгі таңда күн тәртібінде геосаясаттан геээкономикаға өту мәселесі тұр. Геээкономиканың ең басты факторлары – нарықтың сиымдылығы, тауар, капитал және қызмет көрсету көлемі, экономикалық интеграциялық байланыстар. Геээкономика дегеніміз әлемді экономикалық атрибуттар жүйесі призмасы арқылы қарастыру тұжырымдамасы.

Геээкономикалық парадигма геосаясат дәуірінде үстемдік құрған ұлттық мүдде доктринасының басымдығын айтарлықтай бәсеңдетеді. Бұл тұжырымдама Вестфаль қағидаларына негізделген болатын. Яғни әр мемлекет әскери-экономикалық, саяси және қауіпсіздік, сондай-ақ әлеуметтік салаларда ұлттық мүдделерін қорғауға және жүзеге асыруға басымдық береді.

Ұлттық мүдде тұжырымдамасының дағдарысқа ұшырауы жаңа мақсатты ұстанымдардың пайда болуына түрткі болды. Енді әлемдік дипломатия алдында қырынан өзінің ұстанымдарын қайта қарау мәселесі тұр. Бұдан былай саясаттың экономикалану үдерісі өрши түспек, геосаясаттан алшақтай бермек.

АҚШ Еуропалық Одақпен бәсекелестікке түсе отырып, батыс жартышарда өз үстемдігін бекіте түсуге тырысады. НАФТА-ны Аляскадан бастап Отты жерлерге дейінгі



кеңістікті қамтитын қос Американы қоса алатын алып интеграциялық кеңістікке айналдыруға ұмтылады. Бұл үдеріс жергілікті әлсіз аймақтық құрылымдарды жойып жіберетіні анық. Алайда АҚШ-тың мұндай пиғылы бірқатар латынамерикандық мемлекеттердің қарсылығына ұшырап келеді. Сонымен қатар АҚШ ірі халықаралық ұйымдардың бірі Азия-Тынық мұхит экономикалық қауымдастығын нығайта отырып өзінің Азия-Тынық мұхит аймағында да интеграциялық үдерістерді жетілдіре түсуге тырысуда. Бұл тұста АҚШ-тың Қытай және Жапония сияқты алыптармен бәсекелестікке түсуіне тура келеді.

Дамыған Батыс елдері мен Жапония, аса қарқынды дамып келе жатқан Қытай, сонымен қатар Үндістан мен Ресей де әлемдік экономиканың жетекші рөлдерін қолдарына алмақ. Бұл елдердің жалпы өндірістік көлемі АҚШ пен ЕО елдерінің өндірістік көлемімен тең келеді. Бұл жағдай аталған елдердің әлемдік сауда-саттыққа еркін араласуына мүмкіндік береді.

Көптеген елдер үшін жаһандану кезінде лайықты орын алуға келесідей компоненттер қажет: экономиканы үздіксіз модернизациялау, экономикалық құрылымдарды және экспортты жетілдіру, постиндустриалды даму талаптары мен ұстанымдарына сай қажетті инфрақұрылымдарды құру, ішкі ресурстар мен сыртқы инвестицияны және де интеграциялық үдерістерді тиімді пайдалана білу.

Жаңа экономикалық жүйеге тән сипат – терең кооперацияға негізделген трансұлттық еңбек бөлінісінің қалыптасуы. Ұлттық экономикадан әлдеқашан бөлініп шыққан ірі капиталдар экономикалық табыстарға байланысты әр түрлі нарықтарды байланыстырған өндірістік-тұтыну шеңберін қалыптастырды. Сол себептен де, жаңа әлемдік экономикалық құрылым – геэкономика негізінде ұлттық сипаттан ада ірі өндірістік-тұтыну кешендері жатыр. Бұл тұста жаһандануға жаңа технологиялық «тапсырыс беруші» ретінде жаһандық өндірістік күш әскери-өнеркәсіп кешендері табылады.

Геээкономикалық дәуірді біршама өзгеше түсінуге де болады. Геээкономикалық әлем, бұл – тегістік емес, кеңістік әлем. Яғни «үш өлшемді әлем». «Үш өлшемді әлемді» сипаттау мен сараптау үшін синтетикалық көзқарас қажет, саясиэкономиядан бастап мәдениеттануға дейін.

Замануи әлемде жүріп жатқан үдерістер, әсіресе Вестфалияның күйреу үдерістері, күш тепе-теңдігінің өзгеруі әлемдік гегемондардың дүниенің стратегиялық өміршең аймақтарын қамтитын әлемдік экономиканы жаулап алуға қолайлы жағдай тудырды. Замануи ақиқат мынау, барлығы не көмірсутектермен байланысты, не оларды тасымалдау кешендерімен байланысты [1].

Дамудың іргелі парадигмасы – трансформацияға, әлемдік ресурс аймақтарын және ісер ету кешендерін қайта қайта бөлуге ұмтылған жаңа жаһандық акторларды алдыңғы қатарға шығару. Мысалы үшін, араб әлемінің эволюциясына әр мемлекеттің өзіне тән ішкі факторлармен қатар, жаһандану мен әлемдік сахнадағы күш бөлінісіне негізделген сыртқы факторлар да әсер етеді. Араб-мұсылман өркениетінің өзіндік идентификациясы мен оның әлемдік өркениет жүйесіне интеграциялануы белгілі бір деңгейде жаңа енгізілген демократиялық құндылықтар нәтижесіне тәуелді болады.

Әлемдік дамудың геээкономикалық парадигмасы мақсатты құрылымдар мен олардың жүзеге асуына айтарлықтай түзетулер енгізеді. Тұрақты қауіпсіздік және болжалды әлем, бұл – геээкономикалық парадигма мақсатты құрылымының мазмұнды жағы. Қоскіндікті әлемдік тәртіп кезінде екі блок арасындағы шекара әрі нақты, әрі қатаң болатын. Ал бүгінде қауіпсіздік мозаикаға айналды. Әлемнің әр аймағында ауыспалы шиеленістер мен соғыстар үнемі орын алып тұратын болды.

Қорғаныс саласына жұмысалатын әлемдік шығын жалпылай алғанда өсіп келеді. Бірақ оған қарамастан әлемдік саясаттағы әскери күш біртіндеп трансформацияға ұшырауда. Бір кездердегі саяси мақсаттарға қол жеткізудің басты құралы болған әскери қуаттылық қазірде жай ғана күш мүмкіндіктер әлеуетіне айналып барады [2].



Қазіргі таңда ядролық қарудың соғыстың басты құралы ретіндегі рөлі біртіндеп төмендей түсуде. Алайда сонымен қатар жаһандық қауіпсіздікке айтарлықтай қатер тудырарлық ядролық мемлекеттер санының арту қаупі де өсіп келеді. Осыған байланысты ядролық қаруға бақылау орнату жүйесін құру мәселесі күн тәртібінде тұр.

«Қырғи-қабақ соғысының» соңғы жылдары тұрақты әрі қауіпсіз әлемдік тәртіп құрудан үміт берген еді. Жетекші елдер өздерінің қарулануға жұмсар шығындарының көлемін айтарлықтай қысқартқан еді. Алайда әлемнің әр жерлерінде орын алған әскери шиеленістер мемлекеттердің өздерінің әскери саясатын қайта қарауларына итермелейді.

Қазірде блоктарды, одақтарды, аймақтарды айқындайтын шекаралар біршама ашық, оңтайлы әрі өтімді. Бұрын күш тепе-теңдігіне негізделген нақты стратегиялық императив болса, қазіргі таңда мұндай нақты құрылымдық тұрпат жоқ. Оның орнында бір жағдайдан екінші жағдайға бастар көптеген таңдаулар бар. Алайда көптеген мемлекеттер үшін таңдау диапазоны айтарлықтай өсті.

Соңғы жылдары әлемде көптеген оқиғалар орын алды. Атап айтар болсақ: НАТО-ның Шығысқа кеңеюі, Югославияға қарсы әскери әрекеттер, Грузия мен Украинадағы «түрлі-түсті революциялар», Шығыс Еуропадағы ЗҚҚ (Зымыранға қарсы қорғаныс) орнату жобалары, Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстағы «құрма революциялары», Сириядағы азамат соғысы және оған Ресейдің араласуы, ИГИЛ және т.б.

Әлемдік қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлем қауымдастығы дамуының маңызды стратегиялық тапсырмасы болып табылады. Заманауи өзаратәуелді әлем мемлекетаралық қатынастарды екіжақты және көпжақты негізде құратын болады. Қауіпсіздік жүйесі саяси, экономикалық, әскери, гуманитарлық және экологиялық салаларды қамтымақ.

Саяси салада заманауи әлемнің тұтастығы салыстырмалы түрде жалғаса бермек, сондай-ақ мемлекеттердің өзаратәуелділігі, халықаралық ұйымдар қызметі мен Батыс пен Шығыс арасындағы өркениеттік қарым-қатынастар да өз жалғасын таба түспек.

Әскери салада айтарлықтай трансформация орын алады. Бұл саладағы басты мәселе ядролық қару-жарақтарды таратпау, дәстүрлі қару-жарақтарды қысқарту, ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ядролық терроризмге жол бермеу болмақ.

Гуманитарлық салада жалпы адами мүдделердің негізгі басымдығы болып адамдардың өмір сүру кеңістігі, гуманитарлық саланы дамыту, ядролық-әскери қимылдарға жол бермеу табылмақ.

Экологиялық салада Жер шарының жоғары бетінің ластануы, табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалану, қоршаған орта жағдайының нашарлауы: климаттың жылынуы, табиғи ресурстардың таусылуы, жер құнарлығының төмендеуі, ауыз судың жетіспеушілігі басты мәселелер болып қалмақ.

Әлеуметтік-экономикалық салада қарулану саласын доғару, қарусыздану, бейбітшілікті нығайту сияқты адамзат үшін маңызды мәселелер алдыңғы қатарда қалмақ.

Қауіпсіздік қару-жарақ санын қысқартуға негізделуі қажет.

Қазіргі көпполюсті әлем алдында қатаң әмбебап халықаралық құқық қағидаларына негіздей отырып, жаһандық қауіпсіздік мәселелерін шешу сұрағы тұр. Бұл халықаралық қатынастар парадигмасына қол жеткізу мемлекеттердің тиімді сыртқы саяси құралдарын айқындай отырып, барлық дипломатиялық тәсілдерді мейілінше ұтымды пайдалану керек.

Қазіргі таңда әскери күш шектеулі мүмкіндіктерге ие. Болашақта мемлекеттер өзара көпсалалы байланыстарды құра отырып, интеграциялық қатынастарды жетілдіруге, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге деген саяси ұмтылыстарын арттыруға тырысады. Еуропалық және азиялық бағытта барлық халықаралық қатынастар акторларының өзара теңқұқылы ынтымақтастығы және сондай-ақ НАТО трансформациясының аяқталуы оның еуроатлантикалық қауіпсіздік жүйесін қамтамасыз етер институт болып қалыптасуына мүмкіндік бермек. Мемлекеттердің халықаралық ұйымдар шеңберіндегі ынталандырылған ынтымақтастығы аймақтық және жаһандық деңгейде қауіпсіздікті қамтамасыз етер механизм құруға оңтайлы болмақ.



Бұл бағыттағы талпыныстардың жарқын бір көрінісі ретінде ШЫҰ-дың Азия-Тынық мұхит аймағымен әріптестік лаңкестікке қарсы құрылым желілерін құрудағы айтарлықтай жетістіктерін атауға болады. БҰҰ мен ШЫҰ хатшылықтары арасында Өзара қарым-қатынастар жайлы декларацияға қол қойылуы көпбағытты ынтымақтастық үдерістерінің басталғандығын көрсетсе керек. Лаңкестік, экстремизм, сепаратизм атты «үш зұлымдық» жолын кесу немесе жоқ дегенде олардың төндіретін қатер деңгейін төмендету – әлем қауымдастығы алдында тұрған ең басты сұрақ. Жаһандық қауіпсіздік пен адамзат қауіпсіздігіне төнер қатер үнемі ұлғаю үстінде. Ұлттық мемлекеттер олармен жеке-дара күресуге қауқарсыз. Адамзат баласын апаттан сақтау жолындағы күресте ең басты рөлді БҰҰ-ды реформалау ойнау керек. Ең басты мақсат – үкіметтік емес ұйымдармен, көпұлтты корпорациялармен, халықаралық банктермен, өзге де жаһандық және аймақтық бірлестіктермен ынтымақтастықты жолға қою, сондай-ақ жаһандық қауіпсіздікке төнер қатерлердің алдын алуға бағытталған ғылыми зерттеулерді үйлестіру.

Саяси мақсаттарға күш қолдану тәсілімен қол жеткізуді жақтаушы саясаткерлердің әлі де болса көптігіне қарамастан, қазіргі таңда әлемде әскери күшке тежеу қоярлық фактор болып табылар тұрақты экономикалық қатынастарды одан әрі жетілдіру түсуге деген ұмтылыстар көптеп байқалуда. Мысалы үшін, Қытайдың экономикалық және әскери қуатының арта түсуіне қарамастан, АҚШ пен Қытай арасындағы өзара тәуелділік деңгейі әскери қақтығыс ықтималдылығын іс жүзінде нөлге тең етіп отыр.

Заманауи қауіпсіздік парадигмасында бәсекеге қабілеттілік үлкен рөл ойнайды. Мұнда бәсекеге қабілеттілік тек экономикалық бағытта ғана емес, сондай-ақ жаһанның заманауи мәселелері, тәуекелдері және қатерлерімен бәсекеге түсу қабілеттілігі жатыр. Осы тұстан алғанда қауіпсіздік пен бәсекеге қабілеттілік мазмұны жағынан өте ұқсас. Бәсекеге қабілеттіліктің әлемдегі қиын болжалды факторларға, қатерлер мен өзге де күрделі мәселелерге қарсы тұруға мүмкіндігі бар. Қауіпсіздік, бәсекеге қабілеттілік сияқты, кейбір саясаткерлер оны ұлттық идея ретінде жариялап жүр. Бұл тұста мемлекеттердің заманауи күрделі мәселелерді жеңе алу мүмкіндіктері жайлы болып отыр.

Осылайша бәсекеге қабілеттілік пен сипатталатын қауіпсіздік парадигмасы болашақ әлем қауымдастығының келбетін айқындамақ. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым қауіпсіздік деңгейі жоғары болмақ. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі оның тәуекелдер мен қатерлерді қадағалауға және оның алдын алып, жою бағытында тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі қауіпсіздіктің басты санаты болып табылауы үшін, халықаралық қатынастар субъектісі үздіксіз тұрақты экономикалық дамуды, инновациялық технологиялар мен оларды іс жүзінде жүзеге асыруды қамтамасыз ете білу қажет. Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының әлемдегі 50 бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіруі жайлы сөзін осы мақсатта түсінген жөн.

Тұрақтылық, сенімділік және болжалды әлем мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілік деңгейінің жоғарылығымен тікелей байланысты. Алайда бұған қол жеткізу үшін әлем қауымдастығының барлық ойыншылары мүдделерін қанағаттандырырлық, олардың компромиске келу тәсілдерін қарастыратын тиімді стратегия қалыптастыру мәселесі туындайды.

Негізгі ойыншылардың халықаралық сахнадағы қимыл-әрекеттері жаңа әскери-стратегиялық нақтылықтарға сай өзгеруі қажет. Соңғы жылдары әлемдік саясат Жерорта теңізі төңірегінде жасалып келеді.

Жаһандық қауіпсіздік жүйесі ретінде жаппай қырып-жою қаруларына жаһандық бақылау орнату және лаңкестіктің алдын алуда және жергілікті шиеленістерді шешуде аймақтық жүйе құру бүгінгі таңның басты мәселесі. Мұндай бастама мемлекеттердің мүдделері ұқсас елдерден одақтастық шеңберін құру тәрізді күрделі әрекетті талап етеді. Бұл әлемдік құдіретке ұмтылған амбициясы үлкен мемлекеттерді тежеумен қатар, қазіргі таңда қалыптасып отырған әлемдік құрылымды қайта құру бағытын анықтап бермек. Бұл

тұста белгілі зерттеуші В.Кулагин сөзін еске алған жөн. Оның айтуынша, әлем қауымдастығы қауіпсіздік кеңістігінің жаңа сипатын айқындау үшін ауқымды әрі ұзақмерзімді үдерістердің, күрделі мәселелердің, мүдделер шиеленісі жағдайына, сондай-ақ басты тұлғалар әрекетіне кешенді түрде сараптама жасау керек [3].

Осылайша, жаһандық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін негізгі қауіп-қатерлерді жоюға бағытталған жаңа мемлекетаралық әріптестік моделдерін іздестіру қажет, сондай-ақ өркениетаралық сұхбаттастық моделін қалыптастыру абзал. Әлем қауымдастығының басты мақсаттарын шешу үшін халықаралық институттардың механизмдерін жетілдіріп, жаһандық және аймақтық ұстанымдардың өзара келісімдігі мен өзара әрекеттестігін қалыптастырған дұрыс. Ең бастысы, мемлекеттердің ортақ консенсустық саясаты болған жөн.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

- 1 Пономарева А. Балканы – зона перманентного кризиса? // Международная жизнь. - 2010. - № 3. - С. 119.
- 2 Золотарев П. Глобальное измерение войны // Россия в глобальной политике. - 2010. - № 1. - С.45.
- 3 Кулагин В. Глобальная или мировая безопасность. / Научно-образовательный форум по международным отношениям. - 2009. - С.25.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются основные целевые установки современного мирового сообщества – становление на планете устойчивой прогрессивной цивилизации.

### **RESUME**

The basic purposes of the modern world community – the formation of a steady progressive civilization on a planet are considered in this article.



### **D.K. Akhmedyanova**

The L.N. Gumilyov Eurasian National University, Candidate of Political Science, Docent

### **Z.Y. Mukasheva**

Master student of the International Relations Department of the L.N. Gumilyov Eurasian National University

## **Geostrategical View: Russian Interests in Central Asia**

### **Abstract**

After the collapse of the USSR, independent Central Asia became an area of interest among world powers. Russia is one of the closest neighbors, so it is obvious there are key factors and spheres where it has a particular interest. There are a lot of researches related to this issue; however, the authors pay attention to the main implications for Central Asian states.

For this reason, the authors decided to test the wide range of areas for cooperation including geostrategic, political, economic, energetic and other vectors. The authors attempt to examine the cooperation of Russia and Central Asia in the Post Soviet era and define the most interesting prospectives for Russia in the CA region.

*Key words:* Central Asia, foreign policy interests, fields of cooperation, geopolitical players, international organizations, region.

In spite of the efforts undertaken to streamline relations with Central Asian states on the bilateral as well as multilateral bases, Russia has failed to develop a coherent long-term policy toward this region. The main contradiction reflected in political practices are, on the one hand, the recognition of exceptional importance of Central Asia for Russian foreign policy interests, and, on the other hand, the lack of a developed concept of comprehensive measures that facilitate the development of a long-term Russian strategy in the region.

According to the Foreign Policy Concept of the Russian Federation, "Russia forges friendly relations with all the CIS Member States on the basis of equality, mutual benefit, respect and regard for the interests of each other. Strategic partnerships and alliances are developed with the States that demonstrate their readiness to be engaged in them" [1].

It should be noted that the Central Asian states are so different in the level of socio-economic development, potential, opportunities and a degree of political modernization. So, it requires an ever-growing attention of the Russian Federation, and it is necessary regarding local culture and mentality.

Geopolitically, Central Asian states are Muslim-oriented and, at the same time, they develop their relations with the West. Those opposing or, at least, diverging foreign policy vectors provide a

certain niche for Russia, which is full of competitors. However, one point has to be recognized that, in fact, the Russian policy is situational (more responding to other geopolitical players' actions) rather than being preventive.

However, the trend to extrapolate Russia's competition with the West to Central Asian states is becoming visible. As it is interpreted by a number of Russian experts who are reluctant to recognize the diversification of foreign policy and economic ties as a fact, the development of Central Asian contacts with the West is nearly automatically equated with an anti-Russian strategy. At the same time, certain local observers, inspired by nationalistic ideas and notions, deny Russian influence and stand for Russia's eviction from the region in principle.

Actually, the interdependence between Russia and Central Asian states is determined by objective factors. We have mutual borders with the length more than 7,000 km.

В основу содержательной адекватности исторической подготовки школьника мы взяли базовое понятие «компетенция/компетентность» [10]. Следующим шагом в подготовке рабочей тетради было *составление списка ключевых компетенций для учащихся 6 класса*. Основой и ориентиром данного списка являются ключевые компетенции ГОСО [1, с.13], которые были нами *конкретизированы на предметном уровне* следующим образом:

Компетентность разрешения проблем:

- осмысление исторических документов, источников;
- анализ исторических источников и интерпретация;
- методы исследования;
- исторический анализ исходных факторов и принятых решений.

Информационная компетентность:

- знание дат и мест исторического события, причины и ход событий; изменения, к которым привело изучаемое событие;

- техника доступа к информации, прием, передача, выдача информации;
- информационные технологии, владение компьютером, Интернетом;
- критическое отношение к получаемой информации.

Коммуникативная компетентность:

- умение общаться устно, письменно, вести диалог;
- готовность к общению в разных коммуникативных ситуациях;
- умение начинать, направлять, контролировать процесс общения;
- соблюдение этикета.

Структура рабочей тетради определялась следующими принципами:

1. Принцип целеполагания. Методологическая основа конструирования рабочей тетради исходит из компетентностной парадигмы. Цели (компетентности) определяют характер вопросов и заданий для ученика.

2. Принцип использования первоисточников. Исторические документы являются одним из основных средств обучения.

3. Принцип развития самостоятельности мышления. Реализуется посредством сопоставления учебных текстов, документов, выработки позиции к их содержанию.

4. Принцип обсуждения учебного материала.

Проектирование содержания рабочей тетради состояло из нескольких процедур: отбор содержания, разработка аппарата организации усвоения, отбор и организация иллюстративного материала. Рассмотрим особенности типологического подхода подготовленной нами рабочей тетради [13]:

1. Рабочая тетрадь представлена в виде конструкции пособия книжной формы.

2. Структура и содержание рабочей тетради соответствует структуре и содержанию учебника.

3. В рабочей тетради предложены различные виды текстов: вводный, информационный, обобщающий, заключительный.

4. Методический аппарат равноценно разделен на вопросы и задания трех уровней познавательной действительности.

5. В пособии представлены как исторические документы, так и фрагменты из художественных произведений.

6. Для систематизации знаний, формирования умения анализировать и сравнивать предложены сравнительно-обобщающие таблицы и схемы.

Структурными единицами рабочей тетради является параграф учебника. Учебные материалы представлены в виде: краткого текста, подкрепленные зрительным рядом (картами, схемами, таблицами); исторических документов и иллюстративного материала в примерно равном соотношении.

Система расположения материала унифицирована: учебный текст, документы, картографические материалы, вопросы и задания располагаются автономно. Для выполнения самостоятельных работ отводятся специальные места - «пустые» строки для написания рассказа, ответа на вопрос, рамки для рисования, таблицы и контурные карты для заполнения, что представляет возможность организовывать свою работу, выбирать форму выполнения задания, применять свой план решения. Основные даты, имена, понятия выделены шрифтом. Учащиеся могут вносить корректировку в содержание с учетом последних научных публикаций.

Центральным в подготовке пособия мы считаем разработку заданий, по которым идет процесс обучения ученика. Задания ориентированы на *выработку специальных и надпредметных (общеучебных) умений и навыков, создание своей образовательной продукции.*



Для представления учебного материала были использованы следующие методические приемы:

- каждый параграф имеет 7 смысловых блоков, к которым составлен один вопрос или задание;
- часть заданий требует использование учебника (например, «Откройте стр. 8 учебника...»);
- после проблемной ситуации учащимся предлагается сделать обобщение и обосновать свою точку зрения;
- задания, построенные на работе с иллюстративным материалом, таблицами, извлечениями из научных работ и художественных произведений;
- вопросы и задания ориентированы не только на определенный конкретный ответ, но и рассчитаны на выявление отношений учащихся к историческим проблемам, их оценку.

Такой подход позволяет усилить личностную направленность образования, обеспечивает активность школьника, оказывает влияние на формирование практических умений и навыков учащихся, позволяет соотносить содержание учебного материала с ранее приобретенными знаниями.

Адаптация содержания курса к различным типологическим группам учащихся осуществлялась через:

- сбалансированность объемов видов текста;
- оптимальное количество заданий к изучаемой теме;
- соотношение вопросов и заданий репродуктивного, исследовательского и творческого характера строится по принципу равного соотношения;
- соотношение количества иллюстративного и текстового материала.

Идея *многоперспективности* решается через введение альтернативных взглядов, текстов с разными подходами к историческим событиям. Особую роль в формировании эмоционального опыта играют художественно-исторические тексты, которые позволяют не только вызывать интерес учащихся к истории, но и обеспечить *интегративную связь* с другими предметами.

Проблема управления формированием самоконтроля видится в разработке системы средств контроля. Чтобы сделать процесс мышления видимым предлагается письменная работа, позволяющая судить о правильности сложившихся представлений. Таким образом, ученик получает право на высказывание своего мнения на основании своих решений нравственных проблем истории.

Разработка рабочей тетради в составе УМК удобна тем, что в методическом пособии [14] предлагаются рекомендации по организации деятельности учащихся, ориентировочные основы действий - алгоритмы, памятки и т.д.

Рабочая тетрадь эффективна при использовании учителем всей методической системы «учебник - методическое пособие - рабочая тетрадь». Научная информация учебника, направленная на формирование исторического мышления, подкрепляется заданиями рабочей тетради, ориентированной на формирование ключевых компетенций.

Компетентостный подход к разработке учебного пособия позволил сменить в рабочей тетради акценты с «формирования» личности на создание условий для ее развития через удовлетворение базовых потребностей.

Проведение исследовательской работы затруднялось сложностью исследуемого объекта, которая обусловлена свойственными рабочей тетради функциями, богатством и разнообразием связей с другими средствами обучения. В содержательном плане определенные трудности вызывали малое количество исторического материала по курсу «История Казахстана древнего периода», абсолютное преобладание в содержании учебника археологического материала, малочисленность письменных источников,

крайняя малочисленность исторических персоналий, малочисленность художественных произведений по периоду истории древнего Казахстана.

В методологии подготовки данного вида пособия возможны изменения: к каждой теме необходимо предлагать документы, выражающие альтернативные взгляды на изучаемые события, их причины и значения; разрабатывать специальные вопросы и задания на проведение собственных исторических исследований, увеличивать долю исследовательских заданий.

В контексте рассматриваемой проблемы перспективность исследования лежит в актуализации инновационной практики подготовки рабочей тетради, что является востребованным в условиях перехода системы среднего образования на компетентностную парадигму и 12-летнее обучение.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Среднее общее образование. Основные положения. – Астана, 2006. – 72 с.
- 2 Абдыгулова Б.К. и др. Рассказы по истории Казахстана: Учебник для учащихся 5 класса 11-летней общеобразовательной школы / Б.К. Абдыгулова, А.Т. Капаева, Г.К. Кенжебаев. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2015. - 156 с.
- 3 Толеубаев А.Т. и др. История древнего Казахстана: Учебник для 6 кл. общеобразоват. шк./ А.Т. Толеубаев, Г.Д. Иргебаев. 3-е изд., перераб. – Алматы: Атамұра, 2015. – 224с.
- 4 Артыкбаев Ж.О., Сабданбекова А.А., Абиль Е.А. Рассказы по истории Казахстана: Учебник для 5 класса общеобразовательной школы. Алматы: Атамұра, 2006. – 192 с.
- 5 Тулебаев Т.А. История древнего мира: Учебник для 6 кл. общеобразоват. шк. /Т.А. Тулебаев, Р.Т. Кусаинова, М. Дакенов, 4-е изд. перераб. – Алматы: Атамұра, 2015. – 208 с.
- 6 Ежелгі Қазақстан тарихы. Жұмыс дәптері. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған /Т. Турлыгул, Б. Адырбек, Ә. Көпекбай, Қ.Құнапина. - Алматы: Атамұра, 2001. - 80 б.
- 7 Құсайынова Р., Саркеев Б. Ежелгі дүние тарихы. Жұмыс дәптері. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған. - Алматы: Атамұра, 2001. - 48 б.
- 8 Копекбай А. История Казахстана: Рабочая тетрадь. Учебное пособие для 8 классов общеобразовательных школ. - Алматы: Мектеп, 2004. - 72 с.
- 9 Кулипбаева К. Всемирная история (1640-1914): Рабочая тетрадь. Учебное пособие для 8 классов общеобразовательных школ. - Алматы: Мектеп, 2004. - 80 с.
- 10 Франсуа-Мари Жерар. Ксавье Рожье. Разработка и анализ школьных учебников. Пер. с франц. – Вильнюс: АВ ОVO, 1998. - 372 с.
- 11 Донской Г.М. Задания для самостоятельной работы по новой истории: 9 кл.: Пособие для учителя. – 2- изд., доп. и перераб. – М.: Просвещение, 1989. – 126 с.
- 12 Бахтина О.И. Задания для самостоятельной работы по истории древнего мира: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 1988. – 95 с.
- 13 Сарсеев Б.С. История древнего Казахстана. Рабочая тетрадь: Для 6 класса общеобразовательной школы. 3-е изд., перераб. - Алматы: Атамұра, 2015. – 112 с.
- 14 Сарсеев Б.С. История древнего Казахстана. Методическое руководство. Для учителей 6 класса общеобразовательной школы. 2- изд. - Алматы: Атамұра, 2011. – 112с.



## **ТҮЙІН**

Мақалада баспа негізіндегі жұмыс дәптерлерін дайындап шығару мәселелері мен олардың білім алушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға тигізетін әсерлері қарастырылады. Автор мектеп оқулықтары мен жұмыс дәптерлерінің зерттеу нәтижелерін шығарды және оқу құралы бойынша ұсыныстар берді.

## **RESUME**

In the article the author considers the problems of the development of the working book on the printed basis and its influence on the formation of the key competences of the pupils. The author makes conclusions on researching school textbooks and working books and gives suggestions on modernizing the existing structure of the educational aid.



### Аннотация

Мақалада Қазақстан Республикасындағы бүгінгі демократиялық жағдайдағы гендерлік саясаттың тарихына талдау жасалған. Автор гендерлік саясаттың қалыптасу және даму мәселелерін қарастырған.

*Түйін сөздер:* саясат, гендерлік саясат, жыныстық айырмашылық, гендерлік теңдік, Қазақстан әйелдері, гендерлік дискриминация.

### Ж.Т. Сарыбекова

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, пед. ғыл. д-ры, профессор

## Қазақстан Республикасында гендерлік саясаттың даму тарихы

Біздің қазіргі қоғамымызда саясат деген мәселенің өзі жік-жікке бөлінеді және де олардың әрқайсысы бір-бір салаға бағытталған. Мысалы, ішкі саясат елдегі ішкі саясат елдегі ішкі саясат елдің ішіндегі саяси мәселелермен айналысса, сыртқы саясат атынан айтып тұрғанындай, сыртқы мәселемен айналысады. Сондай-ақ, әлеуметтік, экономикалық болып кете береді. Енді біздің өмірімізге соңғы жылдары гендерлік саясат деген мәселе дендеп еніп келеді.

Ал енді тарихқа көз жүгіртсек, азаматтық қоғамның гендерлік стратификациясы мыңжылдық тарихқа ие. Қоғамда кейбір қызметтерді ерлер, ал кейбірін әйелдер атқаратын жағдай қалыптасқан. Әлеуметтік маңызы жағынан іс-әрекеттің тиімділігі мен нәтижелігі болды. Сондықтан да уақыт келе жыныс арасында қызметтердің өзіндік бөлінуі пайда болды. Алғашында қызметтің көптеген түрі ортақ саналды. Кейін бірте-бірте қоғамның дамуы нәтижесінде ерлер мен әйелдер бөліп атқаратын тиімді кәсіп түрлері көбейе түсті. Осылайша қоғамда тек ерлер мен тек әйелдер ғана атқаратын қызметтер пайда болды. Осыдан кейін биологиялық жыныстық айырмашылықпен қатар адамдардың әлеуметтік мәдени жыныстық айырмашылықтары пайда бола бастады.

Гендерлік саясаттағы маңызды мәселе - қоғамдық өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікті қалыптастыру, әйелдерге қатысты барлық дискриминацияны жою болып табылады. Қазақстанда әйелдердің саяси қозғалысы 1921 жылдың мамыр айында Қызылорда қаласында өткен әйелдердің губерниялық конференциясындағы Алма Оразбаеваның «Кеңестік билік әйелдерге не берді?» деп аталатын баяндамасынан бастау алады. Осы жас мұғалім Алма



Оразбаеваның арқасында 1923 жылдың 6 желтоқсанында қалың малды жою туралы қаулы қабылданды.

«Гендер» деген түсінік XX ғасырдың 60 жылдарда пайда болды. Ол адамдардың биологиялық және әлеуметтік жынысы арасындағы айырмашылықты сипаттайды. Ғылыми анықтама бойынша гендер дегеніміз әйел мен ерлердің биологиялық жынысы бойынша қоғам бөліп берген әлеуметтік рөл негізіндегі айырмашылық. Гендерлік айырмашылық негізінде ер адам үстемдік, ал әйел адам бағынушы рөл атқаруы тиіс деген түсінік жатыр [1].

Профессор Н.Смелзер бойынша: Гендер биологиялық жынысқа қарағанда анағұрлым күрделі құрылым. Ол жыныстық бірегейліктің бірнеше құрылымын өзіне жинақтайды: биологиялық жыныс, гендерлік бірегейлік, гендерлік идеал, жыныстық роль. Гендер өзінің қандай да бір жынысқа жатуына байланысты физикалық және психологиялық даму ерекшеліктеріне негізделген белгілі бір әлеуметтік ролдерді орындаудағы жыныстар арасындағы айырмашылықты сипаттайды [2].

Иә, халықаралық аренада әйелдердің саяси көшбасшылығы уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Қоғам мен мемлекет тарапынан да нәзік жандылардың іскерлік белсенділіктері мен саяси ықпалдастықтарына деген сенім жоғары деңгейде көрініс табуда.

Тәуелсіздік алғанымызға 20 жылдан астам уақыт болса да еліміздің жаһандық саясатта шеберлік танытып, халық пен ел абыройын еселеуде көптеген жерлерде жеңіске жетіп, үлгі-өнеге көрсетіп жүргенін дөңгеленген дүниенің барлық сырынан хабардар мемлекеттер жақсы біледі. Сондықтан да әлем елдерінің алдындағы оң саяси имиджімізді бұдан да мықтырақ ету үшін демократиялық қағидаттарға негізделген гендерлік саясаттың арнасын кеңейтуіміз керек.

Қазақстанның алғашқы тәуелсіз жылдарынан бастап әйелдердің саяси қозғалысы еліміздің саяси өмірінде басты орын алды.

XXI ғасырдағы Қазақстандағы демократиялық дамудың негізгі сипаттамаларының бірі – әйелдердің еліміздің саяси, экономикалық, мәдени өміріне қатысу құқығын одан әрі иеленуі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан әйелдерінің V форумында: «Қазақстан әйелдері әрдайым еліміздегі тұрақтылық пен ұлтаралық келісімнің ұйытқысы болды. Сіздер осылай Қазақстанның дамуына қомақты үлес қостыңыздар. Сіздер үнемі өз Президенттеріңізді тек сайлауларда ғана емес, іс жүзінде де қолдадыңыздар. Және қоғамдағы тұрақтылық, біздің жайбарақат дамуымыз – негізінде, сіздердің еңбектеріңіз», - дей келе, қазақстандық қоғамда әйелдердің бүгінгі жағдайда олардың көшбасшылығының артуын көздейтіндігі жайлы өз баяндамасында атап өткен [3].

Әйелдердің құқықтарға ие болуы және оларды жүзеге асыруы саяси қызметтегі гендерлік теңдікті көздейді, ол нәтижесінде саясат субъектілерінің өзара әрекеттесуіне белгілі бір дәрежеде ықпал етеді. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстандық зерттеулер институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы Б.К. Сұлтанов: «Қазақстан БҰҰ және әйелдер құқықтары жөніндегі басқа халықаралық ұйымдардың маңызды Конвенциялары мен Декларацияларына қосылды, ол әйелдердің саяси құқықтарын жүзеге асыру саласындағы жағдайды жақсартуға, жасырын және ашық гендерлік дискриминациядан арылуға әсерін тигізді», - деп атап өткен еді [4].

Гендерлік саясаттың күрделілігі және көпқырлылығы әлемдік саяси ғылымда да белгілі бір көрініс тапты. Аталған мәселені зерттеуге ретроспективтік тұрғыдан қарағанда, С.Дж. Кэрролл және Л.М. Зериллидің зерттеулерін атап өткен жөн, себебі онда АҚШ-та феминисттік гендерлік теорияның пайда болуы, қалыптасуы мәселелері қозғалған. Бұл ғалымдар феминисттік саяси ойдың дамуы «векторларына» ерекше назар аударды және жаңа

ғылымның практикалық әсерін талдады. А.М. Янгтің жұмысы саяси теория саласында әйелдік және гендерлік зерттеулердің тәжірибесін жинақтауға арналды [5].

1970 жылдарда батыс және ресейлік қоғамдастықта әйелдердің саяси қатысуларын мақсатты және жоспарлы түрде ұғыну бастама алды. Д.Зиммерманн, Дж.Лорбер, Дж.Скотт, және т.б. гендер мен мемлекеттің өзара қарым-қатынастарын қарастырып, билік қарым-қатынастардың гендерлік тәртібін атап өтті [6,7,8].

Ал 1990 жылдардан бастап гендерлік саясаттану Қазақстанда да қарқынды дами бастады. Атап айтқанда, Н.А.Усачеваның диссертациялық зерттеуінде мәдениеттегі гендерлік дифференциацияны талдаудың алғашқы талпынысы жасалды [9].

Ерлер мен әйелдердің әлеуметтік сипаттамалары мен позицияларының айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтауға бағытталған гендерлік көзқарас Н.У.Шеденованың бірқатар зерттеулерінде анықталды. Зерттеуші С.М. Шакирова қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларындағы үрдістерді зерттеуде гендерлік тәсілді қолдануды қолға алды [10].

К. Тоқтыбаеваның еңбектерінде әйелдер өмірбаяндарының талдауы, А.Б. Самакова, М.У. Сеитова, Г.А. Алтынбекова, Р.Б. Сарсембаева, Г.Г. Соловьева, Г.А. Хасанова, И.Б. Сулейменова және басқалардың зерттеулерінде Қазақстандағы гендерлік теңдік мәселелеріне және гендердің әлеуметтік аспектілеріне ерекше назар аударылады [11].

1999 жылы Парламенттік сайлау алдындағы кезеңде «әйелдер ұйымдарының саяси альянсын» құраған әйелдердің үкіметтік емес ұйымдардағы қызметі белсендендірілгені өте маңызды болды. Қазақстанда бір жағынан, әртүрлі әйелдер үкіметтік емес ұйымдары, екінші – Әйелдердің демократиялық партиясының құрылу тарихы ұзақ емес. Ол әртүрлі бағытты болғанымен, белсенді қалыптастырылды.

Әйелдер ұйымдарының белсенділігі 80 жылдардың соңында – 90 жылдардың басында байқалады және «Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның» пайда болуымен байланысты болды. Біздің пікірімізше, әйелдер бірлестіктерін құрудың орталықтандырылған формаларынан еркін механизмге көшіру қалыптасып жатқан әйелдер қозғалысының басты ерекшелігі болып табылады.

Әйелдердің мемлекет саясатына белсенді араласуы ХХ ғасырдың бірінші жартысында басталды, бірақ әйелдердің дауыс құқығын мойындау үрдісі әйелдердің үлкен саясатқа қатысуымен байланыстырылған жоқ. Әйелдердің мемлекеттердің саяси өмірінде пайда болуы жеке жағдайларда олардың авторитарлық популистік тәртіппен байланыстың нәтижесі еді. Алайда, 70 жылдардың аяғына дейін әйелдердің саяси қатысуларының формалды механизмдеріне тартылуы шектеулі болды: олардың парламентте өкілдігі аз немесе формалды болды, іс жүзінде биліктің орындаушылық және сот жүйесіндегі жоғары лауазымдарына қол жеткізу мүмкіндігі болған жоқ.

Халықаралық гендерлік саясат талдауы көрсеткендей, 1990 жылдардың басында әйелдердің шешім қабылдау саласына және олардың заңнамалық билік органдарында өкілдігі шектеулі болып қала берді. Соңғы жылдары ғана әйелдердің саясатқа араласу мәселесі әлемнің көптеген мемлекеттерінде (Кариб бассейні мемлекеттері, ТМД мемлекеттері) көтерілді. Ол гендерлік теңдік туралы тұжырымдамаларда, жаңа конституцияларда, гендерлік қатынастарды жақсартуға талпыныс жасаған құқықтық реформада, әйелдерді қолдайтын бағдарламаларда және әйелдер саясатының «мемлекеттік-феминистік» институционалығында көрініс тапты.

«Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын» көздейтін БҰҰ Жарғысы белгілі бір жынысқа қатыстылығы негізінде барлық адамдарды кемсітусіз құқықтар мен негізгі еркіндіктерді жариялау алғашқы халықаралық құжатқа айналды. Сол кезеңнен бастап әйелдердің проблемаларын шешу бойынша БҰҰ және ЮНИФЕМ, ЕҚЫҰ, МХҰ, ЮСАИД, БҰҰДБ және т.б. бірқатар халықаралық ұйымдардың жұмысы кейбір трансформацияларға ұшырады – әйелдерге тек қана даму қажеттіліктері тұрғысынан қараудан бастап, олардың жалпы даму үрдісіне олардың елеулі үлесін мойындап, адам



әрекеттерінің барлық деңгейлерінде толыққанды қатысу үшін өз құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге талпынуға дейін өзгерді.

Демек, гендер – ол тұлғааралық қарым-қатынастардан бастап, мемлекеттік саясатпен аяқталатын әлеуметтік тәжірибені ұйымдастыру жолы. Гендерлік топтар біркелкі еместігін атап өткен жөн және реформалардың ықпалы жас, мекенжай, әлеуметтік мәртебе және ұлттық-мәдени ерекшеліктермен анықталады.

Дегенмен де, Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастыққа интеграциялану процесі барысында гендерлік саясатқа қатысты бірқатар жұмыстар атқарды. Атап айтқанда, әйелдерді шешім қабылдау үрдісіне қатыстыру қажеттілігін мойындау БҰҰ 90-жылдардың басында дамудың әртүрлі аспектілері – қоршаған орта, адам құқықтары, халық саны және әлеуметтік даму бойынша өткізілген бірқатар әлемдік конференциялардың барысында көрініс тапты. Барлық конференцияларда әйелдердің шешімдерді қабылдауға толыққанды қатысуының маңызы туралы айтылып, әйелдердің проблемалары дискуссиялар жоспарына және қабылданған құжаттарға енгізілді.

Үкіметтің 2003 жылдың 27 қарашасындағы № 1190 Қаулысымен Қазақстан Республикасының гендерлік саясатының Тұжырымдамасы мақұлданды [12].

Бұл дегеніміз, біздің мемлекетіміздің гендерлік саясатының негізгі бағыттарын анықтады, демек, билік құрылымдарында ер мен әйелдің қатысуының тең қолжетімділігі, әйелдердің экономикалық тәуелсіздігін және кәсіпкерлікті дамытуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, қызметте теңдей және әділ көтерілу, отбасында құқықтық және отбасылық міндеттерді теңдей жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау, жыныстық белгі бойынша зорлық-зомбылық көрсетумен күресу.

Ал стратегия болса, мемлекеттің гендерлік саясатын іске асыруға бағытталған негізгі құжат, оны іске асырудың және мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан оның мониторингін жүзеге асырудың құралы, демократияның қалыптасуының маңызды факторы болып табылады. Осыған орай Стратегияның әрбір бөліміне БҰҰ-ның Әйелдер мүддесі үшін даму қорының (ЮНИФЕМ) аймақтық офисімен бірлесіп әзірленген саясат, экономика, білім беру, отбасы, денсаулықты қорғау және әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелерінде гендерлік теңдікке қол жеткізу индикаторлары енгізілген.

Гендерлік теңдік стратегиясы ер мен әйелдің тең құқықтары мен мүмкіндіктеріне қолжеткізу үшін міндеттерді 2006 жыл мен 2016 жылдар аралығында шешу қарастырылған. Қазақстан Республикасында гендерлік теңдік стратегиясын жүзеге асыру ерлер мен әйелдердің жыныс белгісі бойынша кемсітусіз өмір сүру құқықтарын жүзеге асыруға ықпал етеді. Аталған құжат 9 бөлімнен тұрады, олардың әрқайсысы Қазақстан Республикасында гендерлік саясаттың жеке аспектісіне арналған. Қазақстан адам құқықтары бойынша 60-тан аса халықаралық келісімшарттың қатысушысы болып табылады. Қазақстанның Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою, БҰҰ комитетінің Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою бойынша Қазақстан есебі жоғары бағаланды. Әйелдердің азаматтық белсенділігінің өсуі, әйелдер үкіметтік емес ұйымдар санының көбеюі, Қазақстан Республикасы үкіметінің әйелдердің мүдделерін мемлекеттік саясатқа ендіруге дайындығы байқалуда [13].

Қазақстан Республикасы үкіметі тарапынан белгілі бір дәрежеде әйелдердің кәсіпкерлігін дамыту үшін кредиттік желі ашылғандығын атап өтуге болады. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы отбасы және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрылды, Қазақстан Республикасындағы әйелдердің жағдайын жақсарту бойынша Ұлттық іс-әрекеттер жоспары және Қазақстан Республикасында гендерлік теңдік стратегиясы қабылданды.

Ал «Отбасы» Қазақстан Республикасы Парламентінде депутаттық топ, Ұлттық адам құқықтары жөніндегі орталықта әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау бойынша сектор жұмыс істейді. Гендерлік теңдік мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен

ынтымақтастық жалғасуда, ұлттық заңнаманың гендерлік сараптамасы жүргізіледі. «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктері туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы» заңдарының және Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясының жобалары әзірленді. Жоғарыда аталған барлық оң нәтижелер назарға алынған.

Алайда, гендерлік теңдіктің қажеттілігін қоғам әлі де жеткілікті дәрежеде сезінген жоқ. Әйелдің қоғамдағы ролі мен орны туралы тұрақты дәстүрлі таптаурындар байқалады: 1) мемлекеттік органдардың гендерлік теңдік саясатын баяу жүзеге асыруы; 2) заңнамалық базаның жетілдірілмегендігі, гендерлік бағыттаушы заңнаманың жоқтығы, ерлер мен әйелдердің формалды теңдігі; 3) әйелдер мен ерлердің іс жүзіндегі теңдігіне қол жеткізудің тиімді механизмдердің жеткіліксіздігі; 4) ерлер мен әйелдердің құқықтарын заң жүзінде қорғау мәселелерімен айналысатын мемлекеттік мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдардың жеткіліксіз өзара әрекеттесуі. Әйелдердің мемлекеттік органдарда шешімдерді қабылдау деңгейінде және экономиканың әртүрлі салаларында жоғары еңбекақы төленетін жұмыстармен әлсіз қамтылғаны; 5) гендерлік саясатты жүзеге асыруды мемлекеттік мониторингі және гендерлік талдау мен гендерлік индикаторлардың жоқтығы.

Міне, қарап отырсақ ерлер мен әйел арасындағы көшбасшылық мәселесі бүгінгі күн тәртібінде тұрған бірден-бір күрделі мәселе екендігіне көзіміз жетіп отыр.

Дегенменде бүгінгі күні қоғамымызда гендерлік саясатты қолдайтындар да, мейлінше жек көріп, ұлтымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан «ата - орны, ана - орны», отбасылық мәдениетке кесірін тигізетінін айтып сынаушылар да бар.

Түсінген адамға өрескел ештеңе де жоқ. Бірақ қазақы ортада бұл сөзге шошына қарайтын әдет бар, себебі оның мағынасы әуел бастан дұрыс түсініктің қалыптаспауында, әрине.

Олай дейтініміз, ер адамдар мен әйелдердің айырмашылығы о бастан табиғи жаратылысында екені белгілі. Ер адам ықылым заманнан бері отбасын асырап, тау-тасты аралап аң аулап, құс атып, жаугершілік т.б. жұмыстарды жасап жүрген. Ал әйел баласының қазметіне отбасының берекесін келтіру, бала бағу, тамақ дайындау т.б. бітпейтін үй шаруашылығына араласу болған. Осы қағида келе-келе адамдардың санасында әйел тек бала бағу мен отбасының тірлігінде отыру болып қалыптасты.

Қазіргі таңда бұл «ескі ұғымның» уақыты өткендігін күнде өмірден көріп жүрміз. 60 пайыз әйел қауымы осы күні бизнеспен айналысуда. Жеке меншік немесе жалдамалы жалақысы да жоғары жұмыс орындарда әйел адамдардың басшылық қызметте отырғандарының куәсі болып жүрміз.

Олай болса, «біздің ата-бабаларымыз, әжелеріміз бен аналарымыз арман еткен Тәуелсіздікті алған күннен бастап, мемлекеттік саясатымыз бен ұстанған бағытымыз да нақты айқындалды. Ал мемлекетіміздегі гендерлік саясат ұлттық салт-дәстүрлер негізінде құрылып, соның дінгегінде қалыптасып келеді десек артық айтқандық емес. Сонымен қатар, мұндай саясатқа бұрылған бағдар Елбасының бастамасымен айқындалғанын да баршамыз жақсы білеміз.

Демократиялық үрдістерді бастан кешіп отырғанымызға қарамастан, әйелдердің саяси белсенділігі турасында қоғамда дәстүрлі ұстанымдар сақталып отыр. Яғни, әйелдерді екінші орынға қою, оларды ер адамның серігі ретінде қарастырудан айнымай келеміз. Осы қағидалар әйелдердің саяси белсенділігіне кері әсер етуде. Білім деңгейіне, кәсібіне қарамастан қоғамда қалыптасқан қағида біздің әйелдердің саясаттың белсенді субъектісіне айналуына кедергі келтіруде. Біздің қоғамда кәсіпкер, ғалым әйелдер, түрлі салаларда қызмет жасап жүрген білікті маман-әйелдер баршылық. Ал, саяси маңызы зор жетекші орындарда жүрген әйел балалары саусақпен санарлық. Әрине, мәселе санда емес, дегенмен, бәсекелестікке қабілетті отыз елдің қатарында тереземіз тең мемлекет болу үшін – ойланатын жәйт.



Бүгінгі күні елімізде әйелдердің құқықтарын қорғау және олардың мәртебесін арттыру бойынша институционалды механизм қалыптастырылған. Бұл механизмнің жұмысы тұрақты түрде жетілдіріліп отыратыны белгілі.

Дей тұрғанмен, гендерлік теңдіктің идеялары Қазақстан Республикасы заңнамасының әзірше толыққанды құрамдас және ажырамас бөлігіне айналмай отыр және олар барлық заңнамалық және нормативтік актілердің құрамында жоқ.

Олай болса, гендерлік теңсіздік пен гендерлік «соқырлықтан» арылудың жаңа жолдарын табу үшін институционалды контекстінде тұрақты іс-шаралар өткізу қажеттігін көрсетіп отыр.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әлімбаева Г.Т. Қазақстандағы көші-қон жүрісіндегі әйелдер құқының мәселелері. туралы. // Саясат. - 2010. - № 3. - 50 б.
- 2 Смелзер Н. Социология: пер.с англ. – М: Феникс. – 1994. - 688 с.
- 3 Выступление Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева на V Астанинском экономическом форуме 03.05.2011.
- 4 Султанов Б.К. Мониторинг межэтнических отношений в Казахстане. Материалы международной конф. «Этнические проблемы социально-политического развития РК». (2001, А), 11 декабря. - 2002. - С. 5.
- 5 Янг А.М. Политическая теория: общие проблемы и направления // Политическая наука: новые направления / Под ред. Р. Гудина, Х.-Д. Клингеманна. - М., 1999.
- 6 Zimmerman, D. and Wieder D. 1970. Ethnomethodology and the Problem of Order: Comment on Denzin // Understanding Everyday Life / Ed. by N. Denzin. Hawthorne (NY): Aldine. P. 287-295.
- 7 Lorber J. 1984. Women Physicians: Careers, Status and Power. - New York.
- 8 Дж. Скотт // Введение в гендерные исследования. Ч.П. - С. 405-436.
- 9 Усачева Н.А. Женщина: ее статус, судьба и образ в мировой культуре.
- 10 Шакирова С.М. Женское предпринимательство в Казахстане: очерк развития и текущего состояния. г.Алматы.
- 11 Сарсембаева Р.Б. Гендерные аспекты системных социально-экономических реформ в Казахстане: социологический анализ. Автореферат дисс.... д. социол. н. - А., 2004. - С.33.
- 12 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 қарашадағы № 1190 Қаулысы. Электрондық ресурс Б. 2 ден 15.
- 13 Стратегия гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006-2016 годы. Электронный ресурс. С. 2 из 28.

### РЕЗЮМЕ

В статье дается анализ истории развития гендерной политики в Республике Казахстан в условиях демократии. Автор рассматривает проблемы формирования и развития гендерной политики.

### RESUME

The article analyzes the history of the gender policy development in the Republic of Kazakhstan in democracy conditions. The author considers the problems of the gender policy formation and development.

ӘОЖ 372.(072)

### Аннотация

Мақалада жоғары оқу орнында жүргізілетін дәріс формалары талданып, мән-маңызы ашылады.

*Түйін сөздер:* дәріс, ғылыми, проблема, талдау, тұжырым.

### Қ.М. Байтанасова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
филол. ғыл. канд., доцент

## Оқу үдерісіндегі дәрістің маңызы

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесін жаңартуға негіз болып отырған әлденеше қоғамдық-әлеуметтік факторлар бар. Білім берудегі басты принцип - білімнің ізгілендірілуі, әлемдік кеңістікте жаһандық, технократтық жүйелердің тығыз байланыстылығы. Осының аясында жас ұрпақ ұлтының құндылықтарын, мәдени мұрасын сақтаумен қатар, оны жаңа жүйеде кешенді дамытуға тиіс. Дәріс - жоғары оқу орындарындағы оқыту үдерісінде қолданатын оқыту формасының бірі. Дәріс мақсатына қарай – оқу, үгіт, тәрбиелік, ағартушылық, дамытушылық деп жіктеледі. Әрине, бұл жіктеулер бір-бірімен сабақтас. Себебі, жалпы дәрістің мақсатының өзі жаңа материалды игерту арқылы белгілі ғылым саласынан негізді, кешенді ақпарат беру. Осының ішіне оқу, жаңа ғылыми ақпаратты танып-игеру, білім қорын дамыту сипаттары да енеді. Ғылыми деңгейіне қарай дәріс академиялық және көпшілік деп екі түрге бөлінеді. Соның ішінде академиялық дәрістің ерекшелігіне кеңірек тоқталып көрейік.

Академиялық дәріс ғылыми баяндама, ғылыми шолу, ғылыми хабарлама, ғылыми-көпшілік баяндау түрінде болады. Бұл дәрісте жаңа немесе тыңдаушылар үшін енді белгілі бола бастаған ақпараттар, жүргізілген зерттеулер, ізденіс нәтижелері, эксперименттер, жаңаша зерттеу бағыттары жайлы баяндалады. Жалпы, Ресейде академиялық дәріс XVIII ғасырда пайда болған. Ресей Академиясының Президенті (оның құрамына Академиялық университет енген) Е.Р.Дашкова дәріс оқуды енгізіп, тіпті Екатерина екіншіден барлық ғылым саласы бойынша ерікті түрдегі тыңдаушылар үшін курстар ашуға рұқсат та алған екен. Бұл ағарту ісін өркендетуге жол ашқан. Төрт ай бойы күн сайын танымал ғалымдар әр ғылым саласы бойынша көпшілікке дәрістер оқыған. Ресейде академиялық шешендіктің өрістеуі XIX ғасырға тұспа-тұс келіп, елдің қоғамдық-саяси өмірімен байланысты



болады. Негізінен жоғары оқу орнындағы дәрістер белсенді түрде дамып, бірте-бірте көпшілік дәріске ұласады. Яғни дәрісті тыңдауға басқа факультеттің студенттері келіп, одан кейін жалпы көпшілік те дәрісті тыңдауға жиналған. Басында көпшілік дәрісті тыңдауға жоғары әлеуметтік тап өкілдері келсе, біршама уақыттан соң басқа да топтар, әр түрлі сала қызметкерлері келе бастаған.

Дәуірдің орта тұсында мұндай көпшілік дәрістер ірі қалаларда ғана емес, аймақтық қалаларда да өте бастайды. Ең алғаш өзінің университеттегі дәрісіне студенттерден басқа, көпшілік топ болып қатыса бастаған лектор Мәскеу университетінің профессоры, орта ғасыр тарихының маманы Тимофей Николаевич Грановский болған. Оның есімі дәстүрлі орыс лекторлар мектебінің дамуымен байланысты. Грановскийді «40-жылдардағы мінсіз профессор» деп атаған. Ол тумысынан шешен болған. Ғалым «Шешендік дегеніміз не? Ол менде байқалады, себебі менде жылы сезім мен сендіру бар» деген. Т.Н.Грановский қайтыс болған соң, оның дәрістері аудио жазбалар арқылы тыңдалған. Т.Н.Грановский қалыптастырған лекторлық шеберлікті әрі қарай көптеген ғалымдар жемісті жалғастырған. Мәскеу университетінде бұл дәстүрді табысты сабақтастырған ірі орыс филологі Федор Иванович Буслаев болды. Көпшілік аудиторияны жинай білген тамаша ғалым-тарихшы Василий Осипович Ключевский Мәскеу университетінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында дәріс оқыған. Ғалымның дәрістері бірнеше рет қайталап басылған көптомдық «Орыс тарихы курсына» негіз болды. Осы кезеңде жоғары оқу орындарында және ғылыми-көпшілік дәрістер оқыған физиолог Иван Михайлович Сеченов, химик Дмитрий Иванович Менделеев, биолог Илья Ильич Мечников, анатом Петр Францевич Лесгафт, ботаник Климент Аркадьевич Тимирязевтер есімі белгілі-тін. Өткен дәуірде академиялық дәрістің тамаша үлгісін көрсеткен көрнекті ғалым-академиктер - геохимик Владимир Иванович Вернадский, минералог Александр Евгеньевич Ферсман, биолог Николай Иванович Вавиловтар болды [1]. Міне, осындай дәріс тарихы жоғары оқу орындарында, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін, сөйлеу шешендігін қалыптастырды.

Қазақ сөз өнері тарихында айтулы би-шешендер тыңдаушыны сөзбен, кесімді билігімен ұйытып, елдің іргелі мәселелерін шешкен. Ақын-жыраулар ақыл-ғибрат, бірлік-ынтымақ пен өмірдің мәні жайлы жыр-толғауларымен сөз мұрасының тарихында маңызды орын иеленді. Шешендік, сөз киесін таныған зерделілік - қазақ ұлтына тән айырықша қасиет. Қазақ сөз өнері тарихында ұлттық мақсаттағы ой бағдарын терең түсіне білген, ұлттық мүдде тұрғысынан ғылыми зерттеулер жүргізіп, іргелі еңбектер жазумен қатар, сөйлеудегі алғырлығы, ғылыми ой-тұжырым жасаудағы қабілет-қарымы, сұңғыла-көрегендігі ерекше тұлғалар болған. Олар энциклопедиялық білімдерімен, лектор ретінде шешендігімен, қисынды қағида, орамды сөз саптауларымен аудиторияны меңгере алған. Ендеше дәрістің бастауы халық танымымен, сөз өнері үлгілерімен тығыз байланысты. Қазіргі кезде тыңдаушылардың қызығушылығын арттыру үшін дәріс материалдарын берудің белсенді формалары оқу үрдісіне енгізілуде [2].

Дәріс дидактикалық мақсатына қарай – *кіріспе, ағымдық, қорытынды-жалпылама, шолу, дәріс-кеңес, дәріс-көрнекілік* деп жіктелсе, материалды жеткізу тәсілі жағынан – *бинарлық, дәріс-пікірталас, проблемалық, дәріс-конференцияға* бөлінеді.

*Кіріспе дәріс.* Бұл дәріс студенттерді оқылатын пәнмен тұтас таныстырып, осы курс бойынша жалпы бағыт-бағдар береді. Лектор студенттерге курстың мақсаты, оқу пәндері жүйесіндегі орны, мамандарды дайындаудағы маңызы туралы ақпарат береді. Курс жөнінде қысқаша шолу жасалып, ғылыми дамуындағы негізгі кезеңдермен, осы саланы зерттеген жетекші ғалымдармен, зерттеу бағытының жетістіктермен таныстырады. Курс аясында орындалатын жұмыстың әдістемелік және ұйымдастырушылық жағы анықталып, оқу-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалады, студенттер орындайтын жұмыстардың мерзімі, тапсыру формасы анықталады.



*Ақпараттық дәріс.* Бұл дәріс студенттерге ғылыми ақпараттарды түсініп, есте сақтауға бағыт беретін дәріс түрі. Ақпараттық дәріс жоғары оқу орындарында жүргізілетін дәрістің ең кең таралған дәстүрлі түрі. Жалпы, дәрістің негізгі мақсатының өзі жаңа білімді теориялық тұрғыда меңгерту, таныстыру, талдау болатын болса, ақпараттық дәріс жалпы дәріске тән сипатты жинақтайды.

*Шолу дәрісі.* Бұл ғылыми мәселені көптеген ғылым салаларымен үйлестіре отырып, жүйелі түрде беретін жоғары деңгейдегі дәріс түрі. Яғни дәрісте пәнішілік ірі бөлімдер, пәнаралық байланыс, теориялық қағидалар, курстың ірі концептуалдық ғылыми тұжырымы кең түрде шолу жасала отырып негізделеді. Қазақ әдебиеті тарихында М.Әуезов, З.Ахметов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, З.Қабдолов, С.Қасқабасов, Р.Нұрғали тағы басқа ғалымдардың фольклор мен әдебиеттанудың өзекті проблемаларын, дәуір әдебиетінің басты ерекшеліктерін терең ашып, әлем әдебиетінің ғылыми әдіснамасымен өзектестіре талдап, танытқан академиялық дәрістері белгілі. Шолу дәрісінің басты ерекшелігі – кешенділігі. Бұл дәрісте берілетін кең арналы ақпараттар жинақталып, маңызды тұстарына басымдық беріле отырып сараланады.

*Проблемалық дәріс.* Мұнда берілетін жаңа білім белгілі бір мәселенің, тақырыптың проблемасы арқылы танытылады. Студенттер дәрісті тыңдау арқылы оқытушымен бірлесе, белгілі бір зерттеушілік әрекетке бағыт алады. Проблеманың мәні оны шешу жолдарын іздеу, ғылыми ізденістің, көзқарастың жаңа және дәстүрлі әдіснамасын таңдау арқылы айқындалады. Бұл дәрістің құндылығы жалпы тыңдалған ақпараттан негізгі мәселені айқындап алу, тақырыптың басты проблемасын ұғыну болып табылады. Дәріс тыңдаушыға ой салады, оның әрі қарай ғылыми ізденіске қызығушылығын тудырады. Бұл кейде бағыттас немесе қайшылықты көзқарастағы пікірталасқа да айналып жатады. Сол арқылы зерттеудің жаңа тәсілдері, жаңа ұстанымдары да айқындалады.

*Көрнекілік дәріс* материалды техникалық құралдар көмегімен, тыңдау-көру техникалық жабдықтар арқылы, сызба, фото, слайд, графика, модель, символдық бейнелер тағы басқаларын көрсету, тыңдату арқылы жүргізіледі. Мұндай дәріс көрнекілік түрлеріне толық немесе қысқаша шолу жасап, түсінік беру, салыстыру, қорыту арқылы жүреді. Көрнекілік дәрістің қазіргі күні оңтайлы әрі кең таралған дәріске айналып отырғаны белгілі. Себебі, көрнекілік ең алдымен лекторға тірек қызметін атқарады. Яғни, ауызша баяндалған мәселені жинақтап, тиянақтау кезінде көрнекіліктің мәні ерекше. Әрі уақытты ұтымды пайдалануға, студенттердің дәрісті түсініп, есте сақтауына да ықпал етеді.

*Бинарлық дәріс* – бұл екі лектордың (екі ғылыми мектеп өкілі, ғалым мен практик) диалог формасы түрінде өтетін дәрісі. Бұл дәріс пікір алысу, өздерінің ғылымдағы ұстанымдарын қорғау, дәлелдеу немесе екі лектордың бір-бірін толықтыруы, әр проблема бойынша өздерінің зерттеу, іздену деңгейлерін таныту мақсатын да көздейді. Кейде екі лектордың белгілі бір проблеманың зерттелу жағдайын (отандық және шетелдік) таныту, тәжірибе алмасу, ғылыми тағылымдама, біліктілікті көтеру мақсатында шетелдік іссапар кезіндегі зерттеулерін дәлелдеп, қорытуы да осы дәрісте көрініс береді. Бұл дәрістің студенттер үшін маңызы сол, оларға тақырыптың зерттелу ауқымын, оның айналасындағы ғылыми дискуссия бағытын, жетекші зерттеуші-ғалымдарды танып-білулеріне жәрдемдеседі.

*Дәріс-конференция* ғылыми-практикалық дәріс түрінде күн ілгері анықталған проблема бойынша өтеді. Алдын ала дәріс проблемасы айқындалып, оқытушы құрған бағдарлама аясында 5-8 минутқа созылатын баяндамалар жүйесі тыңдалады. Тыңдалған баяндамалар талдауға алынған проблеманы жан-жақты қарастырып, логикалық тұрғыда аяқталған, белгілі бір нәтижені ұсынатын түрде болуға тиіс. Дәріс соңында оқытушы қорытындылап, студенттердің өздігімен орындап келген баяндамаларын қорытып, толықтырулар жасап, нақтылайды. Негізгі тұжырымдарды анықтайды, қойылған проблеманы қорытады.



*Кеңес түріндегі дәріс* екі түрде өтуі мүмкін: «сұрақ-жауап» және «сұрақ-жауап-пікірталас» (дискуссия). Біріншісінде лектор дәріс уақыты ішінде студенттердің белгілі бір тарау, тақырып немесе курс бойынша қойылған сұрақтарына жауап береді. Екіншісінде лектор түсіндірген жаңа оқу ақпараты, қойылған мәселе пікірталас тудырып, жаңа жауап, көзқарас, тұжырым жасауға әкеледі. Дәрісте кейбір мәселелер бойынша көмескі қалған тұстарға кеңес ретінде толықтырулар жасалып, қосымша ақпарат беріледі.

Жоғары оқу орнындағы дәрісте нақты ғылыми пәннің айналасында қазіргі ғылыми талаптарға сай нақты ақпараттың болуы, сенімді дәйектеулердің жасалуы, түсінікті де айқын баяндау, логикалық қисындылық, ғылыми дәлелдер, тұжырымдардың болуы тиіс. Жоғары оқу орны оқытушысының ғылыми-педагогикалық қызметінде дәрістің орны ерекше. Әрбір дәріс белгілі пән курсының құрылымын, пәннің оқу үдерісіндегі орнын, мамандыққа кәсіби дайындаудағы маңызын ашады. Ең бастысы, білім алушының қызығушылығын, ізденісін тудырады. Әрбір студент дәріс тыңдау арқылы өзінің кәсіби мамандығының ерекшелігін, мәнін ұғады, ғылыми бағыттағы ізденісіне жол ашады.

Оқу үдерісі – студент пен оқытушының көпқырлы, көп факторлы функциясы. Жоғары оқу орнындағы дәрістің оқу-тәрбие саласындағы орны ерекше. Өйткені дәріс білім алушының ізденуші, маман, тұлға ретіндегі болмысын қалыптастырады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Вульфов Б.З., Иванов В.Д. Основы педагогики в лекциях, ситуациях, первоисточниках: Учебное пособие. - М., 2007.
- 2 Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. – СПб.: «Питер», 2006.

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются виды лекций и их значение.

### RESUME

The author of the article considers types of lectures and their significance.

ӘОЖ 37.013.46:371.14 (045)

### Аннотация

Мақалада техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық даярлығы жоқ педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесін әдістемелік тұрғыдан жетілдіру мәселесінің көкейкестілігі ашып көрсетіледі. Біліктілікті арттыру жүйесін әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы педагог мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту міндеттерін шешу жолдарын іздестіруге бағытталды. Осы мақсатпен модульдық қағидаға құрылған «Техникалық және кәсіптік білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігі» курсы жасалынып, тәжірибеге ендірілді.

*Түйін сөздер:* біліктілікті арттыру, техникалық және кәсіптік білім, әдістемелік қамтамасыз ету, кәсіби құзыреттілік, модульдік оқыту.

### Г.К. Қалтаева

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті  
пед. ғыл. канд., аға оқытушы

### А.Ж. Бекмағамбетов

«Өрлеу» «Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ,  
пед. ғыл. канд., доцент

## Педагогтердің біліктілігін арттыру үдерісін әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету мәселесі

Қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі нарықтық өзгерістермен тығыз байланыста дамып отыр. Білімнің барлық саласының ғылыми-техникалық тұрғыдан үдемелі дамуы және өндірістегі мамандардың технологиялық-кәсіптік сауаттылығына қойылып отырған талаптар кәсіптік-техникалық білім беру жүйесі педагогтерінің кәсіптік деңгейін үнемі жетілдіріп отыруды қажет етеді. Сондықтан осы саладағы педагогтердің біліктілігін арттыру қызметі өндірістің, нарықтық қатынастардың, ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын қанағаттандыруға бағытталуы тиіс.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласында қызмет ететін педагогтардың басым бөлігі техникалық арнайы мамандыққа ие болып, психологиялық-педагогикалық даярлықтан өтпейді. Әйтсе де, бұл мамандар оқытушылықпен айналысып жүргендіктен, үнемі психологиялық-педагогикалық тұрғыдан кәсіби біліктіліктерін жетілдіріп отыру керек.

Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан кәсіби біліктілікті арттыру оқытушыларды педагогика, психология, этнопедагогика, этнопсихология, дербес пәндерді оқыту әдістемесі бойынша заманауи білім, білік, дағдымен қамтамасыз етіп, оны тәжірибеде



қолдануға бағыт беруі тиіс. Сондықтан осы іс-әрекет аумағында педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету мынадай мәселелерді қамтиды:

- педагогика, психология, этнопедагогика, этнопсихология, жалпытехникалық және арнайы пәндерді оқыту әдістемесі ғылымының теориялық-әдіснамалық негіздері мен ұғымдық-терминологиялық аппараты;
- тұлғаның қалыптасуы мен дамуының заңдылықтары;
- заманауи талаптарға сай білім берудің басты мақсаты мен міндеттері, арнайы оқыту әдістері, формалары, технологиялары;
- әр халықтың мәдениеті, тарихы, тілі, діні, салт-дәстүрлері туралы білімдер жүйесі;
- тұлғаның психикалық даму заңдылықтары, әртүрлі жас кезеңдеріндегі тұлғаға тән дербес ұлттық психологиялық ерекшеліктер;
- оқу пәндерінің мазмұны және оларды оқыту әдістемесі;
- педагогикалық инновацияны ендіру механизмдері;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану құзыреттілігі.

Осы білімдердің негізінде кәсіптік білім беру педагогі мынадай құзыреттіліктерге ие болуы тиіс:

- алған білімдерін педагогикалық, оқу-тәрбиелік және ғылыми-әдістемелік міндеттердің шешімін табу кезінде білім алушылардың тұлғалық даму ерекшеліктеріне сәйкес нақты педагогикалық жағдаяттарда қолдана алуы;
- колледж білім алушыларының бағдарламалық оқу материалын меңгеру деңгейі мен көлемін анықтау, олардың өз бетімен білімі алуға үйрету;
- оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелерін талдау, ол үшін психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді тиімді пайдалана алу және ақпаратты жинақтау, өңдеу әдіс-тәсілдерін меңгеру;
- кәсіптік-техникалық білім беру үдерісін ғылыми-әдістемелік негізде құра білу; нәтижелерді дер кезінде алу; заманауи оқыту әдістері мен технологияларын қолдана алу;
- колледж білім алушыларының тұлғасының рухани, кәсіби және жан-жақты қалыптасуы үшін қажетті жағдай жасау, өз білімін өмір бойы жетілдіруге және өзін-өзі табысты көрсетуіне деген қажеттілігін қалыптастыру;
- озық педагогикалық тәжірибені талдай алу, оқыту мен тәрбиелеудің тиімді формаларын, әдіс-тәсілдерін жүйелеп, қолдана білу; педагогикалық экспериментті жасау және модельдеу;
- жағдаяттарды модельдеу және шешімін табу үшін педагогикалық үдерістің жай-күйі туралы ақпаратты оқып үйрену және пайдалану.

Педагогтердің біліктілігін арттыру мәселесінің теориялық негіздерін оқып-үйрену мақсатымен ғылыми-педагогикалық зерттеулерді талдап, зерттеліп отырған нысанның негізгі ұғымдары мен мазмұнын анықтадық. С.К.Ахметбекова [1] зерттеуінде «біліктілікті арттыру» алға қойылған міндеттерді шешу үшін теориялық білімді, әдістемелік, технологиялық және тәжірибелік білік, дағдыларды жаңарту ретінде анықталады, ал «үдеріс» адамның ақпараттық-әрекеттілік аймағының дамуына мақсатты түрде ықпал ету деп көрсетіледі, осыдан шығатын қорытынды біліктілікті арттыру үдерісі әрбір адамның өз қызметін саналы түрде түсініп, зерттей, жобалай және басқара алуы, мұның өзі оның кәсіби шеберлігін жетілдіру тәсілі болып табылады.

Р.К.Ержанова [2] біліктілікті арттыру жүйесінде табыстылықты қамтамасыз етіп, жетістікке жету үшін кәсіптік оқыту педагогтерінің кәсіби-педагогикалық әлеуетін синергетикалық жүйе негізінде қалыптастыру қажеттілігін негіздей отырып, кәсіби-педагогикалық әлеуетті педагогтың кәсіби іс-әрекетте өзінің ішкі мүмкіндіктерін іске асыра алу қабілеті деп анықтайды, мұның өзі биологиялық, психикалық, әлеуметтік және кәсіптік мүмкіндіктердің синергиясы болып табылады. Педагогтің кәсіби-педагогикалық әлеуеті бұл тұлғалық және кәсіптік әлеуеттің синергиясын білдіреді және оған мынадай

компоненттерді жатқызады: мотивациялық, коммуникативтік, шығармашылық және ұйымдастырушылық.

Бүгінгі күнде ғалымдар педагогтердің біліктілігін арттыру үдерісінің тиімділігін арттыру жолдарын іздестіріп, оны әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге мән беруде. Солардың ішінде белгілі бір біліктілікті тағайындауға қажетті құзыреттіліктерді иеленуге бағытталған модульдердің жиынтығы мен реттілігі болып табылатын модульдік білім беру бағдарламаларының алатын орны ерекше. В.М. Гареев [3], М.Т. Громкова [4], О.Н. Олейникова [5], Т.И. Шамова [6], П.А. Юцавичене [7] зерттеулерінде модульдік оқытудың негізгі қағидалары айқындалған: оқыту мазмұнын құрылымдау; оқытудың өзгеріске бейімділігі; білімнің әрекеттілігі мен тездігі; оқытудың ыңғайлы болуы. Модульдік білім беру бағдарламалары арқылы қысқа мерзімді курстар өткізіп, педагогтардың біліктілігін шыңдауға болады және курсты ұйымдастыруда тыңдаушылардың белсенділігін арттыруға көп көңіл бөлу керек. Helen Bounda [8], Annette Salter [9] мақалаларында формальды сессиялық сабақтардан гөрі тыңдаушылармен интерактивті оқыту әдістерін (мысалы, кейс-стади әдісін) және ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігі ашып көрсетіледі. Сонымен бірге зерттеушілер біліктілікті арттырудың инновациялық түрі ретінде қашықтықтан оқытуды ұсынады. Шетелдік ғалымдар Dr Mark Waters & David Wall [10] өз зерттеулерінде сауалнамаға қатысқан кәсіби біліктілікті арттыру тренерлерінің уақытты үнемдеу мақсатында қашықтықтан оқытудың тиімді екендігін атап өткенін жазады. Н.А.Гаврилов [11] зерттеуінде білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесінде қашықтықтан білім беру ортасының құрылымдық-қызметтік моделі жасалынды. Бұл модель бір-бірімен тығыз байланысты құрылымдық элементтер мен байланыстардан, жүйе құраушы және мақсатты қызметтен тұратын тұтас жүйе болып табылады. Зерттеушінің ұсынуы бойынша, қашықтықтан білім беру ортасының құрылымдық байланыстарына оқытудың технологиялық үдерістері, оқытудың әдістемелік тәсілдері, үдерісті ұйымдастыру, ақпараттық-коммуникациялық байланыстар, педагогикалық технологиялар, басқару байланыстары, жүйенің сыртқы байланыстары жатады. Жүйенің негізгі элементтері қашықтықтан оқыту технологиясы, оны бағдарламалық тұрғыдан қамтамасыз ету, қолдау жүйесі, техникалық ресурстар, дидактикалық ресурстар, әдістемелік қамтамасыз ету, ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғарыда аталған зерттеулерге сүйене отырып, біз педагогтердің кәсіби біліктілігін әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету мақсатында «Техникалық және кәсіптік білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігі» атты модульдік білім беру бағдарламасын жасадық. Бұл бағдарламаны табысты меңгеруге септігін тигізетін қағидалар айқындалды.

Оқытуға тұтастық тұғыр қағидасы бойынша тыңдаушылар өздерінің тәжірибесіне сүйене отырып, жаңа білімді игереді. Бұл қағидаға негізделген сабақтарда теориялық мәселелер тәжірибемен байланыста талқылау арқылы қарастырылады, пікір алмасу, кейс-стади әдістері кеңінен қолданылады, тыңдаушылар соның негізінде тірек-конспекттерін жасайды. Кейбір сабақтар тренинг түрінде ұйымдастырылады. Тыңдаушыларға арналған арнайы әдістемелік нұсқаулар жасалды.

Белсенді қарым-қатынас қағидасы топтағы тыңдаушылардың белсенділігін ынталандыруға бағытталған тапсырмалар жүйесін құрауды көздейді. Осы мақсатпен біз тыңдаушыларға арналған іскерлік ойындарының, педагогикалық сайыстардың және мультимедиялық көрсетілімдердің сценарийлерін жасадық.

Педагогикалық әрекеттердің бөлінуі қағидасы тыңдаушылар психологиялық-педагогикалық тренинг барысында жекеленген тәсілдерді біртіндеп меңгертуді көздейді. Бұл қағидаға сәйкес тыңдаушылар игеруге тиісті білім, білік, дағдылардың көлемі нақты анықталуы тиіс. Сондықтан біз бағдарламаны оқудың алдында және оқығаннан кейін тыңдаушылардың білім, білік, дағды деңгейлерін анықтауға арналаған тест



тапсырмаларының кешенін жасадық және терминологиялық-ұғымдық аппаратты меңгеруді көздейтін дәрістердің тезистерін ұсындық.

Сәйкестілік қағидасы бойынша педагогикалық техниканы дамытуға арналған оқыту әдістемесін шығармашылықпен меңгеруге арналған педагогикалық есептер мен жаттығулар жүйесі жасалынды.

Білім мен дағдының тәжірибелік сабақтармен байланысы қағидасына сәйкес тыңдаушылар арнайы шағын сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларын жасап, оны көпшіліктің назарына ұсынды және өзара талдаулар жүргізді. Тыңдаушыларға әдістемелік көмек ретінде қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгілері, шығармашылық сабақтардың жобалары және сабақты талдау жоспары ұсынылды.

Курстың модульдік білім бағдарламасы ҚР МЖМБС-ына, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА нұсқаулық-әдістемелік хатына, «Өрлеу» БАҰО АҚ әдістемелік нұсқауларына, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының оқу-әдістемелік кешен жасауға қойылатын жалпы талаптарына сай жасалынды және білім беру мазмұнын жаңарту және кәсіптік-техникалық білім беруді модернизациялау мәселелерін ашып көрсететін ғылыми-әдістемелік материалдар негізге алынды.

Ұсынылып отырған курс бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру үшін олардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың заманауи тұғырлары қарастырылды, сонымен бірге техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде оқытудың тұлғалық-бағдарлы және құзыреттілік тұғырларын іске асыруға бағытталаған интерактивті оқыту әдістерін пайдаланудың тиімді жақтары ашып көрсетілді.

Білім беру бағдарламасының көкейкестілігі кәсіптік оқыту педагогтерінің психологиялық-педагогикалық білімдерін жаңарту қажеттіліктерін қамтамасыз етумен, білім беру жүйесіндегі өзгерістерді дер кезінде оқып-үйренудегі маңыздылығымен және стандартты сападан бәсекеге қабілетті сапаға өту тұжырымдамасына өту жағдайында және заманауи әлеуметтік-мәдени даму кезеңінде оқыту әдістемесін үнемі жетілдіріп отыру қажеттілігімен айқындалды.

Осы бағдарлама бойынша ұсынылып отырған оқу-әдістемелік кешеннің құрамына дәріс сабақтарының тезистері, тәжірибелік сабақтардың мазмұны, іскерлік ойындарының, педагогикалық сайыстардың және мультимедиялық көрсетілімдердің сценарийлері, тест тапсырмаларының жиынтығы, педагогикалық есептер мен жаттығулар жүйесі, қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгілері, шығармашылық сабақтардың жобалары және сабақты талдау жоспары, тыңдаушыларға арналған арнайы әдістемелік нұсқаулар енді.

Курсты әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуде біз оның басты мынадай қызметтерін негізге алдық:

1. Диагностикалау – тыңдаушылардың қабілеттері мен икемділіктерін анықтау, олардың дайындық деңгейі мен дербес психологиялық ерекшеліктерін айқындау – біліктілікті арттырудың әрекеттілігін қамтамасыз ету мақсатында.

2. Теңгеру - базалық кәсіптік білім бойынша жалпытехникалық және арнайы пәндер оқытушыларының, кәсіптік оқыту шеберлерінің психологиялық-педагогикалық даярлықтан өтпеуімен, бұрын алған білімнің ескіруімен, пәндік-кәсіптік және педагогикалық білім, білік, дағдыны терең меңгерумен байланысты білім берудегі ақтандақтарды жою;

3. Бейімдеу – ақпараттық мәдениетті дамыту, өздігінен білім алуға, педагогикалық басқару мен әмбебап педагогикалық технологиялар мен жүйелерді жобалауға үйрету – оқу орнының мәртебесін, дайындық бейінін, қызметін, жұмыс орнын өзгерткен жағдайда қызметін бағдарлай алу мақсатында.

4. Танып-білу – тұлғаның ақпараттық, кәсіби және зияткерлік қажеттіліктерін қанағаттандыру.

5. Болжау – тыңдаушылардың шығармашылық әлеуетін ашу, олардың мүмкіндіктері мен кәсіптік-педагогикалық қызметке даярлығын айқындау [12].

Курс мазмұны колледждегі оқытудың тиімділігі оқытушылар мен кәсіптік оқыту шеберлерінің біліктілік деңгейі мен олардың құндылық бағдарымен анықталады деген тұжырымға сәйкес жобаланды. Педагогикалық қызметтің ерекшелігіне сәйкес олар тек оқу-танымдық, оқу-өндірістік және этикалық ақпараттың көздері ғана емес, сонымен бірге білім алушылармен қарым-қатынасты ұйымдастырушы, мәдениетті жеткізуші болып табылады.

Курстың білім беру бағдарламасы және оқу-тақырыптық жоспары блоктық-модульдік қағида бойынша құрылды, мұның өзі тыңдаушылардың сұраныстарына, олардың дайындық деңгейі мен дербес кәсіби ерекшеліктеріне сәйкес білім беру мазмұнын және оқу материалдарын таңдап алуға мүмкіндік берді. Курсты әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету мақсатында жасалынған оқу-әдістемелік материалдардың мазмұны педагог мамандардың санасын заманауи білім беру мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы тұрғысынан қайта құруға, олардың жаңа кәсіби ойлауларын қалыптастыруға, педагогикалық шеберліктерін шыңдауға және шығармашылықпен жұмыс істеуді үйретуге бағытталды. Нақтылай айтатын болсақ, мынадай мәселелерге ерекше көңіл бөлінді:

- пәнаралық және ғылымаралық байланыстарды іске асыру, осы мақсатпен әрбір оқу пәніне қатысты жоспардың толық сұлбасы жасалып, оны біртіндеп жүзеге асыру кезеңдері көрсетілді;

- теориялық мәселелерді тәжірибемен тығыз байланыста оқып-үйрену, бұл мақсатта әрбір теориялық мәселелерді тыңдаушылар өз тәжірибесімен байланыстыру үшін пікірсайысқа, талқылауға арналған сұрақтар даярланды;

- стратегиялық оқыту, оның мәні тыңдаушылардың маңызды тақырыптарды талқылауына қажетті кезеңдер бойынша нақты міндеттерді қою және кәсіби кең мағынадағы ақпаратты өңдеу үшін стратегияларды анықтауға әдістемелік тұрғыдан кеңестер ұсынылды;

- оқытудағы жүйелі ойлауды дамыту, оқытудың бұл түрі проблемалық жағдаяттардың элементтерін, бөліктерін, жекеленген фактілерді, оқиғаларды қарастыру барысында байланыстар мен қатынастарды орнатуға тыңдаушылардың қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталаған дидактикалық тәсілдерді қолданумен қамтамасыз етілді;

- тәжірибелік іс-әрекетті ойын түрінде жоспарлау, бұл тыңдаушылардың топта жұмыс істеуін және дербес іс-әрекетін ынталандыруды көздейді, сондықтан іскерлік және рольдік ойындардың мазмұны беріліп, оларға әдістемелік нұсқаулар жасалды;

- жағдаяттық әдіс бойынша эксперименттік оқу, яғни теорияны тәжірибеде қолдануға бағдарланған жағдаяттар, бұл мақсатта тыңдаушыларға қатесі бар өндірістік (педагогикалық) жағдаяттар ұсынылады, олар осы қатені тауып, оны жоюдың жолын топта талқылауды көздейді;

- жобалау әдісін іске асыру, ол үшін курс бойынша тыңдаушыларға арналған жоба тақырыптары жасалды, оны орындауға қойылатын талаптар анықталды, орындау кезеңдері бойынша түсініктеме берілді, нақты әдістемелік ұсыныстар жасалды.

Педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағдарланған әдістемелік тұғырларға жасалынған шолу олардың әрқайсысының белгілі бір деңгейде өндірістік жағдаяттардың үлгісі ретінде тыңдаушылардың психологиялық-педагогикалық даярлығын жетілдірудің көзі екендігін дәлелдейді.

Ақпарат шеңберінің күннен-күнге артуы, техникалық және арнайы кәсіптік пәндерді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптардың күшеюі, талдау-жинақтау біліктерін қалыптастыруға бағытталған арнайы жаттығулардың енгізілуі кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерінің педагогтарына әдістемелік технологиялардан хабардар болып, оларды дұрыс таңдай білу және тиімді пайдалана алу талабын қояды. Әдістеме қолданбалы ғылым ретінде басқа ғылымдардың – психологияның, педагогиканың, лингвистиканың, математиканың, биологияның және т.б. теориясын пайдаланатыны белгілі. Сондықтан әрбір оқытылатын курсты әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету тыңдаушыларға



әдістемелік даярлық беру тәсілін анықтауды көздейді. Педагогтердің әдістемелік біліктілігінің негізгі мазмұнын ең қарапайымнан күрделіге дейін болатын әдістемелік әрекеттер құрайды деп санауға болады. Әдістемелік әрекеттің мұндай сипаты жалпыдан нақтыға және керісінше көше білу; әртүрлі көзқарас тұрғысынан (психологиялық, педагогикалық, т.с.с.) оқу іс-әрекетінің кез келген түрін ұйымдастыру сәтін қарастыра білу; білім алушыларды оқыту барысында кездесетін сипаты әртүрлі проблемалардың (психологиялық, педагогикалық, математикалық, т.с.с.) түрін айқындай және нақтылай білуді айқындайды.

Қорыта айтқанда, кәсіптік-техникалық білім беру жүйесіндегі педагогтердің біліктілігін арттыру үдерісін әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудің нәтижелілігі әрбір курс бойынша жасалынған оқу-әдістемелік кешеннің сапасымен анықталады. Зерттеу бойынша жасалынған қорытындылар кәсіби оқыту педагогтарының кәсіби–педагогикалық құзыреттілігінің қалыптасуының тиімділігін арттыруға, әдістемелік жұмыстың түрлері мен әдістерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ахметбекова С.К. Реализация комплексно-интегративного подхода в процессе повышения квалификации управленческих кадров системы образования: автореф.дисс.канд.пед.наук: 13.00.08 - Теория и методика профессионального образования. – Караганды, 2009. – 31 с.
- 2 Ержанова Р.К. Формирование профессионально-педагогического потенциала педагога профессионального обучения на основе синергетического подхода в условиях непрерывного образования: автореф.дисс.канд.пед.наук: 13.00.08 - Теория и методика профессионального образования. – Караганды, 2009. – 31 с.
- 3 Гареев В.М. Принципы модульного обучения Текст. / В.М. Гареев, Е.М. Дурко, С.И. Куликов // Вестник высшей школы. - 1987. - №8. - С. 33-36.
- 4 Громкова М.Т. Модульное структурирование педагогического знания Текст. / М.Т. Громкова. - М.: Педагогика, 1992. - 134 с.
- 5 Олейникова О.Н. Разработка модульных программ, основанных на компетенциях: учебное пособие. Текст. / О.Н. Олейникова, А.А. Муравьева, Ю.В. Коновалова. - М.: Высшая школа, 2005. - 69 с.
- 6 Шамова Т.И. Модульное обучение. Теоретические основы, опыт, перспективы Текст. / Т.И. Шамова. - М.: Педагогика, 1994. - 281 с.
- 7 Юцявичене П.А. Основы модульного обучения Текст. / П.А. Юцявичене. - Вильнюс: Швиеса, 1989. - 69 с.
- 8 Helen Bound (2011) Vocational education and training teacher professional development: tensions and context// Studies in Continuing Education. Volume 33, Issue 2, pages 107-119.
- 9 Annette Salter, Helen Bound (2009) Using a profiling instrument to design teacher professional learning// Journal of Vocational Education & Training Volume 61, Issue 1, pages 53-66.
- 10 Dr Mark Waters & David Wall (2007) Educational CPD: how UK GP trainers develop themselves as teachers, Medical Teacher, 29:6, e160-e169
- 11 Гаврилов Н.А. Моделирование дистанционной образовательной среды в системе повышения квалификации работников образования: автореф.дисс.канд.пед.наук: 13.00.08 - Теория и методика профессионального образования. – Омск, 2007. – 24 с.
- 12 Профессиональная педагогика. Учеб. для студентов, обучающихся по пед. специальностям и направлениям / Под ред. С.Я. Батышева. – М.: Ассоциация «Профессиональное образование», 1999. – 620 с.



## **РЕЗЮМЕ**

В статье показана актуальность проблемы совершенствования методического обеспечения системы повышения квалификации педагогов организаций технического и профессионального образования, не имеющих психолого-педагогической подготовки. Методическое обеспечение системы повышения квалификации направлено на поиск путей решения задач развития профессиональной компетентности педагогических кадров организаций ТиПО. С этой целью разработан и внедрен в практику курс «Профессиональная компетентность педагогов технического и профессионального образования», который построен по модульному принципу.

## **RESUME**

The article shows the urgency problem of improving the methodological provision training system of the teachers' professional development at institutions of technical and vocational education, having no psychological and pedagogical training. The methodological provision of the training system is aimed to find the solutions of issues of improving professional competence of teachers of technical and vocational educational institutions. With this aim, we developed the educational course "The professional competence of teachers of technical and vocational training institutions" and implemented it in practice. The course was based on the modular principle.



### Аннотация

Мақалада педагог-психологтің кәсіби даярлығы мәселелері қарастырылған. Болашақ педагог-психологтің педагогикалық немесе кәсібилік шеберлігін арттыру мәселесі бүгінгі күнгі жоғары оқу орны алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Өйткені болашақ маманның кәсіби даярлығы оқу жылдары кезінде кәсіби шеберлікке мақсатты даярлаумен қатар кәсіби іс-әрекетке дайындаумен тікелей астарласуы тиіс.

*Түйін сөздер:* педагог-психолог, кәсіби даярлық, кәсіби шеберлік.

### А.А. Қалыбекова

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,  
пед. ғыл. д-ры, профессор

### А. Қайыпова

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, магистрант

## Жоғары оқу орнындағы болашақ педагог-психологтің кәсіби даярлығы

Қазіргі заманның кезекті даму сатысында жоғары білім беру жүйесі әлемдік білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті сапаға сәйкестенуі қажет. Жоғары білімнің мақсатына жаңа түсінік тұрғысынан қарасақ, оны дамытудың басты стратегиялық бағдары – өмірге жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі биік, гуманистік ойлауы басым, заманауи білім беру технологияларымен қаруланған, адамгершілік қасиеттері жоғары білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру болып табылады. Болашақ маманның кәсіби-әдістемелік даярлығын қалыптастыру үшін мамандығына сай арнайы ғылыми пәндерден терең, жан-жақты білімі болуы қажет. Білім беру саласындағы негізгі құжаттарды, білім беру стандарты, оқу жоспары, бағдарламалар, оқулық, оқу-әдістемелік ғылыми әдебиеттерді, сондай-ақ озық ойлы педагогикалық тәжірибелерді меңгеруі тиіс.

Қазіргі таңда психология ғылымына аса үлкен мән беріліп, педагог-психологке деген сұраныстың артқанын байқаймыз. Жаһандану процесі барысында менталитеті бойынша әр түрлі мәдени бірлестіктердің байланыс қарқындылығы адамдардың өзара түсінушілігінің негізгі факторы бола бастады. Қоғам үшін болашақ педагог-психологтердің біліктілік тәжірибесінің қалыптасу маңыздылығы арта түсті. Қазіргі қоғамда әр түрлі салалардың, әр деңгейлі мамандардың біліктілігі, кәсібилігі үлкен маңызға ие болып отыр.

К.К. Платонов маманның кәсіби даярлығы оқу барысында кәсіби шеберлікке мақсатты даярлаумен қоса, кәсіби іс-әрекетке дайындаумен

тікелей астарласуы тиіс деп пайымдайды [1].

Бұл білім саласы қызметкерлеріне де қатысты, өйткені біріншіден, педагог өз іс-әрекет саласында білікті маман болуға міндетті, екіншіден, кәсіби білім алу қоғамдық өндіріске белсенді әрі тиімді қатысу мақсатында тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталады. Болашақ педагог-психологтің біліктілік тәжірибесін қалыптастыру процесі педагогика ғылымында теориялық жағынан толық зерттелмеген. Бұл тұрғыда біліктілік тәжірибесі категорияларының негіздерін Л.И. Гришаева, Л.В. Цурикова, Н.В. Янкина құруда, қазіргі білім беру процесінде өзара қатынас педагогикасының ерекшеліктерін В.А. Беликов, Е.В. Короткова, Н.В. Родионова зерттеуде, В.В. Горшкова мен Р.Ш. Царева болашақ педагог-психологтердің оқу процесі барысындағы қарым-қатынастың кәсіби даярлықтың басты шарты екенін негіздеуге ұмтылуда.

«Біліктілік өз ісін, орындайтын жұмысын, процесс пен құбылыстың күрделі байланыстарын, сонымен бірге экономика мен басқару ғылымын, психологияның әлеуметтік заңдылықтары мен заңдарын жетік білу». Бұл жағдайда біліктілік «білім» және «іс-әрекет» түсініктері арқылы беріледі [2].

Мұғалімнің педагогикалық – психологиялық біліктілігі – тұлғаның белгілі сапаларының жиынтығы. «Біліктілік» термині «білікті» сөзінен құралған түсінік. «Білікті» дегеніміз *competens* латын тілінен аударғанда, сәйкес, қабілетті деген мағынаны білдіреді:

Біліктілік түсінігі педагогикалық кәсібилік құрылымында маңызды болып табылады. Маманның сапалығын бағалауда біліктілік ерекше орын алады. Біліктілікті ешқандай басқа сапамен алмастыруға болмайды, өйткені өз ісінің шебері болу оңай емес [3].

А.К. Маркова «Оқытушы еңбегінің психологиясы» атты еңбегінде «жоғары деңгейде атқарылған педагогикалық іс-әрекет, педагогикалық қарым-қатынас, оқушылардың білімділігі мен тәрбиелілігі мұғалімнің кәсіби біліктілігінің көрсеткіші болып табылады» дейді. Бұл жағдай мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетке қажет тиімділік пен біліктілікке ие екендігін дәлелдейді [4].

Педагог-психологтің негізгі іс-әрекеттеріне түзету-жетілдіру, оқытушылық, ғылыми-әдістемелік, мәдени-ағартушылық және басқарушылық түрлері жатады. Түзету-жетілдіру іс-әрекеттері оқу, жаттығу немесе кеңес беру формасында жүзеге асырылады. Оқытушылық және мәдени-ағартушылық іс-әрекет педагог-психолог жұмысының негізгі бөлігі болып табылады. Оқытушылық жұмыс төмендегі принциптер негізінде жүргізіледі: білім процесінде оқушылардың белсенділігін арттыру; зерттелетін пәнге оқушылардың қызығушылығын дамыту; жеке және топтық жұмыстардың әр түрлі формаларын қолдану; оқу процесінде оқытушылардың белсенділігі мен жауаптылығын жетілдіру; оқыту барысында балалардың өзін-өзі бағалау, жеке және мәдени ұқсастығын дамыту.

Педагог-психологтің ғылыми-әдістемелік іс-әрекеттеріне балалар мен балалар ұжымын зерттеу, әдістемелік тақырыпты таңдау мен даярлау жатады. Педагог-психолог жеке тұлғаны диагностикалау әдістемелерін, оның жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлін, білім беру мекемелеріндегі оқушыларды зерттеу мақсаты мен міндеттерін түсініп, кешенді бағдарламаны пайдалана білуге міндетті. Жеке тұлғаны зерттеуде қолданылатын әдістер мен тәсілдер, әдістемелер туралы білімін толықтырып, әр түрлі тәсілдердің мақсатқа бағытталуын қадағалап, оқу-тәрбие процесінде жаңа әдістер мен тәсілдерді тиімді пайдалануға тиіс. Сонымен бірге, педагог-психолог әдістемелерді қолдану жолдарын білуге міндетті. Жеке тұлғаны зерттеу формасы мен әдістерін, мазмұнын, өзара байланысын, түрлі зерттеу формаларын қолданудың мәнін анықтау, зерттеу құралдарын білу оның маңызды міндеті болып табылады. Оқушылардың оқу-танымдық әрекеттерін дамытуда оқу құралдарының рөлін жете түсініп, олардың қызығушылығын оятуда басқа педагогикалық міндеттерді шешу мүмкіндіктерін де ескергені жөн.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің басты бағыттылығы адамның жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Педагог әр тұлғаның бойындағы мүмкіндіктерді толық пайдалану мен қиын жағдайда тығырықтан шығарар жол табу



сенімділігін арттыруы қажет. Тәрбие процесіндегі педагог-психологтің атқаратын рөлі қандай?

Біріншіден, педагог ата-аналарға тәрбие процесінде қажет білімдерді береді. Екіншіден, оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуі мен қайта тәрбиелеуіне педагогтің түзету-дамыту жұмысы оң әсерін тигізеді.

Үшіншіден, педагог-психолог оқушыларды өзінің жеке іс-әрекетімен тәрбиелей алады.

Педагог-психологтің басқарушылық іс-әрекеттерінің негізгі мақсаты – мектеп пен ұжымның арасында үйлесімділікті қамтамасыз ету. Басқарудың келесі негізгі принциптерін ажыратуға болады: біртұтастық; иерархиялық; мақсат бағыттылық; ғылыми негіздеу; демократияландыру.

Білім беру мекемесіндегі педагог – психолог этикалық нормаларға сәйкес кәсіптік міндеттердің шешілуін қамсыздандыруға, педагог – психолог пен клиент арасындағы сенімділікті сақтауға, тәрбиеленушілер арасында психологиялық қызметтің беделін арттыруға ұмтылуы қажет. Ол сақтауға міндетті негізгі этикалық принциптер мыналар: құпиялылық принципі; біліктілік принципі; жауаптылық принципі; этикалық және заңды құқылық принципі; психологияны кәсіби насихаттау принципі; клиенттің амандығы принципі; кәсіби бірлесу принципі; клиентті тексерудің мақсаты мен қорытындылары туралы ақпараттандыру [5].

Педагог-психолог сабақ беруде сендіру әдісін таңдаған жағдайда аталған принциптерді сақтай алады. Білім беру мекемесінің қызметкері болып табылатын педагог-психолог іс жүзінде тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының, мұғалімдердің және басқа оқу процесіне қатысушылардың психикалық және психологиялық денсаулықтарын сақтауға бағытталған психологиялық алдын алу, психологиялық диагностика, психологиялық түзету, психологиялық кеңес беру, психологиялық ағартушылық іс-әрекеттерді атқарады.

Педагог–психологті даярлайтын жоғары оқу орындары иек артатын нормативті құжат – білім беру стандарты болып табылады. Болашақ маманның кәсіби сапалары оның социумда бекіп қалыптасқан нормалар мен мемлекеттік стандартта берілген кәсіби-педагогикалық функцияларды орындауға тиянақты дайындығы. Голландия зерттеушісі Дж.Х.Вонк педагогтің кәсіби дамуының мынадай кезеңдерін белгілейді: маманның бастапқы кәсіби дайындық кезеңі (жоғары немесе арнаулы оқу орнында білім алу); бастапқы кәсіби кезең (бірінші жұмыс жылы); мамандыққа ену кезеңі (2-5 жыл жұмыс істеу жылдары); алғашқы кәсіби кезең (мұғалім 40 жасқа толғанға дейін жалғасады); кәсіби қайта бағдарлану кезеңі (орта жас күйзелісі мен одан кейінгі жылдар); инерция кезеңі (зейнеткерлікке үш жыл қалғанда басталады).

Тарасов С.В. пікірінше, болашақ педагог-психолог өзінің практикалық іс-әрекеті үшін кәсіби маңызды қасиеттерді (КМҚ) анықтауы қажет. КМҚ қатарына келесі маңызды қасиеттер енгізілген: коммуникативті болжамдылық – тұлғаралық қатынастарды саралау қабілеті мен әр түрлі педагог-оқушы, педагог-ата-ана, оқушы-ата-ана, психолог – ата-ана, психолог-оқушы қарым-қатынастарға ену мүмкіндігі, коммуникативті ептілік – тұлғаралық қатынастарды кең ауқымды дұрыс қабылдау шеберлігі, эмпатия-басқа адамның ішкі жан-дүниесін түсіну оралымдығы, жылы шырайлылық, көмек беруге дайын болу мен адамның эмоциялық реакциясын алдын ала болжау [6].

Болашақ маман психологтің кәсіби іс-әрекетінде қолданылатын психикалық механизмдер көмегімен (сараптау, синтез, прекогниция, шешім қабылдау, т.т.б.) үлгі шеңберінде берілген міндеттерді айқындауы керек. Нәтижесінде студент өзін психологиялық зерттеу субъектісі ретінде қабылдап, санасында кәсіби өзін-өзі тану мен кәсіби іс-әрекет түсінігі қалыптасады. Оның психологиялық мәселелері шешіліп, «Мен» - өзі туралы түсінігі нақты құрылымдалады, болашақ педагог-психологтің кәсіби рефлексиясы дамып, кәсіби іс-әрекет механизмінің формасы жетіледі.

Жас педагог-психолог жұмыс барысында бірнеше маңызды да күрделі міндеттерді шеше білуі керек: жаңа міндеттер (жұмыс өтілінде басқа ұстаздармен бірге жауапкершілікке ие болу); әрбір мектепке тән орта (ешкім түсіндірмейтін ерекше дәстүрлер мен жазылмаған заңдар); мектеп басшылары мен әріптестер тарапынан ұсынылатын жұмыс түрлері (кейде жас маман өзінен некүтіліп тұрғанын түсінбеуі немесе білмеуі); ұстаз және оқушы рөлін қатар атқару (ұстаз бола тұра, тәжірибелі әріптестерінің ақылын тыңдап, оқушы рөліне ене білу) [7].

Жас педагог-психологтің маман болып қалыптасуының үш жолы ажыратылады: дәстүрлер мен ережелер жүйесін қарапайым және сөзсіз қабылдау; оқу процесіне өз көзқарасын өзгертпей, әріптестер мен оқушыларға бейімделу шеберлігін бірден көрсету үшін мектеп өмірін мақсатты түрде зерттеп, қабылдау; ережелер жүйесін қайсар қабылдамау (бұл стратегия педагог-психолог тәуелсіз, ал қоршаған орта төзімді болса ғана мүмкін).

Педагог-психологтің тәжірибені жинақтағаны, мектеп өміріне үйренгені оқушылармен еркін араласып, олардың өзін мұғалім ретінде мойындауынан, мамандықты дұрыс таңдағана сенімі күшейгенінен, өз пәнін түсінікті жеткізгенінен, әрбір сыныппен өзгеше байланыс жолдарын қалыптастырғанымен, өзін дұрыс бағалай білген белгілермен айқындалады.

Өмір жолын бастаған педагог шындықпен жанасқанда ерекше қиындықты басынан өткереді. Кәсіпті меңгеру үшін оған өзіндік ұстанымы көмектеседі. Неғұрлым әріптестерімен қарым-қатынасты дұрыс құра біліп, мектеп өміріне тығыз араласса, соғұрлым кәсіби іс-әрекеттері жылдам қалыптасады, әрі жұмысына қызығушылығы артып, қуана жұмысқа кіріседі. Алғашқы кезде жас ұстаздарға мектепте арнайы бағдарламалар (мектеп дәстүрімен байланысты кәсіби мерекелер) көмек береді [8].

Мемлекеттік стандартта айқындалған педагог-психологке қойылатын талаптар жүйесін қамтамасыз ету үшін жоғары оқу орны студенттері төмендегі білім деңгейлерін меңгеруге міндетті: пәннің ғылыми теориялық негіздері; пәннің ғылыми әдістері; ғылымның тарихи дамуы мен жетістіктері; оқушылар психологиясын зерттеу; жеке тұлғаны зерттеуде қолданылатын әдістер мен тәсілдер; әдістемелерді қолдану жолдары мен зерттеу құралдары; оқушылардың психологиялық ерекшеліктері; педагогиканың теориялық негіздері; педагогикалық технология [9].

Білікті педагог-психологті үзіліссіз даярлау жүйесін жетілдіру қажеттілігі бұл бағытта біртұтас кәсібилік тұжырымдаманы құруды қажет етеді. Іс жүзінде педагог-психологті кәсіби даярлау жүйесі бойынша қолданылып отырған тұжырымдамалар жеткіліксіз. Педагог-психологтің кәсіби дайындығына деген ғылыми қызығушылықтың артуы олардың іс-әрекеттеріндегі кемшіліктердің, объективті мәселелердің орын алуымен байланысты. Дегенмен, педагог-психологтерге мектеп тарапынан қойылатын талаптарға жалпы сипаттылық тән.

Отандық психология аясында педагог-психологтің кәсіби іс-әрекетіне сараптама жасау мен психолог тұлғасының кәсіби қалыптасуына арналған іс-әрекет теориясы туралы Ю.М. Забродин, Г.М. Зариковский, А.Н. Леонтьев, кәсіби қалыптасу теориялары жөнінде Е.А. Климов, И.С. Кон, тұлғаның психологиялық теориясы жайлы А.Г. Асмолов, В.С. Мерлин және т.т.б., көптеген жұмыстары белгілі.

Сонымен қатар практикалық мәселелер шешімін таппай отыр. Мәселен, педагог-психолог жұмыс мазмұнының екі жақтылығы: бір жағынан, психолог, екінші жағынан, педагог; іс-әрекетінің пәні; жоғары оқу орнындағы дайындығы, біліктілігін жетілдіру. Тәжірибе жүзінде педагог-психологке кездесетін міндеттерді шешу де оңай емес. Себебі міндеттер анықталып, ерекшеліктері жүйеге келтірілмеген. Сондықтан теория мен практика арасындағы вакуум толтырылуы үшін ерекше зерттеу логикасы, ерекше жүйелі идея қажет.



Педагог-психологті даярлауда практикалық міндеттерді шешу, оларды жүзеге асыру варианттарын қарастыруды қамтамасыз ету аса маңызды. Педагог-психологтің, бірінші кезекте, қажеттілігі мұғалімнің балаларды дамыту жұмысын біртұтас емес тек белгілі бір бағытта ғана орындауы себепті туындайды. Бүгінгі күні психологтің білім бағдарламалары мен технологияларын даярлауға қатысу құқығына ешкім күмән келтіре алмайды.

Педагог-психолог оқу циклін жоспарлауға байланысты іскерлік жүйесін меңгеруге міндетті: оқу мақсатын сындарлы сипаттау; оқытушыларды іс-әрекетке қалыптастыру үшін қажет психологиялық көрсеткіштерді есептеу; көрсеткіштерге сәйкес жаттығуларды жинақтау; психологиялық және дамыту әдістерін таңдау, т.б. Арнаулы іскерлік жүйесі оқытушылардың жеке ерекшеліктерін анықтаумен, бейімделу мен меңгеру процесін түзетумен байланысты.

Қазіргі күні педагог-психологтің дайындығын сараптауда оның мазмұны, формалары мен әдістері психолог-зерттеуші немесе психология оқытушысын даярлауға бағытталған жоғары оқу орны тәжірибесінен немесе оқу процесінде практикалық психология құралдары: психодиагностика әдістерін меңгеруден жинақталғанын байқаймыз.

Педагог-психологтің кәсіби дайындық сараптамасының мақсаты барлық кемшіліктерді анықтау емес, бірінші кезекте тұжырымдаманы жүзеге асыру нәтижесінде жөнделуі мүмкін бөліктерін анықтауды қарастырады.

Сонымен, педагог-психологтің дайындық сапасын жетілдіру үшін мектеп психологінің мектептің жалпы оқу-тәрбие процесі жүйесіне кіретін іс-әрекеті мазмұны мен шешетін практикалық міндеттерін зерттеу арқылы жоғары оқу орнында кәсіби дайындықтың теориялық және практикалық құрылымын жетілдірудің әдістемелік - теориялық негіздемесін беру қажет.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Платонов К.К., Глоточкин А.Д. Структура и развитие личности: психология личности. - Москва: Наука, 1986. - С.256.
- 2 Турчинов И.П. Профессионализация и кадровая политика: проблемы развития теории и практики. - М., 1998. - С. 245.
- 3 Русинов Ф.М., Никулин Л.Ф., Фаткин Л.В. Менеджмент в системе рыночных отношений. Учебное пособие. - М.: ИНФРА-М, 1996. - С.295.
- 4 Маркова А.К. Психология труда учителя. – М.: Просвещение, 1993. - С. 8.
- 5 Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. - М.: Совершенство, 1997.
- 6 Тарасов С.В. Развитие профессионально важных качеств педагогов-психологов в процессе обучения в вузе: Дис. канд. психол. наук: 19.00.07. - Самара, 2004. - 211 с.
- 7 Сотрудничество учителя и школьного практического психолога. Сборник научно-методических трудов. Под ред. А.К. Марковой. - М., 1993.
- 8 Дубровина И.В. Практическая психология образования. Учебник для вуза., 4-е изд. - СПб.: Питер, 2004. - С.592.
- 9 050103 «Педагогика және психология» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының білім беру мемлекеттік стандарты. - Астана, 2005.



## **РЕЗЮМЕ**

В статье рассмотрены проблемы профессиональной подготовки педагогов-психологов. Повышение профессионального мастерства будущих педагогов-психологов является важнейшей задачей высших учебных заведений. Наряду с профессиональным обучением будущих специалистов необходимо подготовить их к практической профессиональной деятельности.

## **RESUME**

In the article problems of vocational training of teachers-psychologists were considered. Increase of pedagogical or professional skills of the future teachers-psychologists is the major problem of higher educational institutions. Along with professional training of the future experts it is necessary to prepare them for practical professional work.



### **С.С. Джансеитова**

Казахская национальная консерватория имени Курмангазы, д-р филол. наук, профессор

### **Ж.Т. Исаева**

Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова, канд. филол. наук, доцент

## **Формирование ценностных ориентиров и духовной культуры личности**

### **Аннотация**

Духовное рождается и живет только в человеке, его содержание всегда уникально и неповторимо. Духовность – это то, что придает смысл жизни отдельному человеку, это поиски ответа на вопросы: зачем мы живем, каково наше предназначение, что есть добро и зло, истина и заблуждение, красивое и безобразное. Духовные ценности не могут быть приобретены никаким иным путем, кроме как собственным жизненным опытом и духовным трудом по их овладению. Воспитать человека как личность означает пробудить в нем духовные переживания и открыть ему доступ к духовному опыту, миру ценностей. Духовный опыт личности включает в себя опыт общения, опыт трудовой деятельности, опыт познания, чувственный опыт и многое другое. В современном мире происходящие сдвиги значительно меняют сложившиеся в сознании общества стереотипы, взгляды, нормы поведения. Существенным фактом современной жизни является процесс трансформации ценностного ядра культуры. Переоценка ценностей, изменение их статуса и степени значимости, разрыв их смысловой соотнесенности друг с другом являются фактором потери ориентации человека и общества в меняющемся мире. Для осуществления осмысленной и целенаправленной деятельности личности необходимо сориентироваться в «аксиологическом поле» культуры.

*Ключевые слова:* духовная культура, культурные ценности, мировоззрение личности

Актуальным для современного гуманитарного знания является изучение механизмов динамики ценностных оснований культуры. Приобретение культурно приемлемой системы ценностей, позволит лучше ориентироваться в оценке обстановки и принимать решения, находящие понимание и поддержку со стороны общества. Культурные ценности непосредственно влияют на становление внутреннего мира личности, поэтому необходимо учитывать их воздействие на формирование ценностных ориентиров, особенно в современном обществе.



Духовная культура - часть общей системы культуры, включающая духовную деятельность и ее продукты. Духовная культура включает в себя нравственность, воспитание, просвещение, право, философию, этику, эстетику, науку, искусство, литературу, мифологию, религию и другие духовные ценности. Духовная культура характеризует внутреннее богатство человека, степень его развитости. Вне духовной жизни, помимо сознательной деятельности людей культура вообще не существует, так как ни один предмет не может быть включен в человеческую практику без осмысления, без посредства каких-либо духовных компонентов: знаний, навыков, специально подготовленного восприятия. Духовная культура формирует личность - ее мировоззрение, взгляды, установки, ценностные ориентации. Благодаря ей могут транслироваться знания, умения, навыки, художественные модели мира, идеи и т.д. от индивида к индивиду, от поколения к поколению. Именно поэтому чрезвычайно важна преемственность в развитии духовной культуры. Духовный мир человека - это социальная деятельность людей, направленная на создание, усвоение, сохранение, распространение культурных ценностей общества. Духовность - это одухотворенность, идеальные, религиозные, нравственные аспекты миропонимания. Мышление и знания, эмоциональная культура личности формируются на основе активной познавательной деятельности в процессе усвоения духовной культуры. Духовная культура включает в себя процесс духовного творчества, ее результатом являются произведения искусства, научные открытия. Накопление культурных ценностей связано с передачей от поколения к поколению духовного опыта, традиций и основных достижений человечества. Оно наиболее отчетливо проявляется в культуре. В рамках определенной исторической эпохи существуют различные культуры: интернациональная и национальная, светская и религиозная, взрослая и молодежная, западная и восточная и т.д.

Уровень развития духовной культуры определяется объемом создаваемых в обществе духовных ценностей, размахом их распространения и глубиной освоения людьми, каждым человеком. Под духовностью мы понимаем идеальную потребность познания человеком сущности своего предназначения, в которой выражается стремление личности преодолеть конечность своего бытия, а также потребность строить взаимоотношения с окружающим миром на основе единства красоты, добра и истины. Духовность есть высшее проявление человеческой сущности, результат глубинного освоения знаний о природе, обществе, человеке, как проявление «человеческого в человеке», возвышающего его над эгоистическими потребностями. Духовность есть совокупность высших нематериальных ценностей светского и религиозного значения, ведущими средствами воспитания духовной культуры у личности выступают предметы и явления материального и духовного мира, а также виды их деятельности, непрерывное обновление их жизни в окружающей среде, способствующие приобщению к духовной культуре. В философском понимании духовность включает три начала – познавательное, нравственное и эстетическое. Трех данным способностям человеческой природы соответствуют сферы духовной деятельности – созидающие научное знание философии, нравственность, искусство. Им, в свою очередь, соответствуют духовные ценности, относимые к разряду высших – истина, добро, красота, нравственность [1]. Все эти стороны образуют то, что называется духовной жизнью, духовным поиском. По своей сути добро, истина, красота, нравственность – экзистенциальные константы в духовных исканиях людей, различные способы обретения одного и того же – высшего смысла жизни, согласия с собой и миром, гармонии. Духовность, окрашенная высокой нравственностью, проявляется в восстановлении и развитии системы высших, надличностных гуманистических ценностей, определяющих цели, идеалы и смыслы общественного и индивидуального бытия, в осознании ценности человеческой личности, ее совести, чести и достоинства, самой человеческой жизни. На уровне осознания духовность постигается тогда, когда человек в процессе воспитания, образования и



самовоспитания осуществляет синтез всех знаний о мире и проникает в суть глубинных взаимосвязей всех его проявлений.

Все это вместе взятое позволяет нам сделать обобщение, что духовность есть общечеловеческая ценность; синтетическая категория, тонкое и сложное единство многих качеств человеческой личности, как нечто, поддерживающее ее целостность; интегральное качество, обуславливающее целостность личности, высокий уровень ее развития; обретение смысла, показатель существования определенной иерархии ценностей, целей и смыслов; концентрация проблемы относящихся к высшему уровню духовного освоения мира человеком; нравственность, задающая меру и качество свободы самореализации личности.

Наиболее продуктивными для воспитания духовности личности является подход к человеческой жизни через призму ценностей (Б.С. Братусь, С.Л. Франк, В. Франкл, А. Маслоу и др.). Авторы считают, что объективация ценностей приводит к тому, что они существуют в виде значений независимо от конкретного человека, однако, их присвоение в виде смыслов не просто является возможным, но и становится необходимым условием человеческого существования. Особый интерес вызывает роль национального характера и культуры в становлении духовных ценностей личности. Духовные ценности являются одним из видов культурных ориентаций, то есть закрепленными в культуре отношениями человека и общества к тому или иному явлению. Духовные ценности не могут быть приобретены никаким иным путем, кроме как собственным жизненным опытом и духовным трудом по их овладению. Воспитать человека как личность означает пробудить в нем духовные переживания и открыть ему доступ к духовному опыту, миру ценностей.

Структура классификации ценностей представлена: традиционными, современными, базовыми, терминальными, инструментальными ценностями. Традиционные ценности культуры определяют, как: «ценности, присущие народу, совместно проживающему и выработавшему общий ряд навыков, обрядов, ритуалов, традиций, способов саморегуляции, образцов поведения [1]; «разновидности ценностей, в которых отселектирован, передан и воспринят от человека к человеку, от поколения к поколению исторический социальный опыт, аккумулирующий в виде образцов, норм, принципов представления о лучшем, авторитетном в культуре» [2].

Традиционные ценности воспроизводятся на протяжении нескольких поколений или в течение длительного периода историко-культурного развития в рамках одного общества. Данный вид ценностей ориентирован на сохранение и воспроизводство сложившихся норм и целей жизни. Традиционные ценности выступают базисом культурной идентичности, основываются на тесной и неразрывной связи между индивидом и социумом, выполняют ряд функций (социализации, нормативную, регулятивную, символическую и др.).

Перспективы развития страны во многом зависят от позиции личности. Модернизационные процессы, быстрое внедрение в жизнь коммуникативного способа мышления особенно остро ставят вопрос культурного самоопределения личности. В этих условиях актуализируется, возрастает сложность воспитательной работы по формированию мировоззренческих позиций, духовной культуры. Формирование ценностных ориентиров духовной культуры личности в вузах предполагает дифференцированный подход. Одной из задач в данном процессе является становление и формирование ценностных ориентиров мировоззренческой культуры личности. Основными чертами мировоззренческой культуры современной личности, которые необходимо формировать в будущем специалисте, являются гуманизм, нравственность, патриотизм, где гуманистическая направленность мировоззренческой культуры - это совокупность взглядов, основанных на признании человека высшей ценностью, а нравственность - это не столько способы регулирования общественного порядка, сколько средство духовного развития личности.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Коростелева А.А. Формирование духовных ценностей. Автореф. канд. пед. наук. – М., 1992. – 17 с.
- 2 Николаев Р.М. Традиционные ценности как концептуальная основа культурной идентичности. – Екатеринбург, 2011. – 147 с.
- 3 Рассадина С.А. Самоопределение субъекта культуры в эпоху глобализации // Глобальное пространство культуры. Материалы международного форума. СПб.: Центр изучения культуры филос. ф-та СПбГУ. –М., 2005. - С. 184-187.

## ТҮЙІН

Руханилық адам баласымен бірге туып, бірге өмір сүреді. Оның мазмұны ерекше және қайталанбайтын қасиет. Руханилық – бұл жеке адамның өміріне мағына беріп, біз не үшін өмір сүреміз, біздің өмірлік мақсатымыз қандай, қайырымдылық пен қатігездік шынайылық пен жалғандық, әдемілік пен әдепсіздік деген не деген сияқты сұрақтардың жауабы.

## RESUME

The spirit is born and lives only in the person who is always unique and unrepeatable. Spirit is what gives meaning to the life of an individual, a search for answers to the questions: why do we live, what is our purpose, what is good and evil, truth and error, the beautiful and the ugly. Spiritual values can not be acquired in any other way, except for their own life experiences and spiritual difficulty in their mastery.

### Аннотация

Мақалада тест-фреймдерді пайдалану жолдары мен маңыздылығы туралы айтылады. Тест-фреймдерді пайдалану арқылы білім алушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамытудың маңызы зор. Ол студенттердің ақыл-ой қабілеттерін, коммуникативті-когнитивтік қабілеттерін, интегративті-коммуникативтік іскерлік пен дағдыларын дамытуды жүзеге асырады.

*Түйін сөздер:* құзыреттілік, тест-фрейм, тест-фреймдердің түрлері, қарым-қатынас.

**М.А. Еркинбекова**

Қайнар академиясы,  
психол. ғыл. канд., доцент

## Тест-фреймдер және олардың білімгерлердің қарым-қатынас құзыреттіліктерін дамытудағы рөлі

Адам мамандығы, жынысы, ұлты бойынша, кім болмасын, әрқашанда үш негізгі тіршілік әрекетінің: еңбек, таным, қарым-қатынас бірлігінде болады. Білім субъектілерінің тұлғалық қасиеттері, өзге мамандар мен түрлі қызмет атқаратын адамдардан айырмашылығы мынадай қасиеттерімен ерекшеленеді:

- оның білім субъектілеріне деген ықылас-ынтасы, оларға сүйіспеншілігі мен жанашырлық көзқарасы;
- ұстамдылығы мен байсалдылығы;
- мінез-құлқын, сезім күйін билеу алуы және т.б.

Сонымен қатар, білім беру жүйесі субъектілерінің әр алуан іс-әрекеттерді орындауға жаттықтырып үйретуі және олармен үйлесімді қарым-қатынас орнатуы - оның ұйымдастырушылық - коммуникативтік қабілетіне байланысты. Курс тыңдаушыларының коммуникативтік қабілетін дамыту – педагогикалық ынтымақтастыққа жетудің негізі бола отырып, білім беру жүйесінің ең өзекті мәселелерінің бірі ретінде саналады. Осыған байланысты психология ғылымының докторы, профессор С.М. Жақыпов «білім беруді демократияландырудың белгілерінің бірі - соңғы жылдары қалыптасып пайда болған педагогикалық ынтымақтастық. Тіпті осы тақырыпқа арналып, жарияланған еңбектерге тез шолу жасаған сәтте байқағанымыз, оның қаншалықты авторлары болса, оған деген көзқарас та соншама көп екендігіне сендіреді» [1, 180-181 б.] деген пікірін ортаға салады.

Аталған пікір – бұл білім беру саласында білім беру субъектілерінің бірлескен іс-әрекеттегі

кәсіби коммуникациялық іскерліктерін қалыптастырудың жан-жақты зерттеліп жатқандығының айқын дәлелі. Осы ретте, психология ғылымдарының докторы, профессор Н.К. Тоқсанбаева өзінің «Қарым-қатынастағы кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық маңыздылығы» атты мақаласын негізге алуға болады. Ғалымның пайымдауынша, «мұғалімнің кәсіби қарым-қатынасында әрқашан бір-бірімен тығыз байланысты екі топқа бөлуге болады. Біріншіден, бұл оқыту мен тәрбиелеудің бірдей мақсатын, мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетін жүзеге асыратын, өткеннен қалған құндылықтың, қоғамдық сипатымен қатар салынған қарым-қатынастың жалпы принциптері. Екіншіден, қарым-қатынастың индивидуалды принциптері мұғалім стилі, яғни жеке білімдер, кәсіби тәрбиелер, қабілеттер негізінде өз іс-әрекетін жүзеге асыратын оқыту мен тәрбиелеудің нақты шарттары мен мүмкіншіліктеріне тәуелді, нақты тәсілдер мен құралдардың жиынтығы» ретінде сипатталады [2, 260-б.].

Соңғы кездері ғылымының дамуы - көптеген жаңашыл бағыттарды ұсынумен ерекшеленеді. Сол жаңа бағыттардың бірі – бағалау-бақылау, анықтау жұмыстарында тест-фреймдерді пайдалануды енгізу. Тест-фреймдерді пайдалану арқылы білім алушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамытудың маңызы зор. Осы уақытқа дейін ресейлік ғалымдар жұмыстың бұл түрін ЖОО-да студенттерге пайдаланып, оң нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізіп келген [3, 68-б]. Бақылау құралы бола отырып, сонымен қатар:

- ақыл-ой қабілеттерін;
- коммуникативті-когнитивтік қабілеттерін;
- интегративті-коммуникативтік іскерлік пен дағдыларын дамытуды

жүзеге асырады.

Фреймдер мазмұны жағынан «ассоциативтік байланыстар» және «семантикалық жазбалар» әдістемелеріне ұқсас келеді. Соған байланысты тест-фреймдерді сәйкестей отырып, аралас этнос өкілдерінен құралған топ тыңдаушыларының қарым-қатынас ерекшеліктерінің өзгеру динамикасын бақылауда пайдаландық. ЖОО тест-фреймдерді қарым-қатынас бірліктерін пайдалана отырып, жағдаяттар формасында құруға болады. Мұндай тесттерді қолдану барысында төмендегі көрсеткіштерді ұстану қажет:

- *қызметтік бағытталу көрсеткіші* – кәсіби қарым-қатынас жағдайында тек ақыл-ой тұрғысында ғана емес, сонымен қатар аналитикалық, проективтік, ойындық сипаттағы жағдаяттарды да жасау;

- *мәселелік бағытталу көрсеткіші* – мәселелерді шеше білу құзыреттілігімен қатар, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын жағдаяттарды моделдеу;

- *мазмұндылық көрсеткіші* – жағдаяттардың өмірлік тәжірибеге сай және белгілі бір мәселелерді шешуде пайдалы болуын ескере отырып, жасау.

Тәжірибелік жұмыс барысында кәсіби әрекетке байланысты тест-фреймдердің бірнеше бағыты құрастырылды:

1. Әзіл негізінде жасалған, бірақ ұлттық философиялық құндылықтарды пайдалана отырып, білім алушылардың әдеп өлшемдерін сақтауын анықтауға арналған тест-фрейм;

2. Сөйлеудегі сөздердің пайдалану орындылығын меңгеру деңгейлерін анықтауға арналған тест-фрейм;

3. Этностық қарым-қатынасқа вербальды емес коммуникациялық сигналдардың тигізетін әсерін анықтауға арналған тест-фрейм.

Аталған тестілердің негізгі сипаттамалары:

1. «Білім алушылардың дәрісханаларда әдеп сақтау ережелері» тест-фреймі.

*Мақсаты:* білім алушылардың әдеп сақтау өлшемдерін дамыту, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.

*Орындалу көрсеткіші:* топ тыңдаушыларының құрамына қарай ұлттық философиялық құндылықтарды өзара байланыстыру, берілген сөз тіркестерінің ассоциативтік ұқсастықтарын табу.



*Қалыптастыру көзделінген коммуникативтік дағдылар:* Ақпарат алмасу, тіл табыса білу, пікір алмасу білу, әр этностың ортақ мәдени ережелерін пайдалана алу.

2. Сөйлеудегі сөздердің пайдалану орындылығын меңгеру деңгейлерін анықтауға арналған тест-фрейм.

*Мақсаты:* мәтіндегі ақпараттық-коммуникативті бағытты айқындай отырып, коммуникация ережелеріне сәйкес трансформациялау; сөздердің пайдаланылу орындылығын сақтай білуді дамыту.

*Орындалу көрсеткіші:* қарым-қатынас әрекетін түрлі сөйлеу мәдениеті өлшемдеріне сай ұйымдастыра білу іскерлік-дағдыларын игерту.

*Қалыптастыру көзделінген коммуникативтік дағдылар:* субъект – субъект қатынасы ережелеріне сай коммуникация құралдарын меңгеру.

3. Этностық қарым-қатынасқа вербалды емес коммуникациялық сигналдардың тигізетін әсерін анықтауға арналған тест-фрейм.

*Мақсаты:* білім алушылардың ұлттық ерекшеліктеріне байланысты өзіндік спецификалық вербалды емес қатынас сигналдарын өзара дұрыс түсіне, қабылдай білуге дағдыландыру.

*Орындалу көрсеткіші:* вербалды және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын өзара сәйкестікте пайдалану; респонденттердің бірін-бірі түсіну қабілеттерін дамыту.

*Қалыптастыру көзделінген коммуникативтік дағдылар:* вербалды емес коммуникация құралдарын меңгеру.

Тәжірибеден алынған сапалық және статистикалық нәтижелер білім алушылардың қарым-қатынас іскерлік, дағдыларын дамытуда және коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда тест-фреймдердің едәуір пайдалы екенін көрсетеді.

Аталмыш тест-фреймдерді қолданбас бұрын ғалым Р.С.Немовтың «зерттеу жұмыстарындағы психолого-педагогикалық анықтау шынайы болуы үшін, сенуге болатын нақты нәтижелер алу мен олардың көмегімен дұрыс тәжірибелік қорытындылар шығаруға тиімді болуы үшін, психодиагностикалық әдістемелер ғылыми негізделуі тиіс» [4, 42-б.] және сонымен қатар, профессор С.М. Жақыповтың «оқу процесін ұйымдастыру жағдайында тұлғаның этникалық әлемін ескеру өзекті болып отыр, өйткені ол оның басқа да қасиеттерімен бірге білім алушылардың бірлескен танымдық әрекетінің дамуына және қалыптасуына әсер етеді. Бірлескен танымдық әрекетте өзара әрекетке түсуші және білім алушы тұлғалардың этникалық ерекшеліктерінің көрініс беруі жалпы ақпарат қорының субъективті-мағыналық мазмұнымен сипатталады» [5, 8-б.] деген пікірлерін басшылыққа алдық.

Ғалымдардың пікірлеріне сәйкес тест-фреймдерді пайдаланудың артықшылығы дұрыс тәжірибелік қорытындылар шығаруда және зерттелушілердің этностық ерекшеліктеріне қарай бейімдеуге қолайлылығында болып табылады. Әрі білім алушылардың қарым-қатынас, соның ішінде этностық қарым-қатынас жасау маңыздылығын арттыруға көмегін тигізеді. Себебі, қарым-қатынас – бұл тек әрекет емес, ол сонымен бірге әр қатысушының белсенділігі мен серіктестігінен туындайтын өзара әрекеттесу. Олай болса, осы жағдайда әр адам өзгелермен өзара әрекеттесу барысында қарым-қатынас іскерліктері мен өмірлік дағдыларды меңгереді. Осы тұста коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыратын арнайы дамыту бағдарламаларының маңызы зор.

Сонымен, адам – «әлеуметтік қоғамның негізгі өкілі». Ол өз өмірінде кәсіптік, туыстық, достық, ғашықтық, әріптестік және т.б. қарым-қатынас аумақтарында белсенді әрекет жасауға тырысады. Әрі осы аумақтарда қарым-қатынас үйлесімділігіне жетуге ұмтылады. Соның ішінде үйлесімді қарым-қатынас жасай білу көп жағдайда ЖОО жүйесіндегі оқу-тәрбие процесінің тиімділігін қамтамасыз етуге зор ықпал етеді. Білім алушылармен өзара әрекетке түсу – бұл талассыз әртістік өнер. Бір дәрістің өзінде үйлесімді қарым-қатынасты ұйымдастыруда шешуге тура келетін қаншама

коммуникациялық айла-әрекеттер, қарама-қайшылықтар, қақтығыстар, көкейтесті мәселелер туындайды. Осының барлығы қас-қағым сәтте ойластырылуы тиіс. Міне, сондықтан ЖОО-дағы оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекет арқылы байланысуы, әрине, жоғары коммуникативтік құзыреттілік болып есептеледі.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жақыпов С.М. Оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекет психологиясы (Оқу құралы). – Алматы: «Алла прима» ЖШС, 2008. - 216 б.
- 2 Тоқсанбаева Н.Қ. Қарым-қатынастағы кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық маңыздылығы // Философия тарихы: классика және қазіргі уақыт. Екінші Қасымжанов оқулары. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы. 2005. - 325 б.
- 3 Колетвинова Н.Д. Использование тест-фреймов как важного показателя уровня профессиональной подготовленности студентов педагогических вузов // Психологический наука и образование. - 2004. - №3. - С. 68-74.
- 4 Немов Р.С. Психология: Учеб. для студенто высш.пед.учеб.заведений: В 3 кн.: Психодиагностика. Введение в научное психологическое исследование с элементами математической статистики. 3-е изд. – М.: Гуманит.изд.центр ВЛАДОС, 1998. - 632 с.
- 5 Джакупов С.М. Проблемы обучения и развития личности в условиях полиэтнического окружения // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. №2 (11). - Алматы: Казак университеті, 2003. - 125 с.

### РЕЗИЮМЕ

В статье рассматривается использование и значимость тест-фреймов. Статья посвящена актуальной для современного образования проблеме - использование фреймов профессионально ориентированного тестирования. Статья предназначена для преподавателей вузов, занимающихся вопросами тестирования в различных вариантах. В ней содержатся отдельные элементы использования фреймов в контексте формирования профессиональной коммуникативности студентов.

### RESUME

The article is about the uses and importance of test frames. The article is devoted to an actual problem of modern education - the use of frames of professionally oriented testing. It is designed for professors involved in testing in various ways. It contains some elements of the frames in the context of forming the students' of professional communication.



### **Аннотация**

Мақалада білім беру үдерісіндегі танымдық белсенділіктің рөлі талқыланады. Қазіргі білім беру талабына сай танымдық белсенділікті компьютерлік технологиямен байланыстыру мәселесі де көтерілген. Студенттің білім сапасын көтеруге қатысты нақты ұсыныстар берілген.

*Түйін сөздер:* танымдық белсенділік, компьютерлік технология, білім шеберліктері, мотивация, индивид.

## **Д.Х. Байдрахманов**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті,  
пед. ғыл. канд., доцент

## **Студенттер бойында белсенділікті қалыптастыру мәселелері туралы**

Оқытудың әдістемелік белсенді негізі танымдық ілім болып табылады. Танымдықтың мақсаты – жеке тұлғаның санасындағы белгілі нақтылығында. Тәжірибелік және рухани әрекетте жеке тұлға өзін қоршаған әлемге әсерін тигізе отырып, өзінің қажеттілігі мен мақсаттарына сәйкестендіріп оны өзгертеді және таниды. Бұл танымдық үдерістің ең жалпы үлгісі. Алайда белсенді танымдылықтың ерекшелігінің мәні неде екенін түсіну үшін, субъектінің санасында танымдық нақты әлемнің көрінісінің екі деңгейінің барын (репродуктивті және продуктивті) бірінен-бірі танымдық үдерістің жүріп отыру айырмашылығы бар екенін атап кету керек [1].

Репродуктивті танымдық деңгейінде (оқыту материалы) сырт қабылдауға берілген күйінше қабылданады. Кейбір зерттеушілер репродукцияны бір енжар нәрсе сияқты қарайды, әрине ол шындыққа ұласпайды. Білім мен әрекеттің әдістерін меңгеруде студенттердің мақсатты бағытталған әрекеті, студенттер жағынан әр уақытта белсенді болып келеді, тек бұл белсенділіктің деңгейі әртүрлі болады. Сонымен бірге әрекеттің басқа элементтері болуы мүмкін. Дидактикалық көзқараста бұл әрекет бұрынғы өтілген материалдың бірнеше рет қайталануы, әртүрлі жаттығулар мен тапсырмалар орындау арқылы іске асады. Танымдықтың жоғары деңгейі – бұл өнімді, белсенді танымдық. Бұған тән, ең алдымен, студенттің оқыту материалына деген өзгешілік қатынасы. Осының барысында, тек қана оқыту ықпалы өзгермейді, сонымен бірге, оқыту мақсатына субъект-студент те өзгереді. Белсенді танымдық кезінде студент оқып-үйреніп жатқан материалдың мазмұнына жаңа сұрақтар қояды, оның мәселесін қалыптастырады, оны шешуге жаңа әдістер



іздейді. Таным студенттердің құбылыстар туралы терең білуге ғана емес, оны ерекше ұғынуға, меңгеріп жатқан білімге және танымдық үдеріске қатынасына бағытталған. Белсенді танымдық әрекетте, яғни тек білімді, білік пен дағдыны меңгеру қалыптаспайды, сонымен бірге танымның нәтижесі мен құнды қатынастар пайда болады [2].

Танымдық белсенділік жеке тұлғаның әрекетінде қалыптасады. Бұл ұғымдардың арасындағы қарым-қатынасты шамалы тура келгендік қатынас деп білуге болады. Бұл танымдық белсенділік оқытудың қарқындалуы мен мәнін белгілейді. Бұл танымдық әрекетте қалыптасып анықталады, бірақ бұл құбылыстар (ұғымдар) ұқсас деген нәрсе емес. Танымдық белсенділіктің құрылымында жеке тұлғаның сапасы ретінде келесі компоненттер ерекшеленеді: оқу тапсырмаларын дайындауға әзірлік; өзіндік әрекетке ұмтылыс; тапсырма орындаудағы саналылық; оқытудың жүйелілігі; жекелік деңгейді көтеруге ұмтылыс және тағы басқалар.

Студенттерді оқыту мотивациясының тағы бір маңызды жағы, белсенділікпен байланыста болады – бұл дербестік, оқыту анықтамасымен байланысқан, әрекет құралдары, оқытушының көмегінсіз студенттердің өздерінің іске араласуы. Танымдық белсенділік пен студенттердің дербестігі ажырамайтын зат: белсенді студенттер, әдеттегідей көбіне дербес; студенттің жеткіліксіз жекелік белсенділігі оны басқалардан бірте-бірте дербестіктен айырады [3].

Танымдық әрекеттің белсенділігін оқытудағы құралдары мен әрекеттерін табу мәселесі ғасырлар бойына жалғасады. Жастарды тәрбиелеуде ежелгі грек философы Сократ эвристикалық әңгімені пайдаланған. XVII-XIX ғасырдың педагогтары Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, Ж.Ж. Руссо, А. Дистерверг, К.Д. Ушинский және тағы басқалар оқытушының негізгі жұмысы – студенттерді өзінше ойлау, зерттеу ізденістеріне бейімдеу деп санаған. Олар дамып келе жатқан оқытудың дидактикасын жасаған. А.Дистерверг былай деп жазған “нашар оқытушы шындықты хабарлап қояды, ал жақсы оқытушы оны табуға үйретеді”.

Қазақтың ағартушылары А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, қоғамдық қайраткерлер және педагогтер А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов өздерінің еңбектері мен тәжірибелік әрекеттерінде тәлім алушыларды шығармашылығын дамытуға, ойларын жүйелеуге шақырған. Кеңес әдіскерлері мен психологтары Л.С. Выготский, Б.Г. Есипов, Л.В. Занков, В.В. Давыдов, Р.Г. Лемберг, И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин дамып келе жатқан оқытудың тәжірибесі мен теориясына және студенттердің танымдық әрекетінің белсенділігіне үлкен, зор үлестерін қосты.

Дәл қазіргі кездегі мәселе білімнің кең көлемді қоры жиылған студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастыру. Солардың ішінде ең маңыздысына тоқталайық:

1) Әрекеттік жақындасу студенттерді танымдық әрекетке тәрбиелеу. Әрекеттік жуықтаудың негізіне әрекет теориясы жатады. Оның негізі: жеке тұлға әрекетте қалыптасады (бұл туралы Қытай даналығында былай делінген: “Маған айт – мен ұмытып қаламын; маған көрсет – мен есімде сақтаймын; маған өзіме жасауға бер – мен үйренемін”). Оқыту үдерісін ұйымдастыратын оқытушыларға әрекеттің құрылымын білу өте маңызды. Оның негізгі түрлері: мотиві, мақсаты, мәселелер, мазмұны, құралдары, әдіс-тәсілдері және қорытынды. Бұлай дегеніміз, оқытушы көптеген құралдар арқылы студенттің ойлау қабілеті, тәжірибелік шамасына әсер ету керек. Осы компоненттердің барлығын оқытушымен бірге студент те меңгеруі керек.

Педагогтерге сонымен бірге студенттер әрекеттерінің негізгі түрлерін білу керек: оқыту-танымдық, әлеуметтік, еңбек, ойын, талғамдық, денешынықтыру-сауықтыру. Әрекеттің барлық осы түрлері оқытушы мен студенттің өзара қатынасынан тұрады. Әрекеттің бұл түрлерін өзара байланыстыру өте маңызды.

2) Гуманистік психология және педагогика ілімдеріндегі жеке-бағытталған жуықтау төмендегі салаларда қалыптасады (К. Роджерс):



- Индивид үнемі ауысып отыратын әлемнің ортасында өмір сүреді. Оған қоршаған әрекетті қабылдаудың жеке әлемі өте маңызды; бұл жекелік әлем әлі сырттан ешкім танып білмеген.

- Қоршаған әлемге адам жеке қабылдау және түсіну арқылы қатынас жасайды.

- Адам өзінше түсінуге және өзінше пайдалануға ұмтылады; өзіндік жетілдіруге ішкі қажеттілік қасиеті болады. Жеке тұлғаның дамуы үшін қажет өзара түсіністік, тек қарым-қатынас жасау қорытындысында ғана толық жетеді.

- Өзіндік жетілу, даму – ол қоршаған ортамен, басқа адамдар байланыста болады. Адамға тура және жасырын байланыстар нәтижесінде пайда болатын, оның өзіндік түсінігін шығаратын сырт көздің берген бағасы өте маңызды, студенттің өзіндік толымдық әрекетінде оқытушы жеке бағытта оқыту жағдайында ең зор ұйымдастырушы-нұсқалық жоспарлар, дифференциалды әдістер, шығармашылық үй тапсырмалары, сабақтан тыс студент әрекетін ұйымдастыру арқылы жоғарғы сапаға жетеді. Жоспарлаумен бірге педагогика әдістері кіреді.

3) Оқыту үдерісіне деген зерттеушілік өткендегі іс-әрекетпен байланысты. Атап айтқанда, өзіндік танымдық студенттің әрекетін қамтамасыз етеді, ойлау қабілетін дамытады, өзіндік білім алуға дайындайды. Студенттерді зерттеу үшін әртүрлі іздену әдістері қолданылады (эврика-іздену): ізденіс, шешім (оқытушының басқаруымен), ережелер, формулалар, түсініктер, лабораториялық және тәжірибелік жұмыстар, бақылаулар. Жоғары оқу орындары тәжірибесінде жеке және ұжымды түрде оқыту жұмысының топтық ізденіс түрлері, әдістері.

Мәселелеп оқыту (проблема қою) – ізденіс танымдық әрекеттің негізгі құралы. Мәселелеп оқытудың қайнар көзін Сократтың ізденіс әңгімелерінен көруге болады, бұл жерде ол сұрақ қою және әңгімені қисынды құрастыру арқылы өзінің студенттерін қарама-қайшылыққа, әрі қарай тиісті қорытынды жасауға жетектейді [4].

Қазіргі кездегі ізденіс ойлау құралдары бойынша педагог пен психологтардың зерттеулері (Ю.Н. Кулюткин), мәселелеп оқытуда (И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, В.Н. Максимова, В. Оконь) студенттердің ізденіс зерттеу жұмыстарын шешуде танымдық әрекеттері басқаша екенін көрсетеді. Ізденіс әрекеті бірқалыпты жүріп отырады, кей жерде айқын көрінеді (О.К. Тихомиров). Бүкіл мәселелеп оқытудың мәні ерекше жағдай оқу үдерісінде пайда болады, студент белгілі шешімге келе алмай, не болмаса қатыса алмайды. Мәселелі жағдайда студенттің білімі мен алдына қойған міндеті арасында қарама-қайшылық туындайды. Мәселелеп оқыту - мәселені қою және сезіну, одан әрі қарай мәселені шешудің дұрыстығын тексеруден тұрады. Бұл кезде ізденіс әңгімелері, дискуссия (пікір-талас), мәселелі мазмұндамалар және тағы басқа жұмыс түрлері пайдаланылады.

4) Оқытуды компьютерлеу. Компьютер дегеніміз – маманның еңбегінің нәтижесін сапалы өзгертіп отыратын құрал. Адамның танымдылығының құралы ретінде компьютердің қолданылуы білімнің пайдалану мүмкіндіктерін көбейтеді, ойлау әрекетінің жаңа формаларын дамытуға жағдай жасайды, оқыту сапасын арттырады.

Бірінші сатыда компьютер оқу әрекетінің пәні болып табылады, оны меңгере отырып, студенттер осы техниканың жұмысы туралы білім алады, оның дағды-білігіне үйренеді, оператор жұмысының дағдыларын меңгереді.

Екінші сатыда компьютер тілді оқытуда да басты құрал болып табылады. Компьютер оқытуда пайдаланылатын қосымша техникалық құрылым ғана емес, сонымен бірге ол тиісті жоспарлауды қамтамасыз етеді. Бұл жерде мәселенің бір жағын – құрастыру және компьютерді қосуда көптеген қиыншылықтарды жеңе отырып – инженер орындайды, ал екіншісін – педагог; себебі ол компьютердің жұмысына қонымды негізделген дидактикаға сәйкес оқытудағы адам әрекетін реттейді.

5) Компьютердің келесі бір қиындығы оның құрамы дидактикалық жүйеден басқалармен қатар тұрғандығында (мақсаттары, мазмұны, әдістері, студент пен

оқытушының әрекет тәсілдері). Бұлар өзара тығыз байланыста, біреуінің артынан екіншісі жетектейді. Гигиеналық нормаларды сақтамаудың компьютермен жұмыс істеу барысында студенттің денсаулығына үлкен зардабын тигізетінін де естен шығармау керек. Сонымен бірге компьютермен жұмыс студент пен оқытушының қарым-қатынасының орнын толықтыра алмайды.

6) Қазіргі кезде дифференциалдап оқыту кең көлемде қолданылады. Бұл жерде маңызды жуықтау аясы студенттердің әртүрлі білімінің дамуының көкейкесті деңгейіне сүйену, сонымен бірге “жақындап дамуының шекарасы” біртіндеп әрқайсысының білімді меңгерудің жаңа әдістеріне көшіріп отыру. Бұл жуықтаудың қиыншылығы – білім бағдарламасын, дағды мен білікті, пәндік жүйеде әрқайсысы меңгеру керек. Бұл меңгерудің деңгейі әртүрлі дәрежедегі студенттер үшін жоғары болуы керек. Ешқандай есту, көру, сөйлеу және қабылдау кемістігі жоқ әрбір студентке бұл жуықтаудың көмегі, ол яғни барлық нақты танымдық әрекеттің жоғары деңгейдегі мүмкіндіктеріне иегер бола алады деген сөз.

7) Студенттердің белсенділіктерінің бір бағыты болып ұжымдық танымдық әрекет болып саналады (М.Д. Лийметс, Г. Қусайнов, Н.Н. Хан). Педагогикалық әдебиеттерде қарым-қатынас мәселесі, оқу үдерісіне қатысушылардың өзара қатынасы айқын баяндалған. Студенттердің ұжымдық танымдық әрекеті дегеніміз – бұл студенттердің біріккен әрекеті, студенттер ортақ тапсырма орындауда өз істерін үйлестіріп, жұмысты өзара бөліп әркімнің міндетін оқытушы ұйымдастырып беретін, яғни іскерлік тәуелділік жағдай пайда болады, білімді меңгеруде өзара қарым-қатынас ұйымдастырылады, аса бағалы тәжірибе алмасу жүреді (Н.Н. Хан), ұжымның танымдық әрекеті сабақта да сабақтан тыс уақытта да педагогикалық үдерісте жүріп отырады. Ұжымдық танымдық әрекетті ұйымдастыру оқытушыдан тек теориялық немесе әдістемелік дайындықты қажет етпейді, сонымен бірге белсенді студенттермен маңызды жұмыс жүргізуді талап етеді (ассистенттер, консультанттар, кітапханашылар). Сонымен, ұжымдық танымдық әрекет қазіргі дидактика ізденіс және әртүрлі жуықтауларды шешудегі оқыту үдерісінің сан қырлы мүмкіндіктерін ашады.

Ағылшын тілін оқытуда танымдық қызығушылықты қалыптастырудың орны ерекше болып табылады. Қызығушылық (латынша interest-мәні бар, маңызды) – адам ерекше сезінетін қимылдың нақты себебі. Қызығушылықты жеке тұлғаның өз әрекетіне бағалық қатынасы деп анықтауға болады. Студенттің танымдық қызығушылығы – танымдық саласына қатынасынан пайда болады. Оқуға, білуге деген қызығушылық танымдық белсенділіктің қозғаушысы екені белгілі. Л.С. Выготский былай деген: “Ең алдымен студентті іс-әрекетке тарту үшін, сен оны қызықтыр, оның бұл әрекетке дайын екенін білу үшін қамқорлық жаса, осыны іске асыру үшін барлық күшін салатынын және студент өзі қимылдайтынын, ал оқытушы болса тек сол әрекетті басқарып, бағыттап отыруы керек. Студенттердің танымдық қызығушылығы олардың білім сапасы мен даму деңгейіне байланысты, ойлау әрекетінің әдістерінің қалыптасуына тәуелді”. Ынта-ықылас (интерес) - (лат. Interest – мағынасы болу, маңызды) әрекеттің адам аса маңызды деп түсінетін шынайы себебі. Ынта-ықыласқа субъектінің өз іс-әрекетіне дұрыс баға беру қатынасы деген анықтама беруге болады. Танымдық ынта-ықылас студенттің таным объектісіне деген эмоционалды қатынасында көрінеді. Оқуға деген ынта-ықыластың танымдық белсенділіктің қозғаушысы екені белгілі. “Студентті қандай да бір іс-әрекетке шақырғын келсе, ең алдымен оны қызықтыру керек, оның осы іс-әрекетке әзір екенін; осы іс-әрекет үшін қажетті барлық күш-жігерінің жиналғанын; студенттің өз бетінше әрекет ететінін, оқытушы тек оның іс-әрекетін басқарып, бағыттайтын болады, осының бәрін анықтап алу керек” [5].

Студенттердің танымдық ынта-ықыластары олардың білімінің деңгейі мен сапасына, ойлау іс-әрекеті әдіс-тәсілдерінің қалыптасуына байланысты. Студенттердің ынта-ықыласы олардың оқытушыға деген қатынасына да байланысты. Жақсы көрген және



сыйлайтын оқытушыларды студенттер ынта-ықыласымен оқиды. Танымдық ынта-ықылас әуесқойлықтан басталады, алайда ол тез арада жарқ етеді де, солайша кенеттен сөніп қалады. Терең білім беруді бұндай әуесқойлық негізінде ұйымдастыруға болмайды. Студенттің әуестігін ояту үшін тартымды бастау, әсерлі сюжет, оқиғаның күтпеген арнаға түсуі, мәселелік жағдай сияқты тәсілдер қолдану ұсынылады [6].

Танымдық іс-әрекетке деген ынта-ықыласты оятуда келесі қызметтердің маңызы зор: оқудағы жетістікті қамтамасыз ету: студенттердің артта қалуының алдын алу; «қауіп-қатер балаларының» диагностикасы; үлгермеушілікті болдырмау; оқу материалының мазмұны (тарихи сапарлар, өмір тәжірибесінен мысалдар, мемлекеттік стандарт шегінен асу, т.б.); білім берудің әртүрлі формалары мен әдістері, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану; оқытушының студенттерге қатынасы; студенттер ұжымының қоғамдық пікірі; ақыл-ой қабілеттілігі мен жалпы оқу біліктерін дамыту.

Жоғарыдағы мәселелерді қорыта келіп, мынадай тұжырымға келуге болады: Жетістік – адамның белсенді іс-әрекетінің ең маңызды қозғаушы күші. Бұл психологиялық феномен студент шақта басқа себеп-сылтаулар мен ынталандырушылары әлі тұрақсыз немесе тиянақсыз болғанда ерекше көрініс табады. Үлгерімі нашар, өз қатарынан артта қалған студенттің оқуға деген ынта-ықыласы тез жойылады, оның сабақтағы танымдық белсенділігі төмендеп кетеді. Қорытындылай келе, студенттерде пайда болатын қиындықтарды анықтай отырып, студенттердің танымдық белсенділігін күшейту үшін компьютерлік технологияның барлық мүмкіндігін және педагогикалық бағдарламалық құралдарды пайдалану маңызды деген ұғымға келдік. Ағылшын тілін оқып үйретуде компьютерлік технологияны пайдаланудың жаңа амалдарын жүзеге асыру студенттердің шығармашылық қабілеттері мен логикалық ойлауын дамытуға елеулі әсер ететініне, сондай-ақ студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастыратындығына көз жеткізуге болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Крысько В.Г. Психология и педагогика в схемах и комментариях. - СПб.: Питер, 2006. – 320 с.
- 2 Ashman A. F., Conway R.N. Introduction to cognitive education: Theory and Applications. - London: Routledge, 1997. - P. 283.
- 3 Slater P. Multimedia in language learning. - London: Centre for information on language teaching, 2001. - P. 74.
- 4 Смаилов С.С. Условия активизации познавательной деятельности студентов технического вуза. - Алматы, 1997. – 197 с.
- 5 Выготский Л.С. Развитие высших психических функций. - М.: Изд. АПН РСФСР, 1960. – 500 с.
- 6 Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. - Алматы, 2003. - 144 б.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль познавательной активности студентов в учебном процессе. Исследуются проблемы формирования познавательной активности студентов посредством компьютерной технологии. Анализируются вопросы, касающиеся учебных достижений студента.

## RESUME

The role of informative activity in the educational process is considered in the article. Problems of formation of informative activity of students by means of computer technology are investigated. The questions concerning the educational achievement of the student are analyzed.

УДК 159.92.8

**С.А. Мурзина**

Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова, канд. пед. наук, доцент

**Л.Н. Навий**

Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова, канд. пед. наук, доцент

**М.Б. Жантемирова**

Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова, магистр педагогических наук

## **Психологическое сопровождение адаптации студентов-первокурсников, прибывших из южных регионов по программе «Серпін-2050»**

**Аннотация**

Статья посвящена вопросам адаптации студентов и экспериментальному опыту апробации коррекционной программы психологического сопровождения адаптации студентов-первокурсников, прибывших в КГУ им. Ш.Уалиханова из южных регионов по программе «Серпін-2050».

*Ключевые слова:* программа «Серпін-2050», адаптация студентов-первокурсников, критерии психологической адаптации, психологическое сопровождение.

В Послании Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Нұрлы жол» от 12 ноября 2014 г. Н.А. Назарбаев называет молодежь опорой будущего, перед которым государство открывает все новые возможности для самореализации [1]. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы подчеркивает, что успешными экономиксами будущего будут те, которые инвестируют в образование, навыки и способности населения. Образование необходимо понимать как экономические инвестиции, а не просто как затраты на социальные нужды [2].

Одной из новых в Казахстане программ, реализующих данные приоритетные направления, является образовательная программа «Серпін–2050» (в переводе слово «серпін» означает «рывок», «размах»). Основной целью является «популяризация специальностей, востребованных в регионах на основе перспективных планов индустриализации страны, и эффективное распределение трудовых ресурсов среди молодежи. В рамках программы индустриализации определены 10 вузов, на базе которых будет обеспечиваться связь науки с отраслями экономики и подготовка кадров» [1].

В рамках данной программы в 2014 году 150 выпускников школ южных регионов страны (Алматинской, Южно-Казахстанской, Жамбылской, Кызылординской областей) пополнило ряды первокурсников Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова.



Администрацией вуза, психологической службой вуза, кафедрой педагогики, психологии и социальной работы была организована системная работа по сопровождению процесса адаптации этих студентов.

В психологии известно, что такие жизненные события, как начало обучения в учебном заведении, изменение условий жизни, перемена места жительства могут являться источниками стресса для многих людей. Кроме этого, существенное влияние на процесс адаптации студентов из южных регионов в северной области страны оказывают некоторые различия менталитета северного и южного регионов страны. Вопрос особенности менталитета ранее уже изучался такими казахстанскими учеными, как Кшибеков Д., Калмырзаев А., Бейсенбаев Е. и другие. Они рассматривают менталитет как совокупность особых характерных черт, исходящих из интеллектуальной, умственной, психологической способностей наделенных историческими, геополитическими, климатическими, этнографическими, этническими и бытовыми условиями жизни людей. Согласно исследователям, на менталитет человека оказывают влияние разные факторы: среда, климат, географический ландшафт, общество, религия, обычаи и традиции, природа в целом [3, 4].

Методологической основой данного исследования является системный подход к проблеме адаптации, согласно которому протекание процесса адаптации и его результат проявляется во всех значимых сферах жизни индивида и на всех уровнях: социальном, социально-психологическом, психологическом, психофизиологическом, биологическом. Предметом нашего исследования мы определили психологическую адаптацию студентов из южных регионов к обучению в вузе в северных областях страны.

Целью данного исследования является выявление психологических факторов адаптации, позволяющих достичь положительных результатов в процессе учебно-воспитательной деятельности и межличностного общения студентов из южных регионов в новых условиях. Кроме этого, авторами ставилась задача разработать и применить коррекционную программу «Адаптация студентов-первокурсников из южных регионов «Серпін-2050».

Остановимся на некоторых ключевых теоретических положениях исследования. Одним из важных социальных факторов, оказывающих влияние на поведение студента первого курса, на его взаимоотношения с другими учащимися и преподавателями вуза, является произошедшая смена социальной ситуации, необходимость привыкания к новым условиям обучения, освоения новой социальной роли – студента высшего учебного заведения [5]. В этот период происходит перестройка всей системы ценностно-познавательных ориентаций личности, осваиваются новые способы познавательной деятельности и формируются определенные типы и формы межличностных связей и отношений. Адаптация первокурсника напрямую обуславливает психологический комфорт, учебную мотивацию, направленность и характер учебной деятельности на старших курсах [6].

Критериями успешной психологической адаптации являются эмоциональный комфорт; высокая степень удовлетворенности отношениями с окружающими, социальным статусом, основными формами деятельности, реализацией основных потребностей, самореализацией; низкий уровень ситуативной и личностной тревожности, самопрятие, адекватные самооценка и уровень притязаний, минимальное разведение Я-реального и Я-идеального, самооценки и уровня притязаний [6].

Исследование адаптации студентов-первокурсников, прибывших из южных регионов по программе «Серпін-2050», началось с диагностического этапа, который включал выявление объективных и субъективных источников дезадаптации, исследование тревожности. 140 студентов-«серпінцев» в возрасте 17-19 лет были опрошены с помощью разработанной нами анкеты для выявления трудностей объективного и субъективного характера как возможных источников дезадаптации. В результате анкетирования было

выявлено, что 78 % первокурсникам нравится обучаться в нашем вузе, 15% ответили, что не нравится, 7% затруднились ответить. На вопрос: «С какими трудностями Вы столкнулись в период адаптации?» 61 % студентов ответили, что возникла проблема коммуникативного характера, психологическая неготовность к студенческой жизни - 23%. 8% считают, что ошиблись в выборе специальности, 2% сменили бы место учебы, если бы представилась возможность, 6% назвали другие трудности.




Рисунок 1 Трудности в период адаптации

Для определения уровня тревожности мы применили диагностическую методику Дж.Тейлор, адаптированную Т.А.Немчиной.




Рисунок 2 Исследование уровня тревожности

Были получены следующие результаты: очень высокий показатель тревожности испытывает 1 человек, что составляет 2 %; высокие показатели тревожности испытывают 22 человека, что составляет 44%; средний, с тенденцией к высокому, показатель тревожности испытывают 14 человек, что составляет 28%; средний, с тенденцией к низкому, показатель тревожности испытывают 12 человек, что составляет 24%; низкий уровень тревожности испытывает 1 человек, что составляет 2%. Таким образом, большинство студентов испытывают высокий показатель тревожности.

Также мы выявили высокую потребность студентов в психологической помощи. Так, необходимость в общении с психологом в стенах вуза указали 67% опрошенных. Наилучшей формой общения с психологом студенты избрали психологические тренинги – 59,4 % и индивидуальные консультации – 40,6%.

На основании полученных результатов нами были сделаны следующие выводы: большая часть респондентов (61%) испытывают коммуникативные трудности, большинство (72%) имеют повышенную тревожность, 67% имеют высокую потребность психологического сопровождения.

Данные выводы определили основные направления коррекционной программы. Целью программы стало создание условий для успешной социально-психологической



*адаптации* студентов, прибывших по программе «Серпін-2050». Для достижения поставленной цели были определены следующие задачи:

1. Создание благоприятного психологического климата в учебных коллективах.
2. Предупреждение и снятие у первокурсников психологического дискомфорта, возможного в условиях проживания в общежитиях.
3. Формирование интереса и ценностного отношения к нашему краю через развитие позитивных представлений о нем.

Для решения первой задачи мы применили тренинговые упражнения, направленные на формирование и развитие коммуникативных навыков («Молекулы», «Три товарища», «Зеркало» и др.), установление доверительных отношений («Колокол», «Скала»), повышение стрессоустойчивости («Ресурсы») и т.д.

Решить следующую задачу нам позволили тренинговые занятия, направленные на улучшение эмоционального состояния, снятие внутренних зажимов и поиск внутренних ресурсов («Ассоциированные *состояния*», «*Свой темный угол*» «Найди себя», «Я самый...»). Эффективным способом трансформации негативных переживаний, коррекции самоидентичности оказалось применение методики Л. Лебедевой из области арт-терапии («Истории в картинках», «Куклы»). Свойственную многим первокурсникам тоску по дому позволило проработать упражнение «Семья в образе цветов», что содействует восстановлению психического равновесия и гармонизации эмоционально - чувственной сферы личности.

Важным пунктом в нашей программе было осуществление обратной связи, в ходе которого происходило самопознание студентов, формировалось реалистичное представление о себе, о собственном поведении. Также большое значение уделялось беседам, индивидуальным и групповым психологическим консультациям.

И для решения третьей задачи, наряду с психолого-педагогическими, нами были использованы художественные методы и средства работы. Организованы поездки по историческим местам, изучение музейных экспонатов и материалов о жизни и творчестве Шокана Уалиханова. Также просмотр фильмов о Кокшетау, посещение Борового с последующим обсуждением личных впечатлений в виде эссе, знакомство с литературными произведениями наших земляков, такими как С.Жунусов, М. Габдуллин, С. Торайгыров и др. Вышеназванные мероприятия способствовали повышению интереса и формированию ценностного отношения к нашему краю, что обеспечило еще большее внутреннее принятие студентами из южных регионов новых условий жизнедеятельности.

В целом, коррекционная программа была рассчитана на два месяца систематической работы в общежитиях и на кураторских часах. Важно отметить, что во всех мероприятиях коррекционной программы практическим психологам вуза активно помогали студенты специальностей «Психология», «Педагогика и психология» – члены психологического клуба «Инсайт» КГУ им. Ш.Уалиханова.

В ходе занятий студенты смогли осознать, что причиной конфликтных ситуаций и дискомфорта во взаимоотношениях с окружающими является неправильно построенное взаимодействие. Следующим шагом было проигрывание каждым студентом новых стилей общения, при поддержке группы находились новые, более этичные, пути выхода из конфликта.

Положительную динамику внутреннего состояния студентов и их взаимоотношений с окружающими демонстрировал и анализ продуктов деятельности в ходе арт-терапии – рисунков, работ из пластилина, фольги и др. Анализ позволил сделать вывод, что внутреннее состояние участников стало более спокойным, значительно снизилась тревожность, изменилось отношение к окружающим.

Для получения обоснованных выводов в декабре был проведено вторичное диагностическое исследование. По всем исследуемым критериям отмечалась положительная динамика. Так, снизился показатель коммуникативных проблем у



студентов. На вопрос: «Существуют ли трудности в общении?» только 13% студентов ответили «Да», 85% - «Нет», 2% студентов затруднились ответить.




Рисунок 3 Существуют ли трудности в общении?

Исходя из сравнительного анализа, существовавшие трудности в общении стали совсем незначительными. Студенты преодолели барьеры в общении, так как мощное социализирующее воздействие на личность студента оказывает сама студенческая среда, особенности студенческой группы, в которую он входит, особенности других референтных групп.

Анализ эффективности проведенной работы показал, что, помимо использованной психологической коррекционной программы, мероприятиями, обеспечивающими успешную адаптацию студентов из южных регионов страны, являются активное привлечение студентов к культурно-общественной жизни университета, работа кураторов, просветительские обзоры и экскурсии по достопримечательностям северного края и т.д. Именно такой системный подход к организации адаптационного сопровождения студентов в нашем вузе и позволил получить 85% положительных ответов на повторный вопрос: «Нравится ли Вам учиться в нашем университете?». Стоит отметить, что в сравнении с первым срезом положительные ответы на данный вопрос увеличились на 7%. Отсутствие отрицательной динамики можно считать важным показателем успешной адаптации первокурсников.



Рисунок 4 Нравится ли Вам учиться в нашем университете?

В ходе бесед и индивидуальных консультаций было выявлено положительное оценивание студентами психологического климата в учебном учреждении. Для его описания студенты использовали такие определения, как «доброжелательность», «легкость», «активность», «комфортность», «поддержка», «интерес», «понимание», «искренность», «дружелюбие», «открытость». Более того, 80% студентов отметили отношения с одногруппниками как доброжелательные, 10% – конфликтные, 10% – нейтральные. На вопрос: «Хорошо ли себя чувствуете среди студентов КГУ им.Ш.Уалиханова?» 72% ответили – «да», 11% – «нет», 17% – «затруднились ответить».



Вместе с тем, мы считаем важным развитие коллаборативного сотрудничества между вузами с целью дальнейшего исследования адаптирующейся личности и динамики адаптационного процесса взаимодействия личности каждого студента и социальной среды.

Задачей сегодняшнего дня, на наш взгляд, должен стать мониторинг субъективных и объективных факторов проявления адаптивных взаимодействий студентов, среди которых мы выделяем:

1) мотивационный блок, выявляющий причины, побудившие и вызвавшие активность личности в выборе решения на переезд;

2) эмоционально-личностный блок, выявляющий непосредственное переживание личностью в виде чувства эмоционального комфорта в данной среде;

3) социально-деятельностный (поведенческий) блок, выявляющий процесс и результат усвоения нового социального опыта, осуществляемый в общении и деятельности, культуре и традиции, выбор варианта поведения;

4) рефлексивный блок, выявляющий степень осознанности восприятия реальности, личностных позиций, ценностных установок, представлений о перспективах на будущее.

Координации деятельности вузов по психологическому сопровождению учебно-воспитательного процесса студентов, прибывших по программе «Серпін-2050», потребует и решение задачи ближайшего будущего – трудоустройства будущих выпускников-«серпінцев» в северных регионах страны.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Послание «Нұрлы Жол» Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 12.11. 2014 г. // Казахстанская правда. – 2014. – № 2.
- 2 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы // Вестник КРМУ. – Актөбе. – 2013. – №4.
- 3 Кшибеков Д.К. О казахском менталитете // Вестник КазГУ. – 2000. – № 2. – С. 147.
- 4 Калмырзаев А.С. Национальный менталитет и национальный дух // Мысль. – 2000. – № 8. – С.25.
- 5 Андреева Д.А. О понятии адаптации. Исследование адаптации студентов к условиям учебы в вузе // Человек и общество. – М., 1973. – С. 25-27.
- 6 Агеев В.С. Межгрупповое взаимодействие. Социально-психологические проблемы. - М.: Изд-во Гардарики, 2000. – 256 с.

## ТҮЙІН

Мақала «Серпін-2050» бағдарламасы негізінде оңтүстік өңірлерден Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетіне келген бірінші курс студенттерінің бейімделуі және оларға психологиялық қолдау бағдарламасының эксперименттік тәжірибесі мәселелеріне арналған.

## RESUME

This article is devoted to the problems of students' adaptation and experimental experience of correctional programs' approbation of psychological support of the first year students' adaptation, who entered Sh.Ualikhanov Kokshetau State University from the Southern parts with the help of "Serpін-2015" programme.

ӘОЖ 366. 63:159. 955 (057.87) (045)

### **А.М. Мұратбекова**

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, пед. ғыл. канд., доцент

### **А.Ш. Альбекова**

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, филол. ғыл. канд., доцент

### **Г.Т. Омарова**

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, магистр

## **Студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы сын тұрғысынан ойлау технологиясының маңызы**

### **Аннотация**

Мақалада сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы студенттердің бойында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру туралы айтылады. Кез келген тілді меңгеру, сөйлесім білігі мен дағдыларын игеру, белгілі бір дәрежеде тілдік қатынасқа қол жеткізу қатысымдық құзыреттілікке ие болу дегенді білдіретіні баяндалады.

*Түйін сөздер:* құзыреттілік, қатысымдық, тілдік қатынас, ой-толғаныс, сыни ойлау, шығармашылық жұмыс, жеке тұлға.

Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне енуі отандық білім дамуының стратегиялық жоспарын әзірлеуді және ұлттық білім жүйесінің жетістіктері мен білімнің дамуындағы жалпы әлемдік үдерістерді негізге алатын озық үлгісіне көшуді талап етуде. Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту Тұжырымдамасында: «Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне бірінші кезектегі міндеті жоғары білікті мамандарды оздыра даярлау болып табылатын, оны айрықша сала ретінде түсінуді көздейтін жаңа сапа мен қоғамдық мәртебе, икемділік пен бейімділік беру қажет. Жоғары білім берудің мақсаты – қоғамның, мемлекеттің және жеке тұлғаның сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, әрбір адамға оқытудың мазмұнын, нысанын және мерзімдерін таңдауға кеңінен мүмкіндік беру» делінген [1]. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі айрықша өзгерістер оны «адамның еркін дамуына» оның жоғары мәдениетін, шығармашылық белсенділігін, дербестігін, бәсекеге қабілеттілігін, бейімделгіштігін дамытуға бағыт береді. Жоғары оқу орындарында оқытудың басты мақсаты – жеке тұлғаны қазіргі уақыт талабына, қоғамның сұранысына байланысты болашаққа қызмет ететін кәсіби білімді мамандарды даярлау. Сондықтан кәсіби мамандануға ойдағыдай нәтижеге жетуге, уақытты дұрыс пайдалануға, студенттердің өз бетімен ізденіп жұмыс жасауына, коммуникативтік құзыреттілігін дамытуына мүмкіндік жасалады.

Осы тұрғыда оқыту үдерісінің практикалық мақсатын жүзеге асыру кезеңінде студенттердің сын тұрғысынан ойлауын, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру маңызды рөл



атқарады. Өйткені сыни тұрғыдан ойлау студенттердің білім алуында жаңа фактілерді, мысалдарды бұрынғы оқығандарымен салыстыру арқылы танымдық белсенділіктері мен ойлау қабілеттерін арттыруға зор ықпалын тигізеді. Атап айтқанда, кез келген тілді меңгеру, сөйлесім білігі мен дағдыларын игеру, белгілі бір дәрежеде тілдік қатынасқа қол жеткізу қатысымдық құзыреттілікке ие болу дегенді білдіреді. Ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, «коммуникация», «қатысымдық», «коммуникативтік құзыреттілік» терминдеріне тоқталатын болсақ, «коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» - қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды.

Тіл – коммуникация мақсатында қызмет ететіндіктен, «коммуникация» термині бірнеше мағынаны білдіреді. Ф.Ш.Оразбаеваның пікірінше, «коммуникация» («қатысымдық») сөзінің негізгі мазмұны «жалпы қарым-қатынас», «араласу», «хабарласу», «байланыс» деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу үдерісін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілік болып табылады [2, 39]. Бұдан автордың «коммуникация» сөзін «қатысым» деп танып, қазақ тілін оқыту әдістемесінде жаңадан «тілдік қатынас», «тілдік қарым-қатынас», «тілдесім», «жазылым» және т.б. терминдерін тілдік айналымға енгізгенін көреміз. «Тілдік қатынас дегеніміз тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы; қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысуы, түсінісуі; яғни адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсуі тілдік қатынас дегенді білдіреді» деп көрсетеді ғалым Ф.Ш.Оразбаева [2, 39].

Тілдік қатынастың негізгі мамұны мынадай құрамнан тұрады: Белгілі ақпаратты хабарлайтын – *Баяншы*.

Ақпаратты жеткізетін – *Тұлғалар*. Ақпаратты не деректі – *Қабылдаушы*.

*Баяншыдан* шыққан *Хабар Тұлғалар* арқылы *Қабылдаушыға* келіп, одан әрі қайтадан байланысқа түсіп, тілдік айналымда адамдардың бір-бірімен түсінігін іс жүзіне асырады.

*Баяншы* – хабарлауды жүзеге асыру үшін тілдік қарым-қатынасқа түсуші.

*Тұлғалар* – қатысымдық бірліктер.

*Қабылдаушы* – тілдік қатынасты ары қарай іске асырушы [2, 44].

Адамдар бірі-бірімен қарым-қатынас жасау, тіл арқылы түсінісіп, ой-пікірлерін жеткізе білуі арқылы қатынасқа түседі. Белгілі бір ортада өмірдегі болып жатқан құбылыстар мен әлеуметтік жағдайлар жөнінде өз пікірін, көзқарасын ортаға салу арқылы сөйлесім әрекетін қалыптастырады. Сөйлеу барысында адамдардың бірі тыңдаушы екіншісі баяндаушы рөлін атқарады. Белгілі бір хабарды бір-біріне жеткізеді, дәлелдейді, ұсыныс жасайды, қабылдайды, сұрақ қояды, әртүрлі әрекетке қатысты өз бағалаларын береді, яғни бір-бірімен тілдік қатынасқа түседі.

Демек, жеке тұлғаға бағдарланған сыни ойлауға оқыту мазмұнының негізі сөйлесуге, қатысымдық іс-әрекет арқылы әрбір жеке тұлғаны дамытуға жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға және оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, студенттің өз ойымен өзгелердің пікіріне сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және басқалармен бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Тілдік қатынас арқылы білім алушы қойылған мәселелерді бірлесе шешу арқылы белгілі бір мәселе төңірегінде бір-бірімен пікір алмасып, ойындағысын жарыққа шығару арқылы бірнеше дұрыс идеяны салыстыра, ең тиімдісін таңдап алады. Олар жаңа идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен қажеттілігін талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алулары қажет.

Студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыруға бағытталған оқыту – ол өз бетінше шығармашылық тұрғыдан тұжырымдай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға

бағытталған оқыту. Бұл тіл үйренушінің шығармашылық қабілетін дамытып, алған білімін шынайы өмірде қолдана алуға мүмкіндік туғызады.

Оқыту үрдісінің сыни тұрғыдан *ой қозғау, мағынаны тану, ой толғаныс* кезеңдері білім алушының өз бетінше білім алуына, әріптестерімен, оқытушымен бірге ой бөлісуге, алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын күнделікті өмірде жаңа жағдаяттарда қолданып, әрекет етуге, өз ойын, пікірін айта алуға және басқалардың ойымен санасып бірігіп жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Топпен бірігіп жұмыс істеу тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу сияқты қасиеттерді дамытады.

Кез келген тілді үйретуде студенттің дағдысы мен біліктілігін дамытуына, тілдік қарым-қатынасқа еркін түсуіне байланысты әр түрлі жұмыс түрлерін беруге болады. Бұл мақсаттарға жету үшін тілдік қатынас құзыреттілігін қалыптастыратын тапсырмаларды төмендегідей саралауға болады:

- ауызша және жазбаша қатынас;
- мәтіннің желісі бойынша пікір білдіру;
- белгілі бір проблеманы талқылау;
- диалог, монолог құрау;
- топтық, ұжымдық қатынас жасау;
- берілген мәтінді жалғастыру;
- жағдаяттық тапсырмаларды орындау.

Студенттерді сыни ойлауға үйретуде, тілдерін дамытуда бес жолды өлең, эссе, РАФТ, INSERT, болжау, қосжазба күнделігі, еркін жазу, кубик, дөңгелек үстел, қолжазба, дәлелді эссе сияқты стратегиялардың берері мол.

Атап айтқанда, еркін жазу әдісін сын тұрғысынан ойлау жобасындағы сабақтың үшінші ой-толғаныс кезеңінде пайдалану тиімді. Оқытушы студенттерден қарастырылған жаңа ақпараттан алған әсерін, не үйренгенін, нені әлі де біле түсу керек екенін қағаз бетіне түсіруді тапсырады. Білім алушының алған білімдерін тұжырымдауға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бұл әдісті кез келген сабақта қолдануға болады. Мәселен, эссе жазуда білім алушы негізгі талдамаларды қолдана отырып, себеп-салдарлық байланыстарды айқындау арқылы дәлелді мысал келтіруге, ақпаратты ішкі логикалық байланыста қорытындылап дәлелдеуге үйренеді. Эссе мазмұны белгілі бір мәселе төңірегіндегі сұрақтарды шешуге, оны талқылауға, авторлық позицияны ұстануға бағытталады. Эсседе бірінші орында студенттің өзіндік «Мені» көрініп тұруы керек. Эссе студенттерді өз ойларын нақышымен құрастырып, оларды нақтылап, дәлелді түрде жеткізумен қатар, ақпаратты жүйелеуге, оған талдау жасауға үйретеді.

Эссенің басты ерекшелігі, автор ойын өз еркімен кез келген тақырыпта жаза алады. Эссе – бұл қандай да болмасын мәселе бойынша ойланып-толғандыратын өз сөзімен және стилімен жазылатын өздік жұмыс. Сол себептен эсседе басқа авторлармен (олардың пікірлерімен) пікірталас болуы мүмкін. Яғни студент тілдік қатынасқа түсе отырып, ойлау, пайымдау, жазбаша сөйлеу, түсіну пікір білдіру үрдістерін іске асырады.

Кубизм көмегімен Блум таксономиясын проблемалық жағдаят арқылы таным мен ойлау деңгейлері тұрғысынан білімді арттыру тиімді. «Проблемалық ситуация деп – өнімді, шығармашылық танымдық қызметінің заңдылығын айтамыз. Ол ойлаудың басталуына байланысты белсенді ойлау қызметі, проблеманы қою және шешу процесінде жүзеге асады» [3, 150]. Мысалы, тақырып бойынша алдымен «Берілген мәселені сипаттаңыз» тапсырмасын таксономия өлшемдері бойынша жазбаша орындауға болады: «Мәселелерді ғылыми тұрғыда салыстырыңыз», «Мәселенің өзектілігі неде?», «Тиімді жақтары мен кері әсері неде?», «Жаһандану заманында мәселелердің шешімін қалай табуға болады?».

Сыни ойлау технологиясы арқылы студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын шарттарды төмендегідей қарастыруға болады:



1. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді тыңдау;
2. Бір-бірінің ойын талқылай отырып, проблеманы шешу жолдарын іздеу;
3. Студенттердің оқу үрдісіндегі белсенділігін мадақтау;
4. Жағымды орта туғыза отырып, өз ойын ашық, еркін айту, пікір алмасу;
5. Басқалардың пікірлері мен идеяларын сыйлауға, пікірді қолдауға дайын болу;
6. «Мен» бейнесінің айқын қалыптасуы;
7. Жеке тұлғаның интеллектуалдық дамуына, ғылыми дүниетанымына ықпал ету;
8. Жеке тұлғаның өзін-өзі бағалай алуы, өзін-өзі құрметтеуінің жоғары деңгейінің болуы;
9. Өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға, шығармашылық ойлауға үйрету.
10. Шыдамдылық, сыйластық, достық сияқты қасиеттерін дамыту.

Қорыта келгенде, коммуникативтік (қатысымдық) құзыреттілік студенттерді бақылаудан өзіндік бақылауға, әлеуметтік дамытудан өзіндік дамуға, монологтен диалогке, түсіндіруден түсінуге ауысудың негізін құрайтын кәсіби-бағдарлы сыни тұрғысынан ойлау технологиясы шеңберінде білім беру парадигмасының өзгеруімен байланысты жүзеге асырылады. Сыни тұрғыдан ойлау білім алушының танымдық белсенділігін арттырады, олардың бірін-бірі құрметтеуін, түсінуін, дұрыс қарым-қатынас жасауын қалыптастырады, дүниеге деген түрліше көзқарастарын түсінуді жеңілдетеді, студенттерге өз білімдерін түрліше жағдаятта мүмкіндігінше тереңдетуге, тұлғалық іс-әрекеттердің жаңа түрлерін жасауға мүмкіндік береді.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

- 1 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. - Астана, 2015.
- 2 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: әдістемесі. Оқулық. - Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 272 б.
- 3 Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. – Өскемен: Медия-Альянс, 2006. – 192 б.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются вопросы применения технологии критического мышления в формировании коммуникативной компетентности студентов на занятиях. В связи с этим изложены разные виды работ учебного процесса, направленные на овладение речевой деятельностью, приобретение знаний, умений и навыков в общении.

### **RESUME**

The article is devoted to the application of the technology of critical thinking formation of communicative competence of students in the classroom. In this regard, different types of work in the educational process aimed at the mastery of speech activity, acquisition of knowledge, abilities and skills in communication are set out.

ӘОЖ 378. 147: 811. 512. 122(574)

### Аннотация

Мақалада білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметіндегі жобалап оқыту әдісінің алатын орны қарастырылады. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін тиімді ұйымдастырып, ғылыми-ізденушілік жұмыстарға бағыт беретін жаңа оқыту әдістерінің бірі ретінде жобалап оқыту әдісінің ерекшеліктері мен артықшылықтары көрсетіледі.

Жобалап оқыту әдісі – білім алушының жеке тұлғалық қабілеттерін заманауи талаптарға сай дамытуға, шығармашылық, танымдық қабілеттерін жан-жақты жетілдіруге жол ашатын жаңа оқыту түрінің бірі ретінде қарастырылады.

*Түйін сөздер:* білім алушылар, ғылыми-зерттеу қызметі, ғылыми-ізденушілік, жобалап оқыту, жеке тұлғалық қабілет, шығармашылық, танымдық қабілет.

## Қ.Қ. Мұқанова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, пед. ғыл. канд, доцент

## Білім

## алушылардың ғылыми-зерттеу қызметіндегі жобалап оқыту әдісі

Білім беру жүйесін қоғамның даму мақсатына сай, шығармашылықпен ойлауға дағдыланған, халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыруға бағыттау және оқыту әдістемесін жетілдіру қажеттігі өзекті мәселе. Бүгінгі таңда жоғары білім беруде студенттің ғылыми-зерттеу жұмыс жүргізуіне үлкен көңіл бөлініп, барлық білім беру үрдісі жеке тұлғаны қалыптастыруға, шығармашылықпен жұмыс істеуге бағытталып отыр.

Жоғары оқу орындарында білім берудің маңызды шарты - оқу үдерісін жаңарта отырып, студенттерді ғылыми-ізденушілік жұмыстарға бағыттау, ғылыми-зерттеу қызметін тиімді ұйымдастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін тиімді ұйымдастырып, ғылыми-ізденушілік жұмыстарға бағыт беретін жаңа оқыту әдістерінің бірі ретінде жобалап оқыту әдісін көрсетуге болады.

Жобалап оқыту әдісі – білім алушының жеке тұлғалық қабілеттерін заманауи талаптарға сай дамытуға, шығармашылық, танымдық қабілеттерін жан-жақты жетілдіруге жол ашатын жаңа оқыту түрінің бірі. Жобалап оқыту әдісі арқылы оқу үрдісін ұйымдастыру қазіргі



алдындағы міндеттер мен мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Бірақ кез келген оқыту әдісінің жемісті болуы оқытушылардың жаңа технологияны қолдана алу дайындығы мен ынтасына, ең бастысы, оқу мекемесінің материалдық-техникалық жабдықталуына тікелей байланысты болатынын естен шығармауымыз керек.

Жобалап оқыту әдісін жеке тұлғаға бағытталған даралап оқыту формасына да, ұжымдық оқыту формасына да жатқызуға болады. Жобалап оқыту әдісі оқытудың екі формасын да іске асыруға мүмкіндік береді. Өйткені жоба жұмысын білімалушы жеке өзі орындауы да немесе топпен орындауы да мүмкін. Даралық сипатта орындалатын жоба жұмысының өзіндік айырмашылықтары бар. Жоба жұмысы орындалу мерзіміне қарай қысқа мерзімді (2-3 сабақтық, 2-3 апталық) және ұзақ мерзімді (тоқсандық немесе жылдық) болуы мүмкін. Ал мазмұндық сипаты жағынан ғылыми-ізденіс және қолданбалы-практикалық болып екіге бөлінеді. Көпшілік жағдайда ғылыми-ізденіс жобалары ұзақ мерзімге жоспарланса, қолданбалы-практикалық жобалар қысқа мерзімде орындалады. Жобаның қандай түрінде болсын зерттеушілік пен шығармашылық басты орын алады. Шығармашылық жұмыстар білім алушылардың өз беттерімен іздену, зерттеу, қорытынды жасау іс-әрекетіне түрткі жасай отырып, оларды ғылыми ізденіске жетелейді. Ғылыми-ізденіс жобаларының түрлеріне зерттеу, шығармашылық, пәнаралық, т.б. жобалар жатады.

Жобалап оқыту әдісі білім алушылардың ойлау қабілеттерін белсендіруге жеке тұлғаның өзін-өзі шығармашылық тұрғыда жетілдіруге, алған білімдерін іс-тәжірибеде, өмірде қолдана білуге бағытталған. Кез келген жоба нақты бір мәселенің шешімін білімалушының өз бетімен шешуіне негізделген іс-әрекеттер жүйесі. Сондай-ақ, жобалап оқыту әдісі арқылы білім алушылардың сөйлеу тілін, көркем сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, көркем ойлауын дамытуға болады.

Жобалап оқыту әдісінің болжамы:

- зерттеу нәтижесі арқылы шешімін табуға негізделген мәселенің болуы;
- күтілетін нәтиженің практикалық, теориялық, танымдық маңызы;
- білім алушының өзіндік іс-әрекеті;
- жобаның ең маңызды тұстарын көрсете білу;
- қорытынды жасау.

Жобалап оқыту әдісінің тиімді іске асырылуы үшін оқытушы:

- зерттеушілік, ізденушілік әдістерді жақсы меңгерген болу керек, білімалушылардың зерттеу жұмыстарын жақсы ұйымдастыра білу керек;
- білім алушыларды қойылған мәселенің дұрыс шешімін табуға бағыттай білу керек;
- таңдап алынған жоба тақырыбы бойынша әр сала білімін ықпалдастыра білу керек.

Жобалап оқыту әдісімен жұмыс істеу барысында әрбір білімалушы:

- білімді өз ізденісі нәтижесінде игеріп, игерген білімді жаңа танымдық, тәжірибелік міндеттерді шешуде қолдана алуға үйренеді;
- дұрыс, әрі еркін сөйлеу шеберлігі мен дағдысы қалыптасады;
- зерттеушілік жұмыстардың практикалық тұстарын игереді, қажетті ақпараттар жинайды, фактілерді талдауға үйренеді, қорытынды шығарады.

Кез келген жоба мақсаты:

- білім алушылардың зерттеу жұмысын жүргізуге деген, пәнге деген қызығушылығын ояту;
- білім алушылардың топпен жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастыруға ықпал ету;
- материалдарды өз бетімен іріктеп, қорытынды шығара білу дағдысын қалыптастыру;
- жекелеген тақырыптар мен фактілерді, құбылыстарды өз бетінше оқып, талдай білуге үйрену;
- байқампаздық, есте сақтау қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту;



- бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс істеуге дағдыландыру, қатысымдық қабілеттерін дамыту.

Жобаны ұйымдастыру үшін:

- жобаның мақсаты мен міндетін анықтап алу керек (танымдық, зерттеушілік, мәдени-әлеуметтік);

- зерттеу саласын анықтау;

- жоба тақырыбын оқушылармен талқылау және топқа бөлу (топ 4-5 студенттен апсау керек, егер жоба жұмысы жекелей орындалса, студентке нақты міндеттер қойылуы керек);

- әрбір топтың міндетін анықтау;

- қойылған міндетті орындауға берілетін уақыт мөлшерін анықтау;

- әр топқа қойылған міндеттерді орындауға қажетті мәліметтер және ол мәліметтерді талдау, қорытындылау, нәтижеге бағыттау бойынша кеңес беру;

- жобаны аралық қорғау және талдау жұмысын ұйымдастыру, онда білімалушылардың қол жеткізген нәтижелерін талқылау, топ жұмысының кемшілік тұстарына түзету енгізу, оны жою жолдарын ұсыну қарастырылуы керек;

- талдау нәтижесі бойынша түзету жұмыстарын жүргізу;

- жоба жұмысын қорғау, нәтижесімен таныстыру (презентация) керек.

Жобалап оқыту әдісі дәстүрлі әдістен білім алушылардың жоба жұмысын өзіндік ізденісі арқылы орындап, оқытушы тек кеңесші ролінде болуымен ерекшеленеді.

Жобалап оқыту әдісін ұйымдастыру әдістемесі бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Жоба жұмысын жоспарлау кезеңі (тақырып бойынша игерген білімдерімен алмасу кезеңі)

- жоба жұмысы бойынша туындаған пікірлерді талқылау;

- білім алушыларды қызықтыратын жоба тақырыбын іріктеу;

- жоба тақырыбын нақтылау.

2. Талдау кезеңі (білім алушылардың жоба жұмысын зерттеп, жаңа білімді өзіндік игеру кезеңі)

- қойылған мақсат пен міндетті нақтылау;

- арнайы әдебиеттер, интернет желісі, бұқаралық ақпарат құралдарынан және т.б. ақпарат іздеу және жинау;

- басқа адамдармен ақпарат алмасу (оқушылар, мұғалімдер, кеңесшілер, ата-аналар);

- мәліметтерді талдау;

- алынған мәліметтерді салыстыру, ең маңызды, қажетті материалды іріктеп алу.

3. Жинақтап қорыту кезеңі (іріктелген ақпарат пен игерілген білім, білік, дағдыны ықпалдастыру кезеңі).

- қорытынды нәтижені ұсыну үлгісін анықтау (реферат, конференция, видеотүсірілім, мультимедиялық презентация, презентация, жарнама т.б.).

4. Жобаны ұсыну, қорғау кезеңі (білім алушылардың зерттеушілік қызметіне талдау жасау).

- жоба жұмысының нәтижесімен жұртшылықты таныстыру (презентация);

- жоба жұмысының нәтижесін талқылау, бағалау.

Жоба жұмысы көбіне презентация үлгісінде орындалады. Презентацияда мыналар қамтылуы керек:

- кіріспе сөз;

- негізгі мәтін;

- көтерілген мәселе бойынша ұсынылған жаңа тұжырым мен пікірге шолу жасау;

- қолданылған сайттарға сілтеме жасау;

- жұмысқа жалпы сипаттама: мақсаты, жұмыс барысы, нәтижесі;

- графикалық, анимациялық т.б. бейнелер;

- диаграмма және графика;



- дәйексөз, қолданылған әдебиеттер тізімі.

Оқытушы білім алушылардың орындаған жоба жұмыстарының эстетикалық жағына да үлкен көңіл бөлуі тиіс. Біріншіден, слайд дизайнін жасауға көңіл бөлу, Power Point презентация жасау бағдарламасы дайын дизайн үлгілерін пайдалануға мүмкіндік береді, оны білімалушы өз қалауы бойынша пайдалана алады. Екіншіден, слайдтың дыбыстық және графикалық рәсімделуі автор жұмысының мазмұнымен үйлесуі керек.

Өз жобаларын лайықты қорғау үшін студенттер әртүрлі жаңа технологияларды қолданады. Мысалы, ақпаратты графикалық немесе мультимедиалық жеткізу сервері (мультимедиалық коллаж, интеллект-карта т.б.), PowerPoint, Arezi және ISSN 5 форматында т.б. өз жобаларын қызықты, нәтижелі көрсетілімдерге айналдыра алады. Бұндай жағдайда, тіпті өте енжар студенттің өзі шығармашылық топтың құрамында белсенді қатысушыға айналады. Ұжымда жұмыс жасау студенттің өзін өзі дұрыс бағалауға және бағасын көтеруге мүмкіндік береді.

Жобалап оқыту әдісінде білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулып, олардың танымдық әлеуетін көтеруге, лингвоелтанымдық мәдениетін қалыптастыруға, теориялық тұжырымдар мен қағидаларды орынды қолдана алу дағдыларын дамытуға, өздігінен білім жетілдіру тәжірибесі бар, шығармашылық белсенділігі жоғары жеке тұлға қалыптастыруға басымдылық береді.

Жалпы оқу құзыреті стратегиясын тиімді игеріп, қалыптастыруда бүгінгі таңда жобалап оқытудың тиімділігі жоғары, өйткені жобалап оқыту әр студенттің жеке шығармашылық қабілеті мен талантын ашуға мүмкіндік береді. Жоба орындау барысында әрбір зерттеу мәселелерінің әр студент үшін маңыздылығы артады, студенттің ой қиялы дамиды, олардың белсенділіктері жетіледі, өз істеген істері үшін жауапкершілігі артады, сондай-ақ жоспарланған өздік жұмыстарды өз уақытында және сапалы орындауға қалыптасады.

Жобалап оқыту әдістемесінің тағы бір жағымды жағы, тәжірибеге бағытталғандығында, яғни нақты өнім алу, топтық, ұжымдық, жекелей жұмыс түрлерін, әртүрлі іс әрекет түрлерін қамти алатындығында. Мақсаттылыққа, еңбексүйгіштікке, табандылыққа, төзімділікке тәрбиелеу, топта жұмыс жасай алу және топпен тіл табыса алу оқу үрдісінің ажырамас бір бөлігі. Бірінші курс студенттеріне кіші жобалармен жұмыс жасату өте тиімді, себебі оқу үрдісінде студент пен оқытушының рөлі ауысады. Енжар студент белсенді, қойылған мәселелерді өз бетінше анықтап, қажетті материалдарды іріктеп, талдау жасайтын белсенді студентке айналады. Студенттер кіші топтарда жұмыс жасауға дағдыланады, өйткені жобалап оқытудың негізі топтық жұмысқа құрылған. Топпен жұмыс жасауда ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін студент өз мінез-құлқын, өзінің жеке қасиеттерін реттеу қажеттігі туындайды.

Бірінші курс студентінің үйренетін пән, материал бойынша өзіндік талдау жасауына негіз болатын сыни ойлау дағдысын қалыптастыру өте күрделі. Топпен жұмыс жасау барысында студенттің жауапкершілігі артады. Себебі ол өзі жеке орындайтын жұмыс бөлігінің нәтижесі, басқа кіші топтардың орындаған жұмыс нәтижесіне әсер етеді, сондықтан студент өз жұмыс бөлігін асқан жауапкершілікпен орындайды. Студентке топпен жұмыс жасату барысында оның қандай командада жұмыс жасағысы келетінін де ескеру қажет. Оның да жұмыс нәтижесіне тигізетін әсері үлкен. Ол студенттердің психологиялық жайлы ортада жұмыс жасауына бірден-бір әсері болады. Бірақ топқа бөлу кезінде үлгерімі жақсы студент пен үлгерімі орта деңгейдегі студенттерді араластырып аралас топ құру қажеттігін ескеру керек. Бірыңғай үлгерімі жақсы немесе бірыңғай үлгерімі төмен топ студенттерімен топ құруға болмайды.

Жобаның қойылған мақсатқа жетіп, нәтижелі болуына көптеген факторлардың әсері бар. Құрылған топ алдымен бір командаға айналу керек, әр топ мүшесі өзінің жауапкершілігін сезінуі керек, жоғарыда атап өткендей, әр топ мүшесінің жасаған жұмысы басқа топ мүшелерінің жұмыс нәтижесіне тікелей әсер етеді. Ортақ мақсатқа қол

жеткізу үшін әрбір топ мүшесі қажетті ақпаратты жинайды, өңдейді. Жобалап оқытудағы негізгі мақсат - студенттерге жоба жұмысын орындату арқылы өздері іріктеп, талдаған ақпараттарын айтып беру емес, оны іс-тәжірибеде қолдануға бағыттау. Сол арқылы студенттің шығармашылық ойлау қабілеттерін қалыптастыруға, белсенділіктерін дамытуға мүмкіндік алу.

Қорытындылай айтқанда, білім алушының белсенді зерттеушілік қызмет атқаратын өзіндік ғылыми ізденісіне, танымдық-практикалық қабілеттерін жүзеге асыруына қажетті мүмкіндіктер тудыратын жобалап оқыту технологиясы бүгінгі қоғам талабына сай бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда шешуші мәнге ие бола алады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

- 1 Полат Е.С. Метод проектов: история и теория вопроса // Школьные технологии. – 2006. - №6. - С.43-46.
- 2 Солопова Н. Шельпова Н. Проектная методика в профильном обучении. // Школьные технологии. – 2005. - №3. - С.120-125.
- 3 Байсалбаева М. Жобалау технологиясы бойынша оқушылармен жұмысты ұйымдастыру тәжірибесінен // Қазақ тілі: әдістеме. - 2011. - №2. - 25 б.
- 4 Сатбекова А.А. Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері (гуманитарлық бөлім) Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2009.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматривается роль проектного обучения в развитии научно-исследовательских способностей обучающихся.

### **RESUME**

This article considers the role of project-based learning in the implementation of research abilities of students.



## **А.Б. Шормақова**

Еуразия гуманитарлық институты,  
пед. ғыл. канд., доцент

## **К.К. Абденова**

Астана қаласы №48 мектеп-лицейі мұғалімі

# **Бастауыш сыныпта халық ауыз әдебиетін үлгілерін оқытудың әдіс- тәсілдері**

### **Аннотация**

Халық ауыз әдебиетінің үлгілері – балалардың психологиялық ой-өрісіне, жас ерекшелігіне сай жазылумен бірге, оларды адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелейтін ең сенімді құралы. Демек, ұлт болашағын тәрбиелеуде халық мұрасы ерекше орын алады. Мақалада бастауыш сынып оқушыларына халық ауыз әдебиетінің үлгілерін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері туралы сөз болады.

*Түйін сөздер:* Қазақ балалар фольклоры, балалар психологиясы, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, ертегі, ой-өрісінің кеңеюі, сөздік қорының молаюы, дүниетанымының жан-жақты дамуы

Балалар фольклоры – ауыз әдебиетіндегі бала тәрбиесіне арналған халықтық педагогиканың өмір тәжірибесінен алынған шығармалар жиынтығы. Соңғы кезде білім беру орындарында балаларға арналған ауыз әдебиетінің үлгілерін, оның салаларын оқытуға көп көңіл бөлінуде. Ал оқу материалдарына аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдер, ертегілер, шешендік сөздердің түрлерін балалардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіп, оқу үдерісінде үздіксіз пайдалану – баланың ой-өрісінің кеңеюіне, сөздік қорының молаюына, дүниетанымының жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Зерттеуші ғалым Қ. Матыжанов: «Ең алдымен балаларға арналған халық шығармалар – балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын асыл мұра. Ол өзінің бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелілігімен, тілінің нәрлілігімен, музыкалық сазымен, өнегелі мазмұнымен, ойындық жеңіл формасымен балалардың рухани азығына айналған бағалы тәрбие құралы», - деп [1, 45] ауыз әдебиетінің педагогикалық құндылығын танытады.

Бастауыш сыныпта ауыз әдебиетінің үлгілерінен төрт-түлікке арналған жырлар, өтірік өлендер (үзінділер), мақал-мәтелдер (әртүрлі тақырыптағы), жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер: хайуанаттар жайындағы ертегілер мен қиял-ғажайып оқиғалы ертегілер, шешендік сөздер т.б. оқытылады [2]. Халық ауыз әдебиеті

үлгілерінің бала тәрбиесіндегі алатын орнын көрсетіп, олардың танымдық маңызын, еңбекке, адамгершілікке, патриоттық, батырлық, ерлік, дене, эстетикалық тәрбие берудің көзі екеніне мән береміз.

Бастауыш сыныпта халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқытуда төмендегідей нәтижелерге қол жеткізіледі:

1. Оқушының сөйлеу тілін жетілдіріп, ойлау қабілетін арттырады, ақыл- ойын дамытып, жадын жаттықтырады.
2. Ең қарапайым әдіс-тәсілдерден басталған оқу дағдысын қалыптастырып, кітап оқуға деген қызығушылығын арттырады.
3. Білім мазмұны арқылы, табиғат, қоғам туралы түсінігін кеңейтіп, дүниетанымын арттырады.
4. Шығарма мазмұны арқылы оқушы адамгершілік нормаларына сәйкес келетін мінез-құлықтарды, дағдылар мен әдеттерді, ынта-ықыластарды қалыптастырады.
5. Халқымыздың ой-өнерінің алтын қоры – ауыз әдебиеті үлгілерімен танысады, ертегі мазмұнын саналы баяндауға, өз болжамы мен қорытындысын айта білуге үйренеді.

Ертегілерді оқыту. Ертегілер – халық өмірін бейнелейтін фантастикалық негізге құрылған оқиғалы көркем шығарма [3, 31]. Ертегінің бай фантастикасы балалардың ойына қозғау салып, өмірдің неше алуан сырларын танытады, сана-сезімі мен ақыл-ой қызметінің дамуына, қалыптасуына көмектеседі. Ертегіні балалар сүйсіне тындайды, себебі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа айтылып, әбден екшеліп, халықтың даналық, тапқырлық ой-пікірлері жинақталып, көркем әрі жеңіл тілмен берілетіндігінде. Ертегі оқиғасы басталатын жерден-ақ қызықты, ұшқыр қиялды болып келеді де, баланың ойын бірден қызықтырып, еліктіріп әкетеді [4, 67].

Халық әділеттілік пен адамгершілікті, ақылдылық пен батырлықты ертеден-ақ өте жоғары бағалап, әңгімеге, ән-жырға арқау етіп отырған [5, 6]. Ертегілердің тәрбиелік маңызы орасан зор. Ертегілерді оқу арқылы балалар қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді. Ертегінің тілі түсінікті, қанатты сөздер мен бейнелі тіркестерге бай болып келеді. Ертегілерді оқытуда ескерілуге тиісті жайттар:

1. Ертегіні оқыту барысында «бұл ойдан шығарылған, өмірде кездеспейді» деудің қажеті жоқ, жан-жануарлардың сөйлемейтінін балалардың өздері де біледі, бірақ ертегіде кездесетіндерді қиялдау оларды көңілдендіреді, армандауға үйретеді.

2. Оқушыларды кейіпкерлерге қарапайым мінездеме бере білуге үйретуде ертегілердің пайдасы мол.

3. Қара сөзбен жазылған ертегілер мәтінге жақын үлгімен мазмұндалады.

Ертегілермен танысқаннан кейін осыған ұқсас ертегі құрастыру, немесе ренішпен, өкінішпен аяқталатын ертегіні қуанышпен аяқталатындай етіп өзгерту баланы сөз өнеріне үйретумен қатар армандауға, қиялдауға жетелейді. Ертегі құрастыру алғашқыда сурет бойынша әңгіме құрудан басталады да, бұл жұмыс бірте-бірте күрделене түседі [6, 25]. Соңғы кезеңдерде оқыған ертегінің мазмұнына сәйкес әңгіме құрастыру сияқты болып жалғаса береді. Тек бұл жұмыс тұрақты түрде жүргізілуі тиіс.

Жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді оқыту. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің ішінен жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді оқу-тәрбие үрдісінде үздіксіз пайдаланып, дәстүрге айналдырғанымыз жөн. Белгілі ұстаз-ғалым М.Ғабдуллин мақал-мәтел жөнінде: «Қай мақалды алсақ та, оның мазмұнында өмірде болған елеулі оқиға, әңгімелер жатады, мақал соларға берілген даналық қорытынды, тұжырымды түйін болып отырады», - дейді [3, 23]. Сондықтан еңбек ету, оқу-білім, ынтымақ-бірлік, ерлік, батырлық, мінез-құлық, әдет-ғұрып жайындағы мақал-мәтелдер арқылы балалардың тілін, сөздік қорын дамытуды басты мақсат етіп аламыз.

Мақал-мәтелдер мен жұмбақ, бір жағынан, балалардың өмірге көзқарасын кеңейтсе, екінші жағынан, сөздік қорын байытады. Жұмбақтар бойынша жұмыс, негізінен, оның



шешуін табу бағытында жүргізіледі. Ол үшін құбылыстарды, нәрселерді жұмбақтап айтылған белгілеріне қарай табу әдісі ұсынылады. Мұндай жағдайда жұмбақталған нәрсенің жалпы қай салаға жататыны, қандай бағытта ізделетіні айтылады.

Балалардың тілі шебер, ойы орамды болу үшін мақалдармен шебер жұмыс жасалу қажет. Үйренген мақалдарды орынды қолдану керектігі түсіндіріліп немесе сурет бойынша мақалдар айту да баланың тілінің дамуына өз әсерін тигізеді.

Жұмбақ, мақал-мәтелдермен сайыс сабақ өткізу оқушылардың тілін дамытудың бір жолы. Ол сайыс сабақ түрлерінің сипаты төмендегідей болып құрылуы тиіс:

- Оқиғаға байланысты мақал-мәтелдер айтқызу.
- Суретке қарап тұрып, бірнеше мақал айтқызу.

Мақал-мәтелмен жұмыс «айтыс» түрінде де жалғасын табады.

Мысалдарды оқыту. Мысалдарды оқытуда бұл жанрдың мынадай өзгешеліктеріне: аллегориямен айтылатынына, мысалда белгілі бір үгіт, тәлім-тәрбиелік мән болатынына, және оның оқылу ерекшелігіне назар аударылады. Бастауыш сынып оқушылары мысалды оқығанда суреттелген оқиғаның тартымдылығына қызығады, оны шындық деп қабылдайды. Сондықтан балалардың мысалдағы кейіпкерлердің іс-әрекетін тереңірек ұғына түсуіне жағдай жасайтын әдіс-тәсілдер қарастырылады [4, 45]. Ол үшін алдымен мысалдағы суреттелген оқиғаны, қатысушы кейіпкерлерді шындық, өмірде болатындай етіп түсіндіру керек.

Төрт түлік мал және жан-жануарлар жайындағы өлеңдерді оқытуда ең алдымен, өлең оқылмас бұрын оның мазмұнына қарай балалармен әңгіме өткізіледі. Бұл жерде өлең ішінде кездесетін, балалардың ұғымына ауырлық келтіреді деген бейнелі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы түсіндіріледі. Өлеңді ырғағына келтіріп, мәнерлі түрде оқып шыққаннан кейін өлең мазмұны талданады, өлеңнің мазмұны бойынша жалпы сұрақтар қойылады. Өлеңді екінші рет, қорытындылау мақсатында, оқуға дайындық жұмысы жүргізіледі: оқу техникасы, дауыс сазы, хормен оқу, жеке балаға айтқызу т.б. жұмыстар [7, 47].

Жалпы алғанда, бастауыш сыныптарда өтілетін халық ауыз әдебиеті үлгілері баланың ішкі рухани жан дүниесі байлығын дамытуға, адамгершілік-имандылыққа тәрбиелеуге, сөз өнерін түсінуге, тілін, қиялын арттыруға мүмкіндік береді. Халықтық педагогика арқылы баланың бойында ұлттық мінез-құлық, кішіпейілділік, сыпайылық, рухани-адамгершілік сияқты ізгі қасиеттерді дарыту қажет [8]. Баланы ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды парасатты, саналы азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ұстаздың борышы.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том. 1-кітап. - Алматы: ҚазССР ҰҒА баспасы, 1961. – 227 б.
- 2 Рахметова С., Жаманқұл П.К., Қабатай Б.Т., Мадиева А.Т. 2-4 сыныптарға арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен оқу бағдарламасы, 09.07.2010 ж.
- 3 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: «Санат» 1974. – 320 б.
- 4 Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан, 1990. – 200 б.
- 5 Табылдиев Ә. Халық тағылымы. – Алматы: Білім, 1998, – 290 б.
- 6 Қуанәлі М., Көмекова А., Бестаева А. Ертегіні қолдану – тәрбиешінің педагогикалық-психологиялық негізгі техникалық құрылымы // Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. – 2013. - № 6. - 25-28 бб.
- 7 Мектепте көркем шығарма талдаудың әдістемелік негіздері. – Алматы, 2009. – 265 б.
- 8 Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Дарыту, дамыту, интеграция. – Алматы: РБК, 2009. – 106 б.
- 9 Әдебиеттік оқу. 2-сынып. – Алматыкітап, 2011.

10 Әдебиеттік оқу. 3-сынып. – Алматыкітап, 2011.

11 Әдебиеттік оқу. 4-сынып. – Алматыкітап, 2011.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются эффективные методы обучения учащихся начальных классов посредством произведений устного народного творчества, которые развивают психологическое мышление детей и прививают им нравственные ценности.

### **RESUME**

The authors of the article consider the effective methods of teaching the pupils of a primary school through the works of folk creation, which develop the psychological thinking of children and inoculate moral values in them.



### Аннотация

Ғылыми мақалада педагогикалық тұжырымдар мен қағидалар негізін жүйелі отырып, студенттердің гуманистік көзқарастарын қалыптастырудың амал-тәсілдері берілген. Сондай-ақ гуманистік көзқарас туралы ғалымдардың пікірлері мен еңбектері жан-жақты талданған.

*Түйін сөздер:* ғалым, тәрбие, аспекті, ғылыми еңбек, педагогика.

### Б. Жанайхан

Сүлейман Демирел атындағы университет, PhD докторанты

### Б. Хасен

Сүлейман Демирел атындағы университет, филол. ғыл. канд., аға оқытушы

## Білімгерлердің гуманистік көзқарасын қалыптастырудағы педагогикалық тұжырымдар жүйесі

Әлемдік жаһандану мен ел тәуелсіздігі бетпе-бет келіп отырған бүгінгі таңда ұлттық болмысымызды сақтау үшін болашағымыз жастарға терең білім мен дұрыс тәрбие беру, олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру сияқты алдымызға күрделі міндеттер қойылып, мойнымызға үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Ел ертеңі болашақ мамандарымыздың гуманистік көзқараста тәрбиеленген, білімді де білікті азамат болып, құзыретті маман ретінде даярлануы – мемлекет дамуының басты алғы шарты. ХХІ ғасырдағы өркениетті даму қоғамды ізгілендірумен, жастарға дұрыс тәрбие берумен тікелей байланысты. Ел тәуелсіздігінің тірегі болар зиялы қауымды қалыптастыру, адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру, өмірлік құндылықтардың белгілі бір жүйесін орнықтыру, шайқалмас берік шаңыраққа ие, ақылды ана, абзал әке болар ұрпақ тәрбиелеу – гуманистік көзқарасты қалыптастырумен тікелей байланысты болып табылады.

Гуманистік көзқарасты қалыптастыруда педагогика ғылымында ұсынылған теориялық ұстанымдар мен түрлі көзқарастар бар. Мұндай ұстанымдардың бірі – тұлғалық-бағдарлы білім беру идеясы. Педагогикадағы тұлғалық-бағдарлы білім беру идеясын В.В. Сериков, К. Роджере, О.С. Газман, Ш.И. Амонашвили, И.С. Якиманская сынды ғалымдар қолдайды. Тұлғалық-бағдарлық тәрбие беруде жек тұлғаның даралық ерекшеліктері тек сыртқы факторларға тәуелді болмайды, тәрбиеленуші орта ретінде адамның өзі алынады. Бұл идея өзін кез келген



ортада игере алатын азамат тәрбиелеуге негізделген. Жаһандану кезеңінде кез келген ұлттың мұндай тұлғаға зәрулігі талас тудырмайды.

Қазіргі таңда қоғам өндірісті барынша арттыра отырып, өнімдерді пайдалануды басты мақсат етіп ұстанатын дәрежеге жетті. Яғни тіршілік ету үшін тамақтанатын емес, тамақ үшін күн өткізетін күйге жеттік. Басымдылықты материалдық құндылықтарға беріп, ата-бабаларымыздың қасиет тұтқан құндылықтарына құлықсыз қарап, ақша үшін қандай арсыздықтан тайынбайтын материалистік түсініктерге бой алдырдық. Және жеке тұлға өз жауапкершілігін сезінбей, бойындағы кемшілікті қоғамға жаба салатын, кемшілікті өзінен емес, қоғамнан іздейтін "заманың тұлкі болса, тазы боп шал" деген ұстаныммен өмір сүретін жағдайға түстік. Қазіргі қоғамда кездесетін демократияны желеу етіп, шектен шығушылық, сыйластықты өміріне ұстам еткен қазақ қоғамына мүлдем жат. Қоғамның гуманиздануын бәсеңдетіп, тәрбиедегі дағдарыс жағдайынан шығу үшін танымал тұлғалардың гуманистік идеяларын қалқан етіп, сыртқы әсерден қорғану үшін ұлттық иммунитетті ұлттық құндылықтар арқылы арттырудың маңызы зор.

Белгілі психолог ғалым Л.М.Фридман жеке тұлғаның динамикалық сипаты өзіндік даму және өзін-өзі пайдалана алу процестерімен деген пікір білдіреді. Яғни жеке адамға гуманитарлық тәрбие бергенде өзін-өзі дамытуға жағдай туғызу керек дейді [1]. Ал кейбір ғалымдар гуманистік тәрбиенің мақсаты әлемдік сана мен бүкіладамзаттық мәдениеттің элементтерін қалыптастыру деген ой айтады.

Тәрбие беруде өзіндік жаңа көзқарасы бар ғалым Н.Е. Щуркова басты гуманистік құндылықтар ретінде қайырымдылықты, шыншылдықты, әділдікті, еркіндікті таниды. Бүгінгі қоғамдық өмірдің күрделі талаптарына сәйкес тәрбиедегі құндылықтарды қайта анықтау керектігін ескертеді [2]. Ал ғалым Б.Т.Лихачев тәрбиедегі адамның сапалық қасиеттерін бағалай отырып, жаңа гуманистік анықтамасын берген дұрыс дейді. Бұл жерде тәрбие – адамның сапалық деңгейін көтеруші, өмір сүру әдістерінің өзгеруінен туындайтын педагогикалық әсердің нәтижесі деген ой қорытады [3].

Н.П. Дубинин "Адам деген кім?" атты еңбегінде берілетін кез келген білімге адам және рухани сипат беру арқылы білімгерлердің жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білімдері мен көзқарасын қалыптастыруға болатынын айтады. Ғалымның пайымдауынша, оқу-тәрбие процесін гуманитарландыра отырып, болашақ маманға бүкіладамзаттық құндылықтарды дарыту арқылы, әрбір білім алушының тек білімі мен біліктілігін ғана емес, адамгершілік қасиеттерін дамытуға болады. Демек, сапалы маман дайындау үшін білімгерді тек кәсіби білім, іскерлікпен ғана емес, адами құндылықтармен де қаруландыру керек [4].

Тәрбиеге гуманистік мазмұн беру үшін, Г.С Батишев – адам адамға өзін-өзі танып білу мен өз қажеттіліктерін анықтау мүмкіндігін беру қажет дейді [5].

Г.С. Батишевтің ескерткеніндей өз қажеттіліктерін анықтау мүмкіндігін білімгердің қолына тұтас беріп қойсақ, жаһандану кезеңінде жеке тұлғаның бойындағы ұлттық құндылықтар көмескіленіп кетуі мүмкін. Күн сайын теледидар, ғаламтор арқылы үздіксіз лек-легімен келіп жатқан ақпараттарға тосқауыл болу мүмкін емес. Жастарға қандай жолмен болса да, түрлі мәліметтер жетеді. Бұл жердегі басты мәселе, ұлттық құндылықтарды жастардың бойына сіңіре отырып, оларға келген ақпаратты саналы түрде елей алатындай білім мен тәрбие беруіміз керек.

Тәрбие беру процесінде біздің мақсатымыз айқын болу керек. Педагогика ғылымында тәрбие мақсатын анықтауға арналған әдіснамалық зерттеу жұмыстарын үш деңгейлік жіктеумен жүзеге асырып жүр. Үшінші деңгей гуманистік тұрғыдан қарастырыла отырып, адам өмірінің мақсаты өз мүмкіндіктерін көрсету деп танылады. Адам алған тәлім-тәрбие мазмұнын кұр қайталап бермей, өз тәжірибесінде қолданып, өзгелерге де ықпал етумен ерекшелену керек. Адамдардың тығыз қарым-қатынасынан тұратын қоғамда, әрбір адам өз айналасына әсер етеді. Педагогиканың бір мақсаты – сол әсерді оңды, пайдалы ету.



Гуманистік тәрбие беруде тәрбиелеуші тәрбиеленушінің ішкі дүниесімен санасу керек. Сондай-ақ білімгер бойына адамзаттық құндылықтарды сіңіруде тәрбиелеуші тек сөзімен ғана емес, ісімен де әсер етуі керек. Орыс халқының философы И.А. Колесникова: "Жер бетіндегі өлшемге сәйкес адамзатқа лайықтап берілген өмірлік рөлдерді орындамай тұрып, яғни жақын адамына сүйіспеншілік көрсетпей тұрып, туыстық пен жолдастық, шәкірт қатынасын, Отаны мен өз халқының тағдырына жауапкершілікті, дінді сезіну мүмкін емес" – дейді [6]. Философтың айтпағы "отан отбасынан басталады" дегенге саяды.

Жеке тұлғаның бойында гуманистік көзқарас пен иманды, сенімді қалыптастыру – күрделі әрі ұзақ процесс. Гуманистік идеялар педагогикалық және философиялық ой-пікірлерде өте ертеден қалыптасқан. Ұстаз бен шәкірттің, тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара қарым-қатынасының гуманистік негізін нақты айқындаған философтардың бірі – қытай философы Конфуций (557-479 б.з.д). Конфуцийдің гуманистік принципі "өзіңе не тілемесең, басқаға да оны тілеме, жасама" – деген мазмұнға негізделген.

Осы орайда пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): "өзің үшін жақсы көрген нәрсені басқалар үшін де жақсы көрмейінше кемел иманға жете алмайсыңдар" деген хадисі ойға оралады.

Қазақ ойшылы Абайдың төмендегі өлеңі айтылған пікірлермен үйлесіп жатыр:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
 Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
 Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
 Және хақ жол осы деп әділетті.  
 Осы үш сүю болады имани гүл  
 Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл.  
 Ойландағы үшеуін таратып бақ,  
 Басты байла жолына, малың түгіл [7].

Хакім Абай мұнда адамның әуелі жаратқан иесі Алланы, сосын барша адамзатты және әділеттікті сүюді, яғни осы үш сүюдің жиынтығын "имани гүл" деп атағанын көреміз. Шындығында, осы үш махаббаттан адамгершіліктің, адами қасиеттердің негізі имандылықтың пайда болатынына тоқталған. Ал біреудің алдында ағаттық жасасак, оны да кешіргенін күтеміз. Ендеше, біздің де басқалардың қателіктері мен кемшіліктерін кешіре білуіміз де – әділдік. Сондай-ақ, өзіміз үшін тілегенді айналамыздағыларға да тілей білу – бұл да әділдік. Мысалы, адам қиыншылықтан тезірек құтылуды, жаманшылықтан аулақ жүруді қалайды. Ендеше, басқаның қиналғанын көріп, жүрегінің сыздай білуі де әділдікті сүйгеннен туындайды. Абай гуманизмі адамзатты тұтас сүюге шақырады.

Гуманистік ойлар мен принциптерді тәлім-тәрбие процесінде жүзеге асыру белгілі педагог-ғалымдар мен ағартушылар Я.А. Коменский, И.Ф. Гербарт, К.Д. Ушинский еңбектерінде қарастырылып, гуманистік тәрбиенің маңыздығы тілге тиек етілген.

Өткен ғасырдың соңындағы қайта құру педагогикалық шығармашылыққа еркіндік беруге ықпал етті. Базалық білім берудің модельдерін өзгерту күн тәртібіне қайта қойылды. Ш.И. Амонашвили ұсынған " беделді – императивті және гумандық педагогика" [95-96 б.], И.А. Колесникова ұсынған " дәстүр педагогикасы мен гумандық педагогика", Е.А. Ямбург ұсынған "когнитивті және гумандық педагогика" сол кезеңдерде қалыптасты. Ш.И.Амонашвили ұсынған бедел – императивті педагогика кеңестік педагогиканың нағыз үлгісі еді. Педагогиканың үстемдігін, болымдылығын қуаттайтын бұл педагогиканың басты кемшілігі – тәртіпті сақтауға оқушыларды мәжбүрлеу, яғни баланың белсенділігінің үлкендер тарапынан шектелуі. Кеңес дәуіріндегі педагог беделінің жоғары болуы осындай педагогикалық ұстанымдар негізінде жүзеге асты. Бұл жерде ұстазды сыйлау жүзеге асырылғанмен, үнемі біреудің нұсқауымен, айдауымен өмір сүретін, жалтаңдап отыратын жалпақай, өз көзқарасы шектеулі ұрпақты тәрбиеледі. Ой еркіндігі мен пікір бостандығы тұншықтырылып отырылды. Сол кездегі саясат үшін мұндай тұлғаның тиімді болғанын кейін тарих дәлелдеп көрсетті.

Тұлғаның гуманистік тәрбиесін қалыптастыру табиғаттың өте күрделі ұзақ процесс екендігі, бірақ рухани дамудың аса маңыздылығы ғылыми әдебиеттерде айқын көрсетіліп отыр. Рухани құндылықтар арқылы жан-жақты білім беру арқылы, оқу-тәрбие процесін гуманитарландырып, жеке тұлғаның гуманистік көзқарасын қалыптастыру қоғамды ізгілендіретіндігі айтылып отыр.

Орта ғасырдағы түркі мәдениетінің көрнекті өкілі, "Екінші ұстаз" атанған Әл-Фарабидің (873-950) педагогикалық ой-пікірлерінде гуманистік дүние таным басым болды. "Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы" деп, тәрбиенің маңыздылығына баса көңіл бөлген. Ұстаз жастар бойына имандылық нормаларын қалыптастыру және оларға ғылым, кәсіп, өнерді, меңгертудің қажеттілігіне назар аударған. Адамның жоғары жетістіктерге жетуіне, бақытты болуына имандылық тәрбие негіз болды дейді. Ал имандылық тәрбие орта мен тәрбие арқылы қалыптасатынын айтады. Ғалымның ойынша гумандық адамға төрт түрлі кедергі бар: тәртіпсіздік, имансыздық, құбылмалылық, адасу. Аталған бұл кедергілерді жеңу үшін адам алдымен өзі-өзі танып білу тиіс. Және тәрбие арқылы жағымды қасиеттерді қалыптастыруға болады дейді.

Гуманистік тәрбие беру туралы қазақ ғалымдарының да ғылыми еңбектері бар. Философ ғалымдар И. Ерғалиев, А. Қапышев, С. Колчигин зерттеулері гуманистік тәрбиеге бағытталған. И. Ерғалиев адамның гуманистік көзқарасы тек эстетикалық, этикалық, теоретикалық формалардың байлығымен ғана анықталмайтындығын, оның жеке адам болмысымен астасатынын айтады. Адамның руханилануы махаббат, нұр және жақсылық, шапағат сияқты қасиеттермен байланыстығына тоқталады. Яғни адамның руханилығы тек өз іс-әрекетінің айналасында қалып қалмай, қоршаған ортаны өзгертуге ықпал етуі керек деген ой түзеді [8].

Қазақстанда білім берудің даму жолдарын айқындауға және педагогикалық ой-пікірлерді жандандыруға К.Б. Бержанов, Т.Т. Тәжібаев, Ә.И. Сембаев, Г.А. Уманов, Қ.Б. Жарықбаев, С.К. Қалиев, Ж.Ж. Наурызбаев, А.К. Көбесов, К.Қ. Құнантаева, А.С. Ұзақбаева, А.Н. Ильясова, Г.М. Храпченков, К.Б. Сейталиев, И.Б. Мадин, К.Ж. Ибраева, М.Т. Есеева, Ш.Т. Таубаева, К.Ж. Қожахметова, Ш.Т. Таубаева, А.К. Рысбаева сынды ғалымдарымыздың үлесі зор. Гуманистік көзқарасты қалыптастыруда көркем әдебиеттің тиімді тәрбие құралы қызметін атқаратыны туралы Абай мұрасындағы рухани-имандылық идеяларды зерттеген А.С. Елемесова, І. Халитова, Дулат Бабатайұлының тәлім-тәрбиелік идеяларын зерттеген ғалым Ш.Ж. Жұматаева да қазақ халқының гуманистік идеяларын ашып көрсете білген, сондай-ақ зерттеуші А.К. Меңжанова "Балаларды көркем шығарма туындылары арқылы адамгершілікке және еңбекке тәрбиелеу" еңбегінде, ғалым С. Қалиев "Халық педагогикасың ауыз әдебиетіндегі көрінісі" еңбектерінде гуманистік көзқарас, гуманистік тәрбиеге аса назар аударып, жан-жақты талданып, көрсете білген.

Қорыта келе, жоғары оқу орындарының студенттерінің гуманистік көзқарасын қалыптастыру – жоғары мектеп педагогикасының өте маңызды міндеттерінің бірі. Осы мақсатта гуманистік көзқарастың құрылымдық бөліктерін анықтап, сол арқылы студент жастарды ізгілікке тәбиелеуде көркем әдебиетті пайдалану табысты нәтиже береді деп ойлаймыз.

Қазақ әдебиетінің бай мұрасындағы педагогикалық ой-пікірлерді зерделегенде, олардың тек тәлім-тәрбиелік мазмұнына ғана талдау жасамай, оларды жастар бойына қалай сіңіруге болады деген мәселені де назардан тыс қалдыруға болмайтындығын баса айтқымыз келеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Фридман Л.М. Педагогический опыт глазами психолога. – М., 1987. – С. 77-79.



- 2 Щуркова Н.Е. Воспитание: новый взгляд с позиции культуры. – М., 1998. – С.58-63.
- 3 Лихачев Б.Т. Философия воспитания. – М.: Прометей, 1995. – С. 141-143.
- 4 Дубинин Н.П. Что такое человек. - М., 1983. – С. 257-258.
- 5 Батишев Г.С., Леведов Н.Н. К философской проблематике нового педагогического мышления // Вестн.высш.шк. – М., 1989. – С.177-182.
- 6 Колесникова И.А. Педагогическая реальность:опыт межпарадигмальной рефлексии. – СПб., 1999. – С. 158-160.
- 7 Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. - Алматы: Жазушы, 1986. – 200б.
- 8 Ергалиев И. Формирование духовности человека и философия // Казахстанская философия в конце XXI века. – Алматы: Ақыл кітабы, 1998. – С. 88-89.
- 9 Қалиев С. Этнопедагогика. – Алматы: Дәуір, 2014.

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются способы формирования гуманистических взглядов студентов, систематизированы основы педагогических концептов и принципов. А также приведены мнения ученых о гуманистических взглядах.

### RESUME

Based on the pedagogical conceptions and principles, the activities that develop the learner's humanistic views are provided in this article. At the same time humanistic views of scientists' opinions and works were analyzed.

UDC 378.14.014.13

### Annotation

The paper is devoted to one of the urgent problems in training a foreign language, namely to use the Kazakhstani component in conversation in the English speaking language and its practical significance in teaching because it has valuable points such as being a significant factor for personal development of the useful tool in teaching the English language in the cultural environment, ethnic aspects of education.

*Keywords:* Kazakhstani component, ethnic aspects of education, conversation in the English speaking language.

### R.F. Zhussupova

The L.N. Gumilyov Eurasian National University, Candidate of Pedagogical Science, Docent

### A.Z. Kussayinova

The L.N. Gumilyov Eurasian National University, the Master Degree student

## Methodological Development of Kazakhstani Component for Teaching the English Speaking Language

Knowledge of three languages should become a standard practice for us. Nowadays we are teaching (these languages to) our children starting from their first year at school. President Nazarbayev has called Kazakhstan to follow the example of India, Singapore and Malaysia and develop three languages - Kazakh, Russian and English. Nazarbayev emphasized that all the Kazakhstan citizens should strive to know their national language. "Lifting of one nation through humiliation of another nation is unacceptable. That is why I am talking about trilingualism," he said [1].

Kazakhstan has to know its official language – the Kazakh language. The government applies a selective approach to various regions of Kazakhstan based on their populations' language preferences. Over 70% of people in Kazakhstan are ethnic Kazakhs, and predominantly Kazakh regions should start transferring office administration and records into the Kazakh language. We have the areas where there are few Kazakh speaking people and we should maintain the workflow management in two languages (Kazakh and Russian) in these regions. But even predominantly the Russian regions have a town with predominantly Kazakh-speaking population. Records management in the Kazakh language can be introduced in such locations as well.

The Russian language is the language of our big neighbor and one of the six UN languages. This language enabled us to access the great literature, the great culture. That is why we should not forget it, or put it aside, every language is the wealth for a person. It is quite likely that in years to come we will be learning the Chinese language if China becomes the main source of technologies in future. But in case the



knowledge and technologies are going to be coming from Russia some day, we should know the Russian language [2].

We need the English language to enter the global arena. Out of 10 million books published in the world 85% are in English. The science, all the new developments and information - are all in English nowadays. There are 3.500 foreign companies in Kazakhstan and the local citizens need English to communicate with them and use the equipment they bring into the country.

Only Kazakhstan out of the entire post-Soviet space was able to maintain a culture of multiple languages. The Ukraine, the Caucasus republics and even our neighbors in Central Asia speak oney their native language.

Learning the new language is not only good for a native but also provides an opportunity to communicate with local people of different countries. Conversations complete the circle of communication: you listen, speak, give back feedback, and listen again. Gestures can also help you convey your meaning and ask for clarification. In fact, being able to stop the conversation and start again to get clarification or feedback is the reason that the conversation is the most useful technique for acquiring a new language.

An interesting aspect is getting to know somebody from another country. It's necessary to learn about their culture. One way to do this is to compare the differences between the two countries, such as pace of life, type of jobs, quality of life, cuisine, drinking habits, how people spend their spare time, ethnic makeup, social structure, climate, topography, educational system.

Conversation is one of the most important English speaking language skills teachers can equip students with. Moreover, students will actually enjoy a well-developed ESL communication class.

Communication is, after all, why most of students are learning English. They want to meet new people in their travels and discuss new ideas while gaining various new perspectives on the world. Conversation is the ESL tool that will take students' noses out of textbooks and notebooks, letting them build the English language confidence in a more natural way [3].

Regional material brings the English language communication to the personal experience of students, allowing them to operate the facts and information that they encounter in their daily lives and in the academic conversation.

The use of regional material is multifunctional as far as the patriotic education and general political education expand the horizons of students and the development of their cognitive interest. Filling the content of the texts with regional material can enrich their learning process of the valuable component and regional knowledge about local history, customs, traditions and culture of their local people, the information about the outstanding people of the area [4].

The regional material provides for an opportunity to introduce into the teaching process materials related to traditions, culture of a given region which defines values, area studies and knowledge. These issues of the regional material can be conveyed only with the help of language. It is possible that the regional material can expand the horizons of students and the development of their cognitive interest and on the other hand, it is a useful tool for practicing vocabulary and grammar exercises. This paper will touch upon the advantages of a Kazakhstani component in teaching the English language.

The Kazakhstani component in teaching foreign languages can be considered to be the principal feature of education incorporating important issues like regional ethnic, cultural traditions and language, and how cultures have developed nowadays.

The Kazakhstani system of education needs to take into account ethnic traditions, the specific features and mentality of the Kazakh people who live in a given territory; it needs to foster the ideas of developing the ethnic culture and the Kazakh folk pedagogical experience in order to inculcate a sense of caring and love for the natural environment in Kazakhstan conservation mindedness. The study of the local folk pedagogical culture makes it possible to pick out the relevant components of it that can be utilized in the present-day teaching-upbringing practice. The ethnocultural component, which is organically built into the content of education,

makes it possible to correlate the process of instruction with the ethnopsychological characteristics of the students and to create conditions favorable for the development of the children's cognitive processes of perception, memory and thinking.

It is necessary that the content of school subjects gives students the opportunity to learn the basic concepts and categories of cultural education as originality, uniqueness, spiritual culture, national identity, world culture, the common roots of crops, interaction of cultures, cultural communication, culture of an interethnic dialogue, conflict, mutual understanding, cooperation and tolerance.

Cultural education is examined on employment as a special method of forming communicative abilities, allowing to the graduating student of a high school to carry out intensive cross-cultural cooperation.

Thus, the current schools practice in Kazakhstan shows that the content of the texts in a foreign language does not contain regional issues. This could be seen from the experience of some teachers working at Universities.

The Kazakhstani component can be considered as the principal feature of education, considering important issues such as the ethnic and cultural tradition of language, and the level of modern cultural developments. Therefore, below we demonstrate some suggestions for conversation that would guide to achieve this. We decided to choose the theme «Fashion in Kazakhstan» because it is not sufficiently trained in the English classroom. These tasks are for students of the ninth form in Kazakhstan comprehensive schools.

Fashion show

Do you know Kazakhstani fashion brands?

What can you say about these brands and designers? (picture -1)



picture -1

Read the text about fashion

### Fashion in Kazakhstan

Fashion is a kind of art. Nowadays the theme of fashion is the most important topic in the world. Now we speak about the fashion of Kazakhstan. The Fashion of Kazakhstan is developing every year. And each time it gets better and more popular.

The fashions of Kazakhstan are shown on the world stage by such designers as Saltanat Baimukhametova (Salta), Jadyra Sahieva (Jado), Aida Kaumenova, Saida Azikhan, Erlan Joldasbek, Saken Jaksybayev and others. They move our fashion, our art, and our traditions forward. The fashion week is organized in Astana and Almaty where the most famous designers of our country show their new collections. We hope our country will be the most popular and will be the center of the world fashion.

Explain new words:

1. Develop –
2. Show –
3. A world stage –
4. Designer –
5. Move forward –
6. Hope –

True or False:

1. Fashion is not a kind of art.



2. The Fashion of Kazakhstan is develops every year.
3. The Fashion of Kazakhstan gets better and more popular.
4. These designers do not show our fashion on the world stage.
5. These designers show our fashion, our art and our traditions.

Speaking:

1. In two groups prepare the dialogue about the fashion in KZ.
2. And now you can see the pictures of the Kazakhstan Fashion Week, describe the clothes and say what you think about it (pictures - 2, 3, 4).



pictures - 2, 3, 4

Thus, we think that the knowledge of three languages is the right thing to do, because it is an imperative of our time, our geographic location demands it, and the technological development is closely linked to it. Saying that we will develop only our (Kazakh) language and our culture is not right. We should go with the times. Also we should teach our future generation to make conversation in English about the components of Kazakhstan and to compare the differences between the two countries, such as pace of life, type of jobs, quality of life, cuisine, drinking habits, how people spend their spare time, ethnic makeup, social structure, climate, topography, educational system, etc.

### LIST OF REFERENCES

- 1 Kazakhstan's way – 2050: common aim, common interests, common future. Address of the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev to the nation. January 17, 2014
- 2 Renat Tashkinbayev. Kazakhstan President calls people to learn English and eye Chinese and Russian for future. The Astana Times, 2015. - №7. - p. 6.
- 3 Stephen Seifert. The Basic 5-point Outline for an Effective ESL Conversation, FluentU English Educator, 2015. - №4. - p. 12.
- 4 Littlewood William. First language and target language in the foreign language classroom. Language Teaching, 2011. - p. 64-77.

### ТҮЙІН

Мақала шетел тілін оқытудағы өзекті мәселелерінің бірі болып табылатын, атап айтқанда, Қазақстандық компоненттің ағылшын тілінде сөйлеу барысында қолдануға және оның оқытудағы тәжірибелік мәнділігіне арналған. Өйткені ол келесідей маңызды мағыналарға ие: жеке тұлғаның дамуына маңызды фактор болып табылады және ағылшын тілін мәдениеттік ортада, этникалық білім аспектісінде оқытуда сәтті орындалады.

### РЕЗЮМЕ

Статья посвящена одной из актуальных проблем в обучении иностранному языку, а именно: использование казахстанского компонента в разговорном английском и его практическое значение в обучении как этнический аспект образования. Это является важным фактором для развития личности и успешного преподавания английского языка в культурной среде.



### Аннотация

Статья посвящена исследованию значения педагогических факторов в процессе политической социализации. Автор анализирует влияние мотивации, методов, форм, технологий и средств воспитания на эффективное включение личности в политическую жизнь общества. Выделена значительная роль педагога как активного агента политической социализации в системе формирования политических идеалов и политического сознания.

*Ключевые слова:* Педагогические факторы, политическая социализация, педагог, мотивация, методы воспитания, средства воспитания, педагогические технологии.

### А.И. Свиначук

Кокшетауский университет  
им. А. Мырзахметова,  
магистр педагогических наук

## Педагогические факторы политической социализации личности

Политическая социализация - это процесс, в ходе которого личность включается в политический процесс. Это явление, состоящее из целого ряда компонентов, влияющих на формирование личности. Политическая социализация как процесс включения человека в политические отношения имеет сущностную и содержательную стороны. Сущность политической социализации заключена в воспроизводстве политической системы, а содержание состоит из передачи знаний индивиду и дальнейшего развития индивида.

Процесс политической социализации складывается из целого ряда факторов. В качестве наиболее существенных факторов политической социализации, влияющих на содержание, темпы и характер ее протекания, выделяют: семью, систему образования, средства массовой информации, религиозные организации, государственные и специализированные политические институты, отдельные политические события, самосознание субъекта [1, 200-201]. Все вышеназванные факторы важны для включения личности в политический процесс. Однако, стоит отметить систему образования. Некоторые исследователи особое внимание обращали на образовательный уровень человека, который оказывает серьезное воздействие на политическое сознание и поведение. Образованная личность может осознанно совершать выбор, четко ориентироваться в социальных



структурах и осознавать свои интересы, в том числе и в политике [2, 9-40]. Система образования позволяет передавать из поколения в поколение знания, умения, идеи, социальный опыт, способы поведения в различных сферах жизни, включая политическую жизнь. Педагогическая деятельность, в свою очередь сопряжена со множеством условий, необходимых для формирования политически зрелой личности, среди которых важное значение имеют следующие педагогические факторы политической социализации личности:

1. *Авторитетное мнение педагога, в процессе понимания обучающимися политической действительности.*

2. *Понимание того, что политические знания составляют основу политического сознания.*

3. *Использование мотивации как ведущего фактора регуляции активности обучающегося и стимула его поведения и усвоения знаний, умений и навыков, через применение требований и поощрений.*

4. *Соблюдение правил целенаправленной воспитательной работы с использованием методов, форм, технологий и средств воспитания, применение интерактивных методов и технологий обучения, наглядности и технических средств обучения.*

5. *Учет таких компонентов политической социализации как усвоение политического опыта, формирование убеждений, выработку способности отстаивать свои взгляды, приобретение навыков общественно-политической деятельности.*

Каждый из указанных педагогических факторов политической социализации личности имеет особое значение.

1. *Авторитетное мнение педагога, в процессе понимания обучающимися политической действительности.* Данный фактор необходимо учитывать в повседневной деятельности педагога, которая имеет огромную роль в восприятии политической действительности как учениками школ, так и обучающимися средне-специальных и высших учебных заведений. Педагог выступает авторитетом в формировании понимания политических реалий у обучающихся. Правильное построение отношений педагога и учащегося, педагогическое общение имеют определенные функции и направлены на оптимизацию учебной деятельности, в результате которой обучающийся формирует свое отношение к политической жизни. Чтобы успешно способствовать политической социализации личности обучающегося педагог должен строить свою деятельность в соответствии с базовыми принципами конституции, стратегии и молодежной политики государства.

2. *Понимание того, что политические знания составляют основу политического сознания.* В процессе политической социализации у личности складываются определенные типы политического сознания и поведения. Основу политического сознания составляют политические знания. Поэтому познавательная функция сознания всегда выступает исходной. Однако, сознание – это не только знания, но и отношение к ним, а главное – активное их использование для социально-политических преобразований [3, 201]. Педагог в своей деятельности должен руководствоваться принципом, согласно которому обучающимся в процессе обучения необходимо усвоить определенную сумму знаний, которые выступят базой политического сознания и, в свою очередь, политического поведения обучающихся.

3. *Использование мотивации как ведущего фактора регуляции активности обучающегося и стимула его поведения и усвоения знаний, умений и навыков, через применение требований и поощрений.* Мотивация как ведущий фактор регуляции активности личности, ее поведения и деятельности представляет исключительный интерес для педагога. Никакое эффективное социально-педагогическое взаимодействие с воспитуемым не возможно без учета особенностей мотивации, как внутреннего побуждения личности к тому или иному виду активности, связанное с удовлетворением

определенной потребности. В качестве мотивов могут выступать идеалы, интересы личности, убеждения, социальные установки, ценности. Многие психологи приходят к мысли о необходимости целенаправленного формирования педагогом у учащегося мотивации учебной деятельности, подчеркивая, что управлять формированием мотивов учебной деятельности еще труднее, чем формировать действия и операции. Однако, прежде чем формировать учебную мотивацию учащихся, педагогу необходимо ее познать, установить для себя реальность, с которой придется иметь дело [4, 564-567]. Педагогам необходимо целенаправленно формировать у обучающегося мотивацию учебной деятельности, через систему поощрений и наказаний, а также посредством идеалов, интересов личности, убеждений, социальных установок и политических ценностей.

*4. Соблюдение правил целенаправленной воспитательной работы с использованием методов, форм, технологий и средств воспитания, применение интерактивных методов и технологий обучения, наглядности и технических средств обучения.* Важным условием успешной политической социализации являются методы, формы, технологии и средства воспитания в процессе обучения. Под методом воспитания понимается то средство, при помощи которого воспитатель вооружает детей, подростков и юношей твердыми моральными убеждениями, нравственными привычками и навыками и т.д. [5, 215]. Также метод воспитания можно определить как совокупность способов и приемов формирования у учащихся тех или иных качеств. В качестве основных выступают следующие методы воспитания: убеждения, положительный пример, упражнение (поручение), одобрение, осуждение, требование, контроль за поведением, переключение на другие виды деятельности. От методов воспитания следует отличать средства воспитания – конкретные мероприятия или формы воспитательной работы (беседы, собрания, вечера, экскурсии и т.д.), виды деятельности учащихся (учебные занятия, предметные кружки, конкурсы, олимпиады), а также наглядные пособия (кинодемонстрации, картины и т.д.), которые используются в процессе реализации того или иного метода обучения понимания политической действительности [6, 303-305]. Педагогические технологии, как комплексный, непрерывный процесс, охватывающий людей, идеи, средства и способы организации деятельности по анализу проблем и планированию, обеспечению, осуществлению и руководству решением проблем, относящихся ко всем аспектам усвоения политических знаний [7, 342]. Технологические инновации в образовании, как новшества касаются различных средств обучения, т.е. введение информационной среды и программного обеспечения в усвоении политической действительности [8, 430]. Форма обучения означает внешнюю сторону организации учебного процесса, которая связана с количеством обучаемых учащихся, временем и местом обучения, а также порядком его осуществления [6, 222].

Правила воспитательной работы и их совмещение с различными формами, методами, технологиями и средствами оказывают сильное воздействие на личность обучающегося. Именно они являются обязательными педагогическими факторами политической социализации личности в системе образования. Интерактивные методы делают знания более доступными, позволяют формировать свою собственную точку зрения обучающимся, аргументировать свою позицию и это далеко не полный перечень достоинств интерактивных методов. Наглядности и технические средства обучения способствуют восприятию и запоминанию информации политического толка.

*5. Учет таких компонентов политической социализации как усвоение политического опыта, формирование убеждений, выработку способности отстаивать свои взгляды, приобретение навыков общественно-политической деятельности.* Через примеры политических реалий обучающимся необходимо способствовать сформировать определенную систему убеждений и действий, со своей позиции. В частности, через понимание такой политической технологии как выборы, видится возможным сформировать у обучающихся самостоятельную политическую позицию относительно



кандидатур и реализацию своего конституционного права в голосовании. Реализация данных компонентов политической социализации должна способствовать формированию политической активности и снижению уровня политического абсентеизма.

Все вышеназванные педагогические факторы политической социализации позволят воспитать социально зрелую и политически активную личность.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Введение в политологию. Авт.-сост. Джунусова Ж.Х., Булуктаев Ю.О., Акимова А.М. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – С. 200-201.
- 2 Смагулов Е.М. Основы политологии. Учебник. – Астана: «Фолиант», 2001. - С. 9-40.
- 3 Мальцев В.А. Основы политологии: учебник для вузов. – М.: ИТРК РСПП, 1998. – С. 201.
- 4 Психология. Учебник. / Под редакцией А.А. Крылова. – М.: ПБОЮЛ М.А. Захаров, 2001. – С. 564-567.
- 5 Шимбирев П.Н., Огородников И.Т. Педагогика. - М.: Просвещение, 1954. – С. 215.
- 6 Харламов И.Ф. Педагогика: учеб. пособие, 4-е изд., переаб. и доп. – М.: Гардарики, 2007. – С. 222-305.
- 7 Подласый И.П. Педагогика: Учебник. – М.: Высшее образование, 2006. – С. 74-382.
- 8 Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей / Под ред. П.И. Пидкасистого. – М.: Педагогическое общество России, 2004. – С.430.

### ТҮЙІН

Педагогикалық факторлар тұлғаны саяси әлеуметтендіру үрдісінде маңызды орын алады. Тәрбие әдістері, түрлері, технологиялары және құралдары саяси мұраттар мен саяси сана-сезімді қалыптастыруға әсер етеді. Педагог саяси әлеуметтендірудің агенті ретінде тұлғаны қалыптастыру жүйесінде елеулі рөл атқарады.

### RESUME

Pedagogical factors play an important role in the process of the political socialization of a personality. Methods, forms, technology and means of upbringing have a great impact on political ideals and political conscience formation. The teacher as an agent of political socialization takes a significant place in the system of the personality moulding.

ӘОЖ 378.016:796

**Л.А. Трубицкая**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті,  
доцент

**О.А. Процюк**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті,  
доцент

**В.Н. Белькович**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті,  
доцент

**Д.Ж. Боранбаева**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті,  
аға оқытушы

## **Студенттің университеттегі дене шынықтыру пәні бойынша өзіндік жұмысын оқу компоненті ретінде жүзеге асырудың әдістемелік жолдары**

**Аннотация**

Реформада өзіндік жұмыстың рөлі оқу үрдісінің маңызды құрамы және негізі ретінде көрсетілген. Мақалада студенттің дене шынықтыру пәні бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастырудың интерактивті формалары қарастырылған, берілетін тапсырмалар түрлері мен оны бағалаудың критерийлері ұсынылған. Жаңа мемлекеттік стандарттарға ауысқан жағдайда бұл сұрақтың маңыздылығы арта түсіп, әрі қарай өзгертулер мен жүзеге асыруды қажет етеді.

*Түйін сөздер:* өзін дамыту, өз бетімен білім алу, интерактивті технологиялар, case-study әдісі, жобалық әдіс.

Қазіргі заманғы жоғары оқу орындарының негізгі міндеті - өзін дамытуға, өзіндік білім алуға, инновациялық қабілетті маманның шығармашылық қабілетін қалыптастыру. Бұл сұрақты мұғалімдердің студенттерге дайын білімді беруімен ғана шешу мүмкін емес. Бұл үшін студентті енжар білім алушыдан мәселені қисынға келтіре алатын, оны шешудің жолдарын талдай алатын, дұрыс нәтиже алып, оның дұрыстығын дәлелдей алатын белсенді шығарушыға айналдыру. Қазіргі кездегі жоғары білім реформасы өзінің мағынасына сәйкес оқу парадигмасынан құру парадигмасына өтумен байланысты. Бұл жағдайда студенттің өзіндік жұмысы оқу үрдісінің маңызды формасы ғана емес, оның негізіне айналу керек, өйткені, адамның өзі үйренген білімі оның берік мүлігіне айналады. Міне, сондықтан да жоғары оқу орындары біртіндеп студенттерге білімді дайын күйінде беруден олардың оқу-танымдық игіліктерін өздері басқаруға өтіп жатыр. Мұндай ауысым жасау үшін сәйкес оқу құралдарын іріктеп алу, қиындығы мен еңбек сіңіруді қажет етуіне байланысты оның көлемін жоспарлау, алдыңғы оқу технологияларын пайдалану, студенттердің өз бетімен оқуы нәтижесінде алған білімін тексеру және бағалау.

Қазіргі кәсіптік білім беруде студенттің өзіндік жұмысы біртіндеп оқу үрдісін ұйымдастырудың басты формасына айналып



жатыр, оның нәтижесінде білімді алу, құрылымдау және бекіту жүзеге асырылады.

Студенттің өзіндік жұмысы-студенттің жоспарланған, тапсырма бойынша және оқытушының әдістемелік басшылығымен, бірақ оның қатысуынсыз орындалатын жұмыс. СӨЖ студенттің білімін тереңдетуге және кеңейтуге, танымдық игіліктерге қызығуға, таным процесінің тәсілдерін меңгеруге, таным қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Дәл сол себепті ол заманауи маманды дайындауда басты резервке айналады [1, 36 б.].

Оқу жұмысының барлық түрлерінің тапсырмаларын, өзіндік жұмыс аяқтайды. Өз әрекетімен бекітілмеген ешқандай да білім адамның шынайы игілігі бола алмайды. Сонымен қатар, өзіндік жұмыстың тәрбиелік мәні бар: ол дербестікті тек икемділік пен машық жиынтығы ретінде ғана емес, заманауи білікті маман тұлғасының құрылымындағы маңызды рөл атқаратын мінез сипаты ретінде қалыптастыру.

Жоғары оқу орнындағы білім бағдарламасындағы әртүрлі жаңартулар студенттердің дене шынықтыру біліміне де әсер етпей қоймады. Дене шынықтыру міндетті оқу пәні ретінде тұлғаны тұтас дамытудың ажырамас бөлігі, кәсіби дайындығы, тіршілік әректінің үйлесімі болып табылады. Бұл үрдістің тиімділігі дене тәрбиесін ұйымдастырудың сапасына, институттың білім беретін ортасына, оның ішінде студенттердің денсаулық мәдениетін дербес қалыптастыруға бағытталған заманауи педагогикалық технологияларға, сауықтыру жүйелеріне байланысты. Интерактивті әдістерді пайдалану және дене шынықтыру пәні бойынша СӨЖ-н оқыту әдісі оқу үрдісінің маңызды құрауышына айналып жатыр [2, 78 б.].

Бүгінгі күні оқудың интерактивті технологияларының саны көп. Олардың бірнешеуін дене тәрбиесі бойынша СӨЖ-нда пайдаланудың мүмкіндіктерін қарастырып көрейік.

Case-study тәсілі (ақуалды оқыту әдісі) - бұл қызығушылық тудыратын, шынайы ақуалды, нақты тапсырмаларды шешуге негізделген белсенді, проблемалық талдау тәсілі. Студенттерге нақты жағдайларды талдау, мәселенің мәнісін түсіну, оны шешудің мүмкін нұсқаларын ұсыну және олардың ішінен ең дұрысын таңдап алу ұсынылады. Мысалы, дене шынықтыру пәні бойынша практикалық сабақ барысында оқу мәселелері туындауы мүмкін, нақты элемент немесе қимылдатқыш іс-әрекеттер студенттің қолынан келмеген кезде пікірталас пайда болады - не үшін? Мұғалім тарапынан СӨЖ үшін әдістемелік қамсыздандыру, қателіктерді түзетудің дұрыс және бұрыс нұсқалар тізімі ұсынылады. Студент өз бетімен нақты жағдайды талдайды, мәселенің мәнін түсінеді, мүмкін болатын шешімдер нұсқаларын қарастырады және ең жақсысын таңдап алады.

**Сәтсіз іс-әрекетерді  
талдау**

**Түзету жолдарын анықтау**

**Қателіксіз  
орындау**

Бағалау өлшеу бірлігі( критерилері):

- дұрыс жауаптар саны;
- элементтің орындалу кезегін білу;
- шешімді дәлелдеу.

Case-study әдісі студенттер тарапынан жақсы қабылданады. Себебі, бұл әдіс әр студент өзінің ынтасын білдіруге, теориялық және практикалық дағдыда өз дербестігін сезінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, талдау әдісі студенттің кәсіпқорлығына ықпал етіп, сақалануына жағдай жасап, және оқуға позитивті мотивация қалыптастыруда басты рөлді атқарады.

Жанды білімді игеру процессінің негізі болып: студенттің түрлі тапсырмалар орындауы, талдау жасауы, үлестірілген материалмен жұмыс істеуі болып табылады. Қазіргі уақытта кең тараған әдістердің бірі – жобамен жұмыс. Бұл әдіс студенттің өзі жоба

тақырыбын таңдап, ақырғы нәтижесін бағалауға, дербес жұмыс істеуіне, шығармашылық жағынан үлес қосуына мүмкіндік береді.

Жобаны келесі өлшемдермен бағалауды ұсынамыз:

- мазмұны (шешімдердің дұрыстылығы, жиынтықтағы жаттығулар саны, спорт терминдерінің қолдануы);
- тақырыптың ашылуы (шешімдердің дәлелдемелері);
- әлеуметтің маңызы;
- ұсыныстың көрінісі (безендіру эстетикасы, музыкамен сүйемелдеу);
- шығармашылық.

Интерактивті әдіс қолданылатын жағдайда, мұғалім жалпы ұйымдастырумен айналысып, алдынала керекті тапсырмалар мен сұрақтар немесе топта талқыланатын тақырыптар дайындайды. Осылайша, жоғары оқу орындарында студенттің дербес жұмыс жасауының басты мақсаты белсенділікті арттыру және аудитория ішінде ғана емес, басқа да оқу әрекеттерінде дербестілік пен жауапкершілікке жағдай жасау болып табылады.

Дене шынықтыру тәрбиесінің басты мақсаты студентті салауатты өмір салтына дағдыландырумен қатар, физикалық қасиеттерін жетілдіру болса, жобамен жұмыс істеу жаңа инновациялық әдістердің өзектілігін анықтап, алдағы уақытта маман ретінде қолдану болып табылады. Сондықтан заманауи технологияларды көмек беруші құрал ретінде қарастыру қажет.

Оқытушыларға таңдалған тақырып бойынша жобаның негізгі деңгейлері қалыптасып, әдістемелік қосымша ұсынылады:

1. Студенттердің СӨС мәселелерін айқындау. Жобаның міндеттерін құрастыру.
2. Студенттерді топтарға бөлу.
3. Берілген мерзім ішінде СӨЖ аясында студенттер «Стретчинг» әр түрлі шетелдік және отандық авторлардың әдістерін оқиды.
4. Алынған білімге сүйене отырып, таңдалған мамандықтың ерекшеліктерін ескере отырып, «Стретчинг» жаттығуларын жеке құрастырады.
5. Әр түрлі мекемелердің қызметкерлеріне комплексті презентациялар (таңдалған мамандық бойынша).
6. Берілген комплексті енгізу мәселелері және оның маңыздылығы туралы талқылаулар.
7. Жобаның нәтижелерін бағалау.

Жоба нәтижелерін келесі критерийлер бойынша бағалауды ұсынамыз:

- негізгі бөлім ( мазмұндау толықтығы, шешімдердің дұрыстығы, комплекстегі жаттығулар саны, спорттық терминдерді қолдану);
- тақырыпты ашу (таңдалған мамандық сәйкестігі, нәтиже аргументациясы);
- әлеуметтік маңыздылығы (азаматтардың денсаулығы үшін жобаның маңыздылығын дәлелдеу);
- презентацияның көрсетілімі (шынайылығы, безендіру эстетикасы, эмоционалдылық, музыкалық қостау);
- шығармашылық көзқарас (жаңашылығы, мазмұндау логикасы, шешімдердің креативтілігі).

Интерактивті әдістерді қолдану кезінде мұғалімдердің рөлі тез өзгереді, орталық болуды тоқтатады, ол тек процессті қалпына келтіреді және оның жалпы ұйымдастыруымен айналысады, алдын ала керекті тапсырмаларды дайындайды және сұрақтар немесе талқылауға арналған тақырыптарды құрастырады, консультациялар береді, уақытты бекітеді және берілген жобаның жасалу кезегін қарастырады [3, 49 б.].

Осыған сәйкес, ЖОО-да студенттің өздік жұмыстарының стратегиялық жолында ең негізгісі оның бөлек түрлерінің оптимизациясында емес, жоғарғы белсенділігін, жауаптылығын барлық аудиторияларда және олардан тыс оқытушылық қызмет түрлерінде қалыптастыру. Ал жаңа интерактивті технологияларды жаңа оқыту парадигманың



көмегімен шынайы практикаға айналу құралы ретінде қарастыру қажет.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Гордеева В.В. Активные и интерактивные формы организации и педагогического сопровождения самостоятельной работы студентов // Известия ПГПУ им. В.Г. Белинского. - 2012. - № 28. - С. 736-738.
- 2 Мусина С.В. Поиск путей повышения эффективности учебного процесса по физической культуре в вузах / С.В. Мусина, Е.В. Егорычева // Физическая культура и спорт в 21 веке: сб. науч. тр. - Волжский, 2006. - С. 238-240.
- 3 Карпенко М. Новая парадигма образования XXI века // Высшее образование в России. - 2007. - № 4. - С. 93-97.

### РЕЗЮМЕ

В рамках реформы высшего образования показана роль самостоятельной работы студентов, как важнейшей составляющей и основы образовательного процесса. В статье рассмотрены интерактивные формы организации самостоятельной работы студентов по физической культуре, предложены варианты заданий для такой работы и критерии ее оценивания. Сделан вывод, что в условиях перехода на новые государственные стандарты данный вопрос является наиболее актуальным и требующим дальнейшей разработки и совершенствования.

### RESUME

Within the higher educational reform the role of the student's individual work is shown as the essential complement and basis of the educational process. The article describes the interactive forms of organization of the student's individual work in physical education and suggests the variants of the tasks for this type of work and criteria of its estimation. It is concluded that in the transition to the new governmental standards, this issue becomes the most relevant and it requires its further development as well as improvement.



### Аннотация

Мақала тілдік емес жоғары оқу орындарындағы студенттерге арналған ағылшын тілін оқытудағы ойынның әртүрлі әдістерін қолдана отырып, студенттердің тілдік дағдысын дамыту және олардың қызығушылығын арттырудың әдіс-тәсілдерін сипаттаған.

*Түйін сөздер:* оқыту, ойын, таным, ойын іс-әрекеті, дағды, тілдік шеберлік, ойын түрлері, дидактикалық ойындар, имитациялық ойындар, проблемалық ойындар, сюжеттік ойындар, ситуациялық ойындар, рөлдік ойындар, іскерлік ойындар.

**Г.Е. Мыңбосынова**

«Тұран-Астана» университеті,  
магистрант

## Тілдік емес жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытудағы ойын ситуацияларын қолдану

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Халқына Жолдауында: «Тілдердің үштұғырлылығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» [1] деген салиқалы ойлар айтқанындай, ағылшын тілі арқылы әлемдік экономикаға, халықаралық аренаға шығу мүмкіндігінің мол екендігін көруге болады.

Мемлекетімізде ағылшын тілін үйрету балабақшадағы тәрбиеленушілерден бастап, жоғарғы оқу орындарының барлық деңгейлерінде (бакалавриатура, магистратура, PhD) тереңдетіліп оқытылуда. Қазіргі таңда елімізде шет мемлекеттермен сыртқы сауда-экономикалық байланыстардың артуына байланысты, еңбек нарығында ағылшын тілін еркін меңгерген мамандарға сұраныс жоғары. Сәйкесінше, жоғары оқу орындары өздерінің шәкірттеріне шет тілдерін еркін меңгеруге барлық мүмкіндіктерді жасауда.

Тілдік емес ортада шет тілін оқытуға студенттердің қызығушылығын ояту - күрделі мәселе. Тәлім алушыларда қызығушылықты тудыру үшін мотивациялық фактор қажет. Заманауи оқыту кезеңінде ағылшын тілін тілдік емес жоғары оқу орындарында ойын әдісі арқылы оқытудың маңызы зор. А.С. Выготский, А.Н. Леонтьевтің психологиялық іс-әрекет



теориясында адам іс-әрекетінің негізгі үш түрі көрсетілген: еңбек, ойын және оқу [3]. Өртүрлі оқыту ойындарын қолдану шет тілдік орта мен тіл үйренуші арасында өзара жағымды қарым-қатынас орнатуға септігін тигізеді.

Ойын дегеніміз – жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс.

Сабақта ойын тәсілдерін қолдану арқылы түрлі педагогикалық мақсаттарға қол жеткізуге болады. Ойын іс-әрекетінің шет тілін оқытудағы маңыздылығы көптеген мамандар тарапынан қарастырылды.

Д.Б. Эльконин ойынның мынадай маңызды қызметтерін көрсетті:

- мотивациялық және қажеттілік деңгейін дамытудың құралы;
- таным құралы;
- тәлім алушылардың ақыл-ой қабілеттерін дамыту құралы;
- еркін мінез-құлқын дамыту құралы [6].

Белгілі әдіскер Е.И. Пассов оқытудың құралы ретінде ойын іс-әрекетінің мынадай қасиеттері бар деп қарастырған:

- мотивацияны тудыру;
- оқуға деген өзін-өзі мәжбүрлеудің жоқтығы;
- индивидуалды жеке іс әрекет;
- топтағы оқыту, топ арқылы тәрбиелеу;
- тәлім алушының психикалық қызметтерін және қабілеттерін дамыту;
- қызығушылықпен оқыту [4].

Ағылшын тілін оқытуда ойын әдісін қолданудың негізгі мақсаттары мыналар:

1. Дағдыны қалыптастыру;
2. Тілдік шеберлікті дамыту;
3. Коммуникативтік процесті игеруге үйрету;
4. Қажетті қабілеттер мен психикалық қызметтерді дамыту;
5. Тілдік таным;
6. Сөздік материалды есте сақтауға үйрету.

Ойын іс-әрекеті есті, зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін және тағы басқа когнитивтік процестерді дамытады.

Әдістемелік әдебиеттерде ойын іс-әрекетінің көптеген түрлері бар. Мысалы, А.А. Деркач шет тіліндегі әрбір ойын былайша сипатталады деп көрсеткен:

- оқу мақсаты мен міндеттерін анықтау арқылы;
- оқыту түріне қарай;
- оқытудың ұзақтығына байланысты;
- ұйымдастыру тәсілдеріне байланысты;
- күрделілік деңгейіне байланысты;
- қатысушылар құрамының санына байланысты [2].

Тілді үйренушілердің санына байланысты, ойын түрлерін – жеке, жұптық, топтық және фронтальды деп бөлуге болады.

Сюжеттің күрделілігіне байланысты, ойын түрлерін - жай, күрделі, моноситуациялық және полиситуациялық деп бөледі.

Ұйымдастыру тәсіліне байланысты, компьютерлік, жазу және тақтадағы ойындар деп бөлінеді.

Оқу ұзақтығына байланысты, ойындар – ұзақ және қысқа ойындар деп топтастырылады.

Сипатына, тәсіліне, оқытудың түріне байланысты, ойындар – жазба, ауызша, пәндік, қозғалмалы, сюжеттік немесе ситуациялық, рөлдік, жарыс ойындар, интеллектуалдық (жұмбақтар, тесттер, ребустар, кроссвордтар), өзара қарым-қатынас ойындары (коммуникативтік), кешенді және т.б. ойындар болып бөлінеді.

Оқытудың мақсаты мен мазмұнына байланысты, тілдік, сөздік ойындары болып топтастырылады.

Тілдік ойындар: фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық.

Ал оқыту тәжірибесінде дидактикалық, имитациялық, проблемалық, сюжеттік, ситуациялық, рөлдік, іскерлік ойындар деп қарастырылады.

Жоғарыда аталғандардың ішінде рөлдік ойындар тілдік емес жоғарғы оқу орындарында жиі қолданылады. Олар өзіндік әрекет етуге, ұйымшылдыққа талпынуға мол ықпалын тигізеді. Рөлдік ойындарға қойылатын негізгі талаптар:

1. Ойын тілді үйренушіде қызығушылық тудырып, оны тапсырманы жақсы орындауына ынталандыруы;

2. Рөлдік ойынды мұқият ұйымдастыру;

3. Рөлдік ойындар ыңғайлы шығармашылық ортада өтуі;

4. Рөлдік ойындарда материалдар жоғары тиімділік алып келуі;

5. Рөлдік ойындар топтың барлық мүшесі тарапынан қабылдануы;

6. Ойын кезінде жақсы оқитындар үлгерімі нашарларға көмектесуі және оқытушы жалпы процесті бақылауы қажет.

Кез келген жағдай - ойынды ұйымдастырудың тәсілі ретінде жүзеге асады. Жағдайлар табиғи-сөздік және оқу-сөздік болуы мүмкін. Рөлдік әрекеттер - тілді үйренушілердің белгілі бір рөлді ойнау арқылы орындайтын әрекеті. Сабақты өткізу барысында аудиторияның жабдықталуы да ескеріледі. Столдарды үлкен дөңгелек түрінде орналастырған жөн. Дөңгелектің ортасы рөлдік ойынды көрсету алаңы ретінде қолданылады. Әрбір қатысушы кеудесіне өз рөлінің атауы жазылған бейджик таққаны жөн. Ойын барысында бақылау болуы керек. Оқытушы, ойынға қатысушылардың қателерін оларды сөзден бөлмей, жазып отырады. Ойын соңында анализ жасап, алдымен, қатысушылардың сәтті кездерін, соңынан қателіктеріне тоқталуы қажет.

Рөлдік ойындарға арналған тақырыптар көп. Өмірдегі кез келген жағдай рөлдік ойынды тудырады. Мысалы, «Сіздің сүйікті жазушыңыз кім? (Who is your favourite writer?)». Тапсырма: Англиядан келген қонаққа қай жазушының кітаптары ұнайтынын сұрап біліңіз. «Кітап не туралы? (What is the book about?)». Бұл - жергілікті тұрғын мен қонақтың арасындағы рөлдік ойын.

Төмендегідей ситуациялық жағдайларды құрастыруға болады:

You are going to buy a new house, get them to list off their priorities. For example, I got the following:

- It must face North;
- It must be naturally light;
- It must be near the school;
- It must be located in the city center.

Сіз бұл сілтемелерді өз оқушыларыңызға алдын ала бере аласыз. Тапсырманы орындаған соң, екінші ситуациялық жағдай тудыруға болады. Мұнда сіз тақырыпты үйдің сыртынан ішкі жабдықталуына қарай бағыттайсыз:

- Inside the house, the most important thing for me is...

Some answers I got:

- A balcony (Why?)
- A big TV
- A big bed
- Book shelves
- An enormous bath
- A chimney place
- Distribution of the house, i.e. having the bedroom far from the kitchen (Why?)

Жоғарыдағы рөлдік ойын сатушы мен сатып алушы арасындағы диалогтардан құралған.



Төменде ситуациялық немесе рөлдік ойындарға мысалдар келтірілген:

1. A mechanic asks a co-worker how to obtain a certain tool.
2. An agent describes to a supervisor the appearance, colour and size of brochures ordered.
3. A laboratory technician explains the stages of an experiment to a co-worker.
4. A manager advises another on the best method of handling a difficult situation or project.

Рөлдік немесе ситуациялық ойындар тек екі адамның қатысуымен емес, бірнеше адамның қатысуымен де ойналатын қойылымдық ойындармен де көрсетілуі мүмкін.

Осылай кез келген мамандыққа қатысты тақырыптарды таңдап, рөлдік ойындарды ұйымдастыруға болады.

Қорыта айтқанда, тілдік емес жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін ойындар арқылы үйрету, тілді үйренушілердің қызығушылығын ғана арттырып қоймай, олардың танымдық көзқарастарын дамытып, кез келген ортада еркін тілдік қарым-қатынасқа түсу қабілетін шыңдайды. Бәсекелестік дамыған өмірде әр адамның басқалармен тез тіл табыса білуі маңызды.

Елбасымыз: «Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек», - деп атап айтқанындай [1], бүгінгі күн талаптарының негізгілерінің бірі – жастарымыздың өз ана тілдеріне қоса, ағылшын тілін еркін меңгеріп халықаралық деңгейде жұмыс жүргізе білуі. Өз тілімізді құрметтей отырып, өзге тілдерді меңгеру біздің дүниетанымызды да нығайтатын сөзсіз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан Халқына Жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007.
- 2 Деркач А.А. Педагогическая эвристика (искусство обучения иностранному языку). - М., 1991.
- 3 Леонтьев А.А. Основы теории речевой деятельности. – М.: Наука, 1974. – 368 с.
- 4 Пассов Е.И. Урок иностранного языка. – Ростов н/Д.: Феникс, 2010. – 640 с.
- 5 Тумаков Н.А., Ткаченко Ю.А. К вопросу о роли мотивации в обучении иностранному языку в вузе // Молодой ученый. – 2015. - № 6.
- 6 Эльконин Д.Б. Психология игры. – 2-е изд. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1999. – 360 с.

## РЕЗЮМЕ

В статье описаны методы формирования языковых навыков студентов и повышение их заинтересованности в обучении английскому языку в неязыковых высших учебных заведениях, посредством использования разных видов игр.

## RESUME

In this article the author describes the methods of forming language skills of the students and the increase of their interests through the use of different types of games in teaching English in non-linguistic higher educational establishments.





### Аннотация

Бұл мақалада орта ғасырда мәмлүк қыпшақтар әскери тақырыпқа арнап жазған «Муниетул-ғузат» әдеби ескерткіші қарастырылады.

*Түйін сөздер:* тарихи-салғастырмалы зерттеу, әскери тақырыпқа арналған, Түркі халықтар, грамматикалық ерекшеліктер, дыбыс жүйесі.

### С.Р. Боранбаев

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университет, филол. ғыл. д-ры, доцент

### С. Дүйсен

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, PhD докторы

## Әскери әдебиет үлгісінде жазылған ортағасырлық қолжазба

Орта Азия далалары оның табиғи бір аумағы болған оңтүстік-шығыс Еуропа далаларында, тарихтың ең көне дәуірлерінен бері қарай түркілердің тіршілік еткені белгілі. Сондай-ақ IV ғасырдың орта кезеңдерінде Ғұндар Назар теңізі аймағына келе бастады [1, 713]. Мұнан соңырақ бұл өлкеге бір топ түркі тайпалары көшіп қонды; олардың кейбірі өзара етене араласып кетті. Олар тайпаларының үлкендігіне байланысты қуатты саяси одақтар құра бастады және кейінірек үлкен ұлыстық бірлестіктер құрамында тіршілік етті.

Қара теңіздің солтүстігінде далаларға көшіп қонған бұл түркі тайпаларының бірі болған құмандардың жерлерінен айырылу себепті, 916 жылдар шамасында Чиннің солтүстігінде Қытай мемлекеті құрылды [2, 72; 137]. Қытайлардың күшеюіне орай, өзгедей кейбір түркі ру-тайпалары сияқты құмандар да батысқа қарай қозғалды. 1017 жылдары батысқа қарай қозғалған құмандар 1050 жылдардан өте шығыс Еуропаға келді. Орыс жылнамаларында алғаш рет 1055 жылы «половцы» атымен аталынды [3, 73].

Құмандардың (тайпалық) атауларын оңтүстігіне байланысты берілгендігі болжам ретінде ұсынылған, сірә, түрлі тайпалар оларды «сары, ақ сары, ашық сары» сияқты мағыналарда қолданылатын сөздермен атаған. Бұл түркі тайпасына орыстар «половцы», Византиялықтар «құман», мажарлар «кун, куман», немістер «falben», армяндар «khartes» деп атаған [4, 166;70;713].

1060 жылдан кейін Уздарды ығыстыра отырып, Туна бойында соғыса жүріп, қозғалыста болған құмандар XI ғасырдың соңына қарай Қара теңіздің солтүстігіндегі далаларға толығымен үстемдік орнатты. Құмандар уақыт өте маңайындағы орыстардың үстемдігіне, кейде Византияның арандатуына байланысты түркі тайпасының бірі болған печенегтермен де әлсін-

әлсін соғысып отырды.

Бірнеше рет орыс одақтастығын талқандаған құмандар, соңында, 1103 жылы орыстар тарапынан ауыр жеңіліске ұшырады. Бұл соғыста кейбір ұлы қолбасшыларынан айырылған құмандар, жерлерін түркілік жаңа толқын болып келген қыпшақтарға берді. Осы кезеңдерде дүниеге келген мәмлүк қыпшақ түркішесінің әскери әдебиетке байланысты көрнекті жәдігерліктерінің бірі – «Муниетул-ғузат». Мұның аудармасы - «Жеңімпаздардың өтініші бойынша орындалған іс» мағынасына жуықтайды. Қолжазбада ат жарату, оқ ату, қылыш қолдану сияқты әскерге байланысты іс-әрекеттердің орындалу жолдары үйретіледі. Біздердің тарапымыздан мәтіні мен грамматикалық индексі дайындалып жатқан «Муниетул-ғузат» жәдігерлігі негізі қыпшақ сөйленісін көрсететін жазбалардың бірі болғандықтан және «харакаты» (дауысты дыбыстардың диакритикалық белгісі) «насих (үлгі) жазуымен жазуы тұрғысынан түркі тілін зерттеу үшін маңызы зор. Әсіресе соғыс өнеріне байланысты түркіше жазылған дереккөздердің ең көнелерінің бірі болуына байланысты, қолжазбаның мәдениет тарихы жөнінен де, мұрағаттық деректері де бар ескерткіштердің бірі.

Әскери тәлім үшін жазылған түрлі нұсқаларының болмауы ақылға онша қона бермейді, қолжазбаның жалғыз нұсқасы Топқапы сарайы мұражайының кітапханасындағы III Аһмед бөлімінде №3468 ретті санмен сақталуда.

Қолжазбаның биіктігі 265 мм, ені 178 мм, қоңырқой күн түстес былғары терімен қапталған. Қолжазба мәтіні көне, қалың, бұдырлы қағазға жазылған 115 парақтан тұрады. Әр бетте ұзындығы 113 мм болатын 9 жол жазылған. Араб тілінде орындалған алғашқы екі бетіндегі жазу жолдары жетеу. Мұқабасы және титулы алтын өрнекті, түзу сызықтары қызыл.

Мұқабаға басылған мөрдегі жазуға қарағанда, қолымыздағы нұсқа Гази Алтунбоға атына арнап дайындалған. Дайындау уақыты хижраның 850 (1446) жылы.

Муниетул-ғузат араб тілінен аударылған. Қолжазбада аудармашы өзінің аты-жөнімен қоса, негізгі қолжазбаның атын және авторын да атап өткен. Аудармашы мәртебелілердің мәртебесі Тимур Бектің бұйрығымен қолжазбаны аударғаны туралы мәлімет берген:

«Білгін, бұл рисалені түркіше жазылуына Тәңірінің ізгілігімен Мысырда дүниеге келген, даңқы зор, мәртебелілердің мәртебелісі Тимур Бек себеп болды. Бұл патша маған «Біздің жанымызда бір арабша әскери өсиет бар. Мұны мен түркішеге аударсам, мұны жеңімпаз түркілер пайдаланса және саған да сауап болса» деді. Мен де «Басым мен көзім алдында» айтылған бұйрықтарына мойынсұндым. Тәңірінің жәрдемімен ол кітапты түркішеге аударып, «Муниету-л-ғузат» атын бердім».

Алдарыңызға қойып отырған мәтінде бұл екі жазбаның көптеген ерекшеліктері бір жүйеде салыстырылғаннан кейін, бірнеше көсемді шешім болды. Аудармашы қолжазбаны алты пән ыңғайында реттеуіне байланысты, қолымыздағы нұсқада «қалқан тосу» бөлімі болмағандығы сияқты «оқ ату» бөлімі де тақырыпсыз берілген. Бұл бөлімде де бір кемшіліктің болуы мүмкін.

Мәтінін және грамматикалық индексін әзірлеу барысында «Муниет-л-ғузат» мәмлүк қыпшақ түркіше жәдігерліктерінің материалдары кеңінен пайдаланылды. Бұл жәдігерлік қыпшақ сөздерінің дыбысталуын (şikesini - айтылуы) айқындайтын жазбалардың бірі. Өйткені, дауысты дыбыстардың диакритикалық белгімен берілуі түркі тілінің тарихи даму жолын айқындауда зерттеушілер үшін көмегі үлкен, берері мол. Әсіресе, соғыс өнеріне байланысты түркіше жазылған дереккөздердің ең көнелерінің бірі болуы себепті ескерткіштің мәдениет тарихы тұрғысынан да маңызды орны бар екендігін көрсетеді.

Кіріспе бөлімінде де көрсетілген сияқты, ескерткіш осы уақытқа дейін толығымен зерттелінбеді. Бұл тұрғыдан алғанда, осы жазбаны толығымен зерттеп, айналымға түсіруді мақсат етіп отырмыз.



Әскери тәрбие үшін жазылған бір топ нұсқасы болғанымен, олардың жоғалуына байланысты, ескерткіштің жалғыз нұсқасы Топқапы сарайындағы мұражай кітапханасының III Ахмед бөлімінде 3468 санымен сақталған. Ескерткіштің жалғыз нұсқасының болуы анық емес және жаңылыс жазылған базбыр сөздер дәлелдемелер мен анықтамалар беруді қажет етеді. Біз мәтінді аударғанда жекелеген сөздерге, мүмкіндігінше анықтамалар жазылғандығын да көрсеттік. Мәтінді анықтағаннан кейін әрбір сөзді бір-бірлеп жайма қағаздарға тіздік және бұл сөздерді грамматикалық көрсеткіш түрінде тізіп, жүйеге келтірдік. Осы тұрғыда дайындалған сөздік және индексін қолымыздан келгенінше кемшіліксіз орындалуына көңіл бөлдік.

K.Gronbech-тің “Komanisches Wörterbuch”-ін және Али Фехми Karamanlioğlu “Gulistan Tercümesi”-ін үлгі ретінде қол астымызда ұстадық. Сілтемелерден байқалатыны сияқты, аз да болса кейбір сөздердің мағыналары мен оқылуы нақтыланды. Осы тұрғыда және аталған ескерткіш негізінде баян етілген ізденістеріміз және зерттеулеріміздегі бұл қиыншылықтарды мүмкіндігінше келешекте анықтаймыз.

Қолжазбаның өзгедей нұсқалары табылса, ол жұмыстың да назарға алына жатары анық. Бұл зерттеуде қатесіз мәтін және индекс дайындау идеясын ұстандық. Бар мүмкіндігімізді пайдаланып еңбек еткенімізге қарамастан, назардан тыс қалған қателіктер болуы мүмкін (6 б.).

Жәдігерлікті аударған автор қолжазбаның бөлімдерін былайша атағанды жөн санаған: 1. Атқа міну. 2. Сүңгі ұстау. 3. Қылышқа байланысты амалдар. 4. Қалқан ұстау. 5. Оқ ату. 6. Доп ұру.

I. Атқа міну. Бұл бөлімде ат үстінде құламай тұра білу, ерсіз атқа мінуді үйрену, ері мен тоқымының және үзеңгінің қалай болу керектігі түсіндіріледі. Әсіресе атты жүргізу, шаптыру, кері жүргізу және тынықтырып-тыңайту сияқты атсайысқа байланысты ерекшеліктер баян етіледі.

II. Найза (сүңгі) ұстау. Бұл бөлімде Мұһдис-и Сағри, Шам, Хорасан, Дейлеми сияқты найза ұстау және қолдану үлгілері, қажеттілігіне қарай бұл үлгілердің бірінен екіншісіне қалай өтуге болатындығы, жекпе-жек найзаласуға қалай дайындалу керектігін және бұл үшін дайындалу және амал-әрекеттерді, сүңгі түрлерін білуді, сүңгінің жақсы және жаман қасиеттері баяндалады.

III. Қылыш қолдану. Бұл бөлімде қылыштың түрлері, иемендік, нанди (үнді), франктық, мысырлық сияқты қылыш түрлері және олардың ерекшеліктері, қылышты алып жүру және қылыш қою тәртіптері, қылышты дұрыс қолдану үшін қандай тәлім-тәрбие алу керектігі баян етіледі.

IV. Қалқан ұстау. Бұл бөлім қолымыздағы нұсқада жоқ.

V. Оқ ату. Тақырыпсыз берілген бұл бөлімде, оқты дұрыс ата білу үшін алдымен жұмсан (серіппелі) жай (садақ) пен көп тәлім алынуы қажеттілігін, садақты дайындау тәсілдері биік жерлерге және биіктен алыс жерлерге қалай оқ атылатындығын, сондай-ақ ат үстінен оқ ату әдістері баян етіледі. Әсіресе, садақ және оқ түрлері, оқ жасалатын ағаштар да сөз етілді.

VI. Доп ұру. Бұл бөлімде чевген ойынының кісілерді соғыс үшін дайындық қалпына келтіретінін, бұл ойында чевгенмен допты ұру тәсілдері, чевген санынан және ойын болатын алаңның аумағы мен түрлері, бұл ойынның қанша кісімен ойналғандығы дұрыс болатынын баян етеді. Әсіресе, бұл бөлімнің соңында доптың қалай созылатыны айтылады.

Сөз болып отырған жәдігерліктің материалдары әлі күнге дейін қазақ ғалымдары тарапынан зерттеле қоймаған еңбектердің бірі. Бұл жазба ескерткіштің тілін зерттеу барысында тіл білімі, тарих, қазақ мәдениеттану ғылымы жалпы түркология тың деректермен толығындығы анық.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДБИЕТТЕР

- 1 Reşid Rahmeti Arat, “Kıpçak”, slam Ansiklopedisi, C. IV, İst. 1955, s.713.
- 2 Akdes Nimet Kurat, IX-XIII Yüzyıllarda Karadeniz Kuzeyindeki türk Kavimleri ve Devletleri, Ankara 1972, s. 72; Rasonyi, Tarihte Türklük, Ankara 1971, s. 137.
- 3 Ades Nimet Kurat, a.g.e., s.73
- 4 İbrahim Kafesoğlu, Türk Milli Kültürü, Ankara 1977, s. 166; Akdes Nimet Kurat, a.g.e., s.70; Reşid Rahmeti Arat, a.g.e., s.713.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается памятник литературы, посвященный военной тематике, созданный в средние века кипчаками мамлюками. «Муниету-л-гузат» - «Дело, совершенное по просьбе победителей». В рукописи описываются действия, связанные с овладением военными навыками: коневодство, стрельба из лука, фехтование и т.д. Выводимый нами индекс текста и грамматики произведения «Муниету-л-гузат» показал, что его основу составляет кипчакский язык, это свидетельствует о значимости памятника в исследовании истории развития тюркского, следовательно, казахского языка. В частности сведения на тюркском языке, повествующие о военном искусстве, являются самыми древними, что позволяет нам говорить о данном шедевре как об источнике истории культуры и архивных сведений.

## RESUME

The authors of the article considered the monument of literature devoted to military thematics, created in the Middle Age Kipchak Mamluks "Munietu al-Guzatov, " At the request of the winners." The manuscript describes the actions associated with the possession of military skills: horse-breeding, archery, fencing, etc. Our output index text and grammar works «Munietu al-Guzatov» showed that its foundation is the Kipchak language, which indicates the importance of the study of the history of the monuments of the Turkic hence the Kazakh language. In particular, the information in the Turkic language telling about the military art is the most ancient, that allows us to talk about this masterpiece as a source of cultural history and historical records.

## **М.С. Жолшаева**

Сулейман Демирел атындағы  
университет, филол. ғыл. д-ры,  
доцент

# **Тілдік құзыреттілік және аударма үдерісіндегі лингвомәдени фактор**

## **Аннотация**

Аударма – бір тілдегі мәтін мазмұнын екінші тілге тілдік құралдар көмегімен жеткізу. Аударма үдерісінде аударманың сәтті шығуы аудармашыға қойылатын бірнеше құзіреттіліктермен байланысты: атап айтқанда, тілдік, лингвомәдени, коммуникативтік және т.б. құзіреттіліктер. Бұлардың ішінде тілдік құзіреттіліктің мәні зор. Екі тілдегі тілдік бірліктердің семантикасын инварианттық деңгейде білу және функционалды-контекстік жағдайда туындаған бірнеше мағыналарын дұрыс ажырата алу аударманың сапасына ықпал етеді. Мақалада аудару үдерісінде кездесетін лингвомәдени бірліктерді аударудың тәсілдері тілдік деректер негізінде көрсетілген.

*Тірек сөздер:* аударма, проза, лингвомәдени бірлік, реалия, аудармашының тілдік құзіреттілігі.

Қазақстанның әлем елдерімен өзара түрлі сипаттағы қоғамдық-саяси, рухани-мәдени, экономикалық, сауда және т.б. байланыстары, түрлі ұлт өкілдерінің бір-бірін тереңірек танып білуге ұмтылуы жана мәдени-әдеби байланыстардың артуына жол ашты. Қайсыбір ұлттың мәдениетінен хабардар болу, біріншіден, сол ұлт өкілімен қарым-қатынас жасағанда қандай да бір жаңсақ әрекеттерге тап болудан сақтандырады; екіншіден, сол мәдени ортада өзінді сенімді әрі еркін ұстауға ықпалын тигізеді; үшіншіден, ұлттың табиғи болмысын кеңірек ауқымда тануға мүмкіндік береді.

Ұлт мәдениетімен танысу, оны түсінуге қол жеткізу өмірде түрлі жолдармен: ғаламтордағы ақпараттар, тіл үйрену, саяхат жасау, әдеби шығармаларды оқу және тағы да басқа әрекеттер арқылы іске асып жатады десек, бұл айтылғандардың қатарында аударманы да қарастыруға болады. Өйткені мәдениетаралық қарым-қатынастың бір көрінісі осы аударма болып табылады.

Аударма – түрлі жанрдағы ақпаратты бір тілден екінші тілге жеткізетін күрделі шығармашылық процесс. Бұл үдерістегі басты субъект аудармашы үшін үлкен қиындық – түпнұсқа мәтіндегі ойды оқырманға түсінікті болатындай әрі мазмұннан ауытқымай жеткізу.

Бірақ бұл талап үрдісінен шығу оңай емес. Өйткені түпнұсқа мәтінде орын алған ұғымдардың барлығы бірдей аударылатын тілде ұшыраспауы мүмкін. Бұл бірнеше факторға байланысты: әр халықтың тұрмыс-тіршілігі, болмысы, өмір сүру салты оның тілінде көрініс табады және әр халықтың өмір сүру салты мен тіршілік болмысы өзін қоршаған ортаға байланысты екендігін ескерсек, бір тілде бар ұғым-түсініктердің екінші тілде болмауы – заңды құбылыс. Сондықтан халықтың сөздік қоры, грамматикалық құрылымы мен мәдениетіндегі айырмашылықтар аударма үдерісіне міндетті түрде ықпал етеді.

Мақалада аударма үдерісінде күрделі де қиын мәселе болып табылатын баламасыз лексиканың көркем аудармадағы көрінісі туралы қарастырылды. Аударма теориясында ұлттық мәдени ерекшеліктерді білдіретін тілдік бірліктерге қатысты реалия және баламасыз лексика терминдері қолданылады. Бұл екі терімсөздің түсіндірмесіне келер болсақ, реалия – белгілі бір халықтың ұлттық болмысы мен мәдениетіне қатысты сөздер. А.В.Федоров басқа халықтың тұрмысы мен түсінігінде жоқ сөздерді реалия деп анықтайды [1, 283 б.].

Баламасыз лексиканы түпнұсқа тілден екінші тілге аударудағы қиындық олардың мағыналық құрамын анықтап, оның мәтінде актуалданған семасын білу және сол сема арқылы көрінетін сөздің семантика-стилистикалық ерекшелігін мүмкіндігінше сақтай отырып, екінші тілге оңтайлы деген амал-тәсілдер арқылы жеткізу – аударма үдерісіндегі басты мәселе. Сонымен, баламасыз лексика дегеніміз – басқа тілдің лексикалық қорында толық немесе жартылай сәйкес келетін баламасы жоқ лексикалық бірліктер.

Халықтың тілі – құпияға толы. Халық тіліндегі байырғы сөз орамдарындағы сырға толы құпияны ашу арқылы бірнеше ақпаратқа қол жеткізуге болады. Өйткені тіл ақпарат алмасу, қарым-қатынастың құралы ғана емес, ұлттың мәдениетінен ақпарат беретін қайнар бұлақ, мәдениет айнасы; тіл – халықтың бастан кешкен жағдайларын өз бойына жинақтаушы тарихи дереккөз; тіл – қоршаған дүние, әлем туралы ұлттың сан ғасырлық дүниетанымының көрінісі. Баламасыз лексика осы ұлттық дүниетаныммен байланысты болып келеді. Мәселен, баламасыз тілдік бірліктер қатарына халық тілінде сақталып қалған түрлі табиғат құбылыстарына қатысты айтқан халық есепшілері-астрономдары қолданған сөздерді жатқызуға болады. Әсіресе, баламасыз лексиканы көп қажет ететін аудармадағы – көркем әдебиет жанры. Осымен байланысты көркем әдеби шығарманы аударуда аударма мәтініне нұқсан келтіретін жағдайлардың қатарына мәнмәтіннің, фразаның, абзац пен макромәтіндердің калька немесе еркін аударма тәсіліне бойұрып кетеді. Міне, осындай күрделі, тілдік семантикадан ғана құралмай, мәдени ақпаратты да бойында жинақтаған сөздерді аудару тәсіліне қатысты зерттеушілер пікірінде айтарлықтай айырмашылық жоқ. Мәселен, Л.С.Бархударов баламасыз лексиканың аударма үрдісінде бес түрлі жолмен көрініс табатындығын айтады: 1) транслитерация және транскрипция; 2) сөзбе-сөз аудару, яғни калька тәсілі; 3) сипаттамалы аударма; 4) жуық аударма; 5) трансформация [7, 176 б.].

А.К.Абишева көптеген зерттеушілердің практикасында кездесетін, реалия-сөздерді берудегі негізгі тәсіл ретінде қолданылатын мынадай түрлерді көрсетеді: 1) транскрипция (транслитерация); 2) ұқсату; 3) лақунаны компенсациялау; 4) сипаттамалы аударма; 5) калька; 6) тек-түрлік ауыстыру; 7) функционалды сәйкестік; 8) аудармалық түсіндірме [8, 154 б.].

Баламасыз лексиканың үлкен бір тақырыптық тобын – түрлі табиғат құбылыстарына қатысты туындаған танымдық сипаттағы атаулар құрайды. Қазақта жыл он екі айда айналып соғып тұратын ыстық пен суық, қар мен жаңбыр, жел мен боран, яғни түрлі табиғаттағы өзгерістер амал деп аталған және «жеті амал» бар деп саналған. Мәселен, жыл он екі айда болатын табиғат құбылыстарына қатысты қазақ тілінің лексикалық қорында құс қанаты, киіктің матауы, құралайдың салқыны сияқты сөз орамдары кездеседі. Мәселен, құс қанаты – тіркесінің астарында мынандай ақпараттар бар: наурыз айының соңында жауып, суық жел тұрады. Мұны ел «құс қанаты» деп атап, амалға жатқызған. Сондай-ақ, ел арасында құралайдың салқыны деп аталатын кезең мамыр айының соңына қарай өтетін бірнеше

күндік суық желге қатысты болып келеді. Осы кезеңде жер сыз, ықтасын болмаған соң киіктердің төлі орнынан тұрып, енесіне еріп, аяқтанады. Киіктердің төлін өргізетін осы мезгілдегі ызғар құралайдың салқыны деп аталады. Осы тілдік бірліктің көркем әдеби аудармада қалайша берілгеніне тоқталайық. Жазушы С.Елубайдың «Ақ боз үй» романында мынандай сөйлем бар: Содан көп ұзамай түстіктен қызыл жел соғып, күн жылып, қар шұрқ тесілді. Құралайдың салқыны өте қойлар төгіп қоздай бастады. Шаруа ауыл үшін сүріне аттап жүгіретін төлдің ең бір қауырт, қарбалас айы басталды [10, 67 б.].

Орысша аудармасы: Несколько дней прошло – и задул с севера теплый ветер, солнышко пригрело землю, снег местами прорвался, стал таять.

После майской прохлады начался окот. Для скотоводческого аула появление молодняка – самая суетная пора, когда, считай, все на ногах, тлько успевай принимать новорожденных! [11, 51- с.]. Аудармада түпнұсқа мәтіндегі құралайдың салқыны тіркесінің мағынасын беруде сипаттамалы тәсіл қолданылған. Яғни құралай салқыны тіркесі әдетте май айының соңында өтетін суық, ал аударма мәтінде дәл осы айдың соңында деген мағыналық реңк қамтылмай қалған сияқты. Бұл мағына мамыр айындағы суықтан кейін деген жалпы берілген. Дегенмен сипаттамалы тәсіл арқылы аударманың жалпы мазмұны сәтті шыққан деуге болады.

Мұндай сөздердің қатарына бесқонақ лексемасы да жатады. Бесқонақ сөзі де ұлттық танымға қатысты болып келеді. Егер бесқонақ сөзінің бірінші мағынасына сай, оны (бесқонақты) отыз күннен тұратын айға «сыймай қалған» жылдың соңындағы бес күннің атауы десек, әдетте қазақ жыл бастауын наурыздың жиырма екінші жұлдызынан бастайды. Ендеше бесқонақ амалы осы жаңа жылдың алдындағы кезеңді қамтиды. Профессор Н.Уәлиев бесқонақтың наурыз айының 17-21 күндері арасында болатын жауын-шашынды күндер, әр жылы соғып өтетін суық, әрі лайсаң мезгіл екендігін, жұрт осы «бесқонақтан» қатты сақтанып, күтініп отыратындығын айтады [6].

Лингвомәдени бірлік болып табылатын бесқонақ сөзінің аудармасына тоқталмас бұрын, бұл сөз бойындағы, яғни мағынасында қандай ақпараттардың жинақталғандығын қарастырып көрейік. Қазақ тілінің он бес томдық түсіндірме сөздігінде аталған сөздің мағынасы былай анықталған: «Бесқонақ – зат. этн. 1. Байырғы қазақ күнтізбесінде қолданылып келген, жыл айларынан тыс алынатын бес күн. Байырғы қазақ күнтізбесінде Бесқонақ үнемі жыл аяғында қосылып отырған (ҚҰЭ). Қазақ есепшілері бір жылды алты ай жаз, алты ай қысқа бөлген. Әрбір айда отыз күн болған. Жылдың аяғында он екі айдың есебіне кірмей қалған бес күнді бесқонақ деп атаған («Ана тілі» газеті). 2. Амал, көктемнің аяқ шенінде өтетін бес-жеті күндік жаңбырлы салқын кез. ... Мен туғанда бесқонақтың сырғақ қары борапты, Құрым киіз арасына әжем мені орапты (Қ.Шаңғытбаев. Армысың.) ... [4, 293 б.]. Осы сөздікте берілгендей бесқонақ сөзі табиғат құбылысына қатысты халықтың болжамды білдіретін сөз және осыған сай өзара байланысты екі түрлі мағынаны береді: біріншісі – күнтізбедегі бес күнді қамтитын, сол бес күннің атауы; екіншісі – сол уақыт аралығында болатын табиғаттағы құбылыс, амалдың атауы.

Осы бесқонақ сөзімен келген жазушы Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романының «Қызыл алма» атты бірінші бөлімінде мынандай сөйлем бар:

Бесқонақтың бес күні өткен соң, дүние жынынан айырылған бақсыдай жым-жырт бола қалды. Жер беті айғыз-айғыз жарылып кетіпті. Жарықтың арасынан шықса керек, мына жерде де, ана жерде де теңкиіп-теңкиіп тасбақалар жатыр. Кейбіреулерін жер аударып тастапты, төрт аяғы көктен келіп, ұялап жатыр [2, 8 б.].

Романдағы бұл берілген сөйлемдер және бесқонақ сөзінің орыс тіліне аударылуы төмендегідей болып келеді:

Пять дней и ночей ярилась буря – предвестница благодатной весны. Потом весь мир враз утишился, словно обессиленный после камлания баксы-шамана. Повсюду – кучками и поодиночке – валялись вылезшие, должно быть, на свет божий из трещин черепахи. Ветер

расшвырял их как попало. Иные лежали брюхом кверху и беспомощно сучили уродливыми ножками [3, 10 б.].

Осы аудармаға, яғни бесқонақ сөзінің орыс тіліндегі аудармасына талдау жасап көрейік: біріншіден, түпнұсқа мәтінде бесқонақ сөзінің мағынасын беруде аудармашы сипаттамалы тәсілге жүгінген: Пять дней и ночей ярилась буря – предвестница благодатной весны. Осы тәсіл арқылы аудармада ақпаратты мейілінше түпнұсқаға жақындатуға тырысқан.

Ә.Кекілбаевтың жоғарыда аталған еңбегінде табиғат құбылысына қатысты өзгерісті сипаттайтын тағы бір сөз орамы – тасбақаның дауылы. Бұл халық арасында алай-дүлей соққан қатты желді атайды [9, 22 б.].

Тасбақаның дауылы басылғаны таяуда ғана емес пе еді. Бес күн бойы қарсы алдынан тандырдың деміндей бет шарпыған қызыл жел ұрған да тұрған [2, 5 б.].

Орыс тіліндегі аудармасы:

На стыке зимы и весны здесь всегда бушуют бури. Самая свирепая и злая из них, именуемая в народе «черепашьей», отшумела лишь недавно. Пять суток кряду, словно из преисподней, бил им в лицо раскаленный докрасна зной пустыни [3, 8-9 бб.].

Осы сөйлемнің немесе сөйлем мазмұнын екінші тілге аудару барысында аудармашы екі бірдей тәсілді қолданған. Аудармаға қарасақ, ондағы бірінші сөйлем түпнұсқада жоқ, яғни аудармашы өз тарапынан тасбақа дауылы тіркесін түсіндіру үшін қосу тәсіліне жүгінген, сол арқылы оқырманға бұл туралы түсінік беріп, ары қарай сипаттамалы тәсіл арқылы түсіндірген. Егер сипаттамалы тәсілімен бере салғанда, онда оқырман үшін сөздің мазмұны ашылғанмен, нақтырақ жеткізу осы трансформацияның қосу тәсілі арқылы іске асырылған. Осылайша аударма сәтті шыққан деуге болады. Тағы бір мысал: Бұрын тасбақаның дауылы мен қазанның кірісінде жолға шықпаушы еді. Осы жолы елге қалай да көктем басында оралам деп амалсыз ұрынып отыр [2, 6 б.].

Орысша аудармасы:

Не в правилах Повелителя было отправляться в походы в весеннюю распутицу или по чернотропу. На этот раз, стремясь вернуться в родные края к началу весны, он поневоле изменил обячаю [3, 9 б.]. Біздің ойымызша, қазақ тіліндегі тасбақаның дауылы, қазанның кірісі деген сөз орамдары арқылы берілген бейнелі ақпарат аудармада өз дәрежесінде көрінбей қалған секілді. Дәл осы түпнұсқадағы бейнелі сөз орамдары аудармада жай көктемгі лайсаң деген түсінікте ғана қалған.

Сонымен, аударманың лингвистикалық аспектісі халықтың бітім-болмысымен, дүниетанымымен байланысып жатады. Олай болу себебі, аударма үдерісі – тілдік бірліктердің, тілдік құрылымдардың мазмұнын бір тілден екінші тілге аудару ғана емес, тілді тұтынушы ұлттың әлем туралы тілдік бейнесін аударылатын екінші халықтың тілі арқылы жарыққа шығару болып табылатын күрделі үдеріс.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Федоров А. В. Основы общей теории перевода. – М.: Высшая школа, 1983. – 400 с.
- 2 Кекілбайұлы Ә. 12 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 1999. Том 3. – 400 б.
- 3 Кекильбаев А. Конец легенды. Роман и повести. Перевод с казахского. – Астана: Аударма, 2009. – 656 с.
- 4 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: Арыс, 2006. 3-том. – Б-Б. – 774 б.
- 5 Әбутәліп О.М. Амал атауларындағы этномәдени мәнділіктер, <http://turkacadem.kz>
- 6 Уәлиев Н. Халқымыздың байырғы күн қайыруы // «Ана тілі» газеті. - 1992. - № 1-17.
- 7 Бархударов Л.С. Язык и перевод: вопросы общей и частной теории перевода. - Москва: Международные отношения, 1975. – 240 с.



- 8 Абишева К.М. Основы теории и практики перевода. – Астана: Туран-Астана, 2008. – 272 с.
- 9 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – А.: Қазақ энциклопед., 2011. 14-том. – Т-Ұ. –800 б.
- 10 Елубай С. Ақ боз үй. Роман. – Алматы: Жазушы, 2011. - 376 б.
- 11 Елубай С. Одинокая юрта. Перевод с казахского Л.Космухамедовой, А.Жаксылыкова. – Астана: Аударма, 2008. – 568 с.

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются лексико-стилистические проблемы художественного перевода как творческого процесса, осуществление которого вызывает большие затруднения при передаче культурно-ориентированной лексики, особенно национальных слов-реалий, представляющих собой безэквивалентную лексику. На конкретных примерах рассматриваются пути применения нескольких способов перевода слов-реалий одновременно для адекватной передачи содержания исходного текста.

### RESUME

Translation is considered to be a complex process of transferring information from one language into another and demands to be handled with creativity. One of the main problems for a translator firstly, is to deliver an essential thought in the original text, secondly, to deliver it without any deviation from the original text.

This article is devoted to the problem of which methods can be applied to translate realia and inequivalent lexicon from the Kazakh language into the Russian language. It was also taken into consideration that a translator sometimes has to use more than one method in order to transfer inequivalent lexicon in the text for a reader.

ӘОЖ 398(4/9); 801.8(4/9)

## **С.Р. Боранбаев**

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университет, филол. ғыл. д-ры, доцент

## **Н.Қ. Декембаева**

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университет, магистрант

# **Батырлар жырындағы исламдық танымдар**

### **Аннотация**

Мақалада фольклордағы, соның ішінде батырлар жырындағы исламдық таным-түсініктері мен жыршылардың оны пайдалану ерекшеліктері сөз болады. Кейбір батырлар жыры исламға дейін пайда болғанымен оларға исламдық сарындардың кейін қосылғаны және оларды қосудағы авторлық мақсат пен мүдде әр алуан деректер арқылы дәлелденеді. Ал халқымыз ислам дінін қабылдағаннан кейінгі тұста пайда болған жырлардағы мұсылмандық қағидалардың көріністерін зерттеуші мақаласында барынша нақты талдап, көрсете білген. Мақалада тың деректер мен соны пікірлер де жиі кездеседі.

*Түйін сөздер:* шарифат, діни мотивтер, фольклор, батырлар жыры, көркемдік шешім

Халқымыздың ғасырлар бойғы тағдырын, ерлігі мен елдігін, ой-арманы мен мұң-мұқтажын бойына жинақтаған қаһармандық жырлар – қыры мен сыры мол аса қымбат қазына. Ол өзінің көл-көсір молдығымен де, көркемдік-эстетикалық қуат-тегеурінімен де, тарихи деректілігімен де халқымыздың рухани болмысында айрықша орын алады.

Қазақ фольклортану ғылымының бірер күнде туып, жетіле қоймағаны секілді, қаһармандық эпос, оның тарихи және этникалық арқауы туралы пікірлердің де бірте-бірте бой көрсетіп, күрделеніп отырғандығы байқалады. XX ғасырдың бас кезінде қарымды қаламгерлік қызметімен танылған аға буын ағартушыларымыздың еңбектеріне назар салар болсақ, олардың эпостың тарихи тегіне қатысты бірқатар ой-пікірлер сабақтағанын аңғарамыз. Бұл ретте Ахмет Байтұрсыновтың ауыз әдебиеті, соның ішінде эпостық жырларға қатысты пікірлерін алғаш ауызға алар едік. Ғалым қазақ фольклорын жанрлық тұрғыдан саралаған тұста оның әрбір саласына өзіндік ерекшелігі бар «ертегі», «ертегі жыр» деген атауларды қолданған. Ол атаулардың қазіргі анықтамасы қиял-ғажайып ертегілер және эпостық туындылар болып табылады.

Эпостық жырдың тарихи арқауына келгенде Ахмет Байтұрсынов «өтірік-шыны аралас қойыртпақ әңгіме» деген анықтамалық тіркес қолданып, олардың санатына «Қарақыпшақ Қобыланды», «Алпамыс батыр», «Нәрікұлы Шора», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қамбар»,



«Едіге» жырларын жатқызған [1, 236-239]. Осы негізде батырлық жырларды ертегі мен тарихи эпосты жалғап тұрған аралық жанр ретінде таниды. Оның бір басы тарихи шындықпен байланысып жатса, екінші басының қиял-ғажайыптық сипаты үстем болмақ. Бір сөзбен айтқанда эпос – тарих жаңғырығы, ел естілігінің жарқын бір көрінісі болып табылады.

Дін – жалпы адамзаттың өсіп-өркендеуіне, дамуына үлкен үлес қосқан рухани әлем. Сондықтан, қай халықтың болмасын фольклоры мен әдебиетінде діни қағидалардың көрініс беріп жатуы орынды жайт. Әсіресе, эпикалық жырларда осы мәселе кеңінен қамтылған. Мәселен, «Алпамыс», «Қобыланды» жырларына назар салар болсақ, ондағы діни қолданыстарды шамамен төрт салаға жүйелеуге болады. Олар: діни сөздердің қолданысы, діни кейіпкерлердің кездесуі, діни аңыздардың желісі, діни қағидалардың айтылуы. Осы мәселелер арқылы екі түрлі жағдайды жүзеге асыруға болады. Оның бірі дінді насихаттау болса, екіншісі дәріптеу. Енді жырға кезекпен-кезек тоқталып өтсек:

Қырда Қияс пайғамбар,  
Ойда Илияс пайғамбар, –

немесе,

Денеге оқты дарытпас,  
Дәуіт соққан жалаңқат [3, 29].

Деген жыр мазмұнынан ислам дінінің парыздары тыс қалмағанын көреміз. Бес уақыт намаз жайлы:

Намазшам еді күн батты,  
Құптанның болды уақыты.  
Намазын оқып шам жағып,  
Бұрынғы қылды әдетті [2, 232], – деп намазды қаза қылуға болмайтындығын, ата-бабадан келе жатқан дәстүрге сіңген заңдылық екендігін баса айтады. Сонымен қоса, Алланың бұйрығын қабыл еткенді жөн көреді:

Сізге деген құданың,  
Қабыл еттім бұйрығын [3, 59].

Осы тәрізді қаһармандық эпостардың көбінде жауға аттанып бара жатқан батырларға арнау айтқан артында қалған туған-туысқандарының сөздерінен діни сипат анық аңғарылады:

Мен көкемді тапсырдым,  
Он сегіз мың ғаламның  
Падишасы өзіңе [3, 31].

Мұндай Алладан медет тілеу дұғасы батырдың жауға шабар алдындағы дайындығынан да көрінеді:

Алладан пәрмен тіледі,  
Құйысқанын қысқартып.  
Екі айылын бек тартып,  
Енді атына мінеді [3, 39].

Батырлық жырлардың көбісі осылайша Аллаға сыйынумен басталып, Алладан тілек тілеумен тәмамдалады. Біз бұл мысалдарды ойымыз дәлелді болу үшін келтірдік. Осыдан келіп шығатын түйін фольклордың басты жанрларының барлығында, әсіресе батырлық жырларда ислам қағидаларының көрініс беріп отыратындығы.

Жырдың түрлі нұсқаларына қарап ондағы анимистік, тотемдік наным-сенім жүйелерінің ислам санасымен бояла бастағанын аңғарамыз. *Әулие, бап, там, мола, намаз, құтпа, Алла* секілді атаулар соның дәлелі. Осы белгісіне орай жырдағы ислам көріністерін эпикалық дәстүр ретінде тануға толық негіз бар. Сонымен қоса жырда Алладан бала тілеу мотивінің көрініс табуы заңды құбылыс. Бұл мотив «Алпамыс батыр» жырында сексен жасқа келген Байбөрінің Аллаға зарын шағып, тілек тілеуі арқылы көрінеді.

Алмадың Құдай жанымды,



Бір баланың жоғынан  
Ағайын жейді малымды.  
Айналайын атыңнан,  
Жаратқан жалғыз Құдайым,  
Бір баланың жоғынан,

Зорлық қылды маңайым [2, 228], – деп Байбөрі зар жылайды.

Жары Аналыққа да бұл қайғы оңайға соқпайды. Сөйтіп екеуі әулие-әмбиелерден бала сұрауға аттанады. Осы тұстағы айта кететін мәселе, бұлар баланы қалай тілейді? Кімнен тілейді? Алладан ба, әлде әулиелерден бе? Осы сұрақтардың жауабын табуымыз керек. Жырдың мазмұны бойынша бізге олар баланы әулиелерден сұрап жүргендей көрінеді. Мұндағы мәселе мынада – баланы әулие-әмбиелер бермейтіндігін бабаларымыз жақсы білген. Бірақ, Байбөрі мен Аналық өздерін күнәһар пенде санап, өз тілектерін Алланың орындайтынын не орындамайтынын білмегеннен кейін, өмір бойы Құдайға құлшылық жасап өткен әулиелерге барып, өздері үшін Алладан бала тілеуін өтінген. Оны жырдың өзінен де байқаймыз. Түсіне кірген әулие:

Сен үшін бәрі қиналды,  
Бір жерге тегіс жиналды.  
Бір ұл бер деп осыған,  
Бір жаратқан Құдайдың

Тура өзіне жылады [2, 233], – деп хабардар етеді. Сондықтан

мәселенің өзегі баланы қалай сұрауында емес, кімнен сұрауында жатыр. Сол сұрауын орындауға көмек қолын созған әулие-әмбиелер көбінесе Қызыр Ілияс, Баба түкті шашты Әзиз болып келеді. Жырда Байбөрі мен Аналықтың әулиеге барар жолдағы көрген қиыншылықтары былайша баяндалады: Олар құла дүз далалардан, асуы, жолы жоқ жапандардан, қырық күншілік шөлдерден өтеді. Көп қорлық көреді, маңдайы күнге күйеді, табаны тасқа тиеді, өлдік-талдық дегенде, Әзіреті сұлтанның мазарына келеді. Әкелген мал-мүлкінің, алтын-күміс гауһарының тең жарымын беріп, көзінің жасын көл қылып жеті күн сонда түнейді. Ешбір нышан болмағаннан кейін Қаратауға барып, Баба атаға түнейді. Одан да нышан байқалмаған соң олар сапарын жалғастырып, өте ғажап бір жерге келеді. Жалтырап жатқан бір көлді, көл жағасындағы айналасы жалаңаш, басында жалғыз қара ағашы ғана бар бұлақты көріп сонда барады да, сол жердің қасиетті жер екенін сезіп, сонда түнейді. Таң ата бастаған шақта Шашты Әзиз диуана кейпінде келіп, сексен сегіз сәруар һәм мен тоқсан тоғыз машайықтың олар үшін Алладан бала сұрағанын, Алла олардың дұғасын қабылдап, ұлға қоса бір қыз сыйлағанын хабарлап, екі баланың аттарын да айтып береді де ғайып болады. Байбөрі мен Аналық Шашты Әзизден осылай жақсы хабар алып, еліне қайтады. Жол үстінде келе жатқанда бойына бала біткен Аналық қабыланның етіне жерік болады. Осы жерде назар аудара кетуге тура келетін екі жайт бар. Біріншіден, жырларда кездесетін «жапан түздегі жалғыз ағаш» сарынының арғы төркіні көне түркі аңыздарындағы киелі ағашты тәңірге жетудің жолы деп есептейтін түсінік. Яғни осы жалғыз ағашқа тәңір мен адам арасын байланыстырушы зат деп қараған. Сол себептен де жалғыз ағаштың киелі деп саналуының арғы түбінде бір Тәңірге сену және содан ғана медет күтудің болғандығын көреміз. Екіншіден, қазақ жырларының көпшілігінде перзентсіз ата-аналардың балалы болуына жәрдемдесетін мұсылман әулие-әмбиелерінің, оның ішінде Баба түкті шашты Әзиз екендігі. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында да бас қаһарманның дүниеге келуіне Баба түкті шашты Әзиздің септігі тиеді.

Бұның жалпы қазақ фольклорында кездесетін құбылыс екенін Сейіт Қасқабасов: «Көптеген аңыз, ертегі, жырларда болашақ қаһарманның ата-анасы бала тілеп Аллаға сыйынады, мұсылманның қасиетті орындарына зиярат етеді. Әдетте, перзентсіз ата-ананың түсіне ақ сәлделі бір шал (көбінесе Баба түкті шашты Әзиз) кіреді де, әйелдің бала көтеретіндігін аян етеді. Ал, кейін бала өсіп, батыр болғанда, жаңағы шал оның керемет қамқоршысы, көмекшісі болады» [4, 254], – деп аңғартқан. Оның есесіне бұл әулиенің



есімі қырғыз және түрік халқының жырларында кездеспейді. Бұның себебін аталған әулиенің бейіті Қазақстанның территориясында екендігімен, яғни, бұл әулиенің ислам дінін орнықтыруға сіңірген аса зор еңбегі негізінен қазақ жеріне байланысты болғандығымен түсіндіруге болатын сияқты. Қалай дегенде де, Баба түкті шашты Әзиздің жалпы мұсылман жұртшылығының, оның ішінде ислам дінін қабылдаған түркі халықтарының руханиятында айшықты із қалдырғанын тарихи деректер де айғақтайды.

Ендігі тоқтала кететін жайт – батырдың аман-есен ер жеткен соң жауларымен айқас кезінде зынданға немесе терең құдыққа тасталу мотиві. Бұл мотив жалпы түркі халықтарына ортақ болып келеді. Елінен ешкім көмекке келе алмаған осындай қиын кезеңдерде батырға бір көргеннен өлердей ғашық болған жау билеушілерінің сұлу қыздары, бас қаһарманды дүниеге келтіріп қана қоймай, оның әрбір әрекетіне қолдау көрсетіп келген желеп-жебеуші әулие-әмбиелері мен тұлпарлары көмек береді. Осылайша батырлардың жер астына тасталып, сонда көптеген жылдар бойы тұтқында болып, аман-есен сыртқа шығуы көне дәуір адамдарының о дүние туралы және үш сатылы әлем туралы түсініктерінің, инициация ғұрпын орындау жоралғыларының кейінгі фольклорлық туындылардағы жаңғырығы деп ұғынған жөн.

«Алпамыс батыр» жырында зынданда жеті жыл бойы жатқан батырға Ғайып Ерен қырық шілтен көмектеседі. Ол Алпамысқа бір мысық арқылы тамақ жіберіп отырады. Мысықтың адам баласына қамқор хайуанат екені әлем халықтарының діни әпсаналарында да, қазақ ертегілерінде де көп айтылған. Мысалы, топан су жайлы әпсанада Нұх пайғамбардың кемесін есектің пысқырығынан пайда болған тышқан тесейін дегенде, жолбарыстың түшкірігінен пайда болған мысық тышқанды жеп қойып, бүкіл жан атаулыны өлімнен аман алып қалғандығы баяндалады. Ал Мұхаммед (с.ғ.с) Пайғамбар туралы әпсаналардың бірінде Пайғамбарымыз намаз оқып жатқан кезде етегінің үстіне келіп ұйықтаған мысықты оятқысы келмей, тұрарында етегін кесіп, сол жерде қалдырғаны айтылады.

Ғайып Ерен қырық шілтен бейнесі «*Көрұғлы*», «*Қамбар батыр*» жырларында да көрініс табады. Онда да батырға көмек қолын созушы бейне – Ғайып Ерен қырық шілтен болады.

Қобыланды батыр жырында да жоғарыда айтып өткендей, баланың дүниеге келуіне жәрдемші әулие Баба түкті шашты Әзиз болады. Сол әулие батырдың дүниеге келуіне жәрдем етіп қана қоймай, оған жол сілтеуші, көмекші есебінде де көрінеді. Ол батырдың өз басын ғана қорғамайды, батыр жоқта елге төнген қауіпті де сездіреді. Демек, пірлер қызметі батырлар жырының рухына сәйкес ел мүддесіне бағындырылған. Мәселен, елін дер кезінде қорғап қалмаған Қобыландыға пірлері түсінде ұрысқандай болады:

...Қыпшақты жауға бергенің  
Ол да саған өлім-ді.  
Қайғы тартқан еліңе  
Сатамысың теріңді? [3, 48].

Міне, қазбалай берсе эпоста бір-біріне байланыссыз еш нәрсе жоқ. Айтып өткеніміздей, діни ұғым, ескі наным-сенім өз бетімен, таптық ұғым өз бетімен, батырдың әрекеті өз бетімен еншісін бөліп алып, бірінің үстіне бірі жамалғандай күйде емес. Олардың бәрі байырғы ұғымға сәйкес, тонның ішкі бауындай жарасым тауып қолданылады.

Жырда Қобыланды батыр жауға аттанарда жақындары үшін дұға тілеп:

Тоқсандағы әкем Тоқтарбай  
Қүдіретіме тапсырдым.  
Алпыстағы шешем Аналық  
Фатимаға тапсырдым.  
Қарындасым Қарлыға  
Қарашашқа тапсырдым.

Қосақ жарым қыз Құртқа  
Палуан қызға тапсырдым.  
Сендер төртеу, мен жалғыз,

Бір Аллаға тапсырдым [3, 25-26], – дейді. Мұнда батырдың үлкен істі бастардағы Алланы ауызға алып, дұға тілеуі дінді дәріптеудің бірден-бір жолы болып табылады. Жырдан Алланың, Пайғамбарлардың есімдерін өте жиі кездестіреміз. Бұл тек «Қобыланды батыр» жырына ғана емес, басқа жырларға да тән. Соның бірі «Орақ-Мамай» жыры. Бұл жырда да батыр Орақ Құдайдың қолдауымен, әулиелердің жебеуімен дүниеге келеді. Күн санап, ай санап ерекше жылдамдықпен ержеткен батыр елін, жерін жаудан азат етуде үлкен ерлік танытады. Оны жауға аттанғанда, жекпе-жек соғыстарда әулие-пірлері желеп-жебеп жүреді. Қаһармандық эпостарда кездесетін бұл мотив Орақ бейнесіне де тән.

Орақ батырдың сиынары – «атаның пірі» Баба түкті шашты Әзиз, ата-аруақ Едіге, Нұраддиндер. Олар батырға қысылған сәтте қол ұшын беріп, адасқанда жөн сілтеп, шешуші шақтарда жанынан табылып желеп-жебеп отырады. Мәселен, жырдың бір нұсқасында «айналасы алты қабат ор, биіктігі алты кез қорғаны бар» Азау қаласына жалғыз келіп, қаланың ішіне кірерге жол таба алмай қиналып тұрғанда көлденең жүрген екі адам кез келеді. Сөйтсе, бұлар пірлері екен. Олар Ораққа қаланы алудың амалын айтады. Солардың айтуымен Орақ таң атқанша «өзіне-өзін байлатып, өзіне-өзін айдатып» қалмақтарды алып болады. Қалмақ батыры Қазанбаспен күрескенде де пірлері жәрдем береді. Осындай пірлер жырдың әртүрлі нұсқаларында әр түрлі бейнеде көрінеді. Бірі – мұсылман кейпіндегі екі жолаушы түрінде болса, бірі – аспанда ойнаған бұлт, арыстан, жолбарыс кейпінде келеді.

Жауын аруақ, пірлердің көмегімен жеңу – бас батыр бейнесін солғындатпаса керек. Керісінше, оның ерекше жаратылысын, қарапайым адамнан бөлек өзгеше бітімін тағы дәлелдей, бекемдей түседі.

Қазақ фольклорындағы ислам дінін насихаттауға арналған шығармалардың қатарына ислам дінімен бірге енген діни дастандарды жатқызуға болады. Діни дастандар қазақ фольклорының үлкен бір бөлігін құрайды. Оның қазақ арасында пайда болуы мен таралуы туралы белгілі фольклортанушы ғалым Б.Әзібаева былай дейді:

«Қазақ даласында ислам дінінің кеңінен қанат жаюына діни дастандардың үлкен әсері болды. Себебі, ислам дінін нығайту үшін жүргізілген күрес соңғы ғасырларда екі түрлі жолмен іске асып отырды: бірінші әдіс – ислам дінін таратушылардың іс жүзіндегі (мешіт салу, медресе салу т.б.) үгіт-насихат жүргізу арқылы жүзеге асса, екіншісі – ақынжанды дала тұрғындарының жан-жүрегіне жыр сөздерімен (діни дастандар) әсер ету арқылы орындалған тәрізді.

Діни дастандар өзінің сюжеттері, мазмұны, шығу тарихы, даму, таралу жолдары жағынан әртүрлі. Бірақ олардың барлығы идея жағынан бірігеді, ол исламдық руханият құндылықтарын үгіттеу» [5, 87].

Мінеки, батырлық жырлардың көркемдік әлемін сөз ету барысында мұнда да діннің алар орнының орасан екеніне көзіміз жетті. Ондағы айтылатын әрбір оқиғаның, әрбір іс-әрекеттің Алланың атымен басталуы жырдың көркемдік табиғатын одан әрі көркейте, көріктендіре түседі. Дініміздің діңгегінің мықты болуы ең алдымен бойдағы иманға байланысты. Сол иманды күшейтуге фольклорлық мұралардың, оның ішінде батырлық жырлардың берер пайдасы өте мол. Өйткені ондағы әрбір оқиға жас ұрпақты тәрбиелеуге, имандылыққа, ауызбіршілікке үйретуге жол ашатын рухани көпір.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Алаш, 2003. Т-1. – 408 б.
- 2 Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. Т-34: Батырлық жырлар. – 384 б.
- 3 Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. Т-36: Батырлық жырлар. – 480 б.
- 4 Қасқабасов С. Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1981. – 308 б.
- 5 Әзібаева Б. Қазақ дастандары..–Алматы:«Баспалар үйі» акционерлік қоғамы, 2009. – 288 б.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности отражения исламских концепций миропонимания в произведениях фольклора и, в частности, в героических сказаниях. На основе изучения различных источников в работе выявляются причины включения авторами исламских мотивов в некоторые героические сказания, написанные в доисламский период. На конкретных примерах в статье детально анализируются особенности проявления мусульманских канонов в сказаниях, созданных после принятия ислама. В работе широко используются оригинальные источники и исследования последних лет.

## RESUME

In the article the features of reflection of Islamic concepts of outlook in folklore works and in particular in heroic legends are considered. On the basis of studying various sources the reasons for inclusion by the authors of Islamic motives in some heroic legends written during the pre-Islamic period come to light. On specific examples in the article the features of Muslim canons' displayed in the legends and created after the acceptance of Islam in detail are analyzed. In the work original sources and researches of last years are widely used.

## **Х.А. Ордабекова**

Сүлейман Демирел атындағы университет, филол. ғыл. канд., қауым. профессоры

## **Номинация процесінің психолінгвистикалық аспектісі**

### **Аннотация**

Мақалада затқа, құбылысқа, іс-әрекетке атау беру сөйлеу әрекеті негізінде қалыптасатындығы туралы айтылады. Қазіргі тіл білімінде номинация теориясын зат, құбылыс, әрекетпен тікелей байланыста емес, сонымен қатар ұлттық сана, ұлттық ойлау, ұлттық дүниетаным жүйесімен байланыста қарастыру мәселесі туындап отыр. Тілдік жүйедегі номинация процесі - сөйлеу әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Жалпы лингвистикадағы «әрекет» ұғымы *атау беру қызметін* қоршаған орта туралы аялық біліммен, экстралингвистикалық факторлармен байланыста қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі зат, құбылыс, сапа, әрекет белгілеріне атау беру халықтық дүниетаныммен, ой-сананың өсуімен, ұлттық психологиясы мен діліне байланысты айқындалуы тиіс. Қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар ментальді-сезімдік қабылдаулар арқылы адам санасында таңбаланатындығы нақты тілдік фактілер негізінде дәйектеледі.

Лингвистиканың жеке бір саласы ретінде тілдің аталымдық қызметін зерттейтін номинация теориясы ХХ ғасырдың 70-жылдары қалыптасты. Номинация теориясының зерттеу пәні - *тіл-ойлау-болмыс* бірлігінің нәтижесінде атаудың түзілу жолдарын қарастыруға негізделеді. Қазіргі тілдік зерттеулер тілдік құбылысты, оның ішінде, номинация теориясын көпәспекттік қырынан тануға бағытталып отыр.

Зат, құбылыс, іс-әрекетке атау беру, оларды сөздің көмегімен таңбалау мәселесі тіл ғылымында ХХ ғасырдың ортасынан бастап ономазиологиялық бағытта зерттеле бастады. Бұл бағытта ғылыми зерттеулер жүргізген В.Н.Телия, А.А.Уфимцева, Е.С.Кубрякова, Н.Д.Арутюнова, Г.В.Колшанский, Б.А.Серебренников; қазақ тілші-ғалымдарынан Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Т.Жанұзақ, Ж.Манкеева, Б.Сағындықұлы, Б.Қасым, Е.Керімбаев, А.Салқынбай, М.Гинатуллин, Қ.Рысберген сынды ғалымдардың есімдерін атауға болады. Ономазиологиялық бағыттағы зерттеулер номинация процесін қоршаған ортаға қатынасы



тұрғысынан жүргізіледі. Номинативті парадигма мәселесін қарастыру барысында сөздің тек затпен ғана емес, белгілі бір дәрежеде сана, ойлау, дүниетаным жүйесімен де байланыстыра қарастыру қажеттілігі туралы көзқарас пайда болды. Бұл идея Фрегенің семантикалық үшбұрышында көрініс тапты. Сөз мағынасын құраушы негізгі элементтерді сипаттай отырып, Фреге концепциясы бойынша, сөз мағынасының тілдік жүйеден тыс көптеген жекелік мәнге ие ұғымдық қатынастар жүйесін түзетіндігін айқындаймыз. Осыған орай, сөз бен оның мағынасы қазіргі таңда психологиялық аспект тұрғысынан қарастырылуда.

Номинация теориясы лингвистикалық бағытта зерделенуімен қатар, аралық пәндердің де нысаны бола алады. Тілді биологиялық құбылыс ретінде таныған А.Шлейхер, М.Мюллер номинация процесі *ментальді-сезімдік қабылдау* арқылы түзілетіндігін атап көрсетеді. Г.Шухардт зат, құбылыс атауларының шығуы мен қалыптасу тарихы тілді тасымалдаушы ұжымдық сананың дүниетанымымен тікелей байланысты екендігін айтады. Ол номинация процесін қайсыбір халықтың қоршаған ортаны қабылдау, болмысты санада категориялау, концептуализациялау жүйесімен тікелей байланыста қарастыруды ұсынады. Жалпы лингвистикадағы «әрекет» ұғымы *атау беру қызметін* қоршаған орта туралы аялық біліммен, экстралингвистикалық факторлармен байланыста қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі зат, құбылыс, сапа, әрекет белгілеріне атау беру халықтық дүниетаныммен, ой-сананың өсуімен, ұлттық психологиясы мен діліне байланысты айқындалуы тиіс. Дүниедегі заттар мен құбылыстар жоғарыда көрсетілген ментальді-сезімдік қабылдаулар арқылы адам санасында таңбаланады. Сөз негізгі семантикалық қызметі арқылы мағына тасымалдаушы таңба ретінде *сөйлеу әрекетінің* минималды ұғымдық немесе мағыналық бірлігі ретінде қызмет атқарады. Сөз тілдік жүйенің, әрі сөйлеу тілінің бірлігі ретінде өзара диалектикалық бірлікте болады. Индивидтің сөйлеу тілінде сөздің түрлі мағынадағы қолданысы интеллектуалды әрекет ретінде танылады. Өйткені сөз мағынасы психоллингвистикада ойлау әрекетінің бір аспектісі ретінде қарастырылады. Мұның өзі онтогенез процесінде сөйлеу және интеллектуалды әрекеттің маңыздылығын көрсетеді, өйткені бұл әрекеттер адам танымының дамуында негізгі аспект болып табылады. Ағылшын зерттеушісі Дж.Томастың ұстанымында «әрекет» теориясы арқылы сөйлеуші мен адресаттың бірлескен әрекеті нәтижесінде лексикалық мағынаға ие жаңа сөз туындайтынын алға тартады. Мәселен, ағылшын тілінде компьютерлік дискурсқа байланысты коммуникативті әрекет пен субъектінің атау беру шығармашылығы байланысының нәтижесінде *материнская плата, мышка, окно, проводник, скачивать* сияқты атаулар пайда болған. Яғни адресант пен адресаттың бірлескен әрекет процесінде атау беруде зат не құбылыстың қандай да бір белгілері номинацияға негіз болады.

Психология мен философияда ұғым адам санасында қоршаған ортадағы қабылданған заттар мен құбылыстардың сезімдік-көрнекі белгілері болса, тілдік жүйеде ұғым адам санасындағы мағынаны репрезентациялау тәсілі ретінде көрініс береді. Белгілі бір зат, құбылыс, сапа не әрекет туралы ұғым қалыптастыру – адамның танымдық қызметінің бірі. Ал танымның жоғары сатысы ретінде ойлау әрекеті шындық өмірдегі заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттердің жалпы қасиеттерін, мәнді белгілерін бейнелендіріп, олардың арасындағы нақты байланыстар мен жаңа қатынастардың ашылуына үлкен септігін тигізеді. Қоршаған ортаны тану, оны қабылдау әрекеті уәжділікпен байланысты. Ал уәжділік сезімге, эмоцияға қатысты болғандықтан, психология ғылымында да қарастырылады. Себебі психология ғылымында адамның барлық іс-әрекеті, мінез-құлқы белгілі мөлшерде уәждеделген болып саналады.

Затқа, құбылысқа, іс-әрекетке атау беру әр халықтың материалдық және рухани мәдениетінің, ұлттық ойлау жүйесі мен ұлттық ділінің ерекшелігін танытады. Затқа атау беруде, ең алдымен, оның мәнді және мәнсіз уәждік белгілері айқындалады. Анықталған уәждік белгілер затқа атау беруге негіз болады. Атау беру үдерісі сол ұлттың өмір сүру

тәжірибесіне байланысты. Сондықтан тілдік таңбалар ұлттың дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігінің тілдегі бейнесі болып табылады. Белгілі бір затқа атау бергенде адам баласы бір нысанды ұқсас нысаннан ажыратып тұратын белгісін негізге алып таңбалайды. Мұндай белгілер түрліше болуы мүмкін: түсі, көлемі, формасы, қызметі, материалы, екінші бір нысанға қатысы т.б. Тіл білімінде бұл белгілер *уәждер* деп аталады. Таңба мен таңбаланушы арасындағы осы уәждік белгілер экстралингвистикалық факторларға негізделеді. Мәселен, *қызылсу* – өзен бетіне мұз жарығынан шыққан су [1, 508-509 б]. Көбіне қысы қатты аймақтардағы суы мол өзендерге тән. Қызылсу өзендегі су ағымының күрт көбеюінен, мұз астындағы қысымның жоғарылауынан пайда болады, кейде жер асты сулары мол өңірлерде де байқалады. Ойымыз дәлелді болу үшін, бұқаралық ақпарат құралдары тілінен деректер келтірейік. Мысалы: Шығыс Қазақстан облысында күннің күрт жылынуынан қар еріп, қызылсу аулаларды басып қалды. Шығыста күн күрт жылынып, қызылсу көтеріле бастады. Ұзаққа созылған қыстан соң, Орталық Қазақстандағы бірқатар елдімекендер көктемгі қызылсудың астында қалу қаупі төніп тұр.

Әрбір халық, этностық топ қоршаған ортадағы түр-түс ұғымын өздерінше танып, этномәдени дүниетанымында тұжырымдайды. Қызыл түс о баста күннің, оттың түсіне байланысты қабылданып, қазақ халқының санасында әлі күнге дейін символдық мәні (қасиеттілік, махаббат, билік) сақталған. Жалпы алғанда, *от, сезім, көңіл* қызыл түспен байланыстырылады. Қазақтың ұлттық мәдениетінде қызыл түстің жағымды бағалауыштық мағыналары түрлі сезімдік коннотацияға байланысты әдемілік, махаббат, жастық, қуаныш, шешендік сияқты ұғымдармен ассоциациялық байланысқа түсіп, тілдік санада *қызыл шырайлы, қызыл тіл, қызыл алма* тіркесімдері арқылы таңбаланған. Сонымен қатар қызыл түстің *қызыл кеңірдек болу, қызыл өңеш болу, қызыл көз пәле, қызғаныштың қызыл түлкісі* сияқты жағымсыз коннотациялық мәні бар екендігін тіл бірліктері айқындайды. Сондай-ақ, қызыл түс стереотиптік қолданыс ретінде терминдік тіркесімнің құрамында қолданысқа түсіп, *қызыл бұрыш, қызыл ағаш, қызыл түйіршік, қызылсу, қызыл әскер, қызыл отау* сияқты екіншілік номинацияның түзілуіне әсер еткен.

Қазақ халқының санасында қызыл түс отпен ассоциацияланатын болса, оттың белгілі бір дәрежеде жан-жағына қауіп-қатер төндіретіндігі белгілі. Осындай ассоциациялық қатынас негізінде қызыл ↔ от ↔ қызылсу атауы туындаған. Халықтың тілдік санасында өзен, көл суының өз арнасынан асып-тасуы, осылайша жан-жағына қауіп-қатер төндіруі қызысу ұғымымен таңбаланған. Сонымен қатар тілімізде қызылсу ұғымымен байланысты қалыптасқан *қызылсудай жүру* тұрақты тіркесі «*баса-көктеп ойлағанын істеді, әмірін жүргізді*» деген ауыс мағынада екіншілік номинация жасалған [1, 509-510 б]. Өзен, көл суының өз мөлшерінен асып-тасуы қоршаған ортаға белгілі бір дәрежеде қауіп-қатер төндіретіндігі, өз ернеуінен асқан судың жолдағының бәрін таптап, шайып өтуі суға тән физикалық құбылыс екендігі белгілі. Судың өзіне тән табиғи уәждік белгілер негізінде адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді бейнелеуде адам ↔ табиғат оппозициясы негізінде метафоралық жолмен *қызылсудай жүру* тіркесі қалыптасқан. Адам дүниені сезім мүшелерінің көмегімен танып біледі, осы танылған нәрсенің нәтижесі дерексіз ойлау жүйесі арқылы екіншілік номинацияны қалыптастырады. Адамның белгілі бір ұғымды танытуда ақпарат адам санасында қалай қабылданса, сол күйінде жадыда сақталып, сол ұлтқа тән тіл арқылы көрініс табады. Кез келген дүниені қарап тани отырып, санада қалыптасқан ассоциацияны немесе сол дүние туралы ұғымды тіл арқылы жеткізу үшін адам білімі, мәдени, рухани танымына сүйенеді. Ол тілдік қордағы лексикалық, фразеологиялық және паремологиялық құрылымдар арқылы көрініс табады. Мысалы, қойға қатысты *момындық, жуастық, қоңыр тіршілік, байлық, сұлулық* сияқты қазақ халқының ұлттық санасында стереотипке айналған қарапайым ассоциацияларды құраса, ақын-жазушылар танымында ассоциативтік білім көздері бейнелі түрде көрініс табады.

Когнитивті теория тұрғысынан алғанда, тіл – таным құралы, аялық білім жүйесінің құралы, сонымен қатар сана әрекеттерін жүзеге асырудың тәсілі. Адам әрекетінің тез



қарқындап дамуы оның тілінде көрініс табады және лексикалық жүйеде бейнеленеді. Осылайша, адамның түрлі әрекеті арқылы түзілген контексте тілдік бірліктер өзара қатынасқа түсе отырып, болмысты бейнеледі. Е.С.Кубрякова: «Функционалды лингвистикада атау нәтижесі ғана емес, атау жасау процесінің өзі де негізге алынуы тиіс» деген ғылыми-теориялық пікір білдіреді [2, 54 б]. Яғни номинация теориясында таңбалаушының таңбаланушыға еркін қатынасы аталымның шығармашылық негізі болып табылады. А.Потебня өз концепциясына В.Гумбольдт тұжырымдамаларынан тілге сөйлеу әрекеті ретінде қарау көзқарасынан басқа, жаңаша ойлау негізінде «ішкі форма» терминін енгізеді. А.Потебняның түсінігінде *ішкі форма* - сезім мүшелері арқылы қабылданған зат, құбылыс, іс-әрекеттің субъективті мәнді белгісі, соған орай мағынаның ең негізгі белгісі [3, 68 б]. Сөздің ішкі формасы ойды қалыптастыру құралы ретінде сезім мүшелері арқылы қабылданған негізгі белгілерді біріктіре отырып, оның санада бейнеленуіне негіз болады. Атау беру актісіне үш компонент қатысады: таңбалаушы, таңбаланушы және атау-таңба. Сөз затты, нәрсені, құбылысты, әрекетті атай отырып, сол зат арқылы алынатын ақпаратты кодқа түсіреді. Тілші-ғалым А.Салқынбай: «... атау тілдегі лексикалық бірлік ретінде ғана емес, әлем бейнесін жасауға қызмет ететін номинативтік қызметімен бағалануы қажет. Тіл дамуы әлем бейнесін танып-біліп, олардың әртүрлі белгісі мен қасиеті, сапасы мен саны, қимылы мен әрекеті, амалы мен сипатына атау беру арқылы орындалады», - дейді [4, 89 б]. Өйткені заттар мен құбылыстардың белгілерін таңбалау қызметі халықтың этномәдени дүниетанымымен, ой-санасының өсуімен, ұлттық психологиясы және ділімен астасып жатады.

Белгілі бір затқа, құбылысқа, нәрсеге тән белгі-қасиеттің жиынтығы заттың сапасын құрайды. Заттың бойында өмір сүретін белгілер мен қолданыс үстінде айқындалатын сапаны тілдік бірлікпен атау адамның таным әрекетімен байланысты. Таным үрдісі екі деңгейден тұрады. Алғашында адам затты таниды, белгілерін анықтайды, ал келесі деңгейде анықталған белгілерге қарай оны қолданудың жаңа жолдарын іздейді. Қолданыста зат жаңа сапаға ие болады.

Ғалам бейнесін категориялар, концептілер жүйесі негізінде тану – танымның нәтижесі. Логикалық категориялар мен абстрактті ойлау жүйесі таным процесінде бірте-бірте қалыптасады. Мәселен, сапа категориясы затқа тән сын-сипатты анықтайды. Адам баласы, ең алдымен, затқа тән мәнді және мәнсіз белгілерді айқындайды, танылған мәнді белгілердің негізінде санада пайымдау арқылы дерексіз ойлау деңгейіне жетеді. Соның негізінде адам санасында екі зат, екі құбылыс не екі іс-әрекет арасында ассоциациялар қалыптасады. Заттың бойында өмір сүретін белгілер мен қолданыс үстінде айқындалатын сапаны тілдік бірлікпен атау адамның таным әрекетімен байланысты. Мәселен, *ауе жолы, тас бауыр* құрамындағы зат есімдердің тұрақты қолданысы сөздің атауыштық қызметін қалыптастырған.

Таудың қатты жынысы, соның үлкенді-кішілі бөлшектері мағынасын иеленетін тас сөзі өн бойындағы қаттылық белгісі негізінде адам ағзасында зат алмасудың бұзылуынан пайда болатын түйір затты да метафоралық тәсіл негізінде *тас* деп атаймыз, адам санасындағы қатты заттың (*тастай қатты*) қатал, қатыгез ұғымымен ассоциациялануы негізінде ауыс мағынада *тас бауыр*; тастың ауырлық белгісінің негізінде *зіл қара тас*; қатты заттың бойындағы беріктік ұғымдық белгісі *тастай берік* сынды тілдік бірліктердің қалыптасуына әсер еткен. Сонымен қатар тастың суықтығы сөйлеу тілінде тастай суық, мұздай ұғымында қолданылады. Тілдік жүйеде мұндай тілдік бірліктердің қалыптасуы адамның ойлау, пайымдау, болмысты тану әрекеттерімен тығыз байланысты. Сөйлеу тілі негізінде тас сөзімен байланысты қалыптасқан терминдік атаулар қаншама: *шұбар тас* (гранит), *су тас* (хрусталь), *ақ тас* (кварц), *жанғыш тас* (көмір), *отты тас* (пирит), *шақпақ тас* (кремень), *асыл тас*, *бағалы тас*. Жоғарыда берілген атаулардың негізінде бұл белгілердің тастың өн бойында бар екендігін білеміз. Берілген термин сөздердің көпшілігі қазақ халқының санасында қалыптасқан, жалпыхалықтық сипат алған



сөздердің негізінде жасалып, ономаσιологиялық тұрғыдан екінші дәрежелі номинация қатарын құрайды.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдеби тілінің түсіндірмелі сөздігі. – Алматы: Арыс, 2011. – 15 т. - 575 б.
- 2 Кубрякова Е.С. Номинативный аспект речевой деятельности. – Москва: Наука, 1986. - 159 с.
- 3 Потебня А.А. Из записок по русской грамматике. - Ленинград: Изд-во Академии Наук СССР, 1958. Т. 1-2. - 320 с.
- 4 Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). - Алматы: Қазақ университеті, 1999.

### РЕЗЮМЕ

В статье говорится о том, что номинация действий, явлений и веществ формируется на основе речи. В современном языкознании теория номинации не связана непосредственно с действием, веществом и явлением, вместе с тем, возникает вопрос о рассмотрении ее в сочетании с процессом национальной идентичности, национального образа мышления и национального мировоззрения. Процесс номинации в языковой системе рассматривается как результат речевой деятельности. В общей лингвистике понятие "действие" дает службе имен возможность рассмотрения ее в непосредственной связи с фоновым знанием об окружающей среде и экстралингвистическими факторами. При номинации действий, качеств, явлений и веществ должны быть учтены национальная психология и менталитет, а также признаки роста национального самосознания и национального мировоззрения. На основе конкретных языковых фактов подтверждается маркировка веществ и явлений окружающей среды в человеческом сознании через ментально-эмоциональное восприятие.

### RESUME

The article dwells upon the nomination of an object, phenomenon and action based upon speaking activity. In modern linguistics the theory of nomination does not directly refer only to an object, phenomenon, and action, but also to the national conscience, national thought and the national world perception system. The nomination process in the language structure is regarded as a result of speaking activity. The nomination function allows us to consider the general linguistic concept of an "action" as connected to the environment, background knowledge and extralinguistic factors, because the nomination of an object, phenomenon, quality and action is connected with the world perception, development of thought and consciousness, national psychology and mentality. The fact that environment and phenomena around us are reflected in human consciousness through mental and tactile senses has been proved with the help of exact linguistic facts.



## **М.Ж. Тусупбекова**

Евразийский национальный  
университет им. Л.Н. Гумилева,  
канд. пед. наук, доцент

## **Английский язык в городском пространстве<sup>1</sup>**

### **Аннотация**

В данной статье рассматриваются официальные названия магазинов, интернет-клубов, гостиниц, развлекательных центров, ресторанов на английском языке в городе Астана. Автор проводит исследование использования английского языка в городском пространстве. В ходе исследования применяется описательный метод для сбора и систематизации названий, статистический метод для установления определенных групп названий объектов на английском языке.

*Ключевые слова:* английский язык, городское пространство, названия, объекты, эргоним.

В последнее время в научных изданиях все чаще встречаются такие словосочетания, как «языковое пространство», «ономастическое пространство», «лингвистическое пространство», «городское пространство». В нашем случае, словосочетание «городское пространство» - это пространство, охватывающее все городские объекты исследуемого города. Под городскими объектами подразумеваются названия магазинов, развлекательных центров, гостиниц и т.д.[1]. Понятие «пространство» (*space*) включает в себя синонимический ряд таких слов, как *расстояние* (*distance*), *протяженность* (*extent*), *простор* (*spaciousness*), *промежуток* (*space, distance*), *площадь* (*place, area*), *район* (*territory, corner*), *участок* (*district, section*).

По мнению таких ученых, как Р.Бакхаус [2], Т.Хубнер [3], М.Куртин [4], Б.Ладо [5], У.Папен [6], лингвистическое пространство служит важной зоной для исследования объектов города. Существует ряд исследований лингвистического пространства как отечественных, так и зарубежных ученых. Так, например, К.М.Веремьева [7] рассматривает категорию понятия «пространство», Г.Ж. Азанбаева [8]

<sup>1</sup>Статья выполнена в рамках научного проекта «Разработка принципов научно обоснованной номинативной политики г. Астаны в контексте формирования казахстанского ономастического пространства» (2015-2017 гг.).

изучает пространство в языковой картине мира, Н.Ю.Замятина [9] выделяет основные представления о пространстве.

Данная статья посвящается исследованию использования английского языка в городском пространстве Астаны. Город расположен в северном Казахстане на берегу реки Есиль, исторически является центром, связывающим Европу и Азию. Астана - современная столица Казахстана, строительство которой идет сверхзвуковыми темпами. И именно такой быстрый темп развития города предполагает проведение исследований и изучения городского пространства.

В настоящее время Астана - центральное звено всей страны, символ единства казахского народа, его прогресса и процветания, поражающий своей красотой. В перевоплощении города активное участие принимали не только отечественные, но и зарубежные архитекторы, как Кише Курокава, Кензо Танге (Япония), Норманн Фостер (Англия). Новые пути развития экономики повлекли за собой появление большого количества различных предприятий, каждое из которых потребовало своего названия.

В связи с изменениями и перевоплощением города великими архитекторами многие названия магазинов, развлекательных центров, гостиниц носят названия на английском языке. Как известно, в Казахстане реализуется масштабный культурный проект «Триединство языков». Его цель – массовое овладение казахстанцами трех языков: казахского, русского и английского. Развитие казахского языка имеет первостепенное значение как государственного языка, сфера применения которого постоянно расширяется. Наравне с казахским официально употребляется русский язык, который остается языком межнационального общения. Знание и использование английского языка помогает казахстанцам быстрее интегрироваться в международное экономическое и образовательное пространство.

Учитывая происходящие изменения, целью нашей работы является исследование использования английского языка в лингвистическом пространстве города Астана. Объектом исследования выступают названия магазинов, развлекательных центров, спортивных комплексов, гостиничных проектов и т.д.

Материалом исследования являются официальные названия (эргонимы) магазинов, интернет-клубов, гостиниц, развлекательных центров, ресторанов на английском языке. Под эргонимами понимаются собственные имена предприятий различного функционального профиля делового объединения людей (научных, учебных, производственных учреждений), коммерческих предприятий (агентств, банков, магазинов, фирм), объектов культуры (кинотеатров, клубов, развлекательных учреждений, театров, парков), спортивных заведений (комплексов, стадионов), которые представляют собой лингвистическое пространство города [10].

В ходе исследования применяется описательный метод для сбора и систематизации названий, статистический метод для установления определенных групп названий, лингвистический метод с целью определения значимости эргонимов и реакции жителей на названия объектов на английском языке.

Исследование проводилось в трех районах города Астана (Алматы, Сарыарка, Есиль). Нами был составлен список названий магазинов, интернет-клубов, гостиниц, развлекательных центров, ресторанов и т.д., которые носят названия на английском языке. Названия известных брендов не входили в список (KFC, BurgerKing, Starbucks, Stefani, Next). Задачей исследования являлось выписка названий на английском языке путем их письменного фиксирования и выявление лингвистического статуса эргонимов. В таблице 1 представлены 133 названия магазинов, интернет-клубов, ресторанов, салонов красоты, учебных центров.



Таблица 1 Названия объектов на английском языке

№	Магазины	Интернет-клубы	Рестораны, кафе, гостиницы	Салоны красоты, спортивные центры	Учебные центры
Алматы	20	11	13	12	9
Сарыарка	11	6	7	8	4
Есиль	14	-	12	6	-
Всего:	45	17	32	26	13

Еще много веков назад среди моряков появилась знаменитая фраза «Как корабль назовешь, так он и поплывет». Безусловно, и для бизнеса выбор названия имеет важнейшее, порой определяющее значение. Согласно недавним социологическим опросам более 60 процентов людей обращают внимание на название компании, услугами которой они собираются воспользоваться, и из них каждый пятый заявил о том, что может отказаться от сотрудничества, если название компании ему не понравилось [11].

Специалисты по созданию эффективных названий для бизнеса рекомендуют:

1) название должно логично сочетаться с той деятельностью, которую осуществляет фирма (ни в коем случае не должна пиццерия называться «Радуга» или аптека «Счастливый день»);

2) название должно быть достаточно коротким (1-2 коротких слова), легко запоминающимся и легко произносимым (иноязычные названия, требующие знания сложных транскрипций, сложны для восприятия массовым потребителем);

3) название должно ассоциироваться с позитивом, добром, успехом (ни в коем случае не должно вызывать отрицательных эмоций по любым причинам);

4) название должно быть оригинальным, броским (не слишком удачно называть салон красоты очередным женским именем, лучше назвать его «InStyle» или «Beauty»);

5) название должно учитывать географические и национальные особенности тех регионов, где планируется деятельность (в том числе и значение названия в разных языках и диалектах).

Учитывая рекомендации, предложенные специалистами, мы исследовали названия объектов на английском языке в городе Астана на следующих показателях: 1) названия на английском языке, соответствующие выполняемой деятельности (RealNames); 2) названия объектов, вызывающие разные ассоциации (StrangeNames); 3) интересные названия объектов на английском языке (InterestingNames).

В ходе исследования выяснилось, что только 30% названий объектов на английском языке соответствуют выполняемой деятельности и внутреннему содержанию. Например, AstanaMall – это большой торговый центр, где можно приобрести все товары (еда, одежда, обувь, игрушки). Этот объект представляет собой крытый рынок, что соответствует переводу с английского на русский язык. Название магазина *FashionPeople* соответствует своему содержанию. Любому человеку понятно, что это магазин одежды и обуви, где можно приобрести необходимый модный товар. Так и магазин *Babyshop* - магазин детской одежды и товаров. Такой подход наименования коммерческого объекта, которое соответствует роду деятельности бизнеса, имеет свой принцип. Такой принцип называется «принцип презентации себя» [12]. Е.Гоффман утверждает, что главной мотивацией данного принципа является выделение разницы, выражение индивидуальности и значимости бизнеса. Использование английских слов в качестве названия является

отличным инструментом выделения себя среди других объектов. Такой принцип совпадает и с принципом «хорошая причина», предложенная Е.Бен-Рафаэлем [13]. Е.Бен-Рафаэль считает, что название объекта должно совпадать с желаниями и потребностями местного населения. Например, как *WomenSize* (женский размер). В данном названии есть определенная причина, которая указывает, что данный объект предназначен только для женщин. И данное название предполагает «принцип представления себя» и «хорошей причины». И таких примеров очень много, например *Beershop* (пивной магазин), *Babyshop* (магазин для детей), *BioFood* (продуктовый магазин), *GoldenFurs* (магазин меха), *BabyBoots* (детская обувь), *Beautysalon* (салон красоты), *Recreationalcenter* (центр восстановления) и т.д.

В этой группе названий английские слова общеизвестны (*women, baby, fashion, mall, food, club, fitness*) и соответствуют содержанию объектов.

В перечень названий группы *StrangeNames* мы отнесли такие названия объектов на английском языке, которые вызывают разные ассоциации и не соответствуют роду деятельности того или иного бизнеса.

Например, *Avenue* (название магазина женской одежды) при переводе на русский язык означает: двойной ряд деревьев; авеню; проспект; широкая улица; проход; аллея; бульвар. В данном случае возникают различные ассоциации с названием: что за объект? что продает? с чем связано название магазина женской одежды?

Название салона штор *Paradise* (рай). На первый взгляд, кажется, что данный объект занимается туристическими путевками или визами. Но, фактически, это салон штор с большим выбором тканей. Магазин обуви *Play* (игра), название данного магазина вызывает много ассоциации и соответствует компьютерному клубу или магазину игровых приставок. По мнению владельцев данных объектов, причина выбора таких названий кроется в привлечении потребителей, успех маркетинга, увеличение шансов быстро и выгодно реализоваться.

Нами выписаны такие названия, как *Desire* (салон женской одежды), *People* (магазин мужской и женской одежды), *Inlove* (свадебный салон), *Favory* (ювелирный салон), *Respect* (магазин обуви), *Forever* (молодежная одежда, аксессуары), *Voyage* (продовольственный магазин), *Restaurant 51:4* (ресторан). Мы заинтересовались причиной называния данных объектов вышеперечисленными английскими словами. У каждого объекта есть свои причины. Хозяином *Restaurant 51:4* является молодой предприниматель из Монреаля. Он любезно объяснил свою причину наименования своего ресторана. В связи с тем, что много лет прожил в Монреале, в названии ресторана он использовал код города Монреаль 514. А сейчас он живет в Казахстане и город Астана находится на 51 широте. У жителей Астаны была другая версия по поводу названия данного ресторана. Были разные версии: ресторан работает 5 дней в неделю, 51 дом и 4 квартира, год и месяц рождения хозяина, занимает 4 место среди 51 ресторанов и т.д.

Эпикалық шығарманы – оқиғалар желісі арқылы мінез сомдау, оны дамытуды негізге ала отырып баяндау деп түсінуге де болады. Повестегі оқиғалардың жүйесі оның сюжетін құрайды. Оқиға сюжеті ылғи да бірінші жақтан баяндалады. Сонымен қатар автор суреттеліп отырған оқиғаларға бақылаушы, әңгімелеуші ретінде қатысып отырады. Лирикалық прозада күйзеліс, әсерлену жоғары көңіл-күй жағдайында көрініс береді. Қаданның ғашықтығы да дәл осы шектен асқан күйзелушілік, іштейгі терең толғаныс, жағары эмоция арқылы сәтті бейнеленген. Қадан алғаш көргеннен-ақ Айниса мен екеуінің арасын жалғап тұрған белгісіз бір күштің бар екенін сезеді. Кейіпкердің жан-дүниесіндегі өзгерісті жазушы былайша суреттейді: «Енді бір кезекте оқыстан Айниса екеуміздің көзіміз түйілісе қалып еді, ол ұзын кірпіктерін жыпылықтата шапшаң-шапшаң қағып жіберіп, теріс қарап кетті» [3, 28].

Жалпы, Ж.Сәмитұлы адамның ішкі көңіл-күйі мен портретін суреттеуге шебер жазушы. Оның адам мінезінің ең бір терең иірімдерін берудегі тапқырлығына, сөзді ойнатып кез-келген құбылысты еркін бейнелей алатынына мына бір үзінді толық мысал бола алады: «Мен не дерімді білмей қысылып қалдым. Демімнің жиілеп, жүрегімнің дүрсілдеп, тулап тұрғанын енді сездім де есімді жиып ақылға келдім. Кешірілмес күнә, ұятты бір іс істеп алғандай қынжылып, өкіне бастадым. Кіршіксіз де риясыз таза тілекпен қарындастық ілтипатпен ағалап бәйек болып, майысып отырған ақ көңіл бір жанға арам ниет, арсыз нәпсінің шетін сездіріп алғаныма қиналдым. Аспандағы ақ періштенің кір шалмаған аппақ бір қасиетті жайнамазын қап-қара қолмен ұстап алып, былғап тастағандай, сол ұятты саусақ табын жаңа ғана көріп, қалай тазартарды білмей тұрғандай бір қиын хал кештім» [3, 48]. Қаһарманның жан дүниесіндегі толқыныстарды, психологиялық өзгерістерді автор барынша жеріне жеткізе ашып көрсетуге тырысады. «Жазушылар адам тебіреністері мен көңіл-күйін дәл, әсерлі жеткізу мақсатында физиологиялық суреттеулерге жиі қалам тартады. ...Мұндай көркемдік тәсілді психофизиологиялық паралелизм деп атаған жөн», -дейді орыстың белгілі зерттеушісі В.Компанеец [4, 20].

Жазушының «періштенің аппақ қасиетті жайнамазын қап-қара қолмен ұстап алып, былғап тастағандай» деген бейнелі тіркесібұрын қазақ қаламгерлері көп қолданбаған тыңтеңеу, сұлу сурет. Негізі Ж.Сәмитұлы тілге бай және сол мол сөздік қорын орнымен қисынды пайдалана білетін талғампаз суреткер.

Замана илеуіне түскен екі бақытсыз жанның арасындағы сүйіспеншілік ақыры армандарына жете алмай баянсыз аяқталады. Уағдаласқан қалыңдығы бола тұрып, балалы әйелмен бас қосқанын әкесі қаламайды, рұқсатын да бермейді. Қазақтың қай шалы болмасын баласының басына осындай таңдау түскенде дәл сондай шешім қабылдайтынын іштей сезіп те отырасың. Өмірдің көп жағдайда көңіл ауанымен қабыса бермейтіні де рас. «Жол бойы әкемнің бетіне қарамастан, қапалы көңіл күйімді де жасырмай, тілсіз, мылқау күйде соңынан ердім де отырдым, әкем де қабағы кірбің тартып, түнерген бойы ләм демей

жүре берді. Ұзақ жолдың ортан белінен ауған бір тұста ғана сәл кідіріп менімен қатарласа беріп:

- Жақсы-ақ адам екен, дұспаны кемітсін, - деді күбірлеп», - деп аяқтайды [3, 58].

Автор әке аузына салған осы бір ауыз сөзбен Айнисаның ақылына көркі сай аяулы жан екенін нақтылай түседі.

Жақсылық Сәмитұлының келесі повесі «Гүлсара» деп аталады. Бұл да махаббат тақырыбына жазылған қызықты шығарма. Повестің фабуласы ауруханада танысқан екі жас Мақсат пен Гүлсара бір бірімен сыйласа, сырласа келе арты үлкен махаббатқа ұласады. Гүлсараның күйеуі бар, бірақ отбасылық өмірлері баянсыз. Ал Мақсаттың айттырып қойған қызы бар, бірақ Гүлсара үшін онымен арасы суи бастайды. Ақыры Гүлсара өмірде көрген қиыншылыққа шыдай алмай, жүрек талмасы науқасына шалдығып өмірден өтеді.

Жазушының бұл повесі махаббат тақырыбына арналған шығармаларының шыңы деуімізге болады. Тілі жатық та көркем, сюжеті шымыр, композициясы селкеусіз жұмыр. Ж. Сәмитұлының қай шығармасын оқысаңыз да ол адам портреттері мен табиғат суреттерін әрқилы әдіс-тәсілдер арқылы тамылжыта суреттейді. Қаламгер повестеріндегі пейзаждық суреттеулер ерекше идеялық-эстетикалық маңызға ие. Туған өлке табиғатын жазушы өте нәзік те сүйіспеншілік көңілмен сипаттайды.

Шығармаларындағы барлық пейзаждық көріністер сол кезеңдегі өмір ағымына сай, адамдар бейнесімен өзектес бейнеленген. Ол табиғат суреттері өзінің әсем де әдемі бояуларымен шығарма қаһармандарының рухани әлемін ашып көрсетуге көмектеседі. Онда адамдардың келешекке деген сенімдері, жамандық пен жақсылық арасындағы күрес, кіршіксіз таза армандары мен терең ойлары сол табиғат аясында, сол табиғаттың құдіретті күшімен қатар өмір сүріп жатқандай әсер қалдырады. Повестеріндегі әйелдердің портреттерінің өзі оларды қоршаған табиғат көркімен сәйкестікте бейнеленетін сықылды.

Повестегі Гүлсараның портретін жазушы екінші бір адаммен салыстыра отырып былайша сипаттайды: «Бір жерден көрген адамым секілденеді. Қашан, қай жерде көрдім екен? Жоқ, есімде жоқ. Біреуге ұқсатып отырмын ба әлде? Көзі кімге ұқсайды осының? Қалыңдығым – Жәмиланың көзі секілді ме, қалай? Үлкендігі ұқсастау, бірақ мынаның көзі дөңгелектеу. Оның үстіне мына келіншектің көзінің алдында жіп-жіңішке бір сызық тектес болымсыз көлеңке бар, онысы мұның көзін тіпті әдемі ғып көрсете түскендей. Жанарына да сиқырлы бір мұң нышаны жасырынған, құпия бір тәтті сырды бүгіп тұрғандай. Сондығынан ба, көзқарасы тым биязы, сүйкімді екен», -деп өзі сомдап отырған образының портретін жай ғана сипаттап қоймай, оның көзіндегі мұң мен сыр арқылы оның ішкі жан дүниесіне де үңіледі, жаңа көріп отырған кейіпкерінің өткен өмірінен де бір жұмбақ сырдың ұшқынын тапқандай әсерге бөлейді [3, 60]. Кейде автор кейіпкердің бітім болмысын, өмір тарихын тереңірек таныту үшін қосалқы образдар арасындағы диалогты да ұтымды пайдаланады. Сынған аяғын гипске орап берген соң, ол ауылдас әйел Айшаның бөлмесіне барады. Келесі мінездеме де екінші бір кейіпкер Айшаның аузымен айтылады. «-Шіркін жақсы-ақ бала, мінезін айтсаңшы өзінің, жер жылжыса жылжымайды. Сондай біртоға. Мен, міне, төсектен түсе алмайтын болғаным екі жұмадан асты. Сүйенішім осы. Өз қызым секілді. «Жақсының жаттығы жоқ» деген осы екен. Амал қанша денсаулығы әлсіз, ара-тұра жатып қала береді. Онының үстіне теңін тауып қосыла алмаған сияқты байғұс бала, - деп қалды да, сөз аяғын шорт тоқтатты», - деген үзіндіден талай сырдың беті ашылады [3, 66]. Бұл бір жағынан Мақсаттың да Гүлсараға деген ойын бекіте түседі. Көңіліндегі ұшқынға май құйғандай әсер етеді. Бұл қаламгердің шығарма сюжетіндегі шиеленісті шарықтату үшін, логикалық байланысты бекіте түсу үшін пайдаланған ұтымды деталі.

Ж.Сәмитұлының прозасын парақтай отырып оның әр алуан тақырыптарға қалам тартқанының куәсі боламыз. Бірақ солардың ішінде өзге тақырыптардан оқшау тұрғаны, жазушының қалап алғаны - ол өмірдегі ең жоғары құндылық болып саналатын махаббат



тақырыбы. Бұл шығармалардың бәріне ортақ тағы бір ерекшелік, бас кейіпкерлердің басынан өтіп жататын трагедиялық жағдайлар. Біз оқыған қазақ қаламгерлерінің қайсысын алсақ та, махаббатты дәл Ж.Сәмитұлындай сыр етіп баядай алғандары сирек. Оның повестеріндегі махаббатәрдайым риясыз таза, ол сомдаған кейіпкерлер сүю үшін ешбір артық рахым тілемейтін, өз ғашығы үшін басын бәйгеге тіге алатын қайсар да жанкешті кейіпте бейнеленеді. Оның нақты дәлелі ретінде «Гүлсара» повесін атауымызға болар еді. Жазушы мынау пәни жалғандағы адамдар арасында сүйе алатын, сондай сүйіспеншілікке татитын адамгершіліктері жоғары, ар-ұяттары беттерінде мөлдіреп тұрған, рухсыздық пен пасықтықтан, жәдігөйліктен жоғары тұратын адамдардың бар екенін дәлелдейді. Қаламгер сондай адамдардың өмірін арқау ете отырып, асқақ махаббатты жағымпаздыққа, парықсыздыққа, екіжүзділікке, қараулыққа қарсы қояды. Ж.Сәмитұлы сомдаған ғашықтық сезім - ол асқақ та тәкәппар идеал махаббат.

Жазушының баяндауындағы жан тербетер ырғақ, фольклорлық ауыз әдебиеті желісіне ұқсас сарындар, жеке өзіне ғана тән поэтикалық синтаксис, іштейгі ұйқастар мен қайталаулар Жақсылықтың шығармаларын өзгеше бір әуенмен әрлейді, психологиялық қуатын арттыра түседі. Оның шығармаларындағы логикалық паузалар мен көңіл-күйдің іштейгі әуенін жеткізіп тұрған инверсиялар, пейзаждың мағыналық рөлі, адам мен табиғат арасындағы психологиялық қарым-қатынастар баяндаушы-автордың адамгершілік-эстетикалық позициясын айқындайтын элементтер.

Жақсылық Сәмитұлының түсінігіндегі махаббат асқақ сезімге, өз ара терең сыйластыққа, адалдық пен әділдікке негізделген. Жастықтың жалынымен қанша жерден сезім еркіне берлесе де ар, ұят, намыс деген бір ұлы күш әрдайым оның кейіпкерлеріне тізгін тартқызып, шектен шығуға жол бермейтінін байқаймыз. «Саған бақыт тілеймін» повесіндегі Нұрлан мен Гүлбанудың махаббаты дәл осы пікірімізге дәлел бола алады.

Университет бітірген жас жігіт өзі арман еткен аймақтық ойын сауық үйірмесіне музыкаға сөз жазатын ақын ретінде бөлінеді. Енді тек өлең жазам деп қуанады. Бойында қуаты тасыған жас жігіт өз жұмысына құлшына кіріседі. Жұмыс істейтін ұжымы да өңшең өнерлі жастарболып шығады. Алғашқы махаббатын да осы жерде кездестіреді. Бір бірін жан дүниесімен түсінген екі жас өздерін бақытты сезінеді. Бірақ адам қолымен жасалған аярықтың, екіжүзділіктің кесірінен таза да мөлдір сезімге қаяу түседі, бір бірінен күдіктеніп, жәдігөй сайқалдықтың құрбаны болады. Біреуге жасаған жақсылығы Гүлбанудың өзіне күйе болып жабысады. Ар-ұятты белден басқан Зілиман да өз бақыты үшін күресіп бағады. Нұрлан мен Гүлбанудың арасына от жағып, шағыстырып, ақыры өзі қалаған жігітке тұрмысқа шығады. Ал Нұрлан өзінің қателескенін кеш түсінеді. Шығарманың басталуының өзі өкініштен басталатыны да сондықтан. «Шіркін қыз еді ғой ол. Қыз емес-ау, перизат еді. Қолыма қонған бақыт құсым болатын. Бар ынтығын, аяулы асыл жүрегін, балдырған жастық шағының жайлаудың таңғы ауасындай тұнық бір тынысын маған ғана арнап еді. Құдайға хақ, тәңірге аян, жүрегіннің мөп-мөлдір лүпілі мен үшін ғана төгілуші еді-ау», - деген өкініш пен толғанысқа толы сөздер Нұрланның монолога [3, 163]. Ж.Сәмитұлының баяндау стилінде қазақы әңгімешілердің ырғағы сақталғанын аңғаруға болады. Оның қай шығармасын оқысаңыз да ә дегеннен-ақ оқырманын өзінің ерекше бір әуенімен, өзіне ғана тән махамымен еліктіріп отыратынын байқаймыз.

Прозадағы ырғақ қазіргі әдебиеттануда жаңалық емес. ХХ ғасыр басында прозада ырғақ бар деген орыс ғалымдарын ақылы ауысқандардың қатарына қосқан. Ал қазіргі жағдай мүлдем басқаша. Орыс әдебиеттануы түгілі қазақ әдебиеттануында да ырғақ туралы біраз дүние жазылды. Бірақ сол ырғақты прозада неден іздеу керек дегенге келер болсақ, осы тұста зерттеушілердің көзқарастары бір жүйеге түсіп, тұрақтана қоймағанына көз жеткіземіз. Орыстың ХХ ғасырдағы әдебиеттанушы ғалымдары В.М. Жирмунский, Б.В. Томашевский, М.М. Бахтин, М.М. Гиршман сияқты белгілі ғалымдарымен қатар, қазіргі зерттеушілері С.В. Галанинская, М.В. Половнева, О.В. Черкезовалардың бұл



мәселеге оқтын-оқтын айналып соғып отырғанының куәсі боламыз. Бірі оны шығармадағы уақыт пен кеңістіктен іздесе, енді бірі прозадағы ырғақты өлең жүйесінің бірі ретінде танылған метрикалық сипатынан табуды жөн санайды. Әрине, әдебиет сөз өнері болғанымен, оның құрамында ырғақтың, әуеннің бар екенін түйсігімізбен сезінеміз. Бірақ соның шынайы болмысы қандай, неден туындаған деген сұрақтарға толық жауапты әлі де болса тауып бере алмай келе жатқандаймыз. Прозада ырғақ бар екенін бүгінде бәріміз болмасақ та бірталай жұрт мойындап қойды. Өйткені кез келген шығарманы белгілі бір ырғақпен, белгілі бір әуен жүйесіне салып айтатынымыз жасырын емес. Керек десеніз, қолына қалам ұстамаған кез келген қарапайым әңгімешінің өзіне ғана тән әңгіме айту машығы, өзіне ғана тән ырғағы бар екенін көз алдыңызға елестете аласыз. Ал Жақсылықтың прозасын оқыған кез келген оқырман оның әр шығармасының бір-бірімен сөз саптау сипаты, баяндау стилі ғана емес, композициялық құрылымының өзі ерекшеленіп тұратынын бірден айтар еді. Ж.Сәмитұлының суреткерлік қажыр-қайратының өзі сол әр шығармасын жеріне жеткізе өңдеп, жетілдіріп, таза қазақы бітім-болмысымен оқырманына ұсынуында.

Жазушы Нұрлан мен Гүлбану арасындағы махаббатты бірте-бірте өрбітіп, оқиғаның шиеленісуінің өзін созбалақтап, ұзартып жібергендей әсерде қаласыз. Бірақ онан жалығып та кетпейсіз. Қайта таза да пәк ғашықтық сезім осылай жалғаса берсе екен, армандарына жетсе екен деумен отырсыз. Ал жазушының шығарған шешімі кімді де болса мұңға бөлейді. Өйткені ол өмір. Өмір екі қайтара берілмек емес. Бірнеше жылдан кейін Нұрланның сахнадағы Гүлбанудың әнін тыңдап отырып, іштей толғануы, жанын өртеген өкінішті сезім бәрімізге де сабақ боларлық тағлым. Шығарманың эстетикалық мұратының өзі сол адамдарды ойландыру, әрдайым әділеттен аттамау болса керек.

Ж. Сәмитұлы прозасында өзіндік орны бар, көркемдік сипатымен де, тақырыбының өзектілігімен де ерекшеленіп тұратын шығармасы – «Атамекен» повесі. Повестің экспозициясы Ерлан деген жасамыс жігіттің Сәлима деген жесір келіншекті ұнатып қалуынан басталады. Өзінің көңілін білдірген жігітке Сәлима «Туу, не деген қызық адамсыз. Кешке дейін айтатыныңыз бір сөз. Мүмкін емес ол. Мен өмір бақи осылай өтуге серт берген адаммын. Оның үстіне екі сөйлегенді жек көретін бір қызық мінезім тағы бар. Ашық айттайыншы сізге, бұл өмірде мен енді ешкімді де сүймек емеспін. Құдай ақы, шын сөзім. Менде жүрек бар дейсіз бе?! Жоқ! Денеге қан таратып беретін жұдырықтай бұлшық ет, өлі ет қана бар. Ерге деген махаббаттан, жар сүюден ада болған бір жапырақ ет қана», - деп бетін қайтарып тастауға тырысады [3, 222]. Оған да көне қоймаған Ерланның ұсынысына басынан өткен оқиғалардың себебін түсіндіру үшін өзі жазған күнделікті береді. Мұнан кейінгі повестегі барлық оқиға сол Сәлиманың жазбаларынан өрбиді.

Бұл да ғашықтық тақырыбына жазылған ерек дүние. Шығарманы оқи отырып бір адамның жүрегі төртке бөлінгендей сезімді өз басыңыздан өткізгендей күй кешесіз. Сүйген жар, бауыр еті баласы, ардақты әкесі мен туған жер, атамекеніне деген сүйіспеншіліктің әр қайсысы таразыға тартылып, сынаққа түскен қайғылы оқиғаның куәсі боласыз. Әкесі Мәсіғұт қартайғанда бақ пен дәулетті шет елден тапқысы келеді, соңынан ерген жалғыз ұлы Қапас елден кеткісі келмеген сүйген жары Сәлима мен балаларын қимайды. Тартыстың шым-шытырық өрбитін тұсы да осы жерден басталады. Шығарманың тақырыбы махаббат болғанымен, сол асыл махаббатын Сәлима туған жері үшін құрбан етеді. Повестің негізгі идеясының өзі отаншылдық рухты насихаттау, адам үшін атамекеннің қымбат екенін ұқтыру деп пайымдауымызға болады.

Автордың ойын іске асыруда ақиқат шындықты таныту мен оның бейнесін сомдаудың ерекше тәсілі ретінде дәстүрлі сюжет пен образ шығарманың өзегін құрайтыны белгілі. Сәмитұлының повестеріндегі әйелдер де автордың замана туралы, адам туралы, сол адамдардың көкейлеріндегі армандары мен мақсаттары туралы идеясын іске асырушы басты тұлғалар. Оның сомдаған әйелдер образдары жинақталған өзіндік болмыстарымен, жалпы адамзатқа тән адамгершілік қасиеттерімен есте қалады. Сонымен



бірге ерекше мінездерімен, бір қарағанда ұлттық сипаттағы ұяң да нәзік қасиеттерімен, сұлу да сымбатты бітімдерімен де дараланып тұрады. Бірақ «Қаданның ғашығындағы» Айниса ма, «Гүлсарадағы» Гүлсара ма, немесе «Саған бақыт тілейміндегі» Гүлбану мен «Атамекендегі» Сәлима ма, қайсысын алсақ та уәдеге берік, өздерінің ар-ұяттарын, намыстарын бәрінен де жоғары қоя білетін өжет те қайсар жандар. Оның шығармаларындағы қай әйелдің болсын бойынан елге, жерге деген керемет сүйіспеншілікті, ұлтқа деген шексіз махаббатты, отаншылдықты қапысыз тани аласыз. Олар өздері біреуді сүйе тұрып бірінші өзін емес, сол өзі сүйген өзгенің қамын ойлайды. Солардың бақытты болып, мұраттарына жетуіне себепші болады. Мұндай мінездің көбінесе қазақ әйеліне тән ерекше қасиет екенін де атап өткеніміз орынды болар. Жақсылықтың повестеріндегі әйелдер образына талдау жасай келіп, автор үшін әйел әрқашан да қиналғанда жол таба білетін, қажыр-қайраты мол ерекше адамдар ретінде суреттелетінін байқадық.

Қорыта келгенде, жазушы Жақсылық Сәмитұлы өзінің лирикалық повестерімен қазақ прозасын көркемдік-эстетикалық жағынан байытып қана қоймай, мұң мен сырға толы жаңа бір жанрдың негізін қалап кетті.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Литературоведение от А до Я: энциклопедический словарь. - М.: Современная педагогика, 2001. – 528 с.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 352 б.
- 3 Сәмитұлы Ж. Повестер жинағы. – Алматы: Атажұрт, 2008. - 296 б.
- 4 Копанец В.В. Художественный психологизм в советской прозе. – Л.: Наука, 1980. – 112 с.

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются лирические повести писателя Ж. Самитулы, а также дан анализ произведений автора.

### RESUME

The author of the article examines the lyrical stories of the writer Zh. Samituly and analyses his works.

УДК 81'33

**Г.К. Исмаилова**

Государственный университет  
имени Шакарима города Семей,  
канд. филол. наук, доцент

**С.В. Измайлов**

Государственный университет  
имени Шакарима города Семей,  
старший преподаватель

## **Особенности перевода неопределенного местоимения *any* (любой) в юридических текстах с английского языка на русский**

**Аннотация**

В данной статье рассматривается проблема перевода неопределенного местоимения *any* (любой) с английского языка на русский в юридических текстах. В статье дается определение местоимения *any*, особенности его употребления в обычных и юридических текстах. Авторы пришли к выводу, что данное неопределенное местоимение следует переводить способом опущения, и предлагают переводчикам примеры перевода сложных юридических текстов.

*Ключевые слова:* неопределенное местоимение “any”, юридические тексты, иностранные компании, договоры, соглашения, английский язык, трудности перевода, филологи, переводчики

В течение всей жизни люди регулярно сталкиваются с ситуациями, когда требуется обращаться к профессиональному юристу. Иногда документацию приходится воспроизводить на иностранном языке, например, для работы компании с иностранными партнерами, поступления в зарубежный вуз, успешного проведения деловых операций. В этом случае невозможно обойтись без услуг профессионального переводчика.

Тексты юридического характера обладают высокой степенью переводимости, имеют «клишированную форму, и информация, содержащаяся в них, должна оформляться раз и навсегда установленным образом, согласно строгим конвенциям» [1, 282]. Однако было бы ошибочно полагать, что для успешного перевода достаточно в совершенстве освоить терминологию и правила оформления подобного вида текстов. В действительности оказывается, что этого мало. На примере юридического перевода можно совершенно точно утверждать, что необходимо ещё и досконально разбираться в культурных особенностях носителей исходного языка и в специфических конструкциях, присущих только им.

Одна из проблем заключается в том, что в английских юридических текстах часто встречается неопределенное местоимение *any*, и переводчики часто переводят его на русский язык



буквально – «любой». В результате перевод искажает смысл оригинала и лексические нормы языка.

Например, в соглашении между американской и казахстанской компаниями:

Английский текст	Рекомендуемый перевод на русский
This Instruction Letter in no way shall be construed as being an agreement of partnership and none of the Parties shall have <u>any</u> claim against <u>any</u> separate dealing, venture or assets of <u>any</u> other party or shall <u>any</u> party be liable for <u>any</u> other.	Это Письмо-поручение никоим образом не следует рассматривать как соглашение о партнёрстве; ни одна из Сторон не должна иметь <u>претензий</u> против отдельных <u>сделок</u> , предприятий или активов другой <u>стороны</u> ; одна <u>сторона</u> не несет ответственности за <u>другую</u> .

Как видите, если мы автоматически добавим слово «любой» перед словами, подчеркнутыми в русском переводе, то смысл и лексические нормы языка исказятся.

Итак, что же такое *any*, и каковы способы его перевода на русский язык?

*Some* и *any* относятся к неопределенным местоимениям английского языка. В учебнике «Практическая грамматика английского языка» К.Н. Качаловой, Е.Е. Израилевича даются следующие случаи употребления местоимения *any*:

1. *Some* употребляется в утвердительных предложениях, а *any* в отрицательных предложениях, общих вопросах (прямых и косвенных) и условных предложениях.

*Some* и *any* употребляются со значением *несколько, какие-то, какие-нибудь*:

- В качестве местоимений-прилагательных перед существительными во множественном числе. В этом случае *some* и *any* на русский язык часто не переводятся отдельными словами:

He asked me <u>some</u> questions.	Он задал мне несколько вопросов.
Have you got <u>any</u> interesting books?	Есть ли у вас (какие-нибудь) интересные книги?
He did not make <u>any</u> mistakes in his dictation.	Он не сделал (никаких) ошибок в диктанте.

2. *Any* употребляется в утвердительных и вопросительных предложениях со значением *всякий, любой* перед исчисляемыми существительными в единственном числе и неисчисляемыми существительными [2]:

You may come at <u>any</u> time that is convenient to you.	Вы можете прийти в <u>любое</u> время, которое вам удобно.
--	--

Так как в юридических текстах *any* употребляется в утвердительных предложениях, переводчики автоматически применяют 2-ой случай употребления и переводят местоимение словом «любой».

Проанализировав десятки англоязычных договоров и их русские переводы, мы пришли к выводу, что часто такой перевод искажает мысль оригинала. Мы считаем, что более правильным будет перевод по первому, общему случаю употребления (переводить *any* словами *какие-нибудь* или вообще не переводить отдельными словами).

К похожему наблюдению пришли и авторы брошюры «Сахалин-2» глазами переводчика».

В русской переводческой группе было зафиксировано еще одно правило: опускать при переводе *any*, как фактический заменитель в юридических текстах неопределенного артикля; переводить *may* как «иметь право», а *can* – как «быть в состоянии», «иметь возможность» (сделать что-либо).

Все эти «правила» были выведены на основе сравнительного анализа англо-американских и российских законодательных и нормативных актов, договорных и тому подобных документов.

Безусловно, по контексту допускались и отступления (мы специально так подробно остановились на этих вопросах, поскольку в учебно-методической литературе встречаться с подобными рекомендациями нам не приходилось, а переводы, буквально напигованные выражениями «любой», «какой-либо», «некий», попадают на каждом шагу) [3].

На основании вышесказанного, при переводе юридических текстов (договоров) с английского языка на русский предлагаем учитывать следующие рекомендации по переводу местоимения *any* и приводим свои примеры:

- Переводить *any* словами *какие-либо*, *какие-то*;

<p>We do not warrant that properties on which we advise are in satisfactory structural order; that <u>any</u> land is free from contamination; or that <u>any</u> land or premises has planning permission or is capable of being developed for the purposes for which it may be required.</p>	<p>Мы не гарантируем, что объекты, по которым мы консультируем, находятся в удовлетворительном техническом состоянии; что <u>какая-либо</u> земля свободна от загрязнения; или что на <u>какую-либо</u> землю или помещения есть разрешение на строительство, или что их можно застраивать в необходимых целях.</p>
<p>If a court rules that <u>any</u> provision of these Terms is invalid or unenforceable this will not affect the validity of the rest of the Terms which will remain in force.</p>	<p>Если суд решит, что <u>какое-то</u> положение настоящих Условий является недействительным или неисполнимым, то это не повлияет на действительность остальных Условий, которые останутся в силе.</p>

- Не переводить отдельными словами (опускать);

<p>In the event that there is <u>any</u> conflict between the terms set out in this document and the terms set out in the Instruction Letter, the terms in the Instruction Letter shall take precedence.</p>	<p>Если возникнет противоречие между условиями, изложенными в этом документе, и условиями, изложенными в Письме-поручении, то условия Письма-поручения должны иметь преимущественную силу.</p>
--	--

- Существительное, стоящее в оригинале в единственном числе, ставить в русском переводе во множественном числе для передачи неопределенности;

<p>We will not disclose to <u>any</u> third party any personal data without your express authorization to do so.</p>	<p>Мы обязуемся не раскрывать третьим <u>лицам</u> Ваши личные данные без Вашего прямого разрешения на это.</p>
--	---



- Переводить *any* словом *все*.

<p>You also agree to indemnify us against <u>any and all</u> damages or liability suffered by us, arising from the use by us of material provided by you to us the copyright of which is vested in some third party.</p>	<p>Вы также обязуетесь возместить нам <u>все</u> убытки или обязательства, понесенные нами и возникшие в результате использования предоставленных Вами материалов, авторским правом на которые обладает какое-то третье лицо.</p>
<p>The Borrower shall establish and maintain for as long as <u>any</u> amount of the Senior Loans is outstanding, an interest bearing, Dollar denominated account with the Account Bank in the name of the Borrower.</p>	<p>Заемщик открывает и сохраняет (пока не погасит <u>все</u> суммы Старших Займов) процентный счет в долларах в Обслуживающем Банке на имя Заемщика.</p>

Таким образом, в статье дан грамматический анализ некоторых отличительных черт юридических текстов, представляющих трудности для перевода. Рекомендации по переводу и примеры перевода могут представлять интерес не только для филологов, но и для практикующих переводчиков.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Алексеева И.С. Введение в переводоведение. – СПб., 2004. - С. 282.
- 2 Качалова К.Н., Израилевич Е.Е. Практическая грамматика английского языка – М, 2001. - С. 89.
- 3 Трефилова С.Д. «Сахалин-2» глазами переводчика. – М.: «Сахалин Энерджи Инвестмент Компани Лтд», 2009. - С. 89.

### ТҮЙІН

Мақалада заң мәтіндеріндегі “*any*” белгісіздік есімдігін ағылшын тілінен орыс тіліне аударудың мәселесі қарастырылады. “*Any*” белгісіздік есімдігі дегеніміз не екені және оны заң мәтіндерінде пайдаланудың ерекшеліктері сипатталады. Авторлар аталған есімдікті қолданбай аударуға болатындығы туралы қорытындыға келіп, аудармашыларға күрделі заң мәтіндерін аударудың жолдарын ұсынады.

### RESUME

In this article we consider the problem of how to translate the indefinite pronoun “*any*” from the English language into Russian in legal texts. The authors define the indefinite pronoun “*any*”, describe the features of its use in ordinary and legal texts. The authors came to the conclusion that such pronoun should be translated by omission as well as it offers translators some examples of the complicated legal text translation.

ӘОЖ 82.09; 82-95

**Ж.О. Мәмбетов**

М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, филол. ғыл. канд., доцент

**А.Қ. Ділдабек**

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университет, магистрант

**Жайсаңбек****Молдағалиевтің****«Таза бұлақ»****романындағы****Ыбырай Алтынсарин образы****Аннотация**

Мақалада Ж.Молдағалиевтің «Таза бұлақ» романында бейнеленген қазақтың тұңғыш педагог-ағартушысы Ы.Алтынсариннің көркем образын жасау жолындағы ізденістері жан-жақты қарастырылады. Мақала авторы қаламгердің Ы.Алтынсаринді тек ұстаз ретінде ғана емес, халқының қамын ойлаған қоғам қайраткер ретінде де суреттегенін дәлелдеп шыққан. Ұлт ұстазының бейнесін сомдаудағы жазушының жеткен жетістіктері мен кемшіліктері де аталған мақалада зерттеуші назарынан қағыс қалмаған.

*Түйін сөздер:* образ, портрет, мінез, тартыс, көркемдік әлем

Қазақ прозасында ұстаздар бейнесінің сомдалуы ХХ ғ. басталады. Әсіресе елуінші жылдардан кейінгі кезеңде ұстаздар туралы тек қана шағын әңгімелер мен повестер ғана емес, романдар да дүниеге келе бастады. Бұл ХІХ ғасырда ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин негізін қалап кеткен педагогикалық қызметтің ел арасында негізгі мамандықтардың біріне айналуына және мұғалімдік қызметтің халық арасында үлкен беделге ие болуына байланысты деп ойлаймыз. Ұстаз тәрбиесін көрген қазақтың оқыған азаматтары биік белестерді бағындырғанда ең алғаш естеріне ұстаздарын алатын болды. Оны ертеректе Ыбырай Алтынсариннен сауатын ашып, кейін мұғалім болып, талай қазақтың көзін ашқан, білім нәріне сусындатқан, тәрбие берген Б.Өтетілеуов туралы атақты жазушы Ғ.Мүсіреповтің естелігінен де айқын көре аламыз. Класқа кірген шәкірттерін Бекет ұстаз бірінші қолдарын жуғызып, таза қолмен, адал жүрекпен оқуға машықтандырған көрінеді. Ол жай ғана еріккеннің ісі емес екен, көреген ұстаз ол тәрбиенің бала көңілінде мәңгілік қалып қоятынын сезген. Талай қиын қыстау кездерде, халықтың басына кара түнек заман орнағанда сол Бекет ұстаздан тәлім алған Ғабит өз басын қатерге тігіп, Отан, халқы алдындағы азаматтығын танытқан.

Ж. Молдағалиевтың «Таза бұлақ» романы – халқымыздың сүйікті перзенті, ұлы ағартушы-демократ Ы. Алтынсаринның өмір жолына арналған еңбек. Шығармада ХІХ ғасырдың



екінші жартысында өмір сүріп, халқына білім шырағын жаққан, «Дүниенің кілті – орыстың ғылымы мен білімінде» демекші, «өнер-білім бар жұрттардың» жолын бетке алып, қазақтың ұрпағын білімді, көзі ашық адам етіп тәрбиелеуді мақсат еткен ұстаз адамның азаматтық болмысы суреттелген. Ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің басынан өткен қат-қабат оқиғалар, оның өмір сүрген ортасы, өсу жолы бейнеленген.

XIX ғасырда жаңа сипатты Ыбырай мектебінің ашылуына жан-жақтан тосқауыл қойылды. Ата-аналар «Мектеп бізге не береді?» десе, нәпақасынан қағылған молдалар «Ыбырай орыстың оқуын таратып, ұрпақты шоқындырып жатыр» деген сөз таратты, жақтастарынан гөрі сенімсіздікпен қараушылар, күндеушілер әлдеқайда көп еді. Үміт артқан өз елі ұстаз бастамасын қолдамағанымен қоймай, орыстың шен-шекпенділерінің бірі Павел Иванович сынды адамдар Ыбырайдың тым еркін ойдың адамы екенін алға тартып, «Ыбырай ісі» атты арнайы папка ашып, соңына түседі. Алайда Ыбырай алған бағытынан таймады. Бұл жайт романда былай бейнеленеді: «Ұлы елдің тілін игеру сол ұлы елдің ұл-қыздарымен тең өсуге, іргелі ел, мәдениетті ел болуға жол ашады деп Ыбырай осы өлкенің үлкен-кішісіне түсінікті етіп айтқанымен, жалаң көз дін өкілдері естіп тұрып естімеген болып келеді. Ел мен елдің іргесі біріккеннен емес, сөгілгеннен көп жемтік іздейтіндері үшін орыс баласының қазақ шәкірттерімен қатар отыруының өзі қауіпті секілді».

Прогресшіл ұстаздың бастамаларына қолдау көрсеткендер орыс оқымыстылары В.В. Катаринский, Н.И. Ильминский сынды ғалымдар болды. Олардың да қазір кейінгі кездегі құжаттардан белгілі болғандай қазақ халқы үшін немесе Ыбырай үшін емес, өздерінің түпкі мақсаттары үшін қолдаған.

«Таза бұлақ» романында «бұлақтың көзін ашуға» талпынған, қазақты надандықтың құрсау қамытынан азат ету жолында тайсалмай күрескен, прогресшіл ұстаз образы сомдалған. Сонымен бірге, романда ұстаз Ыбырайдың бозбала шағы, адал жар, қамқор әке Ыбырай бейнесі жасалған.

Қанша қарсылық көрсе де, мұқалмайтын ұстаз арманы асқақ, мұраты биік. Оны жазушы мынадай монолог арқылы сәтті көрсете білген: «Қазір шәкірт саны он алты. Екі кластық мектебін барон Крафтың мектебінен кем қылғысы келмейді. Қолынан келсе, жоғары бастауыш кластардай алты жылға созғысы бар. Одан әрі шәкірттері, мәселен, Қазан қаласындағы мұғалімдер әзірлейтін семинарияға түсіп кетуге жарар еді». [1,198 б.]

Ғұмырын ұрпақ санасын оятып, білім нәрін себуге арнаған Ыбырай әр ісімен өнеге бола білген. Өзі ашқан мектептеріне оқулықтарды да өзі жазып, қазақтың таным-түсінігіне бейімдеді. Оны қаламгер реалистікпен суреттейді. Қаламгердің қырағылық сипаты, қиял қанатын түйсіну, сезіну қасиеттерімен қатар парасат деңгейі осы шығармашылық табиғатынан танылады. «...әрбір өнер иесінің творчестволық бітімін оның адамдық, азаматтық, келбетінен ажырата қарау мүмкін емес» – деген профессор З. Қабдоловтың пікірін негізге ала отырып, жазушының осы оймен бір арнада тоғысатынына шек келтіре алмаймыз [2, 69 б.].

Ж. Молдағалиевтің романында Исфахан хазірет сынды дүмше молдалардың қарсылығы, қазақ жұртшылығының баламыз шоқындып кектеді деп қорқуы Ыбырайдың жас ұрпақтың санасын оятып, көзін ашсам деген мақсатының алдында кесе-көлденең тұрады. Бұл ойымызға шығармадағы Қарауыл Хазірет пен Ыбырай арасындағы диалог дәйек бола алады:

«Қарауыл көзін жұмып, тасбиғына жармасты.

– Біздің оқуымыз ше, діни оқуымыз ше?

– Хазірет! Қазақта діни оқу жоқ. Болса, оны ешкім түсінген емес. Ислам дінін қабылдағалы өткен мың жыл қазақ халқына мың тиын пайда бермеді. Мың жыл ішінде ең болмаса арабша хат жазып, дүние фәниді танып, оқыған дұғасын түсінген қайсыңыз барсыз?» [1,209 б.]. Бұл шағын диалогтен елін, сол елдегі жастардың көзін ашсам, білім нәрімен сусындатсам, олар да өзгелер сияқты терең ойлап, алдын болжай алатын



азаматтар болса деген халық жанашырының шынайы ойы мен өз нәпәхамнан айырып қалмасам, халық надан болмақ түгілі көр соқыр болса да бәрібір деген екі ойдың қайшылығын көреміз.

Ыбырай – еңбегін өз елі елемесе де, «ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деп «жарты жаңқасы қалғанша» халқына адал қызмет еткен ұстаз. Бұл ойды болыс Яков Петрович пен Ыбырайдың диалогінен көре аламыз:

« - Айтпақшы, бекініс сыртына салмақ болған мектеп жобасын көрдім. Бір ғана өтініш, соның бір мүйісін мешіт етсе қайтер еді... Хазірет күңкілінен де мүлдем тиыш болар едік... Түһ, айнала бір аранды дүние... Біреуінің аузына түсіп кетпесек болды.

– Оның жалғыз-ақ жолы бар.

– Иә, айтсаңызшы қандай жол?

– Орыс офицерінің адалдығы, Яков Петрович. Сіз де, біз де халық адамдары екенімізді ұмытқан күні орға түсіп омақасамыз. Халық сенімімен ойнауға болмайды» [1, 211 б.].

Ыбырай – бітім соты, бекініс іс қағаздарын жүргізуші, орыс-қазақ мектебінің ұстазы, тілмәш, уездік сот, хорунжий. Бір басына жүктелген қызметтерді де Ыбырай қалтқысыз адалдықпен атқарды. Өзге елдермен терезе теңестіру үшін, қазақ болып қалу үшін ендігі жерде отар-отар мал емес, білім жинау керектігін зерделеген ұстаз «халықтың өз байлығын өзіне үлгертіп ұсыну нағыз азаматтық борыш» деп санайды. Қазақ армандамаған биікті Ыбырай қолына шырақ алып жүріп кейінгі ұрпаққа білім жолын көрсету арқылы бағындырғысы келеді. Надандықпен тырнап ашқан көзі қараңғылықтан бас көтере алмаған күйі қара жерге енбесе екен деген тілектен туған мақсат-мүдделер қазақ-орыс мектептерінің ашылуына негіз болған еді. Ыбырай Ұстаз шен-шекпен дәметкен емес, ол бар қызметінің жемісін ертеңгі ұрпақ көрсе екен, солардың қарғысына қалмай, алғысына бөленсем екен деген адал ниеттің адамы.

Орыс оқымыстысы Ильминскийдің Дмитрий Андреевичке жазған хатында Ыбырайдың адами болмысы, білім-білігі, мінез қырлары орыс адамының көзімен суреттеледі. Бұл жазушыға Ы.Алтынсариннің образын толық көрсету үшін қажет болған материал деп ойлаймыз. Сондықтан да ұзақтау болса да аталған сипаттаманы толықтай келтіре кетуді жөн санадық.

«Мен оны 1859 жылы жолықтырдым. Ол аса зейінді, білімге құштар адам болып шықты. Мен жәрдемімді аямадым. Одан қазақ тілін үйреніп алдым. Ол – ғажап әсердің, арманның адамы, үкімет заңын жақсы түсінетін кісі. Бекініс бастығы, полковник Янушев оны уездік сотқа сайлатып отыр.

Ол ағартушылық ісін өте сүйіп атқарады. Өз халқының тарихында тұңғыш «Қазақ хрестоматиясын» әзірлеп жүр. Этнографиялық очерктері баспа бетін көрді. Қазір ол Императорлық география қоғамының Орынбор бөлімшесінің мүшесі. Өз бетімен өте көп оқыған адам. В.В. Григорьев пен менің кітапханамды оқып тауысты деуіме болады. Ал біздер академиялық білім алған адамдардың қатарына жатамыз.

Алтынсарин – істің адамы. Шебер ұйымдастырушы. Ол еш уақытта қарап отыруды білмейді. Малшы-жалшы ұстаған емес, өзінің малына өзі баскөз (Оның үш жүздің үстінде асыл тұқымды жылқылары бар).

Мемлекет қаражатынан бір тиын бас пайдасына жұмсамайды. Ол сонау алыстағы бекіністе кітапхана ашпақ. Алтынсариннің басы толған идея. Кісіге ескі танысындай жылдам үйір болып кетеді.

Ең басты кемшілігі: сұрақты көп береді. Тіпті орысша бір сөзді түсінбей қалса, соны ұққанынша соңыңнан қалмайды. Сондықтан алғашында қазымыр адам сияқты болып көрінеді. Біздер, достары, оған үйрендік.

Той-думанда нағыз европалықтардан кем емес. Өзін өте әдепті ұстайды. Биді жақсы көреді. Музыканы сүйіп тыңдайды. Шылым тартпайды, насыбай атпайды. Ішімдікке аса сақтықпен қарайды. Доңыз етін жемейді.



Ислам дінін өте жақсы біледі. Сол туралы әзірлеп жүрген оқулығы да бар. Басқа діндерді де біледі. Оны қаншалықты игергенін, көп жыл көріспегендіктен (он алты жыл) мен қазір білмеймін.

Бойы орта бойлыдан жоғары, орысша киінеді. Әскери чині зауряд хорунжий. Ол – орыс армиясының жақсы офицері, өз халқы үшін пайдалы адам және біздің ісімізге көп көмек бере алатын кісі» [1, 227 б.].

Бұл хаттан жан-жақты дамыған, арман-мақсаты айқын нағыз ұстазбейнесін танимыз. Бірақ неге екені белгісіз жазушы Ы.Алтынсариннің іштейгі толғанысын жиі суреттегенімен, оның портретін беруге сараң. Баяндау жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын айтылмыш компоненттің шығарма мәтініндегі көркемдік қызметі туралы: «Кейіпкердің мінез-құлқын, характерін неғұрлым толық ашып көрсету үшін оның портретін мүсіндеудің үлкен мәні бар» [3, 270 б.], - дейді З. Ахметов. Ал кейіпкерге психологиялық мінездеме берудің амал-тәсілі ретінде де портреттің ролін кемітуге болмайды. Ұстаздар туралы қай шығарманы алмайық, ондағы ең басты нәрсе ұстаздың бейнесі, оның мінезі мен портреттік тұлғасы басқа шығармалардағы образдардан ерекшеленуі болып келеді. Ұстаз жеке басының ғана емес, халықтың болашағын ойлайтын, әр баланың болашағынан үлкен үміт күтетін, сол үмітінің ақталуы үшін аянбай қызмет ететін жан. Сондықтан да ұстаздар туралы шығарма жазу үшін оны жазатын адамның өз тақырыбын жетік білуі, ұстаз болмысын жете тануы шарт. Ал ондай қасиет екі жазушының бірінің қолынан келе беретін оңай шаруа емес. Жазушы Ж.Молдағалиев Ы.Алтынсарин образын сомдауда сондай қасиетті ашудың жолын дұрыс пайымдап, ұстаз мінезінің басқалар таба қоймайтын кілтін тапқан деуімізге болады.

Шығармадағы Ыбырайдың түсінігінде білім бағасы жоқ құндылық. Білімді халық бәрін де өзгертуге, жақсылыққа қол жеткізуге қабілетті болмақ.

«Егер Европа цивилизациясын бойына сіңірген орыс елі өзі жаңа дәстүр бастап кетсе, менің елім де түбегейлі сол биікке көтерілер деп кәміл сенемін. Ғасырлар бойы, талай тарихи тар кезеңнен өткен халқымыздың шашпай-төкпей әкелген мәдени мұрасы бар. Тілі, музыкасы, ауыз әдебиетін ғана Сіз бен біз білеміз. Ал осы дала құшағында жатқан қалалар, ескі заман белгілерін біле бермейміз. Оның күні туар, ашылар, сәті келер. Сол заманға біз жетпегенімізбен, шәкірттеріміздің шәкірттері жетеді деп сенем», - деп өзі оқытқан шәкірттеріне үлкен үміт артады [1, 152 б.]. Бұл алысты болжаған, шәкірттеріне үміт артқан және оған өзі де сенген адамның іштейгі тебіренісі. Ұстаздың іштейгі психологиялық толғанысын қаламгер аталған сөзді өз кейіпкерінің аузына салу арқылы ұтымды жол тапқан. Осы орайда алаш арысы М. Жұмабаевтың бір сөзі ойымызға еріксіз оралады: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» [4, 78 б.].

Шығармада Ыбырайдың образын жан-жақты аша түсу үшін жазушы тарихи деректер мен орыс зиялыларымен жазысқан хаттарын молынан пайдаланған. Кей ретте оны шектен тыс артық кіргізіп жібергені де байқалады. Әрине, егер деректі проза болса бір жөн, ал таза көркем шығармада бұл оның көркемдігіне де біршама әсер еткен деп ойлаймыз.

Романдағы ұлы ұстаз Ыбырай бейнесін сомдауда жазушы Ж.Молдағалиев көп ізденген, талай тарихи материалдарды қопарыстырғаны байқалады. Әрине ұлы тұлға туралы жазу, оның тек ұстаздық қана емес, жалпы адами болмысын, оның сол тұстағы қазақ қоғамындағы орнын, орыс зиялыларымен арасындағы байланыстарын ашып көрсетуде автор өзі мақсат етіп қойған барлық міндеттерін орындаған деп айта алмаймыз. Шығармада орыс отаршылдығын прогрессивті етіп көрсету, қазақтар ұстанған ислам дінін шектен асқан жексұрын кейіпте суреттеу әрекеттері автордың ұлтшылдықтан барынша қашқалақтаймын деп ұрынған кемшіліктері деп атап көрсетуге болады. Осы тұрғыдан

келгенде Ы.Алтынсарин образы да солғындап, кейде орыс ағартушыларының тасасында қалып қоятын кездері кездеседі.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Молдағалиев Ж. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1984. – 344 бет.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы, 2002, - 360 б.
- 3 Ахметов З. Портрет / Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384б.
- 4 Жұмабаев М. Шығармалары. 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.

### РЕЗЮМЕ

В статье всесторонне рассматриваются приемы и особенности создания художественного образа первого казахского педагога-просветителя И. Алтынсарина в романе Ж. Молдағалиева «Чистый родник». В своей работе автор убедительно доказывает, что писатель изображает И.Алтынсарина не только как педагога-наставника, но и как общественного деятеля, озабоченного судьбой народа. Большое внимание в процессе анализа произведения исследователь уделяет достоинствам и недостаткам прозаика в создании образа великого учителя.

### RESUME

In the article receptions and features of the creation of the first Kazakhteacher-educator I.Altynsarin's artistic image in Zh. Moldagaliev's novel «Pure Spring» are comprehensively considered. In the work the author in a conclusive way proves, that the writer represents I. Altynsarin not only as the teacher-adviser, but also as the public figure anxious by the destiny of people. During the analysis of the novel the researcher gives great attention to merits and demerits of the prose writer in creating the image of the great teacher.



### **Р.Н. Дәрменқұлова**

С.Ж.Асфендияров атындағы  
Қазақ ұлттық медицина  
университеті,  
филол. ғыл. канд., доцент

### **З.А. Абдуллина**

С.Ж.Асфендияров атындағы  
Қазақ ұлттық медицина  
университеті,  
филол. ғыл. канд., доцент

### **Ж.С. Дәулетбекова**

С.Ж.Асфендияров атындағы  
Қазақ ұлттық медицина  
университеті, аға оқытушы

## **Көркем шығармаларда медициналық терминдердің жұмсалым нормасы**

### **Аннотация**

Медициналық терминдердің қазақ тілінде орнымен жұмсалуды мен олардың жалпы халықтық сипат алуына баса назар аудару қажет. Медицина саласында қазақша баламасы біршама қалыптасқан терминдердің көркем әдебиет тілінде де қазақша нұсқасымен қолданып, терминжасамға қойылатын талаптарға сәйкестігі сақталады. Кәсіби медициналық терминдердің ұлттық сипаты көркем әдебиет тілінен де айқын көрінеді.

Мақалада көркем шығармаларда кездесетін медициналық термин-атаулардың жұмсалым ерекшеліктері мен нормалық сипаты қарастырылған. Тіліміздегі медициналық терминдердің қолданыстағы көрінісі мен құрылымдық жайы норма тұрғысынан талданып, көркем шығармаларда стильдік мақсатта қолданылатыны айтылады. Қазақ тіліндегі медициналық терминдердің грамматикалық көріністері, жұмсалуды ерекшеліктері тек сөйлеу тілінде ғана емес, көркем әдебиет тілінде де әр қырынан көрінетіндігі сипатталады. Олардың көркем шығармаларда жұмсалудына мысалдар беріліп, өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасалады.

*Түйін сөздер:* медициналық термин, көркем шығарма, сөйлеу тілі, көркем әдебиет, құрылым, тілдік қолданыс, терминдер жүйесі, талдау.

Тіл қоғам өміріндегі құбылыстарға, өзгерістерге сай жаңарып, дамып, ұлттық көркемділігін арттыра түсуде. Қазіргі уақытта ғылыми техникалық прогрестің қарқынды даму жағдайында тіліміздің терминологиялық жүйесінде де жан-жақты өзгерістер болып, жаңа ұғымдар, жаңа атаулар, терминдер пайда болып тілдік қолданысқа еніп жатыр. Сондықтан мағынасы айқын, нақты термин жасау, оны қалыптастыру, бірізділікке түсіру, терминологияны жүйелеу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселелерінің бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда қоғамдық-саяси өмірімізде болған түбегейлі өзгерістер мен оң бетбұрыстар қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың жаңа қағидаттарын белгілеудің, белгілі бір заңдылықтарды басшылыққа алудың қажеттілігін туғызып отыр. Заман талабына сай

кейбір толықтырулардың болу мүмкіндігіне қарамастан, өткен ғасыр ұлт зиялылары жасаған қағидаттар, терминологиялық жұмыстарды жүргізуде басшылыққа алатын жаңа қағидаттар қалыптастыруға негіз болатындығы күмән туғызбайды.

Терминология - үздіксіз дамып келе жатқан ғылым саласы. Оның Қазан төңкерісінен кейінгі жылдарда ілгерілеуіне біршама үлес қосқан, терминологиялық лексиканы зерттеуде және оның қоғам үшін мәнін, маңызын анықтауда А.А. Реформатский, В.В. Виноградов, Н.А. Баскаков, В.И. Сифоров, Р.А. Будагов, О.С. Ахманова, Б.О. Орузбаева, М.Ш. Ғасымов, Т. Бертағаев және т.б. зерттеуші ғалымдардың еңбектерінің мәні зор болды. Сонымен қатар, көрнекті ғалымдар А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, С. Бәйішев, Ә. Қайдаров, М. Балақаев, Ғ. Мұсабаев, Ш. Сарыбаев, Ө. Айтбаев, Ө. Әбдірахманов, С. Исаев, Ш.Құрманбайұлы және т.б. ғалымдардың еңбектерінде термин жасаудың принциптері мен шарттары белгіленіп, анықталып, салалық термин жасау мәселесі жолға қойылды.

Қазақстанда тарих пен ғылыми медицинаның Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңі туралы материалдары «Түркістан уәлаятының газеті» (1870-1883), «Дала уәлаятының газеті» (1888-1902), «Қазақ» газеті (1913-1918), «Айқап» (1911-1915) журналы сияқты мерзімді баспасөз беттерінен де кездестіруге болады.

Қазіргі таңда қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру мәселесі сөз болып отырған тұста медициналық терминдерді орнықтыруға көркем шығармалардың да орны ерекше. Ұлттық медициналық терминологиямыздың кемістігін толтырып, кемшілігін жөнге келтіріп, нормаға түсіруде және оны байытуға ақын-жазушылар өз шығармалары арқылы үлесін қосуда. Осы орайда классик жазушы М. Әуезов «әдеби тілді үнемі жетілдіріп отыруда әртүрлі жаңа атаулар мен терминдердің дұрыс қалыптасуына көп көңіл бөлу керектігін» айтады. Демек, тілдік қолданысқа еніп жатқан жаңа термин атаулардың нормасын сақтап, олардың қалыптасуына баса назар аударуымыз керек.

Ғалым М.Балақаевтың айтуы бойынша, көркем әдебиет тілі өзінің даму барысында, стильдік нормаларының шыңдалу үрдісінде жалпы әдеби тілге ықпалын тигізіп, оның құрамында жаңа сөздер мен сөз орамдарының қалыптасуына, белгілі бір стильдік заңдылықтардың тууына әсер етіп отырады [1, 74]. Жасыратыны жоқ, көркем сөз шеберлерінің талғамы жоғарылаған сайын, олардың да қоғамға деген жаңаша көзқарасы қалыптасып, әрбір терминдерді, жаңа атауларды стильдік мақсатпен жұмсап, тілдік қолданыста кең өріс алуына ықпал етеді.

Көркем шығармаға қойылатын шарттар мен талаптар өте көп, соның ең бастысы – тіл шеберлігі. Әрбір жазушының өзіндік ерекшелігі, кейіпкерлері мен образдары, тақырыбы мен идеясы – барлығы да оның тілі арқылы көрінеді [2, 104]. Көркем шығарманың мазмұны ондағы кейіпкерлердің іс-әрекетін айшықты сөздермен бейнелеп, суреттеп көрсету арқылы түсінілетіні белгілі. Жазушы тілінің шеберлігі оның халықтың сөйлеу тілінің үлгілерін, көбінесе ауыз әдебиетінің мол қазынасынан алынған мақал-мәтел, қанатты сөздерді, көркемдеу құралдарын шебер пайдаланып, ойнақты өрнек, айшықты кестелер жасай білуінде.

Көркем шығармалар тілінде медициналық терминдер мен атаулар сөздер және бірнеше компонентті сөз тіркестері түрінде кездесіп, қазақ тілінің сөздік қорын молынан толығына себептігін тигізеді. Тілді өзгерту ойды өзгертумен тең дегендей тіл мәселесі аса жоғары жауапкершілікпен қарауды қажет етеді. Республикамызда денсаулық сақтау ісі мен медицина ғылымының қарқынды дамуы көрнекті ақын-жазушылардың шығармаларына өз әсерін тигізуде.

Көркем шығарма стилі тілдің әр түрлі көркемдік тәсілдері арқылы көркем образдар жасауды мақсат еткендіктен, онда кездесетін кейбір медициналық терминдер нормасынан ауытқып жұмсалса, енді бірі халықтық атаулармен беріліп жатады. Кейбір жағдайларда медициналық аталымдардың синонимдері жарыса қолданылып жататын тұстары да байқалады. Мұндай заңдылықтың сақталуы әрі жүйе, әрі норма.



Төмендегі мысалдарға назар аударайық:

1-кесте

№	Шығарманың авторы, аты	Мысалдар
1.	Дулат Исабеков «Мазасыз күндер» әңгімесі	Шешесі Танақұл қылтамақтан қайтыс болды.
2.	Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы	Дәркембай қатты демігіп ап, Құнанбайдан әлі де өткір көзін тайдырған жоқ.
3.	Бердібек Соқпақбаев «Бурыл ат» әңгімесі	Әйелдер емшектегі балаларын ала келіп, жыласа омырауларын жарқыратып ашып емізіп отырғанын көресің.
4.	Тәкен Әлімқұлұлы «Қараой» әңгімесі	Денесінің қызуы тарқап, көзінің домбығы басылайын деді.
5.	Тәкен Әлімқұлұлы «Қараой» әңгімесі	Баяғыда біреудің қатыны толғақтан өлерде осы шегір көз шошытып, іш тастатқан деседі.
6.	Төлен Әбдіков «Оң қол» әңгімесі	Бір ғажабы қыздың жүріс-тұрысынан, сөзінен сырқат белгісі байқалмайды.
7.	Сәбит Мұқанов «Ботагөз» романы	- Кім тықты? Не сандалып отыр мынау құрт ауру, ілбиіп өлейін деп отырған неме! – деп десятник Айбалаға ақырып тастады.

Жоғарыда келтірілген бірінші мысалдан көріп отырғанымыздай, мұндағы медициналық термин (қылтамақ) халықтық атауымен берілген.

Қылтамақ дегеніміз - бұл өңештің қатерлі ісігі (тамақтан ас өтпей қалатын ауру). Балық қылтықтарынан, тым ащы тағамдарды жеген кезде жырып кетуінен жара пайда болады. Ол жараны қылтамақ дейді. Автор бұл ауруды өңештің қатерлі ісігі деп атамай, халықтық атауымен түсінікті етіп жеткізе білген.

Екінші сөйлемдегі курсивпен жазылған демігу сөзінің бірнеше синонимдік қатары бар. Олар: ентигу, алқыну, демігу, солықтау, танаулау. Бұлардың барлығы аптығып жүрегі қысылу, өкпесі өшу деген мағынаны білдіреді [3, 94].

Қазіргі көркем әдебиетте жарыса қолданылып жүрген синонимдердің көп екенін мойындаймыз. Бұл жерде автордың өзіне тән сөз саптау ерекшелігін байқатады.

Үшінші қатардағы жазушы Б.Соқпақбаевтың келтірген сөйлемінен мынаны байқаймыз. Сүт өндіретін ағзаны ауызекі сөйлеу тілінде «омырау», «кеуде» деп астарлап, бейнелі түрде ауыспалы атаулармен айта береді. Дегенмен медицинада бұл ағзаның нақты терминдік атауы «емшек» екенін барлығымыз білеміз. Сондықтан медициналық ғылым тілінің барынша нормаға сәйкес жұмсалыуына үлкен мән берген жөн.

Жоғарыда берілген төртінші сөйлемдегі көзінің домбығы деген тіркестің орнына көзінің ісігі деп қолданса да болады. Бұл жерде соңғы нұсқасы аурудың белгісін нақты көрсетіп тұрғандай көрінеді. Ал, бесінші сөйлемдегі іш тастату деген тіркес орынсыз жұмсалған. Мәселен, Баяғыда біреудің қатыны толғақтан өлерде осы шегір көз шошытып, баласы түсіп қалды (немесе түсік тастады) десе, әлдеқайда дұрыс болар еді. Әйелдің өздігінен түсік тастауы әртүрлі жағдайларға (жығылу, ренжу, шошыну, ауыр жүк көтеру т.б.) байланысты болады. Сондықтан сөйлемдегі іш тастатудың (көбіне бұл тіркесті малға қатысты айтады) орнына түсік тастау қолданылса, әдеби тіл нормасына лайық жұмсалған деп айтуға болады.

Тілімізде кейбір сөздер (сырқат, дерт, ауру, науқас) бірінің орнына бірі қолданылып, көркем шығармалар тілінде де көрініс тапқаны белгілі. Оны алтыншы сөйлемнен (сырқат белгісі) көруге болады. 2006 жылы медицина саласы бойынша біраз терминдерді бекіткен болатын. Солардың ішінде әр ұғымды өз мағынасында қолдану мақсатында сырқат-больной, ауру, дерт-болезнь болып бекітілген болатын. Демек, «Бір ғажабы қыздың жүріс-тұрысынан, сөзінен ауру белгісі байқалмайды» деген жөн сияқты. Демек, бұл терминдердің де әрқайсысының өз орнын, өзіндік мәнін айыра білу қажет.

Соңғы жетінші сөйлемдегі құрт ауру да бірінші сөйлемдегі қылтамаққа ұқсас болып келеді. Медициналық ғылыми тілде құрт ауруын «туберкулез» деп атаса, ел арасында туберкулезді «өкпе құрты», «құрт ауруы» деп атайды.

Медициналық терминдер күнделікті сөйлеу тілімізде болсын, көркем шығарма тілінде болсын әр түрлі стильге байланысты әр дәрежеде (бірде жиі, бірде сирек) қолданылады. Бұл осындай терминдердің туу жайлары мен себептерін, өзгеруі мен даму бағытын, олардың нормаға түсу жолы мен тарихын айқындауға себебін тигізбекші.

Құрылымы мен қызметі біртұтас жүйелі құбылыста болатын тіл- белгілі бір тұлғалар арқылы дамып отырады. Қазақ тіліндегі термин-атаулардың жасалу заңдылықтары мен олардың өзгеру тенденциясы, айырым белгілері оның құрамына енетін жеке сөздер тіркесінен айқын көрінеді.

Қазақ тіліндегі медициналық терминдердің қолданысында өзіндік бір ерекшеліктері де жоқ емес. Олардың барлығы тұлғалық көрінісінде, қолданылу жиілігінде ептеген айырмашылық бары анықталды.

Кейбір медициналық терминдердің баспасөз беттерінде және көркем шығармалар тілінде жарыспа нұсқаларының орын алуының өзіндік себептері бар. Медицинаның салалары бойынша үздіксіз еніп жатқан жаңа атаулар қай тілде болсын бірден қалыптасып, сіңісіп кете бермейтіні белгілі. Осы тұста тілдік қолданысқа енген терминдерді белгілі бір жүйеге түсіріп, біріздендіріп отыратын арнаулы терминологиялық комиссияның атқарар міндеті жоғары.

Медициналық терминдердің дұрыс баламасын тауып, оны орынды қолдану тіліміздегі сол саладағы термин сөздердің жалпыхалықтық түсінікті сөзге айналып, орнықты сипат алуына ықпал етеді. Р.А. Будаговтың мына пікіріне назар аударайық : «Әдеби тілдің құндылығы сол - оның нормаларын меңгерген адам оны жазба тілде ғана емес, ауызекі тілде де қолдана береді. Жазушылар тілі осы нормаға бағытталса да, оның өзіндік көп жаңалықтары болады. Бұған қоса көркем әдебиет тілі тек қана коммуникативті емес, эстетикалық та мақсатты көздейді», -деген пікірі өте орынды [4, 9].

Қай кезде де терминдер толық мәнінде сапалы, жалпыға түсінікті, мағынасы айқын, нақты болуы керек.

1. Ә.Кекілбаевтың «Аш бөрі» атты әңгімесіндегі мына сөйлемге назар аударайық: Мойнын жұлқына бұрғанда, өндірішегі сорайып, тамағының астындағы күре тамырдың бәрі күдірейіп шыға келді.

2. Тәкен Әлімқұлұлының «Ақырғы қуаныш» әңгімесіндегі «Шалдың серігі - мылқау баласы Ыбан» деген сөйлемдегі мылқау сөзіне түсініктеме бере кетейік.

Мылқау естімейтін және сөйлей алмайтын адам, құлақ ішінің, есту жүйкесінің қабынуы салдарынан іштен туа бітуі не жүре келе пайда болуы мүмкін.

Жоғарыда берілген сөйлемдердегі күре тамыр, мылқау сөздері бірі медициналық термин болса, екіншісі ауруға берілген атау. Сөз етіп отырған медициналық термин-атаулар әдеби тіл нормасына сай жұмсалып тұр.

Медицина терминдеріне қатысты таңдаулы мақалалар жазып жүрген ғалым М.Ахметов айтқандай, қазіргі ғылыми қазақ тілі даму үстінде. Терминологияның дамуына, қалыптасуына ықпал ететін, бастамашы болатын – әр саланың ғалымдары [5, 4]. Осы бағытта жұмыс істейтін мамандар терминдер мен атауларды медициналық терминологияға сәйкестікте қарастырып, арнайы талаптар мен нормаларға сай келуін



қадағалау қажет. Осы орайда медицина саласына қатысты термин сөздерді бірізділікке түсіру мақсаты көзделеді.

Академик Ә.Қайдаровтың «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деген еңбегінде қайта түлеу үстіндегі әдеби тіліміздің болашақ даму үрдістерін белгілеуде шешуші рөл атқаратын бір саласы – қазақ терминологиясының толғақты мәселелерін жаңаша қарастырып, академик мынандай келелі пікір айтады: «Егеменді ел, тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің (атрибуттарының) бірі – мемлекеттік тіл десек, оның негізгі тіректерінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытуға, реттеуге, қалыптастыруға, кеңінен қолдануға сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы керек. Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану. Бұл – термин саласында бұрыннан келе жатқан негізгі де дәстүрлі принцип. Бірақ терминология мәселесінің бүгінде күн тәртібіне қайта қойылуына себеп болып отырған да осы негізгі принциптің іс жүзінде орындалмай, бұрмаланып келуі» [6, 9-10].

Осы заманғы медицина ғылымының дамуына байланысты туындаған жаңа ғылыми ұғымдар мен концепциялар медицина лексикасының үнемі жаңа терминдермен толығып отыруына себепкер болып отыр. Медициналық терминдердің нормадан ауытқымай жұмсалыуына жазушылар да өз шығармаларында көңіл аударады. Қажет жерінде терминдердің қазақша баламаларын беріп, олардың тіл заңдылықтары негізінде сақталынып отырылуы қадағаланады. Кейбір жағдайда ішкі даму үрдісі негізінде, қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге икемділігі арту үшін жаңа ұғым, мағына я образ жасауда норманың шеңберін бұзып, нормадан ауытқып та кетеді. Әрине, мұндай ауытқулар жөнімен, оқырман сезіміне жағымды әсер ету үшін қажеттіліктен туған болып табылады.

Көрнекті ғалым С.Исаевтың пікіріне назар аударайық: «Көркем шығарма тілі, бір жағынан, тілдік нормаларды қалыптастырып, тұрақтандырып отырса, екінші жағынан, ол нормадан ауытқуға, жаңа норма жасауға да мұрындық болып, әдеби тілдің үнемі дамып, өзгеріп отыруына әсер етеді» [7, 29]. Көркем шығарма тілінің айналымына түскен жаңа термин болсын, жаңа атау болсын әрқайсысы жеке дара өмір сүрмей, тілдік қарым-қатынас жүйесіне бағынып, негізгі көркем стильдің икеміне түсіп, соның көлеңкесінде көркемдік мәнге ие болуға жұмылады.

Жалпы айтқанда, көркем әдебиет тілінде медициналық терминдерді қолдана білудің шеберлігі жазушының айтар ойын да, алға қойған мақсатын да, бағытын да, оның шеберлігін де айқын таныта алады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. - 184 б.
- 2 ХХ ғасырдағы қазақ әдеби тілі. - Астана: Елорда, 2000. - 344 б.
- 3 Синонимдер сөздігі. - Алматы: Дәуір, 2001. - 311 б.
- 4 Будагов Р.А. Французская стилистика. – М., 1961. – С.9.
- 5 Ахметов М. Медицина терминдерін аударуда ала-құлалық байқалады // Ана тілі. – 2013. – № 10. (1164). - 7-13 наурыз. - 4-б.
- 6 Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. - 43 б.
- 7 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1989. - 192 б.





## **РЕЗЮМЕ**

В статье рассмотрены нормы и особенности употребления медицинских терминов, используемые в художественных произведениях.

## **RESUME**

In the article there were considered the norms and peculiarities of using medical terms in literary works.



### **Ә.Ж. Әміров**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
филол. ғыл. канд., доцент

### **Б.И. Досанов**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, аға оқытушы

### **А.Қ. Бисенбаев**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, аға оқытушы

## **Терминком – терминологияға ықпал етуші маңызды факторлардың бірі**

### **Аннотация**

Терминком өз жұмысын кеңес дәуірі тұсынан, нақтырақ айтар болсақ, 1933 жылдан атқарып келеді. Содан бері біршама уақыт өтсе де терминком тарапынан атқарылған жұмыстар қаншалықты дәрежеде оң нәтиже берді, не болмаса қандай кемшіліктер орын алды, сондай-ақ қазіргі терминком қандай болуы керек, қандай істерді жүзеге асыруы тиісті деген сұрақтар реті туындайды. Осы орайда бұл сияқты өзекті мәселелер негізіндегі ұсыныстар мақалада ғылыми тұрғыда ұсынылады.

Мәселен, біріншіден, терминкомда құзырет болуы тиіс екендігі, сол құзырет негізінде терминком беделі мен өкілеттілігін күшейте алатын құжат, негіздеме болуы тиістілігі айтылды.

Екіншіден, ұсынылған құзырет пен негіздеме болған жағдайда арнайы штаттық кестесі мен лауазымды қызметкерлері бар мекемеге айнала алатындығы сөз болды.

Үшіншіден, құзыреті бар, қадағалау өкілеттілігі бар мекеме ретінде қалыптасқан соң, терминкомның терминология, терминтану саласындағы өзекті мәселелерді, тиімді тетіктерді зерттеп, талдап, тексеруі міндетті екендігі көрсетілді.

*Түйін сөздер:* Термин, терминология, терминком, терминком жұмысы, терминдерді реттеу, бекітілген терминдер, құзірет, терминтану ғылымы.

Өзге тілдік қабаттар секілді терминологияға ықпал етуші тілдік және тілден тыс факторлар бар десек, соның маңыздыларының бірі – терминологиялық комиссия жұмысы болып табылады. Терминком – терминдерді реттеу, бірізге түсіру, үйлестіру жұмысын атқаратын, терминдердің қолданылуға тиісті нұсқасын бекітіп беріп отыратын құзіреті бар мемлекеттік мекеме. Терминком терминология мен арнаулы сөздерді қарастырып, бекітуші мекеме ретінде барлық елдерде қызмет етеді, бар. Жалпы, тілші-ғалымдар арасында да, салалық ғылымдардың зерттеушілері арасында да терминкомның терминологияны реттеудегі

рөлі үлкен мекеме болып саналады. Расында, солай ма, Қазақстандағы терминком қандай, ол терминологияға ықпал етуші фактор ретінде қарастырыла алады ма деген сияқты терминкомға қатысты бірнеше сұрақтар реті туындайтындығы сөзсіз. Бұл мәселелер жан-жақты талдауды қажет ететіндігі, қазіргі қазақ терминологиясы үшін тілдік тұрғыдан да, тілдің, терминологияның әлеуметтік жағдайы тұрғысынан да маңызды. Дегенмен, терминком қызметі мен оның қызметінің қандай болу керектігі бізге дейін ғалымдар тарапынан талданып, тұжырым жасалып жүрген мәселе [1,5]. Соған қарамастан, терминкомның терминологияға ықпал етуші фактор ретіндегі қызметін өз тарапымыздан да талдап өтуді жөн көрдік.

Терминкомның – терминологияға әсер етуші әрі тілдік, әрі тілден тыс фактор ретінде ықпал ететіндігін айтып өтуге тура келеді. Өйткені мекеме ретінде бұл ұйым терминдерге қатысты тілдік мәселелерді қарастырумен бірге, әкімшілік ресурсы бар мекеме ретінде тілден тыс ықпал ету қызметін де жүзеге асыра алады. Бірақ қазіргі Қазақстандағы терминкомның осы қызметтерді атқара алып отыруы, болашақта атқару мүмкіндігі тоқталып өтуді керек етеді. Өйткені, шындап келсек, 1933 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан терминком қазіргі кезде терминдердің ғылыми коммуникацияда бірізді қолданылуына ықпал ете алмай, қамтамасыз ете алмай отыр.

1933 жылдан қызмет еткен мекеме кеңес дәуірі тұсында қазақ терминологиясының өзгерістеріне өз мүмкіндігінше ықпал етіп, даму мен қалыптасуға септігін тигізді. Әрине, өз кемшіліктері де болды, оны да жоққа шығаруға болмас. Бірақ терминкомның көптеген жылдар бойы қазақ терминологиясының әр түрлі кезеңдерден өтуіне жасаған ықпалы мен рөлін бір жақты сызып тастап, жоққа шығару да ғылыми әдепке сай келмейді. Бір сөзбен айтқанда, Қ. Жұбановтан бастау алған терминком жұмысы, мүмкіндігінше, әр кезеңде қазақ терминологиясының қалыптасуына ықпал ете алғандығын айтуымыз қажет.

Алайда қазіргі терминком жұмысының қарқыны мен ауқымын, құзіретін әр түрлі бағалауға болады. Бір жағынан, өз мүмкіндігінше терминком терминдерді реттеуге үлес қосып жатса, екінші жағынан, бұл атқарылып жатқан жұмыстар қазіргі терминологияның даму деңгейі тұрғысынан жеткіліксіз болып есептеледі. Олай бағалау орынды. Өйткені қазіргі терминком жұмысының бұлай бағалануы бірнеше себептермен байланысты.

Біріншіден, қазіргі терминологияның даму деңгейін кезіндегі кеңестік кезеңдегі және оған терминологияның даму деңгейімен салыстыруға болмайды. Терминологияның теориялық және практикалық мәселелерінің дамуымен байланысты шешуді қажет ететін мәселелер реті ұлғайды. Кеңестік дәуірде терминком да, терминологиямен айналысушы басқа мекемелер де қазақ терминологиясының мәселелерін зерттеуге азырақ көңіл бөлгендігін де ескермеуге болмайды. Бұдан шығатын тұжырым – қазіргі қазақ терминологиясында зерттеп, талқылайтын мәселелер жинақталып қалған. Оның үстіне, әлемдік терминтану ілімі терминдерді қарастыруда, оны реттеуде басқа дамыған, жетілген технологиялар мен тетіктерді енгізіп отыр. Осы мәселелер тұрғысынан келгенде, қазіргі интеграциялық кезеңде қазақ терминологиясындағы атқарылып жатқан азды-көпті жұмыстардың терминдерді ретке келтіру, бірізге түсіру жұмыстарын жүзеге асыруға мүмкіндігі жете бермейді. Яғни жасалып жатқан жұмыстар реті терминтанудың қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыра алмайды.

Екіншіден, қазіргі қазақ терминологиясындағы терминдерді аудару ісімен байланысты қалыптасып отырған жағдай көптеген жаңа терминдердің өмірге келуіне ықпал етіп отыр. Айына бір рет жиналатын терминком осының барлығын қарап, талдап, дұрыс жобасын ұсынып үлгереді деп айту қиындау екендігі түсінікті.

Үшіншіден, терминком айына небәрі 50-60 ғана, кейде тіпті одан да аз терминдер санын бекітумен айналысады. Бұл қазіргі терминдерді реттеуге жеткіліксіз екендігі анық. Қалыптасып отырған жағдай терминдерді реттеу ісінде ауқымды істердің барлығынан ақпарат береді.



Төртіншіден, бекітілген терминдердің қолданысы бақылауды қажет ететіндігі анық. Өйткені кез келген бұйрықтың, заңның, өкімнің, қаулының, жарлықтың орындалуы құзіретті органдар тарапынан зерттеліп отырады. Бұл еліміздегі заңды мекемелердің барлығында жүзеге асырылатын үрдіс. Өкінішке орай, қазіргі терминкомда мұндай мүмкіндік пен құзырет бар деп айта алмаймыз. Өйткені бекітілген терминдердің қадағалануы заңды күшке ие емес. Әрі айына жиналған комиссия мүшелері аздаған терминдерді талқылаумен шектелетін комиссияның олардың түрлі ғылым салаларында жазылып жатқан монографиялар мен оқулықтарда, ғылыми еңбектерде, бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылуын бақылап, тексеріп отыратын уақыты да, мүмкіндігі де жоқ екендігі анық. Демек, қазіргі терминкомның терминдерді бекіту ісімен айналысуы да шартты үрдіс болып табылады.

Бесіншіден, терминдер қолданылатын ғылыми еңбектердің баспа бетінен жарық көруін қадағалау тетігі де елімізде жоқ. Өйткені нарықтық экономика заңдылықтарына негізделген баспа ісі еңбектің қажеттілігі мен қажетсіздігін анықтап жатпайды. Тек шартты түрде ғылыми мамандардан пікір алумен, ұсыныс алумен шектеліп, кез-келген кітапты немесе еңбекті қаржысына қарай басып шығарумен айналысады. Бұл да – терминдер қолданылатын ғылыми басылымдар мен еңбектердің қадағалауға кері ықпал ететін факторлардың бірі болып табылады. Демек, терминкомға шыққан кітаптарға талдау жасаумен айналысуға тура келеді деген сөз.

Алтыншыдан, қазіргі терминдерге байланысты сала-сала бойынша терминологиялық сөздіктер көптеп шығарылуда. Сөздіктердің көптеп шығарылуы орынды-ақ шығар. Орынды дейтін себебіміз – көпшілік қажеттілігін қанағаттандыратын сөздіктер санының көп болғаны орынды. Басқа жағынан, терминдерді қалыптастыру ісіне олардың көптеп шығарылуы оң ықпал етуге тиісті. Яғни көптеп шығарылған терминологиялық сөздіктер жаңа терминдер санының сұрыпталуына, сұрыпталған нұсқаларының қолданыста орнығуына ықпал етуге тиісті. Мысалы, биология саласына қатысты оқулықтар мен ғылыми еңбектерде түрлі нұсқаларда қолданылып келген клетка термині жасуша, торкөз нұсқаларында әр түрлі нұсқада қолданылып келіп, қазіргі оқулықтарда бірізге түсе бастады. Оған ғалымдардың талдау еңбектерінің үлесі де болды.

Осы терминком жұмысымен байланысты ерекшеліктер мен себептердің әрқайсысы терминкомның терминдерді реттеуде ықпалды мекеме бола алуға мүмкіндігі бар екендігін де дәйектей түседі. Дегенмен, аталған өзекті мәселелер ретіне үңіле отырып, қазіргі терминком қандай болуы керек еді, қандай істерді жүзеге асыруы тиісті деген сұрақтар реті туындайтындығы сөзсіз. Осы ретте жоғарыдағы өзекті мәселелер негізінде ұсыныстар ретін ғылыми тұрғыдан ұсынған орынды деп білеміз.

Біріншіден, терминкомда құзырет, сол құзырет негізінде терминком беделі мен өкілеттілігін күшейте алатын құжат, негіздеме болуға тиісті. Осы жағдайда ғана терминком қадағалаушы, бақылаушы органға айнала алады. Осы жағдайда бекіту үрдісі терминком үшін шартты болумен шектелмей, орындалумен байланысты бола алады. Бұл терминдерді реттеу ісіндегі терминкомның беделін өсіріп қана қоймай, оның терминдерді үйлестіру ісінде нақты қадамдарға, іс-әрекеттерге баруына мүмкіндік береді.

Екіншіден, жоғарыда ұсынылған құзырет пен негіздеме болған жағдайда, терминком айына бір рет жинайтын салалық мамандар құрамымен шектеліп жұмыс істейтін мекеме болмай, арнайы штаттық кестесі мен лауазымды қызметкерлері бар мекемеге айнала алады. Бұл да терминкомның нақты қадамдар жасауына, беделін өсіруіне, терминдерді шынайы реттеуіне ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Үшіншіден, мұндай құзыреті бар, қадағалау өкілеттілігі бар мекеме ретінде қалыптасқан соң, терминкомның терминология, терминтану саласындағы өзекті мәселелерді, тиімді тетіктерді зерттеп, талдап, тексеруі міндетті қажеттілік ретінде туындайды. Яғни терминком тек бекітумен, тексерумен айналысатын емес, тиімді тәсілдер мен әдістерді, тетіктерді зерттей отырып, ұсынатын да мекеме ретінде қалыптаса

алады. Бұл жағдайда терминология саласына қатысты өзекті мәселелер арнайы орталықтан зерттеліп, әлемдік елдердің тәжірибесіндей терминтануға қатысты орталық немесе ұйым ретінде жұмыс істей алған болар еді. Біздің ойымызша, терминкомның осындай талаптар бойынша жұмыс істеу деңгейіне жетуі қазіргі ғылым, білім саласындағы интеграция үшін де, алдыңғы қатарлы әлем елдерінің қатарына қосылуы тұрғысынан да маңызды болған болар еді.

Зерттеу барысында терминком жұмысындағы өзекті мәселелер мен сол мәселелер негізіндегі ұсыныстарды, әлемдік елдердің тәжірибесін негізге ала отырып тығыз бірлікте талдап көрсетуді мақсат етілді. Расында, мәселе мен қажеттіліктен туындаған ұсыныс бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі айқындап отырған факторлар болып табылады. Осы мәселелер ретінің шешілмеуі қазіргі қазақ терминтану ілімінің дамуында кері ықпал ететін факторлар ретінде, ал шешімін тапқан жағдайда, терминком болсын немесе терминком жұмыстарын жүзеге асыратын, басқаша аталатын мекеме болсын терминологияның дамуына ілгері ықпал ете алатын маңызды факторлар ретінде айқындалуға тиісті.

Ғалымдар тарапынан қазіргі терминкомның кезінде 30-ға жуық алаш зиялылары атқарған жұмыстарды атқара алмай отыр деп сыналуы да, мыңдаған терминдерді қалыптастырып кеткен алаш зиялыларының ісін қазіргі ғалымдар жалғастыра алмай, 300-дей ғана терминдерді реттеумен шектеліп отыр деп талдануы да, терминкомды басқаратын лауазымдық тұлғалардың әр кезеңде тағайындалған министрлерден тұратындығы да негізсіз емес. Осының бәрі қазіргі терминологиядағы шешілмей жатқан мәселелердің жиынтығына өзек болып табылады.

Аталып өткен әлемдік елдердің тәжірибесі мәселесіне тоқталсақ, терминдерді реттеу арнайы мекеме арқылы жүзеге асырылып отырғандығына дәлелдер келтіруге болады. Мысалы, бір ғана Ресейде терминология мен Терминологиялық комитет, Стандарттау комитеті және Мәскеу мемлекеттік университетінің жанынан ғалым В.А. Татаринев құрған «Ростерм» ұйымдары жұмыс істейді. Аталған ұйымдар тек терминдерді бекітумен, реттеумен айналыспай, оның өзекті мәселелерін зерттеумен де айналысып, терминтану ғылымымен айналысатын зерттеушілер біріктіретін, шет елдік ұйымдармен қарым-қатынас жасайтын, тәжірибе алмасатын мекемелер болып табылады.

Еуропа елдерінің барлығында да дерлік арнаулы лексиканы реттеп, зерттейтін мекемелер бар. Қазіргі кезде LSP бұл елдердің көпшілігіне түсінікті шартты қысқартылған термин атауы. Ол арнайы мақсатта қолданылатын тіл деген мағынаны білдіреді.

Демек, қазақ терминтану ілімі, соған сәйкес терминдерді реттеу ісі шынайы қолға алыну үшін осындай мекеменің құрылуы уақыт талабынан туындаған қажеттілік, термин қалыптастыру ісіне ықпал ететін маңызды фактор болып саналады. Өйткені мұндай мекеме немесе ұйым әрі тілдік, әрі тілден тыс факторларды біріктіре алатындығын негіздеп өттік. Бұл мәселені мемлекет тарапынан қолға алу кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып саналады. Бір сөзбен айтқанда, терминком қазақ терминологиясын дамыту үшін жаңа серпін алуға тиісті және міндетті.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құрманбайұлы Ш. Терминком және қазақ терминологиясының болашағы // Егемен Қазақстан. – 2002 жыл. - 8 ақпан. – 5 б.



## РЕЗЮМЕ

Терминком исполняет свою функцию со времен Советского Союза, а точнее с 1933 года. Несмотря на то, что с тех пор прошло много времени, возникает ряд вопросов, таких как насколько положительны результаты работ, сделанных терминкомом, какие были недостатки, каким должен быть современный терминком, какие задачи должен решать терминком.

## RESUME

Termincom has been executing the function since the Soviet Union, to be exact, since 1933. Despite that much time has passed since then, there are some questions such as: how positive results of the works are carried out by termincom, what shortcomings were there, how modern the termincom has to be, what problems the termincom has to solve.

УДК 82.98

**Н.О. Карина**Евразийский национальный  
университет им. Л.Н. Гумилева,  
магистрант

## **Тюркские национальные образы мира в художественной литературе**

### **Аннотация**

Национальный образ мира – это сгусток самобытных социально-бытовых, культурных, философских явлений, характерных для определенного этноса. Тюркское мировосприятие неразрывно связано с известным кругом животных, которые были основой их жизни. Автор в статье пытается определить место каждого животного в тюркском мире.

*Ключевые слова:* толерантность, концепт, образ мира, национальное мировосприятие, кочевые народы, тюркские народы, своеобразие традиции, аллегория, мировосприятие.

В последние годы пристальное внимание ученых разных отраслей науки обращено на понятия гуманитарного профиля. К таким понятиям относятся «толерантность», «дискурс», «гендер», «креатив», «концепт» и т.д. Каждое из них может быть объектом исследования конкретного материала. Особо актуальны они (понятия), когда речь идет о национальной самобытности и своеобразии национального мировосприятия, традиции.

Тюркский мир объединен одной религией, одними корнями при всем своем многообразии. Национальный образ мира – это как видится все Бытие на этой космо-исторической целостности, в каком ракурсе, варианте. Как понимается мир, человек, смысл существования, шкала ценностей, какая логика действует и определяет понятия и поступки. Подобно тому, как человек есть троичное единство: тело, душа, дух, так и каждый национальный мир можно рассматривать как Космо-Психо-Логос, то есть единство местной природы (Космос), характера народа (Психея) и его склада мышления (Логос). Эти три уровня находятся в отношении и соответствия, и дополнительности друг к другу [1, с. 6].

Историческое развитие каждой нации в начале своем зависит от благоприятствующих и неблагоприятствующих обстоятельств природы: климата, почвы, рельефа, расово-этнического характера людей. В последующем эти понятия станут вторичными, так как постоянно совершенствующиеся способы производства перемешают страны и языки, и некогда кочевой народ становится оседлым.



Кочевые народы являют собой первую форму организованного общества: они заботятся о постоянном запасе пищи, которым является стадо в широком смысле данного слова. Как свидетельствует жизнь, тюркские народы поменяли быт, психологию, формации, но исторические корни сохранили. Особо эта связь с корнями у любого народа проявляется через его отношение к животным. Полная зависимость от них и дает ощущение внутреннего родства с животными. Отсюда в фольклоре – обожествление животных, особенно коня.

Кочующий коллектив привязан к стаду, и это его основная функция. Коллектив людей прикован к стаду и мыслит его потребностями: где ему удобно, выбирает место, приспособляется к нему. Животное выступает носителем человеческих свойств.

По мнению Г.Д. Гачева, «кочующий коллектив отличается от земледельческого, как животное, которое обладает самодвижением и свободно от окужающей среды, отличается от растения, которое навеки привязано к своему месту. Кочевой народ – это «перекати - поле», действительно, «все свое носит с собой» и ни от чего в этом смысле не зависит. И это роднит данный коллектив с высшим, еще не достигнутым пока типом человеческого общества, когда оно целиком будет иметь свои предпосылки в самом себе и не зависеть от окружающей природы – когда человечество, например, может сняться с земли и смело ринуться во Вселенную. Вот почему кочевые племена представлялись последующему сознанию оседлых народов как символ свободы – как птицы» [1, с. 16].

Но эта свобода и есть величайшая несвобода и рабство. Народ именно потому и движется, что у него ничего нет, поэтому смысл жизни – стадо – пусть пасется, кормит, обувает и одевает. Напомним общеизвестное традиционное приветствие казахов: «Мал – жан аман ба?» Это выражение говорит о многом, вернее, о сути жизни.

Тюркские народы издревле ценили овец, лошадей и верблюдов. Овцы представляли собой ходячий запас еды, и каждая часть туши барана имела свое назначение, и до сих пор за столом казаха почетному гостю преподносят баранью голову.

Практически в каждом художественном произведении писателей Востока присутствует конь. Образ коня то развивается в реалистическом повествовании, то движется в аллегорическом, вневременном пространстве. То конь, то тень; то тень, то конь... [2, с. 64].

Вместе с тем, конь – это не только объект почитания тюрков, средство передвижения, но также, как и овца, ходячий запас еды. При чем популярность конины в настоящее время актуальна как и всегда.

Что касается казахов, то конь в казахской традиции всегда занимал особо почетное место. Прежде всего это связано с тем, что казахский народ в своей памяти всегда был кочевым.

В быту кочевников среди четырех разновидностей домашних животных конь всегда ценился выше других. В народной мудрости есть выражения «Крылья батыра - конь», «Неудачливого джигита выручает конь» и т.д. Казахи очень бережно относились к лошадям, уважительно называли их «мудрым животным», «безъязыким человеком», «человекоподобным зверем». Такое возвеличивание коней связано с ведущей ролью этого благородного животного в жизни и быту казахов.

Были даже обычаи и поверия, связанные с конем: когда мальчику исполнялось три года, его начинали обучать верховой езде. При этом использовались особый вид седла – ашамай, а вместо стремян пользовался тепкишек – небольшая, переметная сумка, сшитая из кошмы. Составной частью ашамай являлся колтырмаш – это тонкая, опорная полка, соединяющая переднюю и заднюю часть ашамай. Тепкишек для красоты с обеих сторон обшивали тканью. В этот знаменательный для ребенка день собирались все люди аула, к гриве и хвосту коня, к шапке мальчика, одетого в новую одежду, пришивали перья филина.



Также существовало поверье, что грива и хвост лошадей оберегали от злых духов и опасностей, потому к колыбели ребенка привязывали волосы из гривы и хвоста лошадей или, завернув их в тряпочку, в виде тумара (талисмана) одевали на шею ребенка.

Глубокой осенью или зимой табунщики, которые пасли лошадей под открытым небом и ночевали в походной юрте, садились на верхового коня и, ведя затем его на поводу, приходили в любой дом-юрту и говорили, что пришли на серне-угошение для гостя. Хозяева дома резали скотину и варили мясо, иногда даже не спрашивая о том, откуда гости и т.д., т.е. не задавая назойливых вопросов. А конь гостей переходил в распоряжение хозяина или его сына. Они имели право поехать на нем туда, куда пожелают, пока гости – табунщики находятся у них. Если же ехать было незачем и некуда, сын хозяина садился на серне-ат и гарцевал на нем. Пока гости наедались досыта, коня кормили, поили, обхаживали и приводили в порядок. Как правило, остатки мяса и еды со стола клали в переметные сумки табунщиков, при этом никогда не спрашивали о цели и сроках их неожиданного появления.

Во всех этих действиях кочевого народа лежит глубокая мудрость: приветить и обогреть человека, нуждающегося в этом.

О казахском гостеприимстве широко известно уже в мире, когда любой человек, вошедший в дом казаха, считается его почетным гостем и его угощают конак-асом. При этом у хорошей хозяйки для этого случая должно быть припасено все самое лучшее, включая баранью голову. Естественно, меняются формации, отношения людей друг к другу, ритм жизни, но неизменными в жизни любой нации остаются национальные корни, традиции и обычаи. Отличие лишь в их трансформации, учитывающих современные реалии жизни, и сегодня, предупредив телефонным звонком о возможном визите, вы найдете у казахов обильный стол и прием. Этому матери учат дочерей, а отцы - сыновей.

Верблюд – модель арабского мира. Как мировое Древо, конь для отдельных народов прообразует Вселенную, ее устройство и смысл; верблюд для них – космическое, вселенское существо, все для них. Большую часть кочевого скотоводческого населения составляют верблюдоводы, которые, в отличие от полуседлых овцеводческих племен, называются в Аравии «бедуинами», т.е. жителями пустыни.

Вот здесь подсказ и притча: овца – полуседлость, конь и верблюд – совершенный кочевник. Овца нуждается в воде, несвободна, привязана, труслива. Верблюд же – совершенная самостоятельность и максимальная свобода от воды. Одногорбый аравийский верблюд используется бедуинами самым универсальным образом: молоко и мясо идут в пищу; из шерсти изготавливают ткани для верхней одежды и мешков; из шкуры выделывают кожу и ремни, навоз идет на топливо... И кочевник же прост, неприхотлив и аскетичен, как и верблюд.

О том, какое место занимает верблюд в жизни бедуина, говорит уже то обстоятельство, что классификация этих животных по возрасту, полу и качеству включает свыше ста терминов, а слова «верблюд» и «красота» в арабском языке происходят от одного корня. Вопрос о философской, житейской и многовековой связи психологии народов с определенным животным миром имеет глубокую историю, и каждый частный случай может быть объектом научного исследования.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Гачев Г.Д. Национальные образы мира. Центральная Азия: Казахстан, Киргизия, Космос Ислама (интеллектуальные путешествия). – М.: Издательский сервис, 2002.
- 2 Левченко В. Чингиз Айтматов. - М.: Советский писатель, 1983.
- 3 Сулейменов О. Трансформация огня. - Алма-Ата: Жалын, 1985.
- 4 Сейсенбаев Р. Заблудившийся крик. Романы. - М.: Советский писатель, 1986.



## **ТҮЙІН**

Әлемнің ұлттық бейнесі – белгілі бір этносқа тән ерекше әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени, философиялық құбылыстардың қосындысы. Түркілік дүниетаным олардың өмірінің негізі болған белгілі жануарлармен үздіксіз байланысты. Автор мақаласында әр жануардың түркі әлеміндегі орнын анықтамақ болады.

## **RESUME**

The national image of the world is the mixture of original social, cultural, philosophic phenomena, characteristic of the definite ethnos. The Turkic perception is closely connected with well-known animals which were the basis of their lives. The author of the article endeavours to determine the place of each animal in the Turkic word.

### **З. Шадкам**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филол. ғыл. канд., доцент

### **Г.Н. Абдеева**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, магистрант

## **Көркем аудармада стилистикалық мағынасы төмендетілген лексиканы (арго) аудару тәсілдері**

### **Аннотация**

Жазушы еңбегін жазу барысында өз халқының мәдени және тілдік ерекшеліктерін айқындайтын алуан түрлі тілдік құралдарға жүгінеді және осы аталған тілдік құралдарды басқа бір мәдени-тілдік ортаға жеткізу немесе аудару барысында белгілі бір қиындықтарға тап болады. Осыған орай, аудармашы аударылатын тілдің лингво-стилистикалық заңдылықтарын сақтай отырып түпнұсқа тілдің немесе мәтіннің стилін, тілдік ерекшелігін, оның көркемдік-идеялық қасиетін толық жеткізу барысында әдеби норма, аударма теориясы мәселелерімен бетпе-бет кездеседі.

Ал әлеуметтік диалектілерден, яғни субстандартты (стилистикалық мағынасы төмендетілген лексика) лексиканы қолдану арқылы жазылған көркем шығармаларды аудару барысында да баламалылыққа жетуде аударма жасаудың тәсілдерін дұрыс қолдана білу сапалы аударманың кепілі.

*Түйін сөздер: стилистикалық мағынасы төмендетілген лексика аудармасы, баламалылық мәселесі, аударма тәсілдері.*

Қандай да бір ақын, жазушы болмасын өзінің әрбір туындысының ерекшелігін, өзінің индивидуалдылығын сақтап қалуға тырысады және оқырмандардың назарын қандай да бір мәселеге аудару үшін белгілі бір жаңа сөз орамдарын, мағыналық жағынан ерекше сөздерді қолдануға тырысады, яғни әр уақытта көркемдік мәнерлі құралдар іздеумен болады. Бұл құралдар метафоралар, метонимия, теңеулер, неологизмдер, әлеуметтік диалектілер т.б. ретінде жүзеге асырылады. Р.К. Миньяр-Белоручевтың пікірінше, аталған көркемдік құралдар уақытша семасиологиялық байланыстарға ие болады, дәлірек айтқанда, берілген көркемдік құралдарға негізделген бірліктер ауыспалы мағынада қолданылады немесе өзіндік тура мағынада қолданғанымен, белгілі бір ситуацияға немесе контекстке қою арқылы жаңаша бейнеленіп, жаңа сарынға ие болады. Қалай болғанда да, осы көркемдік құралдар автордың әлемге деген көзқарасын жарқын, қалыптан тыс сипатқа бояп, оны дараландырады [1, 21 б.].



Дегенмен, түпнұсқа көркем мәтінде аталған тілдік құралдарды қолдану аудармашылар үшін үлкен сын болуы мүмкін. Бұл эмоционалды-экспрессивті ақпаратты дұрыс жеткізуге кедергі болатын негізгі жағдай – басқа халықта немесе мемлекетте кездеспейтін автордың көзқарасының мәдени компоненттері болуы мүмкін. Осы компоненттердің бірі ретінде стилистикалық мағынасы төмендетілген лексика, соның ішінде жалпы арго бірліктерін атауға болады. Арго – әлеуметтік және кәсіби дараланған топтар мен қауымдастықтар тілі. Ол дегеніміз, қылмыстық ортада таралған тапсызданған бірліктер арасындағы қарым-қатынас жасасу әдісі; мақсаты – байланыс пәнін жасырын тұту немесе қоғамнан даралану болып саналады [2, Арго]. Осы көзқарасты біздің отандық ғалымдарымыз да жалғастыра отырып, келесідей түсіндірмелер береді: «Шағын ғана әлеуметтік топтарға қызмет ететін, сол топтардың ұнатуына сай келетін арнаулы сөздер мен сөйлемшелер». Арго тілі төменгі тап өкілдеріне тән. Арго жасырын әрекетті, құпия сырды бүркемелеу мақсатынан туған деп те көрсетіледі. Сонымен қатар, аталған бұл тілдік бірліктер халыққа түсінікті негізгі мағынасынан ауытқып, стилистикалық және лексикалық мағынасының төмендеуіне ұшырайды. Ал осы аталған әлеуметтік диалекттің, яғни арголардың көркем мәтіндердегі қолданысының детерминанты не болуы мүмкін? Автор өз шығармасында бұл бірліктерді қандай мақсатта қолдануы мүмкін? Арго бірліктерінің көркем шығармалардағы қызметі қандай? Осы сұрақтарға төмендегі мақаламызда жауап беруге тырысамыз.

Арго бірліктерінің қандай да бір көркем мәтіндегі қолданысының ең негізгі, басты себепшісі – шығарманың эмоционалды-экспрессиялық сипатын, әсерін, тілдік мәнерлілігін арттыру. Осыған орай, арго бірліктерінің көркем мәтіндегі функциясына тоқтала кетсек, С.П. Ячменева өз зерттеулерінде көркем мәтін құрамындағы арголардың бірнеше қызметін көрсетеді:

1. Суреттеліп, бейнеленетін ортаның көрінісін (колорит) құру үшін;
2. Әлеуметтік топтардың өкілдерінің сөйлеу ерекшеліктерін көрсете отырып, кейіпкердің сөйлеу мәнерінің сипаттамасының құралы ретінде қолданылады. Осы арқылы жазушы өз шығармасының кейіпкерлерінің айқын психологиялық және әлеуметтік кескінін құрады;
3. Белгілі бір дәуірдің немесе заманның белгісі ретінде. Айқын мысалдардың бірі ХХғ. 30-50 жж. аралығындағы бас бостандығыншектеу орындарында қылмыскерлердің саяси тұтқындарға қатысты қолданған сөздерін айта аламыз: полит, политик;
4. Шығармада суреттеліп отырған құбылысқа немесе кейіпкерге күлкілі, сықақшыл сипат беруде, ал кей жағдайларда, керісінше, жағымсыз көзқарасын көрсету үшін аргоның эмоционалды қызметі қолданылады [3, 48-50 б.].

Назар аударма кететін жайт, мәтінде қолданылатын арголардың мөлшері мен қызметі көркем шығарманың сипатына да байланысты болады. Ондай шығармалар келесідей сипатта болуы мүмкін: шығарма қоғамның төменгі топ элементтерінің өмір салтының жалпы бейнесін суреттейді, қылмыскерлер мен құқық қорғау органдарының күресі туралы шығармалар, жеке бас бостандығын шектеу орындарында жазылған (саяси тұтқындар, кәсіби қылмыскерлер) немесе солар туралы жазылған шығармалар және тағысын тағы.

Ал арго бірліктерін қолдана отырып жазылған шығармаларды аудару немесе аудару үдерісінде белгілі бір тәсілді қолдану барысында әрбір тілдің стратификациялық құрылымының алуандылығын ескерген жөн. Өйткені белгілі бір тілдерде қолданылатын тілдік орамдар екінші тілмен ұқсас (орыс – француз тілдері) болғанымен, келесі тілден мүлде алшақ (орыс – қазақ тілдері) болады. Осыған орай, түпнұсқа мәтінде қолданылған арго бірліктерінің аударылатын тілде тұрақты әрі жүйелі сәйкес баламасын табу үшін функционалды алмастыру және кешенді трансформация секілді жолдарын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы аударма теориясына байланысты, аударма барысында екі түрлі аударма категориясын қарастыруға болады: дәлме-дәл аударма және функционалдық аударма. Дәлме-дәл аударманың өзін транслитерация, транскрипция, калька және семантикалық неологизм тәсілдеріне бөлсек, функциялық аудармаға эквивалент, функцияналды үйлесім (аналог), түсіндірмелі аударма және лексикалық трансформация тәсілдерін айта аламыз.

Транслитерация бір жазудағы әріптерді екінші бір жазудың әріптерімен, яғни бір әліпбидегі жазуды басқа бір әліпбиге ауыстыру деген мағынада қолданылады. Ал қандай да бір тілдік ерекшеліктерге байланысты транслитерацияны қолдану мүмкін емес болған жағдайда немесе сөздің жазылуын емес, дыбысталуын беру қажеттілігі туындағанда транскрипция тәсілін, соның ішінде практикалық және жартылай транскрипция тәсілдерін қолданамыз [4, 291 б.]. Біз зерттеп отырған көркем шығармада аталған екі тәсіл де көрініс тапқан. Э. Берджес өзінің «Clockwork orange» шығармасындағы қолданған субстандартты лексиканы Ресейге (Санкт-Петербург) барған кезінде естіп, ағылшын тіліне сәйкестендіреді. Осыған байланысты өз ойын былай түсіндіреді: «Когда вы англизируете русские слова, это звучит странно и придает речи персонажей иронический эффект...» [5, 251 б.]. Көркем шығармада арголар ретінде қолданылған «ағылшыншаланған» орысша сөздер жалпы орыс тілінде мағынасы тілдік нормаға сай келгенімен, түпнұсқада аталған сөздерді оғаштыққа, қылмысқа толы жасөспірімдердің аргосы (Nadsat) ретінде көрсетілген. Ал орыс тіліндегі каноникалық болып саналатын В. Бошняк та өз аудармасында көркем шығарманың тілдік ерекшеліктерін сақтай отырып, арго бірліктерін транскрипциялық және транслитерациялық тәсілдерін қолданған. Сонымен қатар, шығармадағы арголардың орыс тіліндегі баламасын латын әріптерімен берген. Мысалы:

“Pet had a rooker (a hand, that is), Georgie had a very fancy one of a flower, and poor old Dim had a very hound-and-horny one of a clown’s litso (face, that is)” [6, 4 б.].

“... у Пита был ruker (рука, значит), Джорджик этакую затейливую раздобыл, в форме tsvetujotshka, а Тём додумался присобачить нечто вовсе паскудное, вроде как бы клоунский morder (лицо, значит)...” [5, 5 б.].

Ал түрік тілінде бұл көркем шығарма толығымен бейімделген аударма негізінде жүзеге асырылған. Үзіндінің түрікше варианты былай берілген:

“... Pete’inkinde el, Georgie’ninkinde çok güzel bir çiçek, bizim zavallı Dim’deyse acaуір azgın bir palyaço surati...” [7, 3 б.].

Ал калькалау тәсілі өзге тілдегі сөз тіркесі мен жай сөйлемнің құрылымдық-мағыналық негізділігін ана тіліндегі төл тәсілдер арқылы дәлме-дәл көшіріп алу деп түсіндіріледі. Бұл тәсілдің қолданылуын келесі үзінділерден көре аламыз:

“... and Dim, Dim being really dim...” [6, 3 б.].

“... и Тём, причём Тём был и в самом деле парень темный...” [5, 3 б.].

“... ve Dim, ki Dim cidden budalaydı...” [7, 3 б.].

Бұл жердегі dim сөзі арго ретінде қолданылып, «топас, қараңғы адам» [8, dim] деген мағынада келіп, орысша аудармада жалқы есімді калькалап аударғаны белгілі (Темный – Тём). Ал түрікшеде жалқы есімді транслитерациялап түпнұсқадағыдай берілгенін және dim сөзі budala – ақымақ, ақыл-есі кем, есуас [9, 141 б.] мағынасындағы арго сөзімен берілгенін көреміз.

Немесе «milk with knives» тіркесі екі аудармада да калька тәсілімен аударылып, «молоко с ножами» және «bıçaklı süt» деген нұсқалары берілген. Ал «sweem in his blood» арго сөз тіркесі де «плавает в луже крови» және «kendi kanında yüzen» нұсқаларымен берілген.

Зерттеліп отырған көркем шығарманың аудармаларында кеңінен қолданылған тәсіл – сайма-сай аударма. Соның ішінде эвфемизмдік және дисфемистік аударма тәсілдері көп қолданылаған. Яғни көркем шығармадағы берілген дөрекі сөздерді, вульгаризмдерді бейтарап сөздермен алмастыру және мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы,



қалыпты қолданылатын зат, құбылыс атауларын неғұрлым дөрекі, тұрпайы сөздермен ауыстыру [10, 403 б].

Мысалы: “Pardon me, brother” – “Pardon kardeşim” – “Извиняюсь, блин”. Түрікше аудармасында негізгі «бауырым» мағынасы қалғанымен, орысша нұсқасында лексикалық трансформацияға ұшырап, дисфемистік аударма тәсілі қолданылған. Немесе, қарт әйелдер мен еркектерге қатысты атаулардан да көруге болады, түпнұсқада “baboochka (бабушка), old sharps, old veck (человек)” фразаларын «надцаттардың» қолданысындағы кіріккен сөздер ретінде қолданса, орысша аудармасында “старые курицы, старьеveshalki, старый kashka” деген нұсқаларын берсе, түрікшесінде “moruk, moruk herif, lavuk, çitirlar, moruk piliç” деген “кәрі қақбас” [9, 559] мағынасындағы арголы сөздерді қолданған.

Қорытындылай келе, стилистикалық мағынасы төмендетілген лексиканы, соның ішінде арголарды аудару барысында қандай да бір аударма тәсілін пайдалануда көркем шығарманың контекстіне назар аударған жөн. Көбінесе мағынасы төмендетілген лексика халықтық ауызекі тілге ауысып немесе онымен толықтырылып отырады, осыған орай мүлдем баламасыз арго бірлігі болған жағдайда оны ауызекі тілдегі ұйқасымен беруге болады. Осыған байланысты ескерте кететін жайт, аудармашының қолданған аударма тәсілдері жоғары деңгейлі баламалылық пен барабарлылықты сақтап қалуға, төл шығарма мен автордың өз туындысымен айтқысы келген ойды, шығарманың стилін және тілдік бірліктердің қызметін сақтап қалуға бағытталады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абдрахманова О.Р. Проблемы переводимости стилистически сниженной лексики в художественном тексте: Дис.канд.фил.наук: Челябинск, 2006.-228с.
- 2 Языкознание: большой энциклопедический словарь / гл. ред. В.Н. Ярцева. - Москва: Советская энциклопедия, 1990 //http://tapemark.narod.ru/
- 3 Ячменева С.П. Функции арготизмов в художественном тексте: диахронический аспект: Дис.канд.фил.наук. - Омск, 2007. – 199 с.
- 4 Зиндер Л.Р. Общая фонетика /Зиндер Л.Р. 2-е издание. - М., 1979. – 312 с.
- 5 Берджесс Э. Заводной апельсин: [роман] / Энтони Берджесс; [пер.с англ. В.Бошняка]. - Москва: Издательство АСТ, 2015. - 252, [4]с. – (Эксклюзивная классика).
- 6 Burgess, Anthony A Clockwork Orange: Restored Edition.- London: Penguin Books, 2011. – 144 p.
- 7 Burgess, Anthony Otomatikportakal/ Anthony Burgess [inl. çeviren Dost Köpre]. - Türkiyeişbankası kültür yayımları, 2007. – 172 s.
- 8 Online slang dictionary, ‘dim’ // http://onlineslangdictionary.com
- 9 Байниязов А.Ж., Байниязова Ж.Т. Түрікше-қазақша сөздік. – Алматы, 2007. – 808 б.
- 10 Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005.- 440 б.

## РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается вопрос выбора методов/способов перевода стилистически сниженной лексики, в том числе арготических единиц.

## RESUME

In this article the authors consider the choice of methods of translating the stylistically low lexicon including the argot units.